

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**Е.Қ. Көбеев, Н.С. Ахметова, К.Т. Байжанова**

# **САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР ТАРИХЫ**

*Оқулық*



**Қарағанды**  
**2013**

ӘОЖ 32.001:34.01 (075.8)

ББК 67.3 (0) я73

К 88

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ғылыми кеңесімен  
ұсынылған*

*Рецензенттер*

**С.К.Амандықова**, заң ғыл. д-ры, профессор;

**Ғ.З.Қожахметов**, заң ғыл. д-ры, профессор;

**Ү.Шапақ**, заң ғыл. д-ры, профессор;

**С.Н.Исаева**, заң ғыл. канд., доцент

К 88 **Көбеев Е.Қ., Ахметова Н.С., Байжанова К.Т.**

**Саяси және құқықтық ілімдер тарихы:** Оқулық.

— Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. — 268 бет.

ISBN 978-9965-39-415-7

Оқулық саяси-құқықтық ойдың дамуының тарихи кезеңдері және өркениеттік дәстүрлерімен таныстырады. Заманауи заңгер дайындауда саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқып-зерттеудің танымдық, мәдени және тәрбиелік маңызы ерекше. Ол әлемнің көпжақтылығын және бірлігін, мемлекеттілікті, құқықты заңды сақтау және адам құқықтарын қорғау негізінде дамыту қажеттілігін түсінуге көмектеседі, отансүйгіштікке және әлемдік өркениет жетістіктеріне, жалпыадамзаттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеуге, саяси және құқықтық теориялар мен институттардың даму тенденцияларында дұрыс бағдар алуға ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, оқытушыларына арналған.

**ӘОЖ 32.001:34.01 (075.8)**

**ББК 67.3 (0) я73**

ISBN 978-9965-39-415-7

© **Көбеев Е.Қ., Ахметова Н.С.,  
Байжанова К.Т., 2013**

© **Қарағанды мемлекеттік  
университеті, 2013**

---

## А л ғ ы с ө з

«Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» курсы заманауи заңгерді дайындау үрдісінде маңызды міндет атқарады. Ол мазмұны мемлекет және құқық туралы ілімдер, қоғамды ұйымдастыру мен басқарудың барынша тиімді нысандары болып табылатын тарихи-теориялық пән. Адамзат тарихының барлық кезеңдерінде адамзаттың бейбіт қатар өмір сүруін ұйымдастырудың, Аристотельдің сөзімен айтқанда, «азаматтарды игілікке және әдемілікке» жетелейтін нысандары мен құралдарын іздестіру үнемі жүргізілуде. Адамзат әділетті әлеуметтік тәртіпті қалыптастыруды саяси билікпен, мемлекет және құқықпен байланыстырады, аталған әлеуметтік институттарды «адамзаттың қатар өмір сүруін» парасатты ұйымдастыру туралы әрекет етуші көзқарастарға сәйкес құрады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы адамзаттың саясат, билік және оның маңызы, мемлекет және оның нысандары, құқық және онымен байланысты құқықтық қатынастар туралы көзқарастарының дамуын қарастырады. «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» курсына сүйене отырып, заманауи мемлекеттердің саяси-құқықтық дамуындағы айырмашылықтарды түсіндіруге болады, себебі мемлекет және құқық институттары

көне дәуірде қалыптасып, өзінің даму жолында бірқатар кезеңдерді әрқайсысында үстемдік еткен мемлекет және құқық, олардың әлеуметтік маңыздылығы және өмір сүруінің әр түрлі нысандары туралы белгілі бір көзқарастарға сәйкес кезектілікпен бастан кешіреді.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы доктриналар мен теорияларды, құқықтық және саяси ойдың басты бағыттарын, әлемдік ой теориясына барынша жарқын және қомақты үлес қосқан көрнекті ойшылдар мен ғалымдардың құқық және мемлекеттің теориясы мен философиясы аймағындағы ілімдерін оқып-зерттейді. Курс тек құқық философиясы тенденцияларын түсіну және заңгердің кәсіби мәдениеті үшін қажетті ілімдер мен есімдермен шектеледі. Осыны есепке ала отырып, кәсіби-заңдық тұрғыда қызығушылық тудыратын маңызды мемлекеттік-саяси қатынастардың және заңтанудың мазмұнын барынша тереңірек ашу мақсаты көзделеді. Оқулық әдетте пәннің құрылымында көрініп тұратын саяси-заңдық ойдың дамуының барлық тарихи кезеңдері және өркениеттік дәстүрлерімен таныстырады. Сонымен бірге кейбір мәселелердің тарихи мазмұндалуы өзекті мәселелерді басып көрсетумен толықтырылған, ал өзекті мәселелердің өзі қандай да болмасын тенденцияның мемлекетке, құқыққа және құқықтық саясатқа барынша дамыған және заманауи көзқарастарды қалыптастырудағы маңыздылығымен анықталды.

Демократиялық құқықтық мемлекет қалыптастыру тәжірибесін бастан өткізіп отырған заманауи Қазақстан жағдайында «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» курсының өзектілігі арта түседі. Тоталитарлық мемлекеттен демократиялыққа өту саяси-құқықтық ойдың, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын тиімді кепілдендіруші, қоғамды ұйымдастырудың мемлекеттік-құқықтық нысандары туралы барлық құндылығын ескеруі қажет. Осы көзқарастарға сүйене отырып, Қазақстан үшін тиімді құқықтық мемлекет үлгісін аз мөлшердегі әлеуметтік шығындармен қалыптастыруға болады.

Оқулықтың осыған дейін жарыққа шыққан еңбектерден бірқатар айырмашылықтары бар. Онда материалдарды мазмұндау нысанын кредиттік оқу жүйесі көлеміндегі оқу міндеттері талап

етіп отырғандай, жеңілдетуге ұмтылыс бар. Оқулық оқырманның курстың логикасын, саяси-құқықтық ілімдердің мазмұнын түсінуіне мүмкіндік беретіндей жатық заңдық тілмен жазылған. Оқулықта саяси-құқықтық доктриналар мен концепцияларды талдау барысында нақты мысалдар келтіру, белгілі бір кезеңнің және елдің саяси-құқықтық ілімдерінің ерекшеліктеріне назар аударуға мүмкіндік беретін биографиялық материалдарды енгізу күрделі теориялық конструкцияларды оқырманға түсінікті және қолжетімді етеді. Сонымен бірге әр түрлі ойшылдардың саяси және құқықтық тәртіптегі теориялары мен концепцияларын ғылыми күрделілігінен айырылған сипаттау, мазмұндау олардың мән-мағынасын кемсітпейді, курстың философиялық-заңдық мақсаты үшін барынша маңызды болып көрінетін басты құрамдас бөліктерін көрсетеді, философиялық талдау пәнін анықтайды. Оқулықтың тағы бір ұтымды тұсы ретінде, мәтінге саяси ой классиктерінің пікірлері мен тұжырымдары түпнұсқадан аударма түрінде енгізілгендігін атап өтуге болады. Авторлар ұжымымен мүмкін деп саналған жағдайларда Батыстың және Шығыстың саяси ойшылдарының ұқсас тақырыптар бойынша барынша терең және жемісті талдауларын салыстыра қарастыру әрекеті жүзеге асырылады. Оқулықта Шығыс халықтарының идеялық-саяси мұрасы мәселелері, Қазақстан тарихындағы саяси-құқықтық ойлардың жарқын өкілдерінің ілімдері кеңінен қарастырылады.

Заманауи заңгер дайындауда саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқып-зерттеудің танымдық, мәдени және тәрбиелік маңызы ерекше. Ол әлемнің көпжақтылығын және бірлігін, мемлекеттіліктің, құқықтың мызғымастығы, заңды сақтау және адам құқықтарын қорғау негізінде дамыту қажеттілігін көруге, түсінуге көмектеседі, отансүйгіштік және әлемдік өркениет жетістіктеріне, жалпыадамзаттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеуге, саяси және құқықтық идеялар мен институттардың даму тенденцияларында дұрыс бағдар алуға ықпал етеді.

## Кіріспе

Саяси және құқықтық ілімдер тарихын философия тарихының мемлекет, құқық, билік, саясат мәселелерін қарастыратын бөлігі ретінде анықтауға болады. Кейде оны мемлекет және құқық теориясының тарихы ретінде де сипаттайды. Егер саяси ой мемлекет және құқық теориясына қарағанда философияның, әлеуметтанудың, этиканың және өзге қоғамдық ғылымдардың межелес аймақтарына жиірек енуін, ал құқықтың және саяси ұйымның таза техникалық жақтары оның зерттеу шегінен тыс қалатынын есепке алатын болсақ, бұндай сипаттама да орынды тәріздес. Мемлекет және құқық туралы ілімдерде әлеуметтік өмірдегі осы құбылыстардың табиғаты мен ролін ашатын саяси-философиялық мәселелер қарастырылады. Курс адамзат ойы дамуының үш жарым мыңжылдық тарихын қамтиды. Осы уақыт аралығында адам өмірінің сыртқы жағдайлары және олардың саяси ұйымдасу нысандары көп жағдайларда айтарлықтай өзгерді, бұл, әрине, саяси көзқарастарға ықпалын тигізбей тұрмайды. Дегенмен, белгілі бір анықталған жалпы мәселелер барлық уақыттағы, барлық халықтардың ойшылдарының ойын жаулап алуда. Толық анықталған тізім деуден аулақ бола тұрып, әр заманның ойшылдарын толғандырған маңызды мәселелерді атай кетейік:

- мемлекет дегеніміз не, ол адамдардың еркімен пайда бола ма, әлде жоғары күштер еркі қажет пе? Мемлекет жалпы игілікке қызмет ете ме әлде билік басындағы аз топтың мүддесін көздей ма;

- мемлекеттің үздік нысаны қандай? Қайсысына: көпшіліктің еркіне, монархтардың мұрагерлік құқығына, байлыққа немесе билеушілердің құзыреттілігіне басымдылық беру жөн;

- мемлекет әрекетінің, азамат міндеттері мен құқықтарының шегі қандай;

- құқық дегеніміз не: тәңірлік тағайындалым, парасат үндеуі немесе билеушілердің жарлығы ма;

- әділеттілік неден құралады, теңдік немесе теңсіздік әділетті ме? Әділетсіздікке мойынсұну керек пе әлде күресу қажет пе?

Аталған мәселелер мәңгілік, таңдау нұсқалары да аса көп емес, сондықтан да шешу жолдары бір-біріне ұқсас, қайталанатын тәріздес болып көрінеді. Бірақ бұл қайталанбалылық елес және абсолютті емес. Тарих — шеңбер бойымен жүру емес, даму үрдісі. Мәселелер ұқсас, қолданылатын түсініктер де бірдей тәрізді, алайда саяси теориялардың біртіндеп күрделенуі, ұшқырлануы, кейбір кезеңдерде кері кету мүмкіндіктерін есепке алмасақ, жетілдірілуі орын алады.

Ең бастысы — қоғамдық өмірдің өзгермелі жағдайлары идеяларды жанартады, ескі түсініктерге жаңа мазмұн құяды. Саяси ойлар философиялық, экономикалық, эстетикалық және өзге де ойлар сияқты өз-өзінен тек зияткерлік күш және әдеби-шығармашылық нәтижесінде дамымайды. Қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларының жиынтығы саяси ойларға қуатты әсер етуші күш болып табылады.

Нақты тарихи жағдайлар ойшылдарға шешімін табу қажеттілігі туындаған тәжірибелік мәселелерді алға тартады және мәңгі ұғымдарға ерекше мән береді. Саяси ойға ықпал етуші факторлардың арасында экономикалық және қоғамдық құрылым, байлықтың, меншіктің бөлінуі, саяси мекемелер мен дәстүрдің ролі жоғары.

Тарихи даму кезеңдеріне байланысты «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» курсы бірнеше бөлікке бөлінеді. Саяси ойдың әрбір кезеңіне тән ірі қоғамдық пікірталас тудыратын өзіндік тенденциялары болады. Кезеңдерге бөлу оқу пәнінің құрылымын да анықтайды.

Ежелгі дүние (жобамен б.з.д. XX–XVIII ғасырлардан бастау алады) — саяси-құқықтық идеялардың әлемдік тәртіпті бекітілген ережелерді сақтау ретінде алғаш рет танытқан діни мифология

негізінде қалыптасу кезеңі. Жалпы діни-мифтік сипатына қарамастан, ежелгі өркениеттердің әрқайсысының саяси-құқықтық көзқарастары бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, Шығыстағы үнділік ой басым түрде діни және мифтік сипатта болса, қытайлық ойда рационализм басым. Аталған кезеңде патернализмнің үстемдік етуіне байланысты, мемлекет мақсаты — ортақ игілікке жету, ал патша — қол астындағылардың оған ешкім талап қоя алмайтын қамқоршысы, билеуші тек құдай алдында жауапты деген көзқарас орнайды. Ежелгі Грецияда жетілген саяси жүйе туралы ілімдер дамиды. Ойшылдар мифтен ғылымға ауысу жолынан көп түрлі саяси нысандарды, олардың ауысу заңдылықтарын жүйелендіре отырып, басқаруды тиімді етуге ұмтыла отырып, құқық қайнар көздерін (нысандарын) жіктей отырып өтті. Ежелгі Рим жария және жеке құқық аймағын зерттеуге барынша жарқын үлес қосты.

Орта ғасыр (V ғасырдан бастап XVII ғасырдың басына дейін). Еуропа аталған кезеңде монотеистік христиан діні ресми дүниетаным және идеология ретінде қалыптасып, мәдениетке адамсүйгіштік және қайырымдылық қағидаларын енгізуімен сипатталады, онда діни және зайырлы биліктердің арақатынасы саяси-құқықтық ілімдердің маңызды мәселесіне айналады. Ортағасырлық Шығыс елдерінде діни және зайырлы биліктің ажырағысыздығын танытын ислам діні қалыптасады. Кейінгі Ортағасырдың желегін жапқан Қайта өрлеу және Жаңғыру дәуірі (XIV–XVI ғғ.) буржуазиялық төңкерілістердің алғышартын қалады. Көне дәуір мұрасына қызығушылықтың оянуы діни идеал үстемділігін жоюға мүмкіндік тудырды. Басты назар адамға аударылды. Гуманизм дүниетанымы бағытында индивидуализм дамиды, «жердегі» жеке өмір насихатталады, зайырлы саяси ұйымның маңыздылығы негізделеді. Шіркеу және ресми христиан доктринасы евангелистік (протестанттық) және ғылыми рационалистік сынға алынады.

Буржуазиялық төңкерілістер кезеңі (XVI ғасырдың соңы — XIX ғасырдың басы) Нидерландтағы ұлт-азаттық қозғалысынан бастау алып, Англия, АҚШ, Франциядағы төңкерілістермен жалғасты. Бұл төңкерілістер Қайта өрлеу, Жаңғыру және Ағартудың ұлы ойшылдарының ілімдерінің ықпалымен дайындалып, жүзеге асырылды. Ағарту дәуірі парасаттың

күдіреттілігіне, «ағартушы монархтарға» сенім және халық егеменділігі концепцияларымен танымал.

Еркін бәсекелестік кезеңінде (XIX ғасырдың алғашқы үш ширегі) саяси-заңдық дүниетанымның басты қағидаларының бірі ретінде барлық қоғамдық құбылыстарды табиғи-құқық, ал адам құқығын формалды тұрғыда заң алдындағы теңдік тұрғысынан қарастырған либерализм танылды. Бұл кезеңде консервативті және социалистік ілімдер де жандана түседі.

Империализм және кеңестік төңкеріліс кезеңі (XIX ғ. соңғы үштігі – XX ғ. бірінші жартысы) мемлекеттің басқару және әлеуметтік дүмпулердің алдын алу мақсатында қоғам өміріне араласу қажеттілігін көрсетті. Бұл қолданыстағы идеологияның өзгеруіне әкелді. Либералдар шектеулі мемлекеттік реттеу қажеттілігін таныды. Консерваторлар жеке меншікті әлеуметтік қол сұғудан қорғауды күшейтті, жеке кәсіпкерлік еркіндігін таныды. Социалистер кейбір елдерде орта реформаторлық бағытты ұстанды. Қатаң заңдық позитивизм (легизм) назары соттардың құқықшығармашылық әрекетіне, корпорация нормаларына ауған әлеуметтік позитивизмге орын берді. Ұлт-азаттық қозғалыстары халықтардың өзін-өзі анықтау құқығының өзектілігін көрсетті, ол кейбір жағдайларда дәстүрдің және ұлтшылдықтың жандануымен сәйкестендірілді.

Соғыстан кейінгі (1945 жылдан) кезең социалистік және капиталистік елдердің текетірістігімен сипатталады. Ядролық қаруды қолдану нәтижесінде жаппай қырып-жою қауіпі бейбіт қатар өмір сүрудің жаңа нысандарын іздеуге алып келді, екі әлемдік жүйенің конвергенциясы идеясы пайда болды. Батыстық өркениеттің жемісі ретінде деидеологизация, адам құқықтары, плюрализм, капитализмнің әлеуметтік дамуы тәріздес жаңа теориялар қалыптастырылып, социализмнің дағдарысына белгілі бір деңгейде ықпал етті.

Қазіргі кезең (XX ғ. 90-шы жылдарынан бастап) назары әлемнің, Еуропаның жаңа геосаяси құрылымына, адамзаттың ғаламдық мәселелеріне, адам құқықтарына, халықтар құқығына ауды. Бұрынғы кеңестік республикалардағы және Шығыс Еуропа елдеріндегі саяси-құқықтық үрдістер демократия, құқықтық мемлекет мәселелерін ғана емес, ұлттық құқықтық жүйе және

халықаралық құқық арақатынасын қайта қарау қажеттілігін негіздеді.

Келтірілген кезеңге бөлу, әрине, салыстырмалы сипатта. Идеялар дамуы, мемлекеттердің саяси-құқықтық дамуы тәріздес жеке алынған бірде-бір мемлекетте жалпы сызбаға сәйкес келмейді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқып-зерттеу барысында саяси-құқықтық ойлар тарихының әр түрлі әлеуметтік топтардың саяси мүддесін көрсететін идеологиялық қақтығыстар нәтижесі екендігін естен шығармауымыз қажет. Ойшылдар қай заманда болмасын өз заманының өкілдері болғандықтан, саяси бедел ықпалынан толық арыла алмайды, бұл құқықтық және саяси идеологияларда көрініс табады.

Аристотель кезінде ескерткендей, кез келген ойшылдың көзқарасының шынайы мәнін түсіну үшін көзқарастың қалыптасуына ықпал еткен жағдайды есепке алу қажет, оған «қазіргі жағдай тұрғысынан» немесе жалпы ілімдер тұрғысынан баға беруге болмайды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 1-тақырып. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні және теориялық мәселелері

1. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні.
2. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемесі.
3. Саяси-құқықтық доктриналардың түсінігі және құрылымы.
4. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының кезеңге бөлінуі.
5. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы функциясы, парадигмасы.

1. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні әр түрлі елдердегі саяси-құқықтық идеология мен теорияның мазмұны және даму мәселелері болып табылады. Басқаша айтқанда, аталмыш пәнді әлемнің әр түрлі халықтарының саяси-мемлекеттік және заңдық қалыптасуының дамушы қоғамтанудағы дүниетанымдық және концептуалдық көрінісі ретінде анықтауға болады. Бұның барлығы өз заманының ақыл-ойы мен саясатына ықпалын тигізген танымал ойшылдар мен әр түрлі мектептердің шығармаларында көрініс тапты.

**Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні — адамзаттың мемлекет, құқық, билік және олардың пайда болу шарттары мен дамуы туралы идея, теория, ілім, көзқарастарының жиынтығы.**

Пән ұлы ежелгі өркениеттер дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі көрнекті ойшылдармен, танымал мектептер және дәстүрлермен болашақ маманның жалпы және саяси-құқықтық мәдениеті іргетасын қалай отырып таныстырады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы ғылымының негізгі *белгілері:*

- тарихи және заңдық ғылымдар аралығын қамтиды;
- құқықтық институттардың өздерін емес, оларды теоретикалық тану нысандарын зерттейді;
- адамзаттың мемлекет және құқықтың пайда болуы мен дамуы шарттарына орныққан және нақты көрініс табатын көзқарастарды зерттейді.

Біртұтас заңдық пән көлемінде саяси және құқықтық ілімдердің бірігуі саяси және құқықтық құбылыстардың және оларға тиісті түсініктердің тығыз ішкі байланысымен түсіндіріледі.

Өткеннің саяси ілімдері «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» пәнінде мемлекеттанудың тарихы ретінде емес, мемлекет мәселелерін ерекше саяси құбылыс ретінде, басқа саяси құбылыстар, қатынастар және институттармен өзара байланыста теориялық зерттеу түрінде жүзеге асырылады. Себебі, мемлекеттілік теориясы мәселелері әр түрлі мектептер және бағыттар өкілдерімен саяси ілімдердің шынайы тарихында зерттелінген.

Сондай-ақ бұрынғының құқықтық ойлары юриспруденция тарихы ретінде емес, құқық пен заңнаманың табиғаты, түсінігі, мәні, құндылығы, атқаратын қызметі мен қоғамдық өмірдегі ролі айшықталатын теориялық концепциялар түрінде қарастырылады.

Саяси-құқықтық пән ретінде «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» шетел мемлекеті мен құқығы тарихына, отандық мемлекет пен құқық тарихына, жалпыадамзаттық тарихқа жақын. Екінші жағынан, ол мемлекет және құқық теориясын, құқық философиясын және өзге заңдық пәндердің теориялық аспектілерін, сондай-ақ саясаттану, мәдениеттану, әлеуметтану, логика, философияларды зерттеумен байланысты.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы — заңдық ғылым. Дегенмен, оның қалыптасуына және гүлденуіне заңгерлерден басқа қоғамтану ғылымдарының өкілдері, әсіресе философтар ерен еңбек сіңірген. Философиялық ойдың танымал өкілдерінің бірқатары (мысалы, Пифагор, Гераклит, Демокрит, Протагор, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, Конфуций, Августин, Фома Аквинский, Гоббс, Локк, Кант, Фихте, Гегель және басқалар)

саяси және құқықтық ілімдер тарихының да көрнекті өкілдері болып табылады.

Саяси және құқықтық ойлар дамуындағы философияның ролін ескере отырып, саяси және құқықтық құбылыстардың шынайы өмірдің ерекше нысаны және ғылыми зерттеу объектісі ретіндегі ерекшелігін ұмытпаған жөн. Әр түрлі ғылымдардың пәндік ерекшеліктері мемлекет және құқықтың философиялық концепциялары «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» көлемінде өзіндік тұрғыдан, тиісінше ғылымның арнаулы түсініктік аппараты көмегімен, оның танымдық құралдары арқылы, мақсат және міндеттерін ажырата отырып қарастырудан көрінеді.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәнінің өзге заңдық ғылымдар пәндерінен ерекшелігіне де назар аудару қажет. Мемлекет және құқықтың тарихын зерттеуші заң ғылымдарынан айырмашылығы Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні тарихи пайда болушы және дамушы саяси-құқықтық мекемелер мен институттар емес, оларды теориялық танудың тиісті нысандары болып табылады. Сонымен бірге саяси-құқықтық идеялар мен ілімдердің, бір жағынан, және мемлекеттік-құқықтық нысандар, мекемелер, институттардың — екінші жағынан өзара тығыз байланыстылығы және өзара ықпал етушілік күші белгілі. Сол себепті мемлекет және құқық тарихын жетік меңгерместен, тиісінше саяси-құқықтық теориялардың нақты мазмұнын толық білу мүмкін емес, сондай-ақ тиісінше теориялық ережелер мен концепцияларсыз тарихи дамушы саяси-құқықтық шындықты ғылыми анықтау да мүмкін емес.

Жалпығылымдық заңдық ғылымдармен арақатынасында Саяси және құқықтық ілімдер тарихы саяси-құқықтық теориялар тарихын, мемлекет, құқық, саясат, заңнама туралы теориялық білімдердің пайда болуы мен дамуының тарихи үрдісі заңдылықтарын зерттеуге бағытталған пән ретінде әрекет етеді.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пән ретіндегі маңыздылығы саяси-құқықтық доктриналардың замандас мемлекетінің құқықтық (заңдық, қылмыстық, пенитенциарлық және өзге де) саясатына ықпалын тигізгендігімен және тигізетіндігімен; мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік басқаруды қалыптастыруда жүзеге асатындығымен; құқық табиғатына деген

көзқарастарды оның барлық компоненттерін ажырата отырып талдайтындығымен және мемлекет пен құқықтың тарихи байланысын көрсететіндігімен түсіндіруге болады.

**2. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемесі — пәнді зерттеу әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.** Зерттеу әдістері мынандай топтардан құралады:

- жалпығылымдық;
- жалпылогикалық;
- арнаулы-заңдық.

**Жалпығылымдық әдістер** өз алдына *тарихи, әлеуметтік, антропологиялық, нормативті-құндылық* әдістер болып бөлінеді.

• *Тарихи әдіс* құбылыстарды нақты тарихи кезеңге тиістілігіне қатысты анықтайды.

• *Әлеуметтік әдіс* — мәдениет типін, өмір сүру деңгейін, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүддесін ескереді.

• *Антропологиялық әдіс* — адамның мемлекетке, құқыққа, саясатқа қатынасын оның биологиялық қажеттіліктерімен негіздейді.

• *Нормативті-құндылық әдіс* — кез келген мемлекеттік-құқықтық құбылысты ол туралы үлгілі көзқараспен салыстыра отырып зерттейді.

**Жалпылогикалық әдістер** *талдау, синтез, индукция, дедукция, абстрактілеу* әдістерінен құралады.

• *Талдау* — құбылыстарды ойша құрамдас бөліктерге бөліп, олардың негізгі белгілерін анықтауды білдіреді.

• *Синтез* — құбылыстың құрамдас бөліктерін немесе талдау барысында алынған олардың негізгі белгілерін тұтасқа біріктіре отырып зерттеу.

• *Индукция* — зерттелінетін көптеген жеке фактілерден жалпы теория қалыптастыру, заңдылықтарды анықтау әдісі болып табылады.

• *Дедукция* — теорияның жалпы ережелерінен жеке тұжырымдар жасалатын әдіс.

• *Абстрактілеу* — пәннің белгілі бір белгілерін ойша бөліп қарастыру әдісі.

**Арнаулы-заңдық әдістер құқықтық моделдеу және формалды-заңдық** әдістен құралады.

- *Құқықтық моделдеу* — құқықтық құбылыстардың белгілерін үлгіге сай ойша қалыптастыру әдісі.

- *Формалды-заңдық әдіс* құқықтық құбылыстардың сыртқы белгілеріне, нысанына басты назар аударуды білдіреді.

Саяси-құқықтық доктриналар мазмұнын түсіну және игеру үшін ғылым мен оқу пәнінің ара жігін ажырата білу қажет. Саяси және құқықтық ілімдер тарихын зерттеуші ғылымда әр түрлі ғылыми әдістер, соның ішінде тарихи және логикалық зерттеу әдістерінің бірлігін талап ететін жалпыфилософиялық әдіс қолданылады. Тарихи әдіс ілімдердің пайда болуы мен дамуын қарастыратын болса, логикалық зерттеу әдісі іргелі ережелердің шыңдалғандығымен ерекшеленеді және саяси-құқықтық ойдың дамуына, әр түрлі әлеуметтік күштер мен жалпы мемлекеттің саясатына үлкен әсерін тигізеді. Өз алдына логикалық әдіс құрылымдық және функционалдық, ал тарихи әдіс салыстырмалы және биографиялық әдістерге жіктеледі. Құрылымдық әдіс ілімнің құрамдас бөліктерін және олардың байланысын талдаумен айналысады. Функционалдық әдіс ілімнің қоғамдағы ролі мен ықпалын анықтайды. Салыстырмалы зерттеу әдісі бұрынғыны кейінгімен, сондай-ақ тұстас ілімдермен салыстыру арқылы құбылыстың озығы мен тозығын анықтауды мақсат етеді және жүзеге асырады. Биографиялық әдіс қандай да болмасын ойшылдың шығармашылығына бастау немесе негіз болған оның өміріндегі атаулы фактілерді зерттеумен айналысады.

### **3. Саяси-құқықтық доктриналардың түсінігі және құрылымы**

Мемлекет пен құқықтың сан ғасырлық тарихы барысында көптеген саяси-құқықтық доктриналар пайда болды. Әр түрлі ойшылдармен қалыптастырылған концепциялар және олардың мазмұндалу нысандары (теориялық трактат, философиялық шығарма, саяси памфлет, конституция жобалары және басқалар) шығармашылық нәтижелері қаншалықты жан-жақты болуы мүмкін болса, соншалықты сан алуан. Дегенмен, сан қилы концепцияларды қиылыстыратын ортақ белгілер де бар: олар белгілі бір әлеуметтік топтардың мемлекетке, құқыққа қатынасын

анықтайды (ілімнің бағдарламалық, бағалық бөлігі); тиісті дәуірге тән идеялық-теориялық негізде құрылады (ілімнің әдістемелік бөлігі); мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелерін шешу жолдарын қарастырады (ілімнің теориялық мазмұны). Сондықтан, саяси-құқықтық доктрина үш құрылымдық элементтен тұрады: 1) логика-теориялық, философиялық және өзге дүниетанымдық негіздер; 2) түсініктік-категориялық аппарат арқылы көрініс тапқан мемлекет және құқықтың пайда болуы, олардың даму заңдылықтары, мемлекет нысандары, әлеуметтік маңыздылығы мен құрылым қағидалары, құқықтың негізгі қағидалары, оның мемлекетпен, жеке тұлғамен, қоғаммен арақатынасы туралы мәселелерді шешу; 3) бағдарламалық ережелер — әрекет етуші мемлекет пен құқықты, олардың саяси мақсаты мен міндеттерін бағалау.

Сонымен, саяси-құқықтық доктринаны қарастыру барысында: а) оның дүниетанымдық (философиялық, діни) негізін; ә) теория-әдістемелік мазмұнын (категориялар, түсініктер, әдіс); б) берілген саяси (құқықтық) ілімге негізделген нормативті-құқықтық жобаларды, саяси бағдарламаларды, декларацияларды, манифестерді, сондай-ақ осы доктринаның элементтерін қолданушы қоғамдық қозғалыстарды бағамдап талдау қажеттілігі бар.

Саяси-құқықтық доктринаның логика-теориялық негізі қоғамдық сананың өзге нысандарымен, дәуірдің дүниетанымымен байланысты. Ежелгі таптық және құлиеленушілік қоғамның саяси ілімдері басым түрде діни (Ежелгі Шығыс мемлекеттерінде) және философиялық (Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим) негізде болды. Орта ғасырлық мемлекеттердің дүниетанымдық көзқарастары теологиялық (діни) сипатта еді. Жаңа заманның ойлау әдісі рационализм болып табылады. Таза рационализмнің қоғамдық және саяси дамудың кейбір құбылыстарын түсіндіруге жарамсыздығы және қоғамның әлеуметтік әрі саяси құрылымын зерттеу әлеуметтанудың, саясаттанудың және мемлекет пен құқықты зерттеуші өзге де қоғамдық ғылымдардың пайда болуына және дамуына жол салды.

Саяси-құқықтық доктриналардың мазмұны оның түсініктік-категориялық аппараты, мемлекет және құқықтың жалпы мәселелерінің теориялық шешімін табу, нақты доктриналардағы

негізгі, маңызды категорияларға сүйенген кең салалы, түйінделген көзқарастар жүйесі болып табылады.

Уақыт өте келе шешімі саяси және құқықтық ілімдер мазмұнын құрайтын дәстүрлі сұрақтар көлемі анықталды. Олардың қатарында мемлекет және құқықтың шығу тегі, олардың қоғаммен, жеке тұлғамен, меншік қатынастарымен өзара байланысы, мемлекет нысаны, оның міндеттері, саяси әрекет әдістері, мемлекет және құқықтың өзара байланысы, құқықтың негізгі қағидалары мен нысандары (қайнар көздері), жеке тұлға құқықтары мәселелері алға тартылды.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәніне мемлекет және құқық теориясының жалпы мәселелері шешімі қарастырылатын ілімдер ғана кіреді. Әрбір салалық заң ғылымдарының өзіндік тарихы бар екендігі белгілі, оларға саяси және құқықтық ілімдер тарихы тек жалпытеориялық концепцияларға ықпалы, оның көрініс табу нысаны болған жағдайда ғана қайырылады.

Саяси-құқықтық идеологияның даму заңдылықтары теориялық деңгейде мемлекет, құқық, саясат туралы кез келген ілім өзіне замандас саяси-құқықтық шындықты есепке ала отырып құрылатындығын, оның абстрактілі теориялық құрылымда міндетті түрде көрініс табатындығын білдіреді. «Философия ойларда жинақталған дәуір» деген Гегельдің ойы тәріздес, саяси-құқықтық доктрина – түсініктер мен категориялар жүйесінде көрініс тапқан дәуірдің мемлекеттік-құқықтық шындығы. Әрбір ірі дәуірдің өзіне тән саяси-құқықтық мекемелері, оларды теориялық негіздеу түсініктері және тәсілдері болған. Сондықтан әр түрлі тарихи даму кезеңдері өкілдерінің күн тәртібінде сол кезеңдегі мемлекеттік мекемелер мен құқық қағидаларының ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі саяси-құқықтық мәселелер туындап отырды. Мысалы, Ежелгі Грецияның құл иеленуші мемлекеттерінде мемлекет құрылымы, саяси әрекетке қатысуға құқығы бар адамдар тобы, еркін адамдардың құлдарға билігін бекітудің мемлекеттік-құқықтық тәсілдері мәселелері алдыңғы қатарға шыққан. Бұл өз алдына мемлекет нысанын анықтау және жіктеу, басқарудың бір нысанынан екіншісіне өту, басқарудың барынша жағымды, үлгілі нысанын анықтау мәселелеріне басым түрде назар аударуға мұрындық болды.

Әр түрлі тарихи кезең ерекшеліктері қоғамдық өмірдегі құқық пен мемлекеттің әр түрлі арақатынасын, соған сәйкес саяси-құқықтық доктриналар мазмұнында мемлекет, саясат, құқық мәселелеріне аударылатын назар дәрежесін де анықтап отырды. «Саяси-құқықтық ілімдер» түсінігі мемлекет және құқық мәселелерінің тығыз байланысына негізделген, бірақ құқықты мемлекет қондырмасы, оның қосымшасы немесе «саясат нысаны» ретінде түсінуге жол бермейді. Бірқатар саяси-құқықтық ілімдер мазмұнында құқық мәселелері басым түрде қарастырылған. Құқық мемлекетке қатысты жетекші роль атқаратын брахманизм, ислам діндеріне негізделген саяси-құқықтық ілімдердің мазмұнында құқықтық мәселелер басым түрде қарастырылады. Платонның «Заңдар», Мореллидің «Табиғат кодексі» еңбектерінде мемлекетке қоғам өмірі салаларын реттейтін заңдарды жүзеге асырушы ретінде ғана баға беріледі. Азаматтық қоғам қалыптасуы кезеңінде адамдардың заңдық теңдігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекетке адам құқықтары кепілі ролін бере отырып негіздеген саяси-құқықтық ілімдерде құқық мәселелері жаңаша қарастырылып алдыңғы қатарға шықты. Сонымен бірге саясат пен мемлекет мәселелеріне үлкен көңіл аударған саяси-құқықтық ілімдер де баршылық. Мысалы, Макиавеллидің саясатқа көзқарасы, Боденнің егемендік теориясы.

Әрбір саяси-құқықтық доктринаға тән болатын **бағдарламалық ережелер** (мемлекет пен құқықты, саяси әрекет пен күрес мақсаттары мен міндеттерін бағалау) оған әлеуметтік маңызды сипат бере отырып, теориялық бөлімінің мазмұнына ықпал етеді, доктринаның әдістемелік негізін таңдауға мүмкіндік береді. Бағдарламалық ережелерде доктринаның идеологиялық сипаты нақты және толық көрініс табады, ол саяси-құқықтық ілімнің саяси және идеологиялық күрес тәжірибесімен байланыстырушы звеносы ролін атқарады. Ілімнің бағдарламалық бөлігі белгілі бір таптың, әулеттің немесе өзге әлеуметтік топтың мүддесі мен идеалын көрсетеді, олардың мемлекет және құқыққа қатынасын білдіреді.

Саяси-құқықтық доктринаның үш компонентінің арасында бағдарлама барлық құрамдас бөліктерінің басын біріктіруші, жинақтаушысы болып табылады. Себебі, саяси және құқықтық

көзқарастар, пікірлер, бағалар идеологиялық негізде біртұтас жүйеге бірігеді.

Саяси-құқықтық доктриналардың теориялық мазмұны жеке факторларға байланысты әр түрлі: олар ойшылдың танымы көлеміне, идеялық ықпалдарға, ойлау ерекшеліктеріне, өмірлік жағдайларына байланысты ажыратылады. Дегенмен, доктриналардың мазмұны, логика-теориялық негізі және бағдарламалық ережелеріндегі өзара байланыстылық танымал.

**4. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы кезендері — саяси-құқықтық идеялардың даму барысын бір-бірінен сапалы ажырататын негізгі кезеңдерге бөлу.**

Саяси-құқықтық ілімдер тарихында саяси-құқықтық ілімдердің даму кезендері:

- формациялық;
- тарихи-хронологиялық;
- элеуметтік бағдарлы болып жіктеледі.

Саяси-құқықтық ілімдер даму кезендерін **формациялық жіктеудің** басты өлшемі қоғамдық-экономикалық формация типі болып табылады. Аталған негізге сай:

- құл иеленушілік;
- феодалдық;
- буржуазиялық;
- коммунистік кезең ажыратылады.

Саяси-құқықтық ілімдердің **тарихи-хронологиялық жіктелуінің** басты өлшемі құбылыстың нақты тарихи кезеңге тиістілігі болып табылады. Осыған байланысты:

- Ежелгі дүние б.з.д. 4 мыңжылдықтан бастап — 476 жылға (Римнің құлауы) дейінгі кезеңді қамтиды. Мемлекеттіліктің және алғашқы саяси-құқықтық ілімдердің пайда болу кезеңі ретінде сипаттауға лайық.

- Орта ғасыр (V ғ. бастап XIII ғ. басына дейін). Бұл кезең христиандық пен исламның пайда болуымен және олардың зайырлы билікпен өзара әрекеттестікте болуымен сипатталады.

- Қайта өрлеу және Жаңғыру дәуірі, кейінгі Ортағасырды тәмамдаған (XIV–XVI ғғ.). Феодалдық қоғамның буржуазиялық қоғаммен алмасуын көрсетеді. Адам құндылығы, оның мүддесі

мен құқықтарын қорғау қажеттілігі жарияланады. Дін және оның зайырлы билікке араласу тәжірибесі сынға алынады.

- Жаңа дәуір (XVII ғ. – XIX ғ.). Бұл кезең алғашқы буржуазиялық төңкерілістер және ағартушы абсолютизм, мәдениет пен саяси ойдың секуляризациялануы, өндірістік төңкеріліс пен утопистік социализм кезеңі болып табылады.

- Қазіргі кезең (XIX ғ. соңынан қазіргі кезеңге дейін). Аталған уақыт монополистік капитализм, империализм, социалистік төңкеріліс, отар мемлекеттердің азаттық алуы, екі дүниежүзілік соғыс, әлемдік социалистік жүйенің күйреуі тәріздес оқиғалармен сипатталады.

Саяси-құқықтық ілімдер даму кезеңдерін **әлеуметтік бағдарлы жіктеудің** басты өлшемі тұлғаның жеке бостандығы мен оның құқықтарының қорғалу деңгейі болып табылады. Әлеуметтік бағдарлы жіктеуге сәйкес қоғам дамуы мынандай кезеңдерге бөлінеді:

- дәстүрлі қоғам. Онда тұлға мемлекетке тәуелді болады, адам бостандықтарының деңгейі оның әлеуметтік жағдайына сәйкес анықталады;

- азаматтық қоғамның қалыптасу кезеңі. Бұл кезең жалпыға бірдей теңдік, биліктің шектелуі, жеке құқықтар мен бостандықтардың басымдылығы идеяларының қалыптасуы және жүзеге асырылумен сипатталады;

- азаматтық қоғам. Бұнда құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеуші ролі жоғарылайды, адамның негізгі құқықтары шынайы түрде іске асады, жеке тұлғаның саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар арқылы өзін-өзі көрсету мүмкіндігі көбейе түседі, мемлекетаралық ынтымақтастық аймағы кеңейеді.

**5. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының функциясы, парадигмасы — ғылымның қоғамдағы маңызы мен ролі.** Саяси және құқықтық ілімдер тарихының мынандай функциялары ажыратылады:

**Танымдық (гносеологиялық) функция** өткен саяси-құқықтық құбылыстарға түсініктеме береді, олардың пайда болуы мен жойылуының заңдылықтарын анықтайды.

**Бағалаушылық (аксиологиялық) қызмет.** Ол мемлекеттік құрылымның, құқықтық ойдың даму деңгейін жалпы адамзаттық құндылықтар деңгейімен салыстыра қарастырады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихының **реттеушілік қызметі** құқықтық құбылыстар туралы теоретикалық көзқарастардың мемлекет пен құқықтың шынайы институттарына айналу барысын көрсетеді.

Саяси-құқықтық қатынастарды **рационалдандыру функциясы.** Аталған қызметтің мазмұны мемлекет және құқықтың барынша тиімді институттарын, адамдар арасындағы және адам мен мемлекет арасындағы байланыстарды реттейтін тиімді әрекет тәртібін іздеуден көрінеді.

**Саяси және құқықтық ілімдерді әлеуметтендіру функциясы** келесі ұрпақтың бұрынғының позитивті саяси-құқықтық тәжірибесін толық және тиісінше қабылдау үрдісін көрсетеді.

**Саяси және құқықтық ілімдер тарихы парадигмасы** тарихи дамудың әр түрлі кезеңдерінде білімді ұйымдастыру логикасын қалыптастыратын, құқықтық құбылыстарды бейнелейтін танымдық қағидалар мен әдістер жиынтығы.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихы парадигмасы төмендегідей жіктеледі:

- теологиялық (діни);
- натуралистік;
- заңдық;
- әлеуметтік.

**Теологиялық парадигма** адамдардың өзін қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларды, құбылыстарды аңыз-әңгіме, жоғарғы күдіретті күшке сену көмегімен түсіндіргенін көрсетеді. Оның дамуының басты кезеңдері Аврелий Августин, Фома Аквинский, Мартин Лютер теорияларында берілген.

**Натуралистік парадигма** негізінде мемлекет және құқық дамуы мемлекеттің географиялық орналасу орнына, адамның табиғи қасиеттеріне байланысты деген түсінік қаланған. Бұл теорияның негізін салушы Жан Боден, Монтескье; Хантингтон еңбектерінде әрі қарай тереңдетіле зерттелінген.

**Заңдық парадигма** өкілдеріне көпшілік әлеуметтік топтарға барынша тиімді басқару нысанын іздестіру тән. Заңдық парадигманың ерекше белгілеріне:

- мемлекет және құқықты қоғам дамуының саяси-құқықтық нәтижесі ретінде қарастыру жатады;

- «құқық» және «заң» ұғымдары ажыратылып қарастырылады;

- жеке еркіндік, теңдік, заңдылық, құқықтық тәртіп қағидалары туралы ілімді негіздеу орын алады.

Заңдық дүниетаным дамуы да бірнеше кезеңді бастан кешіреді:

- Табиғи-құқықтық теориялардың пайда болуы мен қалыптасуы кезеңі. Кезеңнің көрнекті өкілдері Гроций, Спиноза, Гоббс, Локк, Монтескье, Руссо әрекет етуші мемлекеттік құрылымды сынға ала отырып, ескі феодалдық саяси тәртіпті жоюға шақырады, оны жаңа, табиғи құқық қағидаларына сәйкес қатынастармен алмастыруға үндейді.

- Либералистік теориялар кезеңі. Оның өкілдері Констан, Бентам, Дайси, Еллинек жеке құқықтар мен бостандықтардың құндылығын жариялайды, экономикалық әрекет бостандығын таниды және экономикалық аймақтағы мемлекеттік бақылауды шектеуге шақырады.

- Нормативистік теориялар кезеңі. Оның өкілдері құқықты басты белгісі мәжбүр ету әдістерін қолдану болып табылатын арнаулы тәртіп ретінде таниды.

**Әлеуметтік парадигма** мемлекет және құқық табиғатын әлеуметтік факторлар: экономика, мәдениет және тағы басқалар тұрғысынан түсіндіру болып табылатын әр түрлі концепциялар жиынтығы ретінде танылады. Әлеуметтік парадигма концепцияларына маркстік (К.Маркс), саяси (Н.Макиавелли), мәдени (М.Вебер), қақтығыстық (Дарендорф), консенсуалдық (Парсонс) теориялар жатады. Олардың әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік аймақ мәселелеріне басымдылық беріп қарастырған.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1 Саяси және құқықтық ілімдер тарихының зерттеу пәні.
- 2 Саяси және құқықтық ілімдер тарихы ғылымының белгілері.

3 Саяси және құқықтық ілімдер тарихының қоғамдық және заңдық ғылымдармен арақатынасы.

4 Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістері.

5 Тарихи және логикалық әдістердің арақатынасы.

6 Саяси-құқықтық доктриналардың түсінігі және құрылымы.

7 Саяси және құқықтық ілімдер тарихын кезеңге бөліну негіздері.

8 Тарихи-хронологиялық жіктелуі бойынша саяси және құқықтық ілімдер тарихының кезеңдері.

9 Саяси және құқықтық ілімдер тарихы функциясы түсінігі және түрлері.

10 Саяси және құқықтық ілімдер тарихы парадигмасы түсінігі, жіктелуі.

Репозиторий Қарғу

## **I-тарау. ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕДЕГІ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР**

### **2-тақырып. Ежелгі Шығыс елдеріндегі саяси және құқықтық ілімдер**

1. Ежелгі Шығыстағы саяси-құқықтық ойлардың қалыптасуы.
2. Таяу және Орта Шығыстағы саяси және құқықтық ойлар.
3. Ежелгі Үндістандағы саяси және құқықтық ілімдер.
4. Ежелгі Қытайдағы саяси және құқықтық ілімдер.

1. Ежелгі саяси-құқықтық ойлар Мысыр, Үндістан, Қытай тәріздес ежелгі Шығыс елдерінде пайда болды. Ежелгі Шығыс өркениетінде алғашқы қауымдық қоғам орнына келген қоғамның ерте типі қалыптасты. Ол экономикалық тұрғыда патриархалды натуралды шаруашылықпен, жерге мемлекеттік меншіктің тұрақтылығымен, қауымдық жер иемденумен сипатталады. Ежелгі Шығыстың саяси идеологиясының мазмұнына қауымдық өмірдің дәстүрлілігі, таптардың және таптық сананың әлі де болса пісіп жетілмегендігі ықпал етеді. Патриархалды ауылдық қауымдар адамның жеке ынтасын шектеп отырған, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып шегінен шығармаған. Сондықтан да, Ежелгі Шығыстың саяси ойлары ұзақ уақыт бойы рулық қауымнан бастау алатын діни-мифологиялық дүниетаным негізінде өрбіген.

Ерте таптық қоғамның саяси санасында басты орын қоғамдық тәртіптің тәңірлік, құдіреттілік бастаулары туралы мифтерге (аныздарға) берілген. Әрекет етуші биліктің және оның нұсқауларының құдіретті күшін тану дәстүрі осы аңыздармен тығыз байланысты. Патшалар, абыздар, соттар және биліктің өзге өкілдері құдайдың жердегі өкілдері немесе тікелей ұрпақтары ретінде қасиеттендірілген.

Саяси көзқарастар жалпы дүниетанымдық (философиялық), адамгершілік көзқарастармен тығыз байланыста болды. Мысалы, ежелден келе жатқан құқықтық тыйымдар жалпы дүниетанымдық қағида, діни өсиет және адамгершілік ұстаным қызметін бір мезгілде атқарды. Бұндай көзқарастар Хаммурапи заңдарында,

Талмудтың құқықтық нұсқауларында, үнділік діни кітаптарда кездеседі. Ежелгі Шығыс елдерінде саяси және құқықтық ілімдер мифтерден ажыратылмады, қоғамдық сананың жеке саласы ретінде қалыптасып үлгермеді.

Бұл үрдістің аяқсыз қалуы төмендегі жағдайлармен түсіндіріледі:

Біріншіден, Ежелгі Шығыстың саяси-құқықтық ілімдері қолданбалы сипатта болды. Олардың негізгі мазмұнын басқару өнері, билік пен сот ісін жүзеге асырудың механизміне қатысты нақты сұрақтар құрады. Саяси доктриналарда теориялық қорытынды жасау, тұжырымдаудан гөрі, билікті жүзеге асыру техникасы мен әдістерінің нақты мәселелері басым түрде қарастырылды. Мемлекеттік билік патша немесе император билігімен сәйкестендірілді. Бұл ежелгі шығыс халықтарына тән жеке билеушінің билігін күшейту және шығыстық деспотия ретінде танылатын қоғамды мемлекеттік басқару нысанын құрумен түсіндіріледі.

Екіншіден, Ежелгі Шығыстың саяси-құқықтық ілімдері адамгершіліктен ажыратылмаған, этика-саяси доктриналар түрінде танылады. Қоғам мен мемлекеттегі өзгерістер көптеген шығыстық ілімдерде адамның моральдық бет-бейнесінің өзгеруімен байланыстырылады. Басқару өнері билеушінің адамгершілік жетілуімен, жеке басының үлгісімен басқаруына саяды. Әлеуметтік бас көтеру шаралары да әділеттілікті қалпына келтіру, байлықты қайта бөлісу ұрандарымен өтсе де, қоғамның экономикалық және саяси негіздеріне күмән келтірмеген.

Үшіншіден, Ежелгі Шығыстың саяси-құқықтық ілімдері діни-мифологиялық көзқарастардың сақталып қалуымен ғана емес, дамуымен ерекшеленеді.

**Ежелгі Шығыстағы саяси-құқықтық ойлардың қалыптасуы қоғамның таптық жіктелуі мен мемлекеттің пайда болуы сатысындағы өндірістің қоғамдық тәсілінің дамуына байланысты.** Саяси-құқықтық ойлар мифологиялық (аңыздық) бастаулардан басталады және адамның дүниедегі орны туралы мифологиялық көзқарастармен жұмыс істейді. Саяси-құқықтық көзқарастардың бастапқы даму кезеңінде дербестігі болмады. Ол біртұтас мифологиялық дүниетанымның құрамдас бөлігі ретінде дамыды. Мифологиялық көзқарастар бойынша

жердегі тәртіп құдайдың құдіретімен жасалған жалпы дүниежүзілік, ғарыштық тәртіптің ажырағысыз бөлігі ретінде қарастырылды.

Мифтерде адамдардың жердегі өмірі, олардың қоғамдық және мемлекеттік құрылымы, өзара және құдаймен байланысы, құқықтары мен міндеттері қарастырылады. Әрекеттегі әлеуметтік және саяси-құқықтық тәртіптердің тәңірлік бастаулары — сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси және этика-құқықтық аспектілердің мазмұны болып табылады. Аңыздарда тәңірлік бастаулардың жердегі қатынастармен байланысының тәсілі мен сипаты әр түрлі дәрежеде қарастырылады. Бұл байланыстың әр түрлі нұсқалары дүниетанымдық сипаты аңыздарда берілген тәртіптің және құрылымдардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болды.

Мысалы, Ежелгі Қытай аңыздарында билеушінің ғана жоғары, құдіретті күштермен байланысу мүмкіндігі танылады. Барлық билік жоғары билеушінің өз басына жеке ішкі күш ретінде шоғырланған, ал өзге лауазымды тұлғалар билеушінің жеке билігін жүргізушілер ретінде ғана танылады.

Мысыр, Вавилон, Үндістанда өзгеше көзқарас: Құдайлар билеушінің билігінің бастауы бола тұрып, өздері де жердегі істер мен адам тағдырын шешуге тікелей қатыса алады. Құдай өздері құрған алғашқы қоғам мен мемлекеттің тікелей басшысы және заң шығарушысы ретінде қарастырылады.

Ежелгі еврейлердің көзқарасы бойынша, біртұтас, шынайы, нағыз құдай еврей халқымен ерекше, келісімдік қатынаста болады, оның басшысы, патшасы болып табылады. Еврей халықтарының заңдары Моисеймен тікелей құдайдан алынған. Жғй уақытта билік құдай атынан адамдармен жүргізіледі, бірақ төтенше, ерекше жағдайларда құдай өзі тікелей әрекет етеді делінген.

Жалпы айтқанда, Ежелгі Шығыстың әлеуметтік-саяси теориялары діни догмалардан, адамгершілік ұстанымдардан және саясат пен құқық туралы қолданбалы білімдерден құралған құрделі идеологиялық құрылым болып табылады.

**2. а) Ежелгі мысырлықтардың** діни-аңыздық көзқарастарына сәйкес, шындықты, әділеттілікті және сот жүргізуді Ма-ат құдайы бейнелейді. Соттар оның бейнесін киіп жүруге және оның уағыздаушысы болуға тиісті еді. Жердегі биліктің

тәңірден болуы және ресми бекітілген әрекет тәртібі (әдет-ғұрып, заң, сот шешімдері) барлығы да Ма-атқа, яғни әділеттіліктің табиғи-тәңірлік тәртібіне, сәйкестігін білдіреді. Мысырлықтардың саяси-құқықтық ойлары мынандай түпнұсқаларда көрініс табады:

1. «Птахотеп үйретулері» (б.з.д. 28 ғ.)
2. «Өлілер кітабы» (б.з.д. 25-24 ғғ.)
3. «Гераклеополдық патшаның өз ұлына үйретулері» (б.з.д. 22 ғ.)

Бұл түпнұсқаларда жердегі әлеуметтік-саяси тәртіптің, заңдар мен адамзаттың өзара әрекетінің ережесі негізі ретінде тәңірлік әділеттілікті мадақтау орын алған.

«**Птахотеп үйретулерінде**» барлық еріктілердің табиғи теңдігі — «дана болып туғандар жоқ» және адам әрекетінің *ка* қағидасына сәйкес болу қажеттілігі айтылады. *Ка* – жағымды, әділетті әрекет өлшемі. «Гераклеополдық патшаның өз ұлына үйретулері» құдай мен фараон билігін мадақтаумен қатар, әділетсіз және заңға қарсы әрекет жасамауға шақырды, тек солай ғана о дүниеде құдайдың мейіріміне ұшырау мүмкіндігі негізделеді. Онда билеушіні «шындықты жасаушы» және әділеттікке құштар жаң ретінде сипаттайды, өз мұрагеріне қайырыла отырып, «Үйретулер» авторы (Ахтой патша) «өз вельможаларыңды көтер, сонда олар сенің заңдарыңды жасайды» деп кеңес береді.

Әділеттілік және заңдар туралы келтірілген ережелер ежелгі мысыр қоғамының әрекеттегі тәртіпті тәңірден және әділетті, мәңгілік және өзгеріссіз ретінде бейнелеуге мүдделі билеуші топтардың көзқарасын білдіреді. Шынында өмір, әрине, бұдан өзгеше болған тәріздес. «**Ипусер сөздерінде**» б.з.д. 1750 жылы болған бас көтеруді сөз ете отырып, «бассыздардың» сот палатасын қиратып, ондағы заңдарды лақтырып, таптап тастағандарын айтады. Заңға үстем тап пен бағыныштылардың әр түрлі көзқараста болуы түсінікті: біреулер үшін ол әділеттілік пен тәртіпті, екіншілер үшін жеккөрінішті құрылымды білдіреді.

ә) **Шумер өркениеті** Тигр мен Эвфрат өзендерінің қосылысында (қазіргі Ирак жерінде) б.з.д. II мыңжылдықтың

көлемінде орнаған. Б.з.д. 1792–1750 жылдар аралығында Вавилон мемлекетіне өткен.

Шумерлік саяси мәдениет тайпалық демократия элементтерін — халық жиналысы мен ақсақалдар алқасын ұзақ уақыттар бойы сақтай алған. Еркін қауымдастар ролінің құлдырауына байланысты билік құл иеленушілер табының, бұрынғы тайпа көсемдерінің қолына шоғырланады.

«Ур-Намму заңдары» (б.з.д. 2112–2094 жж.), Урукагин реформалары (б.з.д. XXIV ғ.) Шумер мен Аккадағы құқықтық көзқарастар туралы өзіндік көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде заң техникасы дами түседі. Ежелгі шумерліктер үшін теорияда да, тәжірибеде де басты түсінік ретінде заң мен әділ сот танылады. Мектептерде заңдық еңбектерді зерттеуге және заңдарды талдауға көп көңіл бөлінеді.

Ежелгі Шумер аңыздарында әділеттіліктің қамқоршысы, әлсіздердің қорғаушысы ретінде Шамаш құдайы танылады. Ол зұлымдықты, өтірікті, әділетсіздік пен заңсыздықты қатал жазалайды. «Шамаш жолын» бұзушыларды (шындық, әділеттілік және құқық жолын) сөзсіз қатаң жаза күтіп тұрады. Шамаш жолын бұзу қылмыс жасау дегенді білдіреді. Шумерлік және вавилондық билеушілер және заң шығарушылар билік пен заңның тәңірлік сипатын баса көрсетіп отырған. Олардың мәңгілік құдай тағайындаулары мен әділеттілікке сәйкестігін жариялаған. Бұл көзқарастар б.з.д. XVIII ғасырдың саяси-құқықтық ескерткіші **Хаммурапи заңдарында** көрсетілген. Хаммурапи бірінші Вавилон әулетінің алтыншы патшасы б.з.д. 1792–1750 жж. аралығында өмір сүрген. Бұл уақыт Вавилонның бүкіл Қос өзен аралығының экономикалық, саяси және мәдени орталығына айналу және оның гүлденуі мен дәуірлеу кезеңі. Әділдіктің қорғаушысы ретінде баяндалған Хаммурапи заңы еркін адамдар мен құлдардың құқықтық жағдайын заң жүзінде бекітеді. Олардың әлеуметтік жағдайы мен тұрмысын өзгертуге жатпайтын норма ретінде бағалайды, билеуші топтың мүддесін және жеке меншікті қызғыштай қорғайды. «Көк пен жердің ұлы биі Шамаштың бұйыруымен, менің билеушім Мардук сөзі бойынша елдегі менің әділеттілігім жайнай берсін, менің туындым оларды жоятын ешкімді таппасын» деп жариялау

арқылы Хаммурапи өз заңы құдай еркін жүзеге асыру екендігін білдіреді. Хаммурапи заңдарында айтылатын әділеттілік қоғамның әр түрлі топтарының әлеуметтік, саяси және құқықтық теңсіздігін білдіреді. Вавилон қоғамы еріктілер: авилум, мушкенумнен, сондай-ақ құлдар және шетелдіктерден құралады. Әр әлеуметтік топтың қоғам иерархиясындағы өзіндік орны танылады және олардың бірінен екіншісіне өту мүмкіндігі жоққа шығарылады.

б) **Ежелгі Парсы мемлекетінде** ерте аңыздық көзқарастардың рационалдық көзқарастарға ауысуы б.з.д. 8 ғ. өмір сүріп, әрекет еткен **Заратуштра (Зороастра)** атымен байланысты. Зороастризмнің негізгі қайнар қайнар көзі «Авеста» (б.з.д. 2–1 ғғ.) бастапқыда 21 кітаптан (наск) құралған, біздің заманымызға дейін тек біреуі ғана жеткен. «Авеста» Таяу және Орта Шығыстың қоғамдық құрылымы, құқықтық институттары, мемлекеттік құрылымы, қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымы, әдет-ғұрып пен дәстүрі туралы мағлұмат береді. Ежелгі Ирандағы саяси-құқықтық көзқарастардың дамуы парсылықтар мен мидиялықтардың көп дінге сенушіліктен зороастризмге ауысуымен тығыз байланысты. Б.з.д. 7 ғ. бастап Спитак Спитама ілімі қалыптасып Таяу Шығыс, Азия, Үндістан, Грецияда таралған, христиандық доктринаның қалыптастыруға үлкен әсерін тигізген.

Ежелгі Иранның құқықтық ойларының қайнар көздері қатарына авест тілінде жазылған «садэ» («таза» деген түсінік береді) қолжазбаларынан басқа, «занд», яғни «Авестаның» құқыққа қатысты бөлімдеріне жасалған түсініктемелер де, жатады. «Авестаның» заңдық бөлімдері сақталмаған, бірақ ол туралы көзқарастарды «Авестаға» көптеген сілтеме жасалған Сасанид жинағынан «Мындаған сот шешімдері кітабынан» шығарып алуға болады.

**Зороастризм ілімінің негізгі ережесі — жақсылық пен зұлымдықтың қарама-қарсы екі бастаудың күресі.** Жақсылық — Ахура-Мазда (Ормузда), зұлымдық — Ангра-Манью (Ариман) патшалығымен салыстырылады. Жақсылық пен жарық белсенді әрекетті, зұлымдылық пен қараңғылыққа қарсы күресті білдіреді. Тіршіліктің мақсаты мен мәні осындай

күрестен тұрады. Зороастризм бойынша мемлекет аспан құдайы Ормузданың жердегі билігі болып саналады. Мемлекет билеушісі — монарх — жердегі Ормузданың әмірін орындаушы қызметкері, ол халықты жауыздық пен жамандықтан қорғауға, мемлекетке қауіп төндіретін әрекетке қарсы күресуге, қайырымдылық нәрін себуге міндетті.

Қоғамды әлеуметтік-таптық ұйымдастыру мәселелерін шешу барысында әрбір адамның еңбек түрін өз еркімен таңдау құқығына негізделген әлеуметтік таптарға бөлуге басты назар аударлады. Өулеттік бірлестіктерге басшылық ету «Авеста» мәтініне сүйенсек, барынша игі адамдарға жүктелген. Ахура-Мазда қызметкерлерін өзара сүйіспеншілікке, бейбіт қатар өмір сүруге және кешірімпаздыққа шақыра отырып, Заратуштра ағартушы дана монарх билігін уағыздайды.

Үлгілі мемлекет ретінде бейбітшілік, даналық, өзара сүйіспеншілік пен бақыт орнаған қоғамды таниды.

«Авестаның» құқықтық ойлары оның «Вендидат» деп аталатын бөлімінде көрініс тапқан. Онда шарт жасасу, оның нысандары, шартты бұзуға қатысты қолданылатын жауапкершілік шаралары, өзге де құқықтық салдар тудыратын азаматтық құқық мәселелеріне үлкен назар аударылған. «Вендидатта» қылмыстың түрлеріне саралау жүргізеді, жануарларға қатысты жасалатын қылмыстарды ерекше топқа жатқызады. Қылмыстық жауапкершілік субъектілері анықталады. Отбасы-некелік қатынастарда отбасын құру қажеттілігі негізделеді, неке жасы анықталады, қан араластыруға рұқсат етіледі, әйелдердің ерімен тең құқылығы танылады.

«Сасанид» сот жинағында мүліктік және міндеттемелік қатынастарға, деликт құқығына, сот ісін ұйымдастыруға, дауларды қарау үрдісіне, заңдық құжаттарды бекіту тәртібіне қатысты мәліметтер беріледі. Олардың қазіргі кезеңде қызығушылық тудыратын тұстарының бірі — кейбір құқықтық конструкцияларының кейінірек қалыптасқан мұсылмандық-құқықтық ойдың ережелерімен ұқсастығы болып табылады. «Авеста» және оның түсініктемесі тек құқықтық ескерткіштер ғана емес, сонымен бірге зороастризм ілімі Шығыстың да, Батыстың да саяси-құқықтық ілімдерінің дамуына ықпал еткен адамзаттың басты құндылықтарының бірі.

Ежелгі дүние саяси және құқықтық ілімдерін сипаттау барысында бұл ілімдердің қоғамның таптық жіктелуі кезеңінде қалыптасқанын естен шығармау қажет. Оларда мемлекет пен құқықты мифтік түсіндіруден мемлекет және құқықтың теориялық түсінігінің алғашқы жүйелеріне, қоғамдық сананың алғашқы нысандарынан дамыған, дифференциялы нысанына ауысу жолы көрініс табады. Ежелгі Шығыстың (Вавилон, Мысыр, Ежелгі Үндістан, Қытай) идеологиясы аңыздар жүйесінде іске асқан. Аңыз болмысты жанды құбылыс ретінде түсінудің, табиғат пен қоғамдық құбылыстарды тәңірлендірудің жемісі. Шынайы дүниені аңыз түрінде мазмұндау қоршаған ортаны түсінудің алғашқы, адам танымына лайықталған нысаны болып табылады.

**3. Ежелгі Үндістандағы саяси және құқықтық ілімдер мифтік және діни көзқарастар түрінде қалыптасты.** Брахманизм идеяларының алғашқы көріністері б.з.д. 2 мыңжылдықтағы «Веда» ескерткіштерінде кездеседі. «Веда» — «білім, кіріспе» (санскрит тілінде) деген ұғымды білдіреді. Бұл ведаларда адамдардың төрт варнаға (кастаға) бөлінетіндігі және брахмандар — Пуруш құдайының аузынан, кшатрийлер — құдайдың қолынан, вайшийлер — құдайдың санынан, шудралар — құдайдың табанынан жаратылғандығы айтылады.

Заң (**рта**) қоғам конституциясын, ондағы варнаның орнын, ролін, құқықтық жағдайын анықтаған. Варна мүшелері еріктілер, құлдар варнадан тыс. Варналардың өзі тең емес: екеуі — жоғары, екеуі төмен саналады.

Брахманизм идеологиясы **Упанишадта** (б.з.д. IX–VI ғғ.) ары қарай дамиды және нақтыланады. Барлық варна мүшелері құдаймен тағайындалған **дхарма** (заң, міндет, әдет, әрекет тәртібіне) сай әрекет етуі керек делінеді. Әр түрлі брахмандар мектебімен жасалынған дхармасутра, дхармашастра — құқықтық жинақтар қалыптасады.

Б.з.д. II мыңжылдықта **Ману заңдары** қалыптасады. Ману заңдарының 96-бабында «Тірі жәндіктердің ішіндегі ең қасиеттісі — жандылар, ал жандылардың ішінде адам, ал адамдардың ішінде брахмандар» деп айтылады.

«Ману заңдарында» адамдардың варналарға бөлінуі және олардың қоғамдағы орны мен әлеуметтік теңсіздігі қорғалады. Мұнда да брахмандардың жоғары дәрежедегі жағдайы мен үстемдігі, артықшылығы негізделеді. «Ману заңдары» бойынша кшатрийлер тобынан шығатын патшаның өкілдігі шектеулі, ол брахмандардың ақыл-кеңестерін тыңдаумен қатар, кейбір талаптарға сәйкес болуы керек. Өзінің жоғары, тәңірлік мәртебесіне қарамастан, патша брахмандарды құрметтеуге, Веданы тануға, басқарудың бастапқы өнеріне үйренуге тиісті. Патшаның негізгі міндеті — варна жүйесін және өзінің дхармасын ұстанушыларды қорғау.

Ману заңдарында маңызды роль жазалауға беріледі. Құдіретті билеушінің баласы Жаза (данда) жерде таяқты білдіреді. «Данданити» — басқару өнері, «таяқпен билеу». Онда жазаның қуаттылығы мен күштілігі және қоғамға пайдасы туралы көп айтылады. «Жаза бүкіл адамды билейді. Жаза адамдарды қорғайды, ол өзгелер ұйықтап жатқанда сергектік танытады, данышпандар жазаны, данданы қорғаушы» деп жариялаған. Егер патша қылмысына қарай жаза тағайындауды үздіксіз жүзеге асырып отырмаса, онда күштілер «әлсіздерді қармақтағы балықтай қуған болар еді. Жаза дұрыс қолданылмаса, варналар жүйесі бұзылып, бөгеттер жойылып, бүкіл халық наразы болар еді», — делінеді.

Әр түрлі варна мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің теңсіздігін олардың заң алдындағы жауапкершілігінен, қылмыс пен жазадағы әділетсіздіктен көруге болады. Брахмандар заң алдында ерекше жеңілдіктерге ие болған. «Әлемдегі бар нәрсенің бәрі брахмандардың меншігі болып табылуымен бірге» (100-б.), оларға ешқашан тән жазасы қолданылмайды, олар үшін ең ауыр жаза — шашын ұстарамен алу және елден қуу болып саналды. Қылмыс үшін айып төлеуде варналардың қоғамдағы теңсіздігінің сипаты анық көрінеді. Мысалы, брахманды тілдеген кшатрийге 100 пан айып салынады, вайший екі жарым есе артық төлейді, ал шудра дене жарақатымен жазаланады (267-б.). Ал «брахман кшатрийді тілдесе 50 пан, вайшийді тілдесе, оған 12 пан айып салынады» (268-б.) делінген.

Б.з.д. VI–V ғғ. Веды мен Упанишадта берілген брахманизм идеологиясын сынаумен белгілі болған **Сиддхартха Гаутама (Будда – сәулелі, нұрлы)** ілімі қалыптасты. Ол құдайды жоғары тұлға, заңның қайнар көзі, дүниені әділетті билеуші дегенді жоққа шығарды. Адам ісі олардың ынтасына байланысты. Барлық адамдардың адамгершілік-рухани теңдігі тұрғысынан варна жүйесін және олардың теңсіздігін сынайды. **Будда ілімінің негізі «төрт игі ақиқаттан»** құралады:

- біріншісі, адам өмірі табиғатынан — бақытсыз өмір;
- екіншісі, бақытсыз өмірдің себебі адам өзімшілдігі мен нысапсыз тілегі;
- үшіншісі, жеке адам өзімшілдігі мен тілегін тояттандыруға болады, ол нирванаға жетуді білдіреді;
- төртінші ақиқат — өзімшілдік мен тілектен арылуға көмектесетін әдіс. Бұл әдіс «сегіз жолмен» іске асады: дұрыс сенім; дұрыс ой; дұрыс сөз; дұрыс әрекет; дұрыс өмір сүру; дұрыс ынта; міндеттерге дұрыс қарау; дұрыс медитация.

Буддистер түсіндірмесі бойынша: дхарма дүниені басқаратын табиғи заңдылық, табиғи заң. Саналы әрекет жасау үшін, осы заңды танып, қолдана білу қажет. Гуманизм, адамдарға жақсылықпен қарау, зұлымдыққа зұлымдықпен жауап бермеу — ерте буддизмнің нұсқаулары. Буддизмде жазаның ролі мен көлемі шектеледі, кінәсіз жаза қолдануға тыйым салады. «Дхаммападта» заңдылықты мадақтау орын алады. Ашоктың басқаруы (б.з.д. 268–232 жж.) тұсында буддизм мемлекеттік дінге айналады.

**Джайнизмнің** басты идеясы ахизм доктринасы — **жануарларға, адамдарға қатысты күштеу әдістерін қолданудан бас тарту.**

**Локаят** (чарвак) — б.з.д. VI ғасырда атеистік көзқарас тұрғысынан брахманизмді сынаған. «Дүниеде барлығы да заттардың ішкі табиғатының күшімен жасалады», — дейді. Брихаспати: «Барлық құбылыс табиғи. Тәжірибеден де, тарихтан да жоғары күштің көрінісін таппаймыз. Мораль табиғи: ол қоғамдық келісім мен тиімділіктен құралады», — деп жазады. Бұл табиғи құқықтың зиялы концепциясының ерте нұсқасы. **Артхашастра** (б.з.д. IV–III ғғ.) «зат табиғатының» реттеуші ролі туралы көзқарасқа және әрекет тәртібінің табиғылығына негізделген. Ғылымға философияны, Веда туралы ілімді,

мемлекетті басқару туралы ілімді жатқыза отырып, трактат логикалық дәлелдер көмегімен Веда туралы ілімнен заңдылық пен заңсыздықты, шаруашылық туралы ілімнен пайда мен зиянды, мемлекетті басқару туралы ілімнен дұрыс және бұрыс саясатты зерттейді. Артхашастра «заңның шындыққа негізделетіндігін» айтады, практикалық пайдаға (артхе) басымдылық береді және онымен негізделген саяси-құқықтық шараларға және әкімшілік-биліктік тағайындауларға басты назар аударады. Пайда (тиімділік) саяси әрекеттердің басты қағидасы. Тиімділіктің дхарма мен заңдылықпен қатар қойылуы саясат пен заң жүйесінің зиялы доктринасын қалыптастырудағы белгілі қадам болды.

**4. Қытайдағы** саяси және құқықтық ілім тарихында Конфуций ілімі маңызды роль атқарады. Б.з.д. 551–479 жылдар аралығында өмір сүрген ұлы Қытай ойшылы **Конфуций** «Лунь юй» («Әңгімелер мен толғаулар») еңбегінде дәстүрлі көзқарастарға сүйене отырып, мемлекеттің патриархалды-патерналистік концепциясын қалыптастырды. Оның айтуы бойынша, мемлекет — үлкен отбасы. Император билігі — әке билігі, басқарушылар мен бағынушылар арақатынасы — отбасылық қатынастар, үлкенге кіші бағынуы тиісті.

Әлеуметтік теңсіздікті қалыпты жағдай ретінде қарастырған Конфуций аристократиялық билік концепциясын, яғни аксүйектер тобының билігін, жақтады. Конфуций билеушілерді өз бағыныштыларына қайырымды болуға шақырды. Билеуші қайырымды болса, төменгі адам да қайырымды болады. Биліктің осы ережесін жақтаған Конфуцийден «Шөп жел соққан жаққа кисяды» деген накыл сөз қалған. Ішкі және сыртқы соғыстарға қарсы болған Конфуций Қытай жерінен алыс тұратын басқа халықтарды білімділікпен және ақылмен жаулап алуды ұсынды.

Конфуций ілімі, сонымен бірге, ел билеушілері мен әкімдерге де қол астындағыларға баласындай қарауға кеңес береді. Конфуций ілімі бойынша «ақылды билеуші ауыр жазамен адамдардың жанын қинамайды, оларды табандылықпен, ең алдымен өзі үлгі-өнеге көрсетіп жақсылыққа тәрбиелейді». Бағыныштылардың ізгілігі билеушіге бағынуында, тыңдауында және құрметтеуінде деп санаған. Конфуцийдің саяси этикасы қоғамның жоғары мен төмен топтары арасындағы ішкі

бейбітшілікке жетуге бағытталған. «Байлық бөлінсе, кедейлік болмайды, үйлесімдік болса, халық аз санды болмайды, жоғары мен төмен бейбітшілік қатынаста болса, билеушіні құлату қауіпі болмайды».

Саяси қатынастарды ізгілік нормалармен реттеу заң негізінде басқаруға қарсы қойылады. «Егер заң бойынша басқарып, жаза қолданса, халық жазадан қашып кетуге бейім болады – ұятын жоғалтады, егер ізгілік арқылы басқарып, әдет-ғұрып, салтпен әдепті қолдаса, ұят болады, халық түзеледі».

Ізгілік – этикалық-құқықтық нормалар мен қағидалар жиынтығы. Оған ли (салт), адам сүю (жэнь), адамға қамқорлық (чжун), парыз (и) жатады. Конфуцийдің позитивті заңға (фа) теріс көзқарасы оның жазамен тығыз байланыстылығында десек жаңылмаймыз.

Конфуцизм ілімі б.з.д. II ғасырда Қытайда ресми идеология және мемлекеттік дін ролін атқарды.

**Ежелгі Қытай** философиясы мен қоғамдық-саяси ойындағы ықпалды ағымдардың бірі – даосизм ілімінің негізін салушы болып б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген қытай ойшылы **Лао-цзы** саналады. Даосизм ілімінде аспан, табиғат және қоғам заңдылықтары анықталады. Ол жоғары ізгілік пен табиғи әділдікті жақтайды. Дао ілімі бойынша барлық адам тең. Өз дәуіріндегі мәдени кемшіліктер мен адамдардың әлеуметтік-саяси теңсіздігін, халықтың қайыршылық жағдайын және т.б. Лао-цзы даодан ауытқу деп есептейді. Сол кездегі халықтың ауыр жағдайына наразылық білдірген Лао-цзы даоның әділдікті қайта орнататынына сенеді.

Даосизм ілімінде адамдардың қанағатшылығы мен белсенді әрекеттерден тартыну қағидасы басты орын алған. Лао-цзы сонымен бірге соғыстың барлық түрі мен әскерді қатты сынға алады. Оның айтуынша, әскер жүріп өткен жерде арам шөптер мен тікенектер ғана өседі, үлкен соғыстан кейін ашаршылық жылдары басталады. Дамуды жақтамаған Лао-цзы өткенге қайта оралуды және білім мен ғылымнан бас тартуды ұсынады. Оның айтуынша, ақылды билеуші өзінің қол астындағыларға «дао» жолымен (табиғи жолмен) жүруге жағдай жасайды. Ондай билеуші халықтың жеке ісіне араласпайды. Оның басты міндеті — елдегі тәртіп пен заңдылықты сақтау болып табылады.

**Моцзы** (б.з.д. 479–400 жж.) мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясына негізделген барлық адамдардың табиғи теңдігі қағидасын қолдады. Моизм «көк жалпы сүйіспеншілікті қолдайды, бәріне пайда келтіреді» дейді. Жалпы теңдік – адам қатынасының моделі. Оған көну «басқарудың негізі ретінде даналықты құрметтеу» болып табылады. Оның белгісі — «халықты үйретуді жазалаумен ұштастыра білу». Билік күшпен қатар адамдарға әсер етудің адамгершілік үлгілерін де қолдануға тиіс.

«**Әділеттіліктің тұтас үлгісін**» іздестіру барысында мемлекеттің келісімдік теориясын ұсынады. Ертеде әркімнің өз әділеттілігі болды, адамдар жабайы хайуанаттар тәріздес жаулық жағдайда өмір сүрді. Адамдар Күн асты елінің ең ізгі, дана адамын сайлап, Көк ұлы деп жариялады. Ол «әділеттіліктің тұтас үлгісін жасай алды, тәртіп орнатты». Моизм біртұтас мемлекеттік билікті қолдады, автономияға қарсы болды.

Моизм ілімінде мемлекетті басқару процесінде халық мүддесінің талаптарымен есептесу үлкен орын алды. «Кедейлік — басқарудағы тәртіпсіздік түбірі» деп санады.

Ежелгі Қытайдағы **легизм** идеялары б.з.д. IV ғасырларда жарық көрген. Легизм ілімінің және заңшылдар мектебінің негізін қалаған **Шан Ян** Шан облысының билеушісі болды. Шан Ян заңдар мен қатал *жазаға* сүйенген басқару жүйесін қолдады. Сол кездегі үлкен ықпалға ие болған конфуцизмді сынаған Шан Ян заң нормалары ғана елде тәртіп орната алады деп есептеді. Ел басқарудың негізгі әдісі ретінде қатал заңдарды жақтаған ол мемлекет пен адамдар арасындағы қатынастарды оңай реттеуге болатындығын айтты. Бұл «кімді кім жеңетіндігі» туралы қағидаға негізделген таптар күресінің қатынастарын көрсетті. Оның айтуынша, «халық өз өкіметінен күштірек болса, мемлекет әлсіз, ал өкімет өз халқынан күштірек болса, әскер күшті, әрі қуатты болады».

Шан Янның басқару туралы концепциясы адамдарға дұшпандық көзқараста болу, оларды жазалау және күштеу шаралары арқылы қалаған тәртіпке көндіруге болады деген тұжырымға сәйкес келеді.

Б.з.д. II ғасырда Қытайдың ресми идеологиясы легизм мен конфуцизмнің симбиозынан тұрды. Конфуцизм әдемі

фасад ролін атқарса, мәні легистік сипатта болды. Бұндай ой-теориялық әр түрлі басқару және құқық түсіну концепцияларының симбиозы Қытайдың мемлекеттік-құқықтық дамуына үлкен әсер етті.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ежелгі Шығыстағы саяси-құқықтық ойлардың ерекшеліктері.
2. Ежелгі Шығыс елдеріндегі саяси-құқықтық ойлардың басты бағыттары.
3. Ежелгі Мысырдағы құқықтық және саяси ойлар.
4. Шумердегі саяси-құқықтық идеялар мен мифтер.
5. Ежелгі Ирандағы саяси-құқықтық ойлар.
6. Ежелгі Үндістандағы саяси-құқықтық ілімдер.
7. Брахманизмнің саяси-құқықтық идеялары.
8. Джайнизм және буддизм.
9. «Артхашастра» трактатындағы саяси және құқықтық теориялар.
10. Ежелгі Қытайдағы саяси және құқықтық ілімдер.
11. Конфуцийдің саяси және құқықтық ілімдері.
12. Фацзя /легистер/ мектебіндегі мемлекет және заң туралы ілімдер.

### **3-тақырып. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер**

1. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер: көрнекті өкілдері, негізгі бағыттары.
2. Ерте кезеңдегі саяси және құқықтық ойлар.
3. Софистердің саяси және құқықтық идеялары.
4. Сократтың саяси және құқықтық идеялары.
5. Платонның мемлекет және құқық туралы ілімі.
6. Аристотельдің саяси-құқықтық ілімдері.
7. Полибийдің саяси және құқықтық ілімдері.

1. Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында Грецияда құл иеленуші құрылымға ауысу үрдісі аяқталады. Бұл үрдістің сипаты мен мерзіміне гректерде ерте басталған теңіз саудасы әсер етеді. Ол өз алдына Жерорта теңізі аймағында қалалардың дамуына және грек отарларының құрылуына, қоғамның мүліктік жіктелуіне ықпал етеді. Өзге елдермен қарқынды байланыс арқасында Грецияның сауда орталықтары қуатты мәдени ошаққа айналады, онда техниканың, жаратылыстанудың, жазба және құқықтың алдыңғы қатарлы жетістіктері шоғарланды.

Ежелгі Грецияның әлеуметтік-саяси құрылымы тәуелсіз полистердің өзіндік жүйесі түрінде көрінеді. Полис аумағы қала және оның маңындағы ауылдық мекендерден құралады. Қазіргі тарихшылардың есебі бойынша, еркін тұрғындардың саны 100 мың адам көлемінен аспаған көрінеді.

Б.з.д. VII–V ғасырларда полис өмірінің жалпы сипаттамасы құл иеленуші аксүйектер тобына айналған ру аристократиясы мен демократиялық лагердегі сауда-көлемер тобының арасындағы күреспен сипатталады. Күштердің қай жағының басым түсуіне байланысты аристократиялық басқару (Спарта) немесе демократия (Афин) немесе тирандар билігі орнаған.

Құлдықтың қанаудың үстем тәсіліне айналуына байланысты еріктілер арасында мүліктік теңсіздік, ежелгі грек қоғамында әлеуметтік қайшылық шиеленісе түседі. Бай құл иеленушілер ру аксүйектерімен бірлесе отырып демократиялық көңіл-күйдегі орта тапты ығыстырып, кейбір полистерде олигархиялық режим орнатады. Еркін тұрғындардың арасындағы күресті құл иеленушілер мен құлдар арасындағы антагонистік қайшылықтар тереңдете түседі. Аристократия немесе демократия негізінде біріккен қала полистер әскери-саяси коалицияға және мемлекеттік одақтарға бірігеді (Афиндік теңіз одағы, Пелопоннестік одақ). Коалициялардың өзара қайшылығы полистерде ішінара соғыс және саяси төңкерілістердің орын алуына негіз болады. Ең көлемдісі б.з.д. 431–404 жж. арасындағы пелопоннестік соғыс болып табылады.

Ұзақ мерзімге созылған соғыс нәтижесінде экономика құлдырап, полистер терең дағдарысқа ұшырайды. Б.з.д. IV ғасырдың екінші жартысында ежелгі Грек мемлекеті Македонияның, кейінірек (б.з.д. II ғ.) Римнің қоластына өтеді.

Ежелгі Грецияның саяси идеологиясы мифтік (аңыз) көзқарастардың ыдырауы және қоғамдық сананың салыстырмалы дербес нысандары пайда болған кезеңде қалыптасады. Гректердің қарқынды сауда әрекеті олардың танымдық көзқарастарын кеңейте түседі, техникалық дағды және білімдерін жетілдіреді, азаматтардың полис ісіне белсенді қатысуына, мифтік көзқарастардың дағдарысына және әлемде болып жатқан өзгерістерді түсіндіретін жаңа тәсілдерді іздеуге әкеліп соғады. Осыған байланысты ежелгі Грецияда дүниетанымның теориялық нысаны ретінде философия пайда болады. Саяси-құқықтық концепциялар жалпыфилософиялық ілім көлемінде қалыптаса бастайды.

Философиялық дүниетаным құрамына теориялық сананың барлық нысандары — натурфилософия, теология, этика, саяси теория және т.б. жатады. Ежелгі Грецияның саяси-құқықтық ілімдері саяси идеологияның қоғамдық сананың өзге нысандарымен күрделі өзара әрекеттестігі нәтижесінде қалыптасады.

Әлеуметтік саяси теорияның дамуына эмпирикалық білімнің кеңеюі басым әсер етеді. Мемлекет — полисте жинақталған саяси тәжірибенің көпжақтылығы билікті жүзеге асыру тәжірибесін теориялық жинақтауға және мемлекеттің пайда болуы, жіктелуі, құрылымының жетілген нысандары туралы мәселелер көтерілген ілімдер қалыптастыруды көтермелейді. Ежелгі Грецияның құқықтық ойларында алғашқы полистік заңгерлер қалыптастырған заңдарды салыстырмалы зерттеуге үлкен назар аударылады. Грек ойшылдарының еңбектерінде қазіргі саяси ғылымның түсініктік аппаратына енген мемлекет нысанын жіктеу түсінігі қалыптастырылған.

Көне саяси-құқықтық концепциялар мазмұнына құл иеленуші қоғамдық жеке мораль бекітілген этиканың дамуы да әсер етеді. Жеке меншік қатынастар және құлдық қауымдық өмірдің патриархалдық негізін бұзып, индивидтерді бір-біріне қарама-қарсы қойды. Егер ежелгі Шығыс этика-саяси концепцияларында қоғамдық моральдің әр түрлі түсіндірмесі берілсе, көне Грецияда қоғамдағы индивидтің жағдайы мен адамгершілік таңдау мүмкіндігі және адам әрекетінің субъективті жағы алға тартылады. Демократиялық бағыттың өкілдері

индивидтің адамгершілік еркіндігі идеясына негізделген азаматтардың теңдігі және заң мен мемлекеттің келісімдік пайда болуы туралы ілімдерді қалыптастырады.

Б.з.д. III ғасырдың басында Ежелгі Грек мемлекеті өзінің тәуелсіздігін жоғалта бастады, қоғамдық сана терең өзгерістерге ұшырады. Еркін тұрғындар арасында тығырыққа тірелу және саясаттан бас тарту орын алады, діни ізденістер күшейе түседі. Бұл кезеңде саясатты теориялық зерттеу жекелік сипаттағы адамгершілік ілімдеріне орын береді.

Ежелгі гректердің саяси-құқықтық ойларының пайда болу және даму тарихы негізінен **үш кезеңге** бөлінеді. Ежелгі кезең (б.з.д. IX–VI ғғ.) мемлекеттіліктің пайда болуымен байланысты. Бұл кезеңде саяси-құқықтық көзқарастардың рационалдануы және мемлекет пен құқық мәселелеріне философиялық көзқарас қалыптасады. Екінші кезең (б.з.д. V–IV ғғ. бірінші жартысы) ежелгі грек философиясы мен саяси-құқықтық ойларының гүлденген кезеңі. Бұл Демокрит, софистер, Сократ, Платон және Аристотель еңбектерінде көрініс табады. Үшінші кезең (б.з.д. IV ғ. екінші жартысы — II ғ.) эллинизм, көне грек мемлекеттілігінің күйреу кезеңі. Бұл кезеңнің жарқын өкілдері қатарында Эпикур, стоиктер және Полибийді атауға болады.

**2.** Ежелгі мифтер Орфей поэзиясында, кейінірек Гомер және Гесиод поэмаларында өзінің сакралдық сипатын жоғалта бастайды, этикалық және саяси-құқықтық түсіндірмеге ұшырайды.

Гомер поэмасында Зевс жалпы әділеттіліктің жоғарғы қорғаушысы ретінде, күштеу мен әділетсіздікті қатаң жазалаушы ретінде танылады. Гомердің қолдануындағы «дике» (әділеттілік) және «темис» (әдет-ғұрып, әдет-ғұрыптық құқық) ұғымдары сол кезеңдегі жалпы дүниетанымдық көзқарастарды жарқын бейнелейді.

**Гесиод** (б.з.д. VII ғ.) «Теогония» және «Еңбектер және күндер» поэмаларында құқық және әділетті қоғамдық құрылым идеяларын тереңдете қарастырады. Құлдар оның түсіндірмесі бойынша әр түрлі адамгершілік-құқықтық қағидалар мен күштердің бет-бейнесі ретінде танылады. «Теогонияда» Зевс (барлық жетілгеннің бет-бейнесі) және Фемида (мәңгі табиғи тәртіптің бет-бейнесі) некесінен екі қыз-құдай: Дике (әділеттілік)

және Эвномия (заңдық құндылық) өмірге келеді. Дике табиғи – тәңірлік әділеттілікті қорғайды және жалғандықты жазалайды. Эвномия қоғамдық құрылымдағы заңдылықтың тәңірлік бастауларын және заңдылық пен полистік құрылымның терең ішкі байланысын білдіреді.

Адам ісіндегі және қарым-қатынасындағы адамгершілік-құқықтық тәртіп туралы, этика туралы рационалистік көзқарастар «жеті дана» шығармашылығында әрі қарай дамиды (б.з.д. VII–VI ғғ.). Олардың қатарына Фалес, Питтак, Периандр, Биант, Солон, Клеобул, Хилон жатады. «Жеті дана» бағытының өкілдері полистік өмірде әділ заңдардың үстемдігі маңызын баса айтады. Бианттың «Ең жақсы мемлекеттік құрылым азаматтар заңнан тириеннен қорыққандай дәрежеде қорқатын жерде болады» деген ойы заң күшінің жоғарлығын сипаттайды. Дельфида Аполлон храмында ойып жазылған «Өз-өзінді таны» афоризмінің иесі, спартандық Хилон «Жақсы полисте азаматтар заңды оратордан (шешен) да жақсы тыңдайды» деп санаған, «заңдарға бағынуды» уағыздаған.

«Жеті дана» қатарында Грецияның I — архонты **Солонның** (б.з.д. 638–559 жж.) орны ерекше. Ол 594 жылы жаңа заң қабылдап, мемлекеттік реформа өткізді:

- жеке және мемлекеттік қарыздарды жойды (сисахфия), оны жүк түсіру деп атайды. Несие беруді жеке қанаумен қамтамасыз етуге тыйым салды;

- тұрғындарды 4 тапқа бөлді (пентакосиомедимн, аттылар, зевгит, феттер) алғашқы үшеуі мемлекеттік лауазымға ие бола алды, ал төртінші тап тек халық жиналысы мен сотқа қатыса алды;

- төрт жүздер кеңесі құрылды, бұрынғы ареопагтың үстемдігі жойылды.

Солон өлшемді (ценздік) демократия түсінігін енгізді. Бұл аксүйектер мен демостың (халықтың) арасындағы ауызбіршілікке жеткізуге тиісті еді. Ол екі жақтың да ырқына көнгісі келмеді, ортада болуға тырысты. «Мен қасқыр тәріздес ырылдаған иттер тобырында шырқ ұрдым», — деп жазады.

Солон ойы бойынша, мемлекет ең алдымен заңды тәртіпті қажет етеді: заңсыздық пен өзара қырқыс — ең ауыр зұлымдық, тәртіп пен заң полис үшін үлкен құндылық. Солонның заң мен

оның билігіне берген сипаттамасы қызықтырады: заң (заң билігі) құқық пен күш үйлесімі түрінде анықталады, бұнда күресуші жақтардың фактілі күші емес, полистің ресми күші туралы айтылады.

**Пифагор** (б.з.д. 580–500 жж.) қоғамдық және саяси-құқықтық тәртіпті философиялық негізде қайта құру қажеттілігі идеясын қалыптастырды. Пифагоршілер (Архит, Лизис, Филолай) демократияны сынға ала отырып, «жақсылардың» (адамгершілік және саналы элита) басқаруының аристократиялық идеяларын негіздеді. Пифагор жасырын философиялық-саяси одақ — Гетерия құрды. Пифагордың дүниетанымында анықтаушы роль — сандар туралы ілімге берілді. Сан — дүниенің басы және мәні. Олар адамгершілік және саяси-құқықтық құбылыстарға сандық (математикалық) сипаттама беруге тырысты. Құқық пен әділеттілік мәселелерін қарастыру барысында Пифагор алдымен «теңдік» түсінігін теориялық тұрғыдан қарастыра бастады. Әділеттілік теңдерге теңдік беруден тұрады. Адамдар өздерінің жан-жақты қатынастарында әділеттіліктің әр түрін қолдануға тиісті.

Пифагордың ойы бойынша әділ заң билік ететін мемлекет қана үлгілі бола алады. Құдайдан кейін ата-ана мен заңды құрметтеу керек, оларға сеніммен бағыну қажет. Заңды тындау үлкен ізгілік, заң — үлкен құндылық. Ескіден қалған заңдар мен әдет-ғұрыпты қолдану жаңа заң шығара бергеннен гөрі дұрыс деп санады. Ең жаман құбылыс — анархия (биліктің болмауы). Себебі адам табиғаты басқаруды, қажетті тәрбиелеуді керек етеді. Пифагордың адам қатынасы жаза-жаладан, биліксіздіктен арылуы және тәртіпке келтірілуі мүмкін деген ойы көптеген ғалымдарға дем берген.

Көне ойлар тарихында **Гераклит** ілімі маңызды орынға ие. Полис өмірі және оның заңдары, Гераклиттің ойы бойынша, логосқа бағынуға тиісті. Адамзаттың «барлық заңдары» тәңірлік заңдардан бастау алады. Адам заңдарының қайнар көзі ретіндегі тәңірлік заңдар логос, сана, табиғат мағынасында қолданылады. Полис заңдарының саналы табиғатын ескере отырып, Гераклит халық заң үшін күресуге тиісті деп санайды. Тәртіпсіздікті тез арада жоюға тырысу қажет. Бұқараның билігі ретінде танылатын демократияны сынап отырып, Гераклит жақсылардың басқаруын

жақтайды. «Мен үшін бір адам егер жақсы болса, 10 мың адамға тұрады». «Біреудің еркіне бағыну да заң». Гераклиттің ойы бойынша, заң қалыптастыру үшін халық жиналысында көпшіліктің қолдауы аса міндетті емес; заңдағы бастысы — логосқа сәйкес болу, оны түсіну көпшіліктен гөрі бір адамға тән.

Гераклит диалектикалық материализмнің бастауларын алғашқылардың бірі болып мазмұндайды. Ойлау қабілеті барлық адамдарға тән болса да, адамдардың көпшілігі жалпы логосты (барлығын басқаратын сана) түсінбейді. Соған сәйкес даналар мен ессіздер, жақсылар мен жамандар ажыратылады. Әлеуметтік-саяси теңсіздік жалпы күрестің құқықты, әділ нәтижесі ретінде ақталады. «Соғыс — бәрінің әкесі және баршаны патшасы: біреулердің құдай болуын анықтайды, екіншісі — адам, кейбірі — құл, кейбіреуін еріктілер қатарына енгізді».

Пифагор мен Гераклит көзқарастары ескі аристократия өкілдерінің көзқарастарынан өзгеше: «жақсыны» анықтау үшін рухани, интеллектуалдық өлшем басты орынға қол қойылады. Қандас аристократиядан рухани аристократияға көшу маңызды. Аристократия жабық кастадан ашық тапқа ауысады.

**3. Софистердің** саяси және құқықтық көзқарастарының қалыптасу кезеңі. Софистика Ежелгі Грецияда б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастады. Бұл кезеңде қоғамдық өмір қала алаңдарына шығарылады, халық қоғамдық және жеке өмірдің әр түрлі мәселелерін бірлесіп талқылайды. Осыған байланысты күрделенген қоғамдық өмір әркімнің өз көзқарастарын жария дәлелдей білу қажеттілігін күн тәртібіне қояды. Шешендік өнері алдыңғы қатарға шығады. Осы кезеңде софистер («софос» — грек тілінен «даналық») даналыққа үйретуші мұғалімдер халықты өз ойын дәлелді жеткізе білуге, дауды өз пайдасына шеше алу мүмкіндігіне үйретеді.

Софистердің екі ұрпағы танылған: **аға ұрпаққа** Протагор, Горгий, Продикт, Гиппий, Антифонт; **кіші ұрпаққа** Фрасимах, Калликл, Ликофрон жатады.

Софистердің саяси-құқықтық көзқарастарының логикалық негіздері: релятивизм, скептицизм, агностицизм болып табылады, мифологияда өзінің мүмкіншілігін толық сарқи қоймаған.

Софистердің танымал өкілдерінің бірі — **Протагор** (б.з.д. 491–481 жж. — V ғасырдың соңы). «Барлық заттың өлшемі —

адам, бардың барлығын, жоқтың жоқтығын білдіреді» деген ойдың авторы Протагор. Ол демократиялық қоғамды заңды және әділ деп санаған. Протагордың осындай тұрғыда адамның және адамзат қоғамының пайда болуы туралы мифті түсіндіруі қызығушылық тудырады. Протагор нұсқасы бойынша, Прометей сыйы (отты пайдалана алу, білімді меңгеру) және Зевс сыйы (ұяттылық және шындық, бірлесе өмір сүру) барлық адамдарға тән. Жалпы алғанда, Протагор даналыққа, ізгілікке және мемлекетті басқару өнеріне барлық адамдар теңдей жете алады деген ойға сенеді.

**Горгий** (б.з.д. 483–375 жж.) адамзат мәдениетінің жетістіктерін жоғары бағалайды, олардың қатарына «әділеттілік күзетшісі ретіндегі жазба заңдарды» жатқызады. «Жазба заңдардан» Горгий жазылмаған «әділеттілікті» ажыратады, оны «істің мәні», «тәңірлік және жалпы заң» ретінде түсіндіреді. Бұл, әрине, олардың арасындағы түбегейлі айырмашылықтарды білдірмейді. Жазба заңдарды жақтағанымен, ол әділеттіліктің құндылығын жоғары қояды.

Горгий өзінің «Олимпиадалық сөз» атты еңбегінде барлық эллиндерді бірігуге, бейбіт өмір сүруге шақырады. Гректердің ішкі қақтығыстардан бас тартып, сыртқы жаулармен күресуі жөн деп санайды.

**Гиппий** (б.з.д. 460–400 жж.) софистердің ішінде алғашқылардың бірі болып, табиғи-құқық ілімі рухында табиғатты (фюсис) және полис заңдарын (номос) қарама-қарсы қояды. Табиғат (заттардың табиғаты) жасанды, қате полис заңдарына қарсы тұратын шынайы, табиғи құқық ретінде танылады. «Адамдар мемлекет азаматы болғандықтан емес, табиғатынан туыс: өзі тәріздеспен ғана туыс болуға болады». «Заң адамдарды билей отырып, табиғатқа қарсы көп әрекетке мәжбүрлейді».

**Антифонт** (б.з.д. 400 ж. шамасында) барлық адамдар табиғатынан тең, өйткені олардың табиғи қажеттілігі бірдей. Теңсіздік адам заңынан туындайды. Теңсіздік екінші заңға – мемлекет заңына басымдық береді. Адамдарды табиғат заңы талабы рухында тәрбиелеу мемлекеттік тәртіп пен заң мәселелерінде бірдей ойлауға жету үшін керек.

**Фрасимах** ойынша, саясат — адам күші мен мүддесін көрсететін құдайлық емес, адамдық аймақ. Практикалық саясат пен билеу қағидасының өлшемі күштінің пайдасы. «Әділеттілік күштіге пайдалы». Әрбір мемлекетте билік өзіне пайдалы заң тағайындайды, оны әділ деп жариялайды. Билікті иемдену үлкен басымдылық береді. Саяси қатынастарда әділетсіздік әділеттіліктен тиімдірек.

**Калликл** табиғи құқықты позитивті заң мен салтқа қарсы қояды. Заңды әлсіз күштілер бас пайдасы үшін қалыптастырады деп санайды. Табиғат бойынша жақсы жаманнан күшті, әлсізден жоғары болған жөн. Табиғат заңы бойынша күшті билеуге тиісті. Табиғат заңы тұрғысынан демократиялық заңдар мен әдет-ғұрыпты, оның негізіндегі теңдік қағидасын сынайды.

Софистердің құқықтық көзқарастарын позитивті құқық және табиғи құқыққа қатынасына байланысты үш топқа бөлуге болады:

1) позитивті құқықтың — адамдармен қалыптастырылған құқықтың ерекше құндылығын танитын софистер;

2) позитивті құқықты табиғатқа сәйкес әрекет ететін табиғи құқыққа қарсы қоятын софистер. Олар құқықтың екі қайнар көзін — адам келісімі және табиғатты таниды;

3) позитивті құқықты сынауды оның әлеуметтік маңызын түсіндірумен ұштастыратын софистер.

Софистердің құқықтық көзқарастарының маңызы мынада:

- алғашқылардың бірі болып, құқықты табиғи және позитивті, шартты құқыққа бөлген;

- адам құқықтарының қазіргі теориясының негізін салушылар ретінде танылады. Олар адамдардың теңдігі құқықтық аксиомасын табиғи құқық тұрғысынан негіздейді, сол арқылы адамдарды құлдар мен еріктілерге жіктейтін заңның мызғымастығына күмән келтіреді;

- құқықты позитивті және табиғиға бөлуге байланысты позитивті құқықты сынға алу өлшемін анықтайды;

- заңдардың әр түрлі болу фактісін заңның белгілі бір ортаға немесе уақытқа бейімделу мүмкіндігімен және жеке адамның еркіне, ықпалына бой алдыру мүмкіншілігімен сипаттайды.

Топтар	Софистер	Құқықтық көзқарастары
1	2	3
1-топ	Протагор	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ заңдар даңқты заңшығарушылар туындысы;</li> <li>▪ заң бұзушыны мемлекет жазалайды;</li> <li>▪ әділеттілік және әділетсіздік табиғаттан емес, құқықтан бастау алады</li> </ul>
	Горгий	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ жазба заңдар — әділеттілік күзетшісі</li> </ul>
2-топ	Гиппий	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ заң – адамдар үстіндегі тиран — табиғатқа қарсы көптеген заттарға мәжбүрлейді;</li> <li>▪ заңдарға және бағыныштылыққа оны шығарушылардың өзі өзгерте-тін және орындамайтын жағдайда маңыздылық беруге бола ма?</li> <li>▪ табиғат бойынша біздің барлығымыз тумысынан тең болып жаратылғанбыз, эллиндер де, тағыларда;<sup>3</sup></li> </ul>
		<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ заң бойынша әділеттінің көбісі табиғатқа қарсы бағытталған. Заңдар қайда қарау қажеттілігін анықтау үшін көзге арналып жазылған. Тиістіні айту, тыйым салынғанды айтпау үшін ауызға арнап жазылған. Тиістіні орындап, тиіссізден бас тарту үшін қолға арнап жазылған. Тиістіге ұмтылу және тиіссізден қашу үшін санаға арналып жазылған</li> </ul>
	Антифонт	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ табиғат ешкімді құл етіп жаратпаған</li> </ul>
	Ликофрон	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ табиғат ешкімді құл етіп жаратпаған</li> </ul>
3-топ	Калликл	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ заңдарды көпшілікті құрайтын әлсіздер тағайындайды. Олар өздері үшін және жеке мүдделері үшін заңдарды тағайындайды</li> </ul>

1	2	3
	Фрасимах	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ кез-келген билік заңдарды өз пайдасы үшін бекітеді: демократия — демократиялық заңдарды, тирания — күштеу заңдарын, басқа жағдайларда да осылай. Тағайындалған заңдарды қол астындағылар үшін әділетті деп жариялайды, оларды бұзушыларды заңдарды және әділеттілікті бұзушы ретінде қатаң жазалайды</li> </ul>

4. Б.з.д. 469–399 жж. аралығында өмір сүрген **Сократ** адамзат тарихындағы аса танымал тұлғалардың бірі. Софистермен пікірталасқа түсе отырып, олардың кейбір ағартушылық идеяларын өздігінше дамытты. Сократ софистер тәрізді табиғи құқық пен полис заңдарын ажыратып қарастырды. Бірақ екеуі де саналы бастаудан нәр алады деп санады. Өзінің түсініктік көзқарасы арқылы Сократ адамгершіліктің, құқықтың, саяси құбылыстардың саналы табиғатын анықтауға және қалыптастыруға құштар болды. Осы жолда саналы, әділетті және заңды ұғымдарының ұқсастығы туралы қорытындыға келеді.

Мемлекет пен құқықтың адамгершілік табиғаты мен этикалық бағалаудың объективті сипатын логикалық-түсініктік негіздеумен айналысты. Сократ — заңдылықты жақтаушы. Заң мен әділеттіліктің дәлме-дәл келуі, заңдылықты мадақтау істің саналы, қажетті жағдайы деп көрсетті. Заңдылық пен әділеттілік туралы көзқарасты білім негізінде құрастыруға болады, ол толық білім туралы түсінікті, ойды қалыптастырды.

Сократтың саяси идеалы мынандай қағидамен анықталынады: білетіндер басқаруға тиісті. «Патшалар мен басқарушылар скипетр иесі емес, танымал ақсүйектермен сайланғандар да емес, билікке жеребе немесе күштеу, алдап-арбау арқылы жеткендер де емес, басқара білетіндер».

Практикалық саясатта Сократ идеалы құзыретті басқару қағидаларын негіздеу еді. Ал теориялық саясатта мемлекеттің адамгершілік-саналық негізі мен мәнін анықтау Сократ үшін

маңызды болды. Сократтың басты ұстанымы заңды бұзбау, әділетсіздікке әділетсіздікпен жауап бермеу.

Әділетті, заңды және саналы басқару туралы көзқарастарынан таймаған Сократ бірнеше мәрте билеуші топтардың қудалауына ұшырайды. Нәтижесінде билік басына б.з.д. 399 жылы қайта келген демократиялық бағыттағы қайраткерлер 70 жасар Сократқа құдайсыздық, отандық заңдарды бұзу, жастарды бұзу туралы айып тағады. Өзінің саяси-құқықтық қағидаларына берік Сократ дос-жақтастары ұйымдастырған түрмеден қашу шарасынан бас тартып, өз еркімен у ішу арқылы кесілген өлім жазасын жүзеге асырады.

Сократтың өмірі де, өлімі де оның замандастарына және шәкірттеріне үлкен ықпал етеді, қазіргі кезеңге дейін де өшпестей із қалдырған.

**5. Платон** (б.з.д. 427–347 жж.) — ежелгі грек философы, мемлекеттің екі идеалды (үлгілі) жобасының авторы.

Платонның саяси-құқықтық ілімдерінің қалыптасу кезеңі полистік құрылымның дағдарысымен, мемлекеттік құрылымның бір нысанының екіншісімен ауысуымен сипатталады. Дағдарыстан шығудың теориялық шешімін табу мақсатында көптеген грек ойшылдары үлгілі мемлекет жобасын іздеумен айналысады.

Өмірбаяны. Шынайы есімі — Аристокл; Платон лақап атын кеудесі мен маңдайының кең болуына байланысты Сократ қойған тәріздес. Платон жан-жақты білім алған, поэзиямен әуестенген. Б.з.д. 407 ж. Сократпен танысудан бастап философиямен тығыз айналыса бастайды.

**Саяси-құқықтық ілімінің логикалық негізін** объективті идеализм құрайды. Платон дүниені екіге бөліп қарастырады: біреуін сезіммен танысақ, екіншісі санамен танылады; біріншісі барлық адамға берілсе, екіншісі тек тандаулы адамдардың үлесіне тиген. Адам мәні оның жанында, оның үш бастауы бар: саналы, айбарлы, ынталы. Бұларға үш ізгілік сәйкес келеді: даналық, ерлік, тұрақтылық. Бұл ізгіліктермен қатар Платон әділеттілікті ажыратады. Әділеттілік әрбір бастаудың өз ісімен айналысып, табиғат берген шектен шықпайтындығын білдіреді.

**Негізгі еңбектері:** «Мемлекет», «Саясаткер», «Заңдар».

**Саяси-құқықтық ілімдерінің мазмұны.** Үлгілі (идеалды) мемлекеттің бірінші жобасы шындық және жақсылықтың мәңгі көрінісі ретінде «Мемлекет» еңбегінде сипатталады. Платон үлгілі мемлекетті адам жанымен салыстырады. Адам жанының үш бастауы бар: саналы, айбарлы, ынталы. Үлгілі мемлекетте саналы бастауға жиналыс, айбарлы бастауға қорғау, ынталыға — іскерлік сәйкес келеді. Дегенмен, адам жанында бастаулар біртұтас болса, мемлекетте олар үш әулетке: философтар, әскерилер және өндірушілерге бөлінеді.

Әрбір бастау өз ісімен айналасып, өзгелердің ісіне араласпауға тиісті — бұл әділеттілікті білдіреді:

- философтар мемлекетті басқаруға қатысуға міндетті, мемлекетті нығайту үшін қолданылады;

- әскерилер полисті қорғау қызметін атқарады;

- философтар мен әскерилер өндірушілерді бірлесіп басқарады, үшінші әулет басқару ісіне қатыса алмайды.

Платон әулеттің қатаң иерархиялығын, жабық және мұрагерлігін жақтайды. Екінші әулеттен бірінші әулетке өту мүмкіндігін қарастырады, бірақ үшінші әулеттен басқарушылар қатарына өтуге қарсы, себебі бұл мемлекеттің құлауына әкеледі деп санаған.

Бағыныштылық жүйесі болуы керек, мемлекет азаматтарының арасында еңбек бөлінісі танылады. Әулеттер иерархиясын негіздеу үшін құдай адамдарды тең жаратса да, билеушілерге алтын, әскерилерге күміс, шаруалармен қолөнершілерге — темір мен мыс қосып жаратқан дейді.

Аса қажет болмаса жеке меншікті ешкім иеленбеуге, ешкімнің үйінде қойма болмауға тиісті. Күзетшілерге әйел мен бала ортақтығы қарастырылған. Бірінші екі әулетке қатысты отбасы түсінігі болмайды, баланы мемлекет тәрбиелейді. Үшінші тапқа қатысты неке, тұрмыс, меншік, еңбек мәселелерін шешу үлгілі мемлекет билеушісінің еркінде.

Платон аса байлыққа да, кедейдікке де қарсы. Оның Үлгілі мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық айырмашылығы онда билік бөлінуі жойылған. Платонның Үлгілі мемлекеті жақсылардың әділетті басқаруы. Заңдылық пен әділеттілік бір, оның негізі тәңірлік бастау деп санайды.

Философтардың басқаруы және әділетті заңдардың әрекеті біртұтас үлгілі жобаның өзара байланысты аспектісі. Онда билік, мемлекет құрылымының 5 түрі адам жанының 5 түріне сәйкес: аристократия, тимократия, олигархия, демократия, тирания. Платонның идеалды мемлекеті құрылған күнде де деградацияға ұшырауы мүмкін, оның жолы:

- жер мен үйлерге жеке меншік пайда болғанда, адамдар еркіндер мен құлдарға бөлінді. Саналы бастаудың орнына айбарлы рух келеді. Бұл тимократия (әскерилердің билігі). Бұндай мемлекет әрқашан соғыса береді. Соғыс «жеке және қоғамдық қиындықтардың» бас нұсқасы;

- соғыс нәтижесінде байлық жеке адам қолына шоғырланады, аса бай жеке адамдардың билігі орнайды. Олигархия мүліктік цензге негізделген. Билік басындағы мүлік иелері кедейлерді басқарудан шеттетіп, мемлекеттік билікті жеке бастарының мүддесіне жұмсайды. Кедейлер тобы арасында байлыққа қарсы жеккөрушілік өсе түседі де, көтеріліске әкеледі.

- демократия тең еместерді теңестіреді. Мемлекеттің әр үлгісі ішкі қайшылықтардан, билікті талан-таражға салудан бастау алады. Демократия да кең көлемдегі еркіндіктен мас болып, тиранияға ауысады. Еркіндік құлдыққа айналады;

- тиран «халық» атынан сайланады. Онда заңсыздық, талан-тараж, күш басты орын алады.

«Саясаткер» еңбегінде саясатты — патшалық өнер, ол білім мен адамдарды тиімді басқара білуді талап етеді деп көрсетеді. Бұндай патшасы бар мемлекетте заңмен билей ме, заңсыз билейме аса маңызды емес. Биліктің үш түрін жіктейді. Монархия (заңдысы — патша билігі, заңсызы — тирания), аздың заңды билігі — аристократия, заңға қарсы билік — олигархия, демократияда заңды, заңсыз болып бөлінеді.

«**Заңдарда**» екінші мемлекеттік құрылым сипатталады. Онда 5040 тұрғын жеребе бойынша жер үлесі мен үйге ие болады. Жерге жеке меншік болмайды, бірақ пайдалану жеке меншікке негізделеді және мұрагерлікке бір балаға өтеді. Қоғам 4 тапқа бөлінеді. Бұндай мемлекетте алтын, күміс ешкімде болмауға тиіс. Жер өңдеумен, қолөнермен, саудамен айналысатын құлдар, шетелдіктер болады. Тұрмыс ұжымдыққа

негізделген, отбасы түсінігі болғанмен де тәрбиелеу лауазымды адамдардың қолына беріледі. Әйел еркекпен тең, бірақ жоғарғы лауазымға кірмейді. Саяси құқық азаматтарға беріледі, олар өзара тең.

Үлгілі мемлекетті басқару жүйесі: 37 билеушіден құралатын алқаға 50 мен 70 жастың арасындағы дана азаматтар кіреді. Олар заңдарды қорғаумен айналысады, әрбір тапқа бекітілген қалыптан асатын мүлікті жазу тізімін сақтайды, мүлікті пайда табу мақсатында пайдаланғандығы үшін жеке айыптау бойынша сот ісін жүзеге асырады. Үлгілі мемлекетті басқарудың демократиялық компоненттеріне 360 адамнан құралатын кеңес және халық жиналысы жатады. Монархиялық және демократиялық сипаттағы компоненттерден басқа «түнгі жиын» әрекет етеді. Түнгі жиын мемлекет үстінен қарайтын он ең дана, кәрі күзетшілерден тұратын орган.

Мемлекеттің екі құрылымы бар: 1) билеуші бәрінен жоғары тұрады; 2) оларға заң жазылған, яғни билеушілер заңға сәйкес басқарады.

Платонның Үлгілі мемлекетінің бірінші және екінші жобасының айырмашылықтары

<b>Бірінші жоба</b>	<b>Екінші жоба</b>
Азаматтарды үш әулетке бөлу: 1) философтар; 2) әскерилер; 3) шаруалар	Азаматтарды мүліктік өлшемге сәйкес төрт тапқа бөлу
Бір әулеттен екіншісіне ауысу тек ерекше жағдайда ғана мүмкін	Бір әулеттен екіншісіне ауысу байлық өсуіне байланысты мүмкін. Дегенмен, байлықтың мөлшері шектеулі
Философтық басқару, халықты ұсақ-түйек қамқорлыққа алудан бас тарту	Ешкім ешуақытта басшысыз қалмауға тиісті
Жазба заңдары жоқ	Жазба заңдардың маңыздылығы танылады
Философтардың басқаруы идеясы	Аралас басқару нысаны идеясы

Платонның заңдар туралы ілімі («Заңдар» еңбегі бойынша).

«Мемлекеттегі баршаның құндылығы бекітілмеген заңдар дұрыс емес». Басқарушылар заң қызметкерлері. «Мен заңның күші болмайтын және біреудің билігінде болатын мемлекеттің тез арада күйреуін болжаймын. Заң — басқарушыны билейтін, билеуші заңның құлы болған жерде мемлекеттің гүлденіп көркейетіндігіне сенемін», — деп жазады. «Мемлекеттік құрылымның екі түрі болуы мүмкін: біреуінде жоғарғы билік басқарушыларға берілсе, екіншісінде мемлекет басқарушыларына да заңдар жазылған». «Заңдар құдайлар кеңесін жетекшілікке ала отырып, біздің мемлекетімізді барынша бақытты етеді, ізгілікке жетелейді».

Заң шығару да өнер деп санайды, оны жетік меңгеру үшін ненің және қандай көлемде қажет екендігін ажырата білу қажет, басқаша болған жағдайда сенің сөзің заңға айналатындығы күмәнді деген.

Заң қалыптастыру барысында алдыңғы қатарға — бала өсіруді қою қажет, сондықтан кез келген мемлекетте неке және отбасы туралы заңдар басымдылығы танылады.

Саяси және құқықтық ілімдер тарихына Платонның сіңірген еңбегі өте зор. Нақты айтқанда, үлгілі мемлекеттік басқаруға өту мәселесін жан-жақты талдап қарастырған.

**6. Аристотель** (б.з.д. 384–322 жж.) — ежелгі грек философы, көне саяси ғылымның негізін қалаушы.

Аристотельдің саяси және құқықтық ілімдерінің **қалыптасу кезеңі** полистік құрылымның дағдарысы, шаруалардың кедейленуі, олардың қалаларға көшуі, өсімқорлық (хрематистика) дамуы кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Өмірбаяны. Стагира қала-полисінде өмірге келген. Платонның шәкірті, 17–37 жас аралығында Платонның Академиясында білім алған. Б.з.д. 343 жылдан бастап Александр Македонскийдің ұстазы болған. Б.з.д. 336 ж. Афин қаласында өз мектебін (ликей немесе басқаша жазылуында лицей) ашып, әр түрлі ілімдерді оқытқан. Формалды логиканың бастаулары Аристотель есімімен байланыстырылады.

**Саяси-құқықтық ілімінің логикалық негіздері.** Платонға қарағанда идеялар заттардан тыс емес, олармен бірге нысан

ретінде өмір сүреді деп түсінген. Кез келген зат материя мен нысанның бірлігін білдіреді. Қандайда болмасын нысанда болса да, жаңа нысанға ауысу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Нәтижесінде нысандар иерархиясы пайда болады. Адам — жан, ол екі бастаудан: саналы және ерікті бастаудан тұрады.

Адам басым түрде санадан құралады. Адамдар санасымен бағаланатын табиғи импульстер өте көп. Сана олардың нақты мөлшерін анықтауға арналған. Бұл жол — ізгілік жолы, яғни саралы орта жол. Адам ізгілігі қатарына: ерлік — көзсіздік пен қорқақтықтың ортасы, жомарттық — сараңдық пен мәрттіктің ортасы, сыпайылық ұятсыздық пен ұялшақтықтың ортасы жатады.

**Негізгі еңбектері:** «Саясат», «Никомах этикасы», «Афиндік политика».

**Аристотельдің саяси-құқықтық ілімдерінің мазмұны.** Ізгіліктер қатарында өзгелерінің барлық қасиеттерін жинақтайтын біреуі бар, бұл әділеттілік. Ол әділеттіліктің екі түрін ажыратады. Теңгеруші және бөлуші. Бөлуші әділеттілік өлшемі — мәртебелілік. Мәртебе әр түрлі кезеңде әр түрлі деңгейде түсіндіріледі: олигархияда — байлық, аристократияда намыс басты орынға қойылады. Бөлуші әділеттілік қағидасы: құндылық оған лайықты адамдарда көбірек болуға тиісті. Құндылықтарға адамның қоғамдық жағдайы, оған көрсетілетін құрмет, билік жатады. Теңгермелі әділеттілік адамдарды тең деп таниды, ал мәртебе маңызсыз деп санайды.

**Мемлекет түсінігі.** Адам табиғаты бойынша қоғамдық жан. Сондықтан мемлекет — адамзат қатынасының жоғарғы нысаны. Қатынастың өзге нысандарына отбасы және қауым жатады. Отбасы — төменгі нысан, одан кейін қауым, ең соңында мемлекет қалыптасады. Әрбір төменгі нысан жоғарғы нысанның мүмкіндіктерін шоғырландырады. «Мемлекет — мүмкін болатын жақсы өмірге жету үшін тең адамдар қауымдастығы». Мемлекет тек өмір сүру үшін ғана емес, бақытты өмір сүру үшін құрылады. Басқаша болған жағдайда, құлдар немесе жан-жануарлардан құрылатын мемлекеттің болуын да тану керек болушы еді, ал оның болуы мүмкін емес, себебі құлдар немесе жан-жануарлар барлығының жақсы өмір сүруіне ұмтылатын қауымдастық құруы мүмкін емес деп санайды.

Мемлекет — табиғи дамудың жемісі. Саяси қатынаста қатынастардың өзге түрлері өз мақсатына жетеді. Адам табиғатынан саяси құбылыс, мемлекетте осы саяси табиғат генезисі аяқталады. Бірақ барлық адамдар, халықтар дамудың бұл дәрежесіне жеткен жоқ. Тағылар мен құлдар бұдан тыс тұрады. Құл мен иесінің қатынасы мемлекеттік емес, отбасылық қатынас. Саяси билік еркіндік пен теңдік қатынасынан шығады, сөйтіп әке билігінен ажыратылады.

Аристотель Платонның мемлекетті біртұтас ету әрекетін, мүлік ортақтығы идеясын сынайды. Мемлекет көп элементтен құралады. Сондықтан оны шектен тыс біріктіру оның жойылуына әкеледі. Жеке меншік адам табиғатынан берілген.

Мемлекет — ұйым, азаматтар жиынтығы. Мемлекет нысанын анықтау азамат түсінігіне байланысты. Азамат мемлекеттің заңшығару, сот биліктеріне қатыса алатын адам. Аристотель мемлекет нысанын билеушілердің санына байланысты анықтайды, алты түрге бөледі, дұрыс және бұрыс нысандары болатындығын таниды.

Дұрыс	Бұрыс
Жалпы мүддеге сәйкес келеді	Басқарушылар мүддесін көздейді
Монархия	Тирания
Аристократия	Олигархия
Полиция	Демократия

Аристотельдің көзқарасы бойынша, мемлекетті басқарудың үлгілі нысаны полиция болып табылады. **Полиция** — байлар мен кедейлердің, байлық пен еркіндіктің мүддесін біріктіру. Аристотель шектен тыс демократияны жеке билік заңда емес, халықта деп сынайды. Өлшемдік демократияны байлар мен кедейлердің келісуіне негізделген, заң жоғарлығын көздейді деп жақтайды. «Орта» адамдардан тұратын мемлекет ең дұрыс мемлекеттік құрылымға ие болады.

Полицияның сипаттамасы:

- билік өз есебінен қаруланатын әскерилерге тиесілі;
- орта көлемдегі жерге жеке меншік басым түрде танылады, сондай-ақ жерге мемлекеттік меншік те бар;

- полистік ынтымақтастықты нығайту үшін бірігіп, коректену танылады;

- азаматтардың жеткілікті санының болуы олардың «бір-бірін тануына» мүмкіндік береді;

- азаматтар құрамына әйелдер, құлдар, колөнершілер, саудагерлер кірмейді;

- полития — оңай қорғалатын аумағы бар шағын мемлекет;

- жылы, өмір сүруге қолайлы ауа-райы бар жерде құрылады;

- азаматтардың ерекше сипаты болуы тиісті: гректер солтүстік халықтары сияқты ержүрек, шығыс халықтары тәріздес ақылды деп санайды;

- әулеттік жіктелуді адам жасымен байланыстырады: әскерилер — жастар, заңшығарушылар орта жастағылар, абыздық – кәрілерге тән.

Аристотель үлгілі мемлекет жобасында бұндай мемлекеттің аумағы материкке де, теңізге де қолайлы орналасуы және тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз ете алуы қажет деп санайды. Халық көп те аз да болмауға тиіс. Құлдар көп болуы керек. Жер екіге бөлінеді: біреуі ортақ пайдалануда, екіншісі азаматтардың жеке меншігінде. Мемлекетте азаматтарға бос уақытын дұрыс өткізуге және бейбіт өмір сүруге жағдай жасалуы керек. «Соғыстың мақсаты — бейбітшілік, еңбектікі – бос уақытын пайдалану».

Аристотель соғыс мәселесін қарастыра отырып, құлдық түсінігіне тоқталады. Құлдық соғысқа байланысты емес, ол заттар табиғатына байланысты. «Біреулер қайда жүрсе де құл, екіншілер еш жерде де ондай болмайды». Соғыс табиғатынан «құлдарды» аулау құралы. «Соғыс қағидасының өзі құқық идеясына қарсы» — бұл бейбітшілікті жақтаушылардың қазіргі кезеңде де қолданылатын қағидасы.

Аристотельдің **құқыққа қатысты көзқарастары**. Адам денесі оның жанына бағынуы қажет, ал жанның сезімге бой алдыруы мүмкін бөлігі санамен басқарылуға тиісті деп санаған Аристотель, сананың қоғамдық өмірдегі аналогын (ұқсасын) іздеп, оны заңнан табады. «Заң — теңгерілген сана».

Аристотель құқығы саяси әділеттілікті білдіреді, адамдар арасындағы саяси қатынастар нормасы қызметін атқарады. Құқық «саяси құқық» ретінде танылады. Бұл деспотиялық басқару

үлгілерінде құқықтың жалпы болмайтындығын білдіреді. Қоғам құқық пен заңсыз өмір сүре алмайды: «Заң мен құқықтан тыс өмір сүретін адам барлығының ... ең жаманы».

Аристотель құқықтық мәжбүрлеуді «адамдардың көпшілігі санадан гөрі, қажеттілікке бағынады, ұяттан гөрі жазалаудан қорқады» деп ақтайды.

Саяси құқық екіге бөлінеді: табиғи және шартты. Табиғи — барлық жерде бір мағынаға ие, тану-танымауға байланыссыз. Табиғи құқық адамдарды басқарушы және бағынушы етіп жіктейді деп санайды. Аристотельдің табиғи құқығы құлдықты ақтайды. «Кейбір адамдар табиғатынан ерікті, екіншілері — құл, соңғыларының құл болуы пайдалы және әділетті», — деп санаған. Табиғи құқық ерінің әйеліне үстемдік етуін де бекітеді.

Шартты құқық — позитивті құқық — заң мен жалпы келісімдерді бекіту. Жазба және жазылмаған заңдар бар. Жазылмаған заң — әдет-ғұрыптық құқық. Заңның саяси сапасының маңызды құрамдас бөлігі оның саяси әділеттілікпен құқыққа сәйкестігі болып табылады. «Барлық заң негізінде өзіндік құқықты білдіреді». Яғни, құқық заңда өзіндік мазмұнға ие болуы керек. Заңның құқықтан тыс кетуі, саяси үлгілерден деспотиялық күшке ауысуын білдірсе керекті. Саяси билеу адамдардың емес, заңның басқаруы: басқарушылар сезімдермен аффектіге ұшырауы мүмкін.

Табиғи және позитивті құқықтың арақатынасы туралы Аристотель адамдармен тағайындалған құқық шешімін таппаған істерге қатысты, табиғи құқық қолданылады деп санаған.

Аристотель саяси ғылымның негізін қалаушы ретінде саяси-құқықтық ілімдер тарихында өшпес із қалдырған.

**7. Полибий** (б.з.д. 210–128 жж.) — ежелгі грек ойшылы, мемлекеттік басқару нысаны айналымы концепциясының авторы.

Полибийдің саяси-құқықтық көзқарастарының **қалыптасу кезеңі** грек полистерінің тәуелсіздігін жоғалта бастауы, грек полистерінің Рим империясы құрамына енуімен сипатталады.

**Негізгі еңбегі:** «40 кітаптан тұратын тарих».

**Полибийдің саяси ілімдерінің логикалық негізін** тарихилық құрайды. Тарих жалпы сипатта болуға тиісті, ол Батыста да, Шығыста да болып жатқан өзгерістерді көрсетуге тиісті. Тарих прагматикалық, яғни әскери және саяси тарихпен

байланысты болуға тиісті. Тарихтың циклді дамуы туралы стоиктердің идеясын қолдайды.

**Саяси ілімінің мазмұны.** Полибий Римнің Жерорта теңізіндегі үстемдігі жолын зерттейді. «Тағдыр» жалпы дүниелік заң мен сана ролінде қарастырылады. Саяси-құқықтық құбылыстардың дамуы туралы циклдік көзқараста. Мемлекеттің пайда болу тарихын «табиғат заңына» сәйкес жасалатын табиғи үрдіс ретінде сипаттайды.

Полибий стоиктердің ықпалымен мемлекет басқару нысанының айналымы концепциясын қалыптастырды. Мемлекеттік басқару алты нысанның ішкі айналымы негізінде жүзеге асырылады: патшалық, тирания, аристократия, олигархия, демократия, охлократия.

Бірігу тірі жәндіктердің өзі тәріздестермен бірлесу қажеттілігінен туындайды. Тәні, жаны күштілер билікке жетеді. Билік патшаға табиғи жолмен ауысады, мұрагерлік пайда болады. Монархия — мемлекет басшысы қол астындағылардың ерікті қолдауына ие болатын жеке тұлға билігі. Уақыт өте келе бұрынғы қарапайымдылық, халық қамын ойлау жойылып, жеккөрушілік, қызғаныш пайда болады. Тирания — күшпен қалыптастырылатын және басқарушылар алдындағы қорқынышқа негізделетін басқару нысаны. Тиранның билігі де ұзаққа созылмайды, биліктің қоғамдағы ролінің төмендеуіне байланысты, жақсылар оған қарсы шығып, халықтың көмегімен жаңа билік құрылады. Аристократия сайланбалы негізде әділетті және саналы басқарушылардың басқаруы түрінде қалыптасады. Аристократтар билікке келгеннен кейін, оны жеке басының құндылығы, баю қайнар көзі ретінде пайдалана бастайды. Нәтижесінде аристократия олигархияға айналады. Олигархия — аз ғана топтың өз еркіне, қажеттілігіне сәйкес басқаруы. Олигархтар билігі де мәңгі емес, қанау құралына айналған халық наразылығы оның да күйреуіне, демократиялық құрылымның пайда болуына негіз болады. Демократия — көпшіліктің пікіріне негізделген басқару, заңдарға, құдайларға, ата-ана мен аға ұрпаққа құрмет көрсете білумен сипатталатын басқару нысаны. Теңдік, еркіндік ұранымен келген демократия белгілі бір мерзімде еркіндіктен басы айналып, өз билігін қызыл тілді шешен (демагогтарға) қалай беріп қойғанын сезбей қалады, нәтижесінде охлократия орын алады. Охлократия — халық

жиналыстарындағы демагогтардың басымдығымен сипатталатын қара тобыр билігі. Бұнда бұқара халық заңдарға құрметтен айырылады, биліктен шеттетіледі. Соңғы жол бастапқымен қосылады. Үрдіс жаңа негізде қайта басталады.

Мемлекеттік басқару нысаны айналымына үш дұрыс, үш бұрыс нысан енеді және олар бірінен кейін бірі үздіксіз келіп отырады. Кез келген құбылыс өзгеруге душар болады. Дұрыс басқару нысаны уақыт өте келе жақсы қасиеттерін жоғалтып, өзінің кері нысанына айналады.

Саяси нысандардың айналымын өзгертуге тек дана заңшығарушы ғана қабілетті. Ол үшін монархия, аристократия және демократия бастауларын үйлестіретін аралас мемлекет нысанын қалыптастыру қажет. Әрбір билік өзгелерге қарсы тұра алу мүмкіндігіне ие. Бұндай мемлекет «тербеліс және теңдік жағдайында тұрады».

Полибийдің көзқарасы бойынша, ең үздік мемлекет нысаны Римде орын алған. Рим мемлекетінде негізгі үш элемент монархия (консульдық), аристократия (сенат), демократия (халық жиналысы) толық көлемде көрініс тапқан. Бұл биліктердің дұрыс үйлесімі және теңгермелігі Рим мемлекетінде толық іске асуына байланысты мемлекет «танымал болады, оның әлемді басып алуына» мүмкіндік берді.

Полибийдің теориялық көзқарастары оның мемлекеттік биліктің сан алуан түрлерінің пайда болу тарихынан байқаған нақты фактілеріне сәйкес келмеді. Оның үлгілі мемлекеті Аристотель, Платон тәріздес аристократия үстемдігін негіздеуге бағытталды. Полибийдің саяси концепциясы Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнің саяси-құқықтық ілімдерін үйлестіруші звено ролін атқарды.

Ежелгі Грецияда философия саяси және құқықтық ілімдердің дүниетанымдық негізін құрады. Нәтижесінде ойшылдар мемлекет пен заңдардың пайда болу себептері, олардың арақатынасы дамуының жалпы заңдылықтары мәселелерін шешуге ұмтылды. Кез келген шынайы білім, соның ішінде саяси білім, Аристотельдің көзқарасы бойынша, жалпы мен қажеттілікке сәйкес әрекет етеді. Сондықтан «даналық және мемлекетті басқару өнері» сәйкес келмейді. Шынайы білім идеалына сүйене отырып, философтар өз көзқарастарын саяси

теориялар түрінде бекітуге, оларды өзара байланысты түсініктер мен дәлелдемелердің біртұтас кешеніне айналдыруға ұмтылды. Алғашқы көне грек ойшылдарының еңбектерінен мемлекет және заң анықтамасын, мемлекеттік билік нысандарын жіктеу, бір саяси құрылымнан екіншісінен ауысу концепцияларын көреміз.

Саяси-құқықтық идеологияның дамуына Платонның ықпалы аса зор. Оның көзқарастары Аристотель, стоиктер, Цицерон тәріздес көне саяси ой өкілдерінің философиялық және әлеуметтік-құқықтық көзқарастарын қалыптастыруға негіз болды. Ағарту заманының көптеген ойшылдары Платонның «философтар басқаруы», «дана заңдар» идеяларынан сусындаған. Платонның мүлік ортақтығы жобасын социализмнің бастапқы өкілдері — Т.Мор, Т.Кампанелла өз идеологиясына арқау еткен.

Аристотельдің саяси-құқықтық идеяларының ықпалы көне дәуір аумағынан шыққалы қашан. Оның мемлекетті жалпы құндылық үшін біріккен адамдар бірлестігі ретінде анықтауы кейінгі саяси-құқықтық ілімдерде кеңінен таралған. Анықталу шеңберінен тыс қарастырылғанда бұл анықтама әр түрлі әлеуметтік топтар мүддесін қорғауға мүмкіндік бергендіктен өте қолайлы. Тек қана, кімді азамат қатарына енгізу қажет, жалпы құндылық дегеніміз не деген сұраққа жауап табу ғана қажет болды. Бұл анықтаманың кейбір сипатын қазіргі кезеңдегі баршаға жақсылық жасау концепциясынан көруге болады. Аристотельдің мемлекет нысанын жіктеу, саяси жағдайдың ауысуы себептері туралы ережесі, аралас мемлекеттік құрылым туралы көзқарастары орта ғасыр және Жаңа дәуір саяси идеологиясына әсер етті. Құқықты табиғи және шартты құқыққа жіктеу туралы Аристотель көзқарасы табиғи-құқық концепциясының дамуына ықпал етті.

Көне саяси-құқықтық идеология саяси бостандықты зерделеуге назар аударды. Ежелгі Грецияда мемлекет және заң адаммен қалыптастырылған және оның мүддесіне қызмет ететін құрылым ретінде танылды. Әрине, бұл көзқарас тек ерікті азаматтарға таралды, құлдардың бағыныштылық жағдайын негіздеуге мұрындық болды. Көне дәуірде азаматтық бостандықтардың кенеюі құл иеленуші қатынастар дамуы есебінен жүзеге асты.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдердің қалыптасу ерекшеліктері.
2. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдердің негізгі бағыттары.
3. Ерте кезеңдегі саяси және құқықтық ойлар (Гесиод, «жеті дана» шығармашылығы).
4. Солонның саяси-құқықтық реформалары.
5. Пифагордың сандар туралы ілімі.
6. Гераклиттің саяси және құқықтық көзқарастары.
7. Софистердің саяси және құқықтық идеялары.
8. Сократтың саяси және құқықтық идеялары.
9. Платонның мемлекет туралы ілімі.
10. Платонның заңдар туралы ілімі.
11. Аристотельдің мемлекет туралы ілімі.
12. Аристотельдің құқыққа қатысты көзқарастары.
13. Полибийдің аралас мемлекет концепциясы.
14. Ежелгі грек ойшылдарының саяси және құқықтық ілімдер тарихындағы орны мен ролі.

### **4-тақырып. Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер**

1. Ежелгі римдік саяси және құқықтық ойлардың дамуының негізгі бағыттары.
  2. Цицеронның құқық және мемлекет туралы ілімі.
  3. Рим стоиктерінің саяси және құқықтық идеялары.
  4. Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімі.
  5. Ежелгі христиандықтың саяси және құқықтық идеялары.
1. Ежелгі Рим мемлекеті тарихы үш кезеңді қамтиды:
    - патшалық кезең б.з.д. 754–510 жж аралығы;
    - республикалық кезең б.з.д. 509–528 жж;
    - императорлық кезең б.з.д. 27–476 жж.
  - Б.з.д. II ғасырда римдіктердің грек полистерін жаулап алуының нәтижесінде Грецияның саяси және құқықтық ілімдері

рим ойшылдарының көзқарастарын қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізді. Римдік саяси және құқықтық ілімдердің гүлдену кезеңі республикалық және императорлық кезеңге сәйкес келеді. Республикалық кезең Цицерон шығармашылығымен танымал, рим құқықтанушыларының құқықты зерттеу әрекеті бастау алады, империя тұсында шыңырау шегіне жетеді. I ғасырда христиан діні қалыптасып, IV ғасырда Рим империясының мемлекеттік дініне айналады. Христиандық саяси және құқықтық зерттеулер тақырыбын жаңа бағытқа бұрады, ендігі жерде шіркеу мен мемлекеттің арақатынасы басты мәселелер қатарында тұрады.

Ежелгі Римдегі саяси-құқықтық институттар мен көзқарастар халықтың әр түрлі топтары — патрицийлер мен плебейлер, нобилитеттер (патрицийлер мен байыған плебейлер) мен кедейлер, оптиматтар (қоғамның ақсүйектер тобы) мен популярлар (төменгі халықты қолдаушылар), еріктілер мен құлдар арасындағы күрес негізінде қалыптасады. Ежелгі Рим тарихында өздерінің құқықтық және әлеуметтік жағдайын патрицийлермен теңестіру жолындағы плебейлер күресі маңызды роль атқарды. Плебейлердің күресі нәтижесінде Римнің алтыншы патшасы Сервий Туллийдің реформалары бойынша плебейлер Рим азаматтылығына қол жеткізді, Римнің ерікті халқы мүліктік сипаты бойынша бес топқа бөлінді. Туллий реформалары байлардың мемлекет басқарудағы артықшылығын бекітіп берді. Плебейлер халық жиналыстарына қатысуға және қоғамдық меншіктен үлес алу құқығына ие болды. Бірақ олардың толық саяси билігі болмады.

Рим азаматтық қоғамды тұтас организммен (ағза) салыстырады, оның құрамдас бөліктері барлық организмнің үйлесімді жұмыс істеуі үшін аса қажет. Бұл ой кейінгі кезеңде органикалық концепцияға негіз болады. Плебейлер саяси билікке де біртіндеп келе бастайды, олардың қатарынан трибун сайланады, б.з.д. 367 жылдан бастап 2 консулдың біреуі плебей болады. Ағайынды Тиберий және Гай Грахтардың Рим тарихындағы орны ерекше, олардың бастауымен ірі жер иеліктері шектелді, нанға баға төмендетілді, жол салу қолға алынды, сот ісін жүргізуге сақшылар тартылды, Сенаттың ролі төмендетілді.

Жалпы теориялық тұрғыда римдік саяси және құқықтық ілімдер ежелгі грек концепцияларының ықпалында болды. XII кесте заңы (б.з.д. 451–449 жж.) Солон заңдары үлгісімен құрылады.

Демокрит пен Эпикурдың адамның алғашқы табиғи жағдайдан саяси өмір мен мемлекеттің, заңдардың пайда болуына дейін прогрессивті дамуы туралы жалпы философиялық көзқарастары **Тит Лукреций Кардың** (б.з.д. 99–55 жж.) «**Заңтар табиғаты туралы**» поэмасында көрініс тапты және одан әрі дамытылды. Оның бұл шығармасында адамның, табиғаттың, әлемнің және қоғамның пайда болуы туралы мәселелер материалистік тұрғыда өлеңмен баяндалады. Адамилық қоғамның бастапқы табиғи жағдайдан тәртіпке келтірілген саяси өмір, мемлекет, заңдар қалыптастыруға дейінгі өткен жолы суреттеледі. Мемлекет пен құқықтың келісімдігі сипатталады.

Дүниеде бәрінің негізі материя деп мойындай отырып, Лукреций «бәрі материядан шығады және бәрі сонымен өмір сүреді» деп атап көрсетеді. Дінді ғылыми прогрестің кедергісі деп білген ол діни ұғымдарды да батыл сынға алады. Рим қоғамының кемшіліктерін де айыптап отырып, саяси күрес пен билікті өзінің жеке басының мүддесі үшін пайдаланушылар туралы теріс пікірде болды. Ол табиғаттағы және қоғамдағы себептік заңнан басқа да әлемдік күштің бар екендігін мойындағанымен, оны құдай ілімімен байланыстырмайды. Лукреций адамдар өз тағдырын өздері жасауы тиіс, олардың бақытты өмірі өздеріне ғана байланысты деп тұжырымдайды.

Рим ойшылдары өздерінің теориялық шешімдерінде грек ойшылдарының табиғи-құқықтық идеяларын, олардың саясат пен саяси әділеттілік, мемлекет нысандары, басқарудың «аралас» нысаны сияқты ойларын пайдалана отырып, оларды өзіндік тұжырымдарымен байытты.

Ежелгі римдік ойдың маңызды жетістіктерінің бірі дербес ғылым – юриспруденцияны қалыптастыру болып табылады. Рим заңгерлері мемлекет және құқықтың жалпы теориясы аймағында, сондай-ақ жеке заңдық пәндер саласында (азаматтық құқық, мемлекеттік және әкімшілік құқық, қылмыстық құқық,

халықаралық құқық) кең көлемдегі саяси-құқықтық мәселелер кешенін терең зерделеп қалыптастырды.

2. Марк Туллий **Цицерон** (б.з.д. 106–43 жж.) — танымал римдік мемлекет қайраткері, заңгер.

Цицеронның саяси-құқықтық көзқарастарының қалыптасу кезеңі Рим республикасының соңғы кезеңімен тұспа-тұс келеді. Спартак басшылығымен іске асырылған құлдар көтерілісі (б.з.д. 74–71 жж.), республикалық құрылымға қарсы күпия бас көтерулер осы кезеңнің толық сипаттамасын береді.

Өмірбаяны. Рим қаласының тумасы Цицерон риториканы, азаматтық құқықты, грек тілін еркін меңгереді. Шешендік өнерін жетік меңгеруіне байланысты әр түрлі мемлекеттік қызметтерді атқарады: квестор, сенатор, претор, консул. Ол жеке билік режимін бекітуге қарсы болған, Цезарьдің мемлекеттік билікке келуін «республика түні», «мемлекеттегі еркіндіктің жойылуы» ретінде сипаттаған. Мемлекеттік билік режимі ауысқанда оған қарсы шыққандығы үшін проскрипциондық тізімге (мүлкінен айырып, қуғындау тізімі) енгізіліп, өлім жазасына кесіледі.

**Негізгі еңбектері:** «Мемлекет туралы», «Заңдар туралы», «Міндеттер туралы».

**Цицеронның саяси-құқықтық ілімдерінің мазмұны. Мемлекет түсінігі.** Цицерон мемлекеттің заңдық түсінігін алғашқылардың бірі болып ұсынған: «Мемлекет (*res publica*) халық ісі (*res populi*), халық — жай жиналған адамдар тобы емес, құқық (*juris consensus*) пен мүдде ұқсастығына (*utilitatis communiōne*) байланысты біріккен бірлестік». Мемлекет оның ерікті мүшелерінің жалпы мүддесінің көрінісі ретінде ғана емес (грек ойшылдарының ықпалына сай), сондай-ақ қоғам мүшелерінің келісілген құқықтық қауымдастығы, құқықтық құрылым, «жалпы құқықтық тәртіп» ретінде қарастырылады. Мемлекетке қатысты көзқарастары Цицеронды мемлекет түсінігін юридикациялаудың көшбасшысы, құқықтық мемлекет концепциясының негізін салушы ретінде тануға мүмкіндік береді.

Цицерон азаматтардың заңдық (формалды) теңдігі қағидасын негіздейді: егер адамдар мүлкін теңгеруге келіспейтін болса, барлық адамдардың ойлау қабілеті бірдей болуы мүмкін болмаса, онда ең болмаса бір мемлекеттің азаматтарының құқықтары бірдей болуға тиісті.

Мемлекеттің пайда болуы мәселесінде Аристотельдің отбасынан табиғи жолмен мемлекет пайда болады деген көзқарасын қолдайды. Мемлекет жеке меншікті қорғау қажеттілігіне байланысты пайда болады. Жеке және мемлекеттік меншікті бұзу әділеттілік пен құқықты бұзу деп санайды.

Мемлекетті басқару нысандарын жіктеу барысында оны билеушілердің «сипаты мен еркіне» байланысты анықтайды. Билеушілер санына байланысты патша билігі, оптиматтар билігі, халық билігі деп жіктейді. Патша билігі — жоғарғы билік жеке тұлғаға берілетін басқару нысаны. Оптиматтар билігі — жоғарғы билік сайланбалы аздаған топқа берілетін басқару нысаны. Онда даналыққа басымдылық беріледі. Халық билігі — жоғарғы билік халыққа берілетін, еркіндікке негізделетін басқару нысаны.

Цицерон түсінігінше, басқару нысандарының аталған түрлерінің ешқайсысы толық жетілмеген, әрқайсысының белгілі бір деңгейдегі кемшіліктері бар:

- патша билігінде одан «өзге адамдардың барлығы ортақ заңнамадан және заңдар қабылдаудан шеттетіледі»;

- оптиматтар билігінде халық биліктен шеттетілген және еркіндіктен айырылған;

- демократиядағы теңдіктің өзі әділетсіз.

Жетілмеген басқару нысандары өзінің жағымсыз жағына: тирания, олигархия, бұқара бассыздығына тез ауып кетуге құмар келеді деп санайды. Цицеронның грек ойшылдарынан айырмашылығы, ол жағымсыз мемлекет нысандарын мемлекет деп танымаған. Себебі олар халық ісі емес, онда барлығына тең құқық жоқ деп санаған.

Цицеронның көзқарасы бойынша, мемлекеттік басқарудың барынша үлгілі түрі – аралас билік, ол «мемлекеттік басқарудың үш түрінің теңдей араласуы жолымен құрылады». Аралас мемлекетте мемлекет тұрақты, оның азаматтары құқықтық теңдікте болады. Цицерон сенаттық республика тұсындағы Римді үлгі етеді. Ол бір адамның емес, Рим халқының көпжылдық тәжірибесінің жиынтығы, сондықтан да дұрыс делінеді.

Рим басымдылығы географиялық факторға да байланысты, оның адамгершілік-этикалық та мағынасы бар. Теңізге тым жақын болу шетелдік мәдениет пен тілге де жақын болуды,

соның нәтижесінде адамгершілік нормалардың өзгерісін де мүмкін етеді.

Цицерон өзінің идеалды мемлекет туралы ойларын жүзеге асыру мүмкін деп санады, сенаттық Римге қайта оралуға болатындығына сенеді. Дегенмен, Цицеронның өмір сүруі кезінде Рим монархиялық режимге ауысуға аз ғана қалған еді...

Цицерон «орталық» позицияны қолдайды. Ол республикалық салтты, республикалық мекемелер жүйесін қолдай отырып, «жалпы құқықтық тәртіп» көлеміндегі рим азаматтарының барлық әлеуметтік топтарының «жалпы келісімі» идеясын негіздеді. Оптиматтар мен популярлар арасында ымыраға келу үшін, олардың мүдделері «жалпы келісім» аумағында есепке алынып, шешілуі мүмкін деп санайды.

Жоғарыда айтылған ойлардың құлдарға қатысы жоқ. Цицерон құлдық табиғатпен негізделген, ол жақсы адамдарға әлсіздерді олардың өз пайдасы үшін билеуге мүмкіндік береді деп санаған. «Құлдық жағдай оларға пайдалы». Ол сананың, даналықтың адамның әлсіз жақтарын (ызақорлық, құмартпаздық) билеуі тәріздес.

Цицерон шынайы мемлекеттік қайраткер және идеалды (нағыз) азаматқа көп назар аударады. Дана мемлекеттік қайраткерлер мемлекет болашағын болжай білуге тиісті. Әділ, дана, ұстамды, шешен болуы керек. «Құқық негіздерін игеруге міндетті, онсыз ешкім де әділ бола алмайды».

Нағыз азаматтардың міндеттеріне шындықты тану, әділдік, рух жоғарылығы, еңбекқорлық, саяси белсенділік және отан қорғау жатады. «Азамат бостандығын қорғауда жат адам жоқ». Азаматтар басқаға зиянын тигізбеуге, басқаның меншігіне қол сұқпауға, әділетсіздікке жол бермеуге, әділетсіздіктен жапа шеккендерге көмек беруге және жалпы игілікке еңбек етуге тиіс. Цицеронның ойынша, адамды жан-жақты жетілуге итермелейтін төрт ізгі нәрсе бар, олар: ақыл, әділеттілік, ерлік және ұстамдылық. «Адам неғұрлым ақ-әділ болған сайын, соғұрлым басқадан арамдық күтпейді». Арамдық пен әділетсіздіктің аз ғана жұғыны бар адамдардың өзі де өзгелерді сондай көреді.

**Құқықтық теорияда** да Цицерон табиғатқа, оның санасы мен заңдарына жүгінеді. — Құқық негізі — әділеттілік.

Әділеттілік — мәңгілік, өзгертілмейтін, табиғаттың, адам табиғатының ажырағысыз қасиеті. Табиғат — ғарыш, адамды қоршаған физикалық, әлеуметтік дүние, адам қатынасының үлгілері, адам тұрмысы. Оған сана, заң түзеу, белгілі дәрежедегі тәртіп тән. Осы табиғи рухтың қасиеті табиғи құқықтың түп нұсқасы, иесі болып табылады.

Цицерон табиғи және позитивті заңдарды ажыратып қарастырады. Табиғи заңға мынандай қасиеттер тән:

- қай заманда да әділетті: «Әділеттіліктің бірінші ережесі ешкім ешкімге өзгенің әділетсіздігімен мәжбүр етілмесе, зиян келтірмеуге тиісті, кейін барлығы ортақ меншікті ортақтай, жекені өзінікіндей пайдалану болып табылады»;

- саналы ережелерді мазмұндайды;

- тумысынан беріледі, мәңгі және тұрақты;

- жазылмаған нұсқада әрекет етеді;

- қандай да болмасын «жазба заңдардан, дұрысырағы қандай да болмасын мемлекет құрылғаннан бұрын» пайда болады;

- оның күшін «Сенат қаулысымен де, халық қаулысымен де» толықтай жою мүмкін емес;

- барлық адамдарға таралады: «Шынайы заң — табиғатқа тиісті, барлық адамдарға таралатын, тұрақты, мәңгі саналы ереже, бұйыра отырып парыз атқаруға шақырады; тыйым сала отырып қылмыстан тияды».

Цицерон әділетсіз позитивті заңдардың болу мүмкіндігін таниды, оларды «заң атауына лайықтылығы қарақшылардың ортақ келісіміне сай қабылданған шешіміндей» деп бағалайды.

Адам тағайындаулары (позитивті заң) әділеттілік пен құқыққа сай болуы керек. Құқық адам пікірі мен көзқарастарына бағынбайды. Құқық табиғатпен тағайындалады. Адамдар шығаратын заң табиғаттағы тәртіпті бұза алмайды. Олардың табиғатқа сәйкес келуі заңдардың әділеттілігі мен әділетсіздігінің өлшемі. Заңдар мемлекеттік құрылымға, ата-баба дәстүріне лайық жасалуы керек. «Заң барлығына күштеп көндіруге ғана емес, сендіруге де тиісті».

Мемлекеттік әрекетті құқықтық реттеу туралы Цицерон «Империялар (лауазымды тұлға өкілеттілігі) заңды болуы керек» және «Заң әрекеті барлығына таралуы тиісті» деп тұжырымдайды.

Цицерон жазба заңдарды екіге бөледі: жеке және көпшілік құқығы, халықтар құқығы ұғымын анықтайды. Халық құқығы әр түрлі халықтардың жағымды құқығы мен халықаралық қауымдастықтағы табиғи құқықтан тұрады. Халықаралық құқық қағидасын: халықаралық келісіммен жүктелген міндеттерді орындау қажеттілігін негіздейді.

Цицеронның саяси және құқықтық ілімдер тарихына сіңірген еңбегі оның грек саяси-құқықтық мәдениетін римдік мәдениетпен үйлестіре алуы, нәтижесінде олар жалпы батыстық мәдениеттің негізін құрайды; мемлекет түсінігіне заңдық тұрғыдан анықтама береді. Философиялық толғаулар пәні болған табиғи құқық рим құқығында тәжірибелік мағынаға ие бола бастайды.

**3.** Рим стоицизмнің басты өкілдері Луций Анней Сенека (3–65 жж.), Эпиктет (50–140 жж.) және Марк Аврелий Антоний (121–180 жж.) болды.

**Сенека** сенатор, император Неронның тәрбиешісі және жетекші мемлекеттік қайраткер болды, саяси әрекеті озбыр да кекшіл шәкіртінің бұйрығымен өзін-өзі өлтіруге алып келген.

Сенека барлық адамдардың рухани бостандығы идеясын олардың қоғамдағы орнынан тәуелсіз түрде қарастырады. Барлық адамдардың теңдігі «құлдық бойынша жолдастықпен» анықталады, олар бірдей деңгейде тағдыр билігіне мойын сұнады.

Сенеканың табиғи-құқықтық тұжырымдамасында тәңірлік «тағдыр заңы» барлық адам тағайындалымдары, соның ішінде мемлекет және заң бағынатын табиғи құқық ролін атқарады.

Әлем — өзінің табиғи құқығы бар табиғи мемлекет, табиғи құқықты тану қажетті және саналы іс. Барлық адамдар табиғат заңы бойынша оны тану-танымауына байланыссыз аталған мемлекеттің мүшесі болып табылады. Жеке мемлекеттік құрылымдар кездейсоқ және жалпы адамзат баласы үшін емес, аздаған топтағы адамдар үшін маңызды. «Біз қиялымызда екі мемлекетті елестетуіміз керек: біреуі — құдайлар мен адамдарды қамтиды, оның ұшы-қиыры жоқ, біз мемлекетіміздің шекарасын күн қозғалысымен өлшейміз; екіншісі — бізді кездейсоқтық бекіткен мемлекет. Екіншісі афиндік немесе карфагендік немесе тағы бір қаламен байланысты болуы мүмкін; ол барлық

адамдарға қатысты емес, тек белгілі бір топқа қатысты. Бір мезгілде үлкен мемлекетке де, кіші мемлекетке де қызмет ететін адамдар бар, тек үлкен мемлекетке қызмет ететіндер де, тек кіші мемлекетке қызмет ететіндер де бар».

Сенеканың космополиттік тұжырымдамасына сәйкес этикалық тұрғыда барынша құнды және шартсызы «үлкен мемлекет» болып табылады. Саналылық, оның салдары ретінде «тағдыр заңын» (табиғи құқық, тәңірлік рух) түсіну кездейсоқтыққа (соның ішінде қандай да болмасын «кіші мемлекетке» кездейсоқ тиістілікке) қарсы тұра біліп, әлемдік заңдар қажеттілігін тану және оларды жетекшілікке алудан құралады. Аталған этикалық максима (өлшем) жеке адамдарға да, олардың қауымдастығына (мемлекетке) да теңдей маңызды.

Адамдар жеке басының мүддесі үшін ғана емес, өзгелер үшін де, қоғам мен мемлекет үшін де өмір сүруге тиісті. «Өзі туралы ғана ойлап, барлық нәрседен өз пайдасын іздейтін адам бақытты бола алмайды. Өзің үшін өмір сүргің келсе, өзгелер үшін де өмір сүр» деген ойды басты орынға қояды.

Осыған ұқсас көзқарастарды өзге де рим стоиктері құл — Эпиктет, император – Марк Аврелий Антоний дамытады.

**Эпиктет** жеке тұлғаны адамилық тұрғысынан өзін-өзі жетілдіруге шақырады, әркімге тағдырмен жіберілген жүкті тиісінше орындауға үндейді. «Маңдайыңа жазылғанды қайыспай көтер» деген қазақи ойға тұспа-тұс келеді. Сонымен қатар байлықты сынға ала отырып, құлдың адамилыққа жатпайтындығын алға тартады. «Өзіңе ұнамағанды басқаға жасама» деген қанатты сөзді серік еткен Эпиктет «құл болу өзіңе ұнамаса, басқаны құлға айналдырма. Егер құлдың қызметінсіз ешнәрсе істей алмасаң, онда ең алдымен өзіңді құл есебіне жатқыз» деген тұжырым жасайды.

Этика бойынша Эпиктет адамның құдай әмірі мен тағдырға бағынуы туралы қағиданы қорғайды. Адам еркіндегі заттар мен біздің еркімізден тыс заттарды айыра білу керектігін айтады. «Табиғаттан берілген біздің еркіндігіміз бен бостандығымызға ешнәрсе кедергі келтірмеуі тиіс, ал біздің еркімізден тыс нәрселерден кедергі көп, оны басқалар бізден алып та қоюы мүмкін» деп есептейді Эпиктет. Оның бұл пікірінен адам бостандығы ұғымының алғашқы бастауларын байқаймыз.

**Марк Аврелий Антоний** «барлығына бірдей заңы бар, теңдікке және барлығының тең құқылығына сәйкес басқарылатын мемлекет және қол астындағылардың еркінділігін барлығынан жоғары қоятын патшалық туралы көзқарастарды» дамытады. «Өзіммен өзім онаша» атты еңбегінде барлық адамға ортақ рухани бастаулар күшіне сай біздің барлығымыз саналы жандармыз деп атап өтеді. Тұтастық рухы қарым-қатынаста болуды талап етеді. Бірақ қатынас кездейсоқ емес, әлемдік тәртіпке сәйкес болуы шарт.

4. Ежелгі Римде құқық мәселелерімен айналысу абыздар алқасының бірі — понтификтер үлесіне тиген еді. Жыл сайын понтификтердің біреуі алқа тұжырымын жеке азаматтарға жариялайтын. Б.з.д. 300 жылдар көлемінде зайырлы юриспруденцияға ауысу орын алады. Оның бастауы Гней Флавий есімімен байланысты. Тиберий Корунканий б.з.д. 253 жылдан бастап заңдық мәселелерді талдап, өз пікірін айтуды, заңдық ғылымға үйретуді бастаған.

Құқықтық мәселелерді шешудегі рим заңгерлерінің әрекеті үш түрде жүзеге асырылған: 1) *respondere* — жеке адамдардың құқық мәселелері жөніндегі сұрақтарына жауап беру; 2) *cavere* — келісімдер мен мәмлелер (шарттар) жасауға көмектесу және қажетті формулаларды жариялау; 3) *agere* — істі сотта жүргізу үшін формулаларды жариялау. Заңгерлер іс бойынша ауызша кеңес түрінде берген өз пікірін куәгерлермен бекітіп, сотқа жазбаша хат (өтініш) немесе хаттама сипатында жіберіп отырған. Қолданыстағы құқықтың қайнар көздеріне (әдет-ғұрыптық құқық, XII кесте заңдары, халық жиындарында қабылданған заңнама, магистр эдиктері, император конституцияларына) сүйене отырып, заңгерлер қандай да болмасын істі талдау барысында әрекеттегі құқық нормаларының әділеттілік (*aequitas*) талаптарына сәйкестігін қарастырды, қайшылықтар болған жағдайда ескі норманы әділеттілік және әділ құқық (*aequum ius*) туралы жаңа көзқарастарға сүйене отырып өзгертті.

Осы тәріздес құқықты қайта өзгерту (кейде құқық қалыптастыру) жаңа жағдайға сәйкес келетін әділ заңнаманы қалыптастыру мақсатымен негізделетін еді. Құқықтық тәжірибенің жаңа түсіндірмені қабылдауы оның жан-жақты

негізделуімен және авторының беделімен байланыстырылатын және түсіндірме мазмұнын жаңа құқық нормасы ретінде тануды білдіретін. Аталмыш нормалар әдет-ғұрыптық құқық, халық жиындары заңнамасы, преторлық құқықтан тұратын *ius civile* (цивильдік құқық) нормаларын толықтырушы еді. Рим заңгерлерінің құқықты өзгерту әрекеттері рим құқығының әр түрлі қайнар көздерінің өзара байланысын қамтамасыз етті, құқықтың әрі қарай дамуы мен жаңаруындағы тұрақтылық және икемділік үйлестігіне көмектесті.

Рим юриспруденциясының (заңтану) гүлденуі республиканың соңғы кезеңі мен империяның бастапқы екі жарым ғасырында орын алды.

Империяның алғашқы кезеңінен бастап-ақ императорлар заңтану беделіне сүйенуге және оны өз мүдделеріне бағындыруға тырысты. Осы мақсат үшін Августиннің билік ету кезеңінен бастап атакты заңгерлер император атынан жауап беруге (*ius respondendi*) арнайы құқықтар алды. Бұндай жауаптар үлкен беделге және принципс билігі нығайған сайын, соттар үшін міндетті күшке ие болды. III ғасырда заңгерлердің кейбір ережелеріне заң мәтіні тәріздес сілтемелер жасалды.

III ғасырдың екінші жартысынан бастап рим заңтануы императорлардың заң шығару билігіне ие болуына, нәтижесінде заңгерлердің құқықшығармашылығы тоқтатылуына байланысты құлдырауға ұшырады. Диоклетиан императоры тұсынан бастап императорлар заңгерлерге *ius respondendi* беруді тыйды. Дегенмен, классикалық кезең заңгерлерінің ережелері жаңа кезеңде де күшін жоймады.

Танымал рим заңгерлерінің ішінен **Гай** (II ғ.), **Папиниан** (II–III ғғ.), **Павел** (II–III ғғ.), **Ульпиан** (II– III ғғ.), **Модестин** (II–III ғғ.) ережелерінің Валентиниан III заңымен 426 жылы заңдық күші танылды. Олардың пікірлерінде қайшылық болған жағдайда, дау көпшілігінің пікірімен шешілген, ол мүмкін болмаса, Папиниан пікірінің басымдылығы танылған.

Рим заңгерлерінің еңбектері Юстиниан кодификациясының (*Corpus iuris civilis*) маңызды бөлігін құраған. Ол үш бөліктен тұрады: 1) Институциялар, бастауыш білім үшін рим құқығының негізін ашу; 2) Дигесттер (немесе пандекттер), 38 танымал рим

заңгерлерінің еңбектерінен үзінді (оның ішінде жоғарыда көрсетілген бес заңгердің пікірі дигесттердің 70 пайызын құрайды); 3) Юстиниан Кодексі, император конституциясының жиынтығы. Кодификациялық жұмыстың басы-қасында VI ғасырдың көрнекті заңгері Трибониан тұрды.

Рим заңгерлерінің әрекеті басым түрде құқықтық тәжірибенің қажеттіліктерін қанағаттандыруға, әрекеттегі құқықты құқықтық қауымдастықтың өзгермелі қажеттіліктеріне бейімдеуге бағытталды. Дегенмен, нақты іс бойынша берілген түсіндірмелерінде, жауаптарында және институцияларында жалпытеориялық ережелерді де қалыптастырған. Рим заңгерлері, жалпы айтқанда, жалпы құқықтық қағидалар мен анықтамалар шығарудан қашқақтаған, басым түрде нақты мәселелердің қыр-сырын ашуға бейімділік танытқан. Осыдан, «барлық анықтама қауіпті» деген Яковленнің ойын түсінуге болады. I-II ғасырда өмір сүрген Яковлен: «Цивилдік құқықта қандай да болмасын анықтама қауіпті, өйткені оларды кері қайтару мүмкіндігі болмайтыны аз», — деген.

Құқықты жеке және көпшілік (жария) құқығына бөлу рим заңгерлерінен бастау алады. Ульпиан барлық құқықты жария (Рим мемлекетінің жағдайына қатысты құқық) және жеке (жеке адамдардың пайдасына қатысты құқық) деп жіктей отырып, «жеке құқық үш бөлікке бөлінеді, өйткені ол табиғи нұсқаулардан, халықтар нұсқауларынан және цивилдік нұсқаулардан құралады» деген. Аталғандар өзара тығыз әрекет етуші және ықпал етуші құқық бөліктері болып табылады. «Цивильдік құқық табиғи құқықтан немесе халықтар құқығынан түбегейлі ажыратылмайды. Егер біз жалпы құқыққа белгілі бір қосымшалар қоссақ немесе алып тастасақ, онда біз өз құқығымызды, яғни цивильдік құқықты, қалыптастырамыз. Сол себепті, біздің құқығымыз гректердікі тәрізді жазбаша немесе жазылмаған болып бөлінеді; заңдардың біреуі жазылған, өзгелері жазылмаған».

Табиғи құқық талаптары және белгілері тек цивилдік құқыққа ғана тән емес, сонымен бірге халықтар құқығына (*ius gentium*) да тиісті. Ульпианның пікірінше: «Халықтар құқығы адамзат халықтарымен қолданылады, оның табиғи құқықтан айырмашылығын оңай ажыратуға болады: табиғи құқық барлық

тірі жәндіктерге бірдей қатысты, ал біріншісі — адамдарға өзара қарым-қатынастарын реттеуде қажетті».

Павелдің көзқарасы бойынша: «Құқық сөзі бірнеше мағынада қолданылады: біріншіден, «құқық» әрқашан әділетті және жақсыны білдіреді, бұл табиғи құқық. Басқа мағынасында «құқық» белгілі бір мемлекетте барлығы немесе көпшілігі үшін тиімдіні көрсетеді, бұл цивильдік құқық. Біздің мемлекетте «құқық» деп *ius honorarium* (преторлық құқықты) тану да дұрыс», — деп санаған.

«Құқықты зерттеушіге алдымен *ius* (құқық) сөзі қайдан шыққандығын білу маңызды; ол *iustitia* (шындық, әділеттілік) ұғымынан бастау алады, себебі, Цельстің анықтауынша, құқық — өнер, білім мен машықты тәжірибеде жүзеге асыра алу (*ars*), жақсылық (*boni*) және теңдік пен әділеттілік (*aequi*)», — деп жазады Ульпиан.

*Aequi* (және *aequitas*) түсінігі римдік заңгерлердің құқықтүсінушілігінде маңызды роль атқарады, тең және әділ құқық (*aequum ius*) пен тең әділеттілік талаптарына жауап бермейтін құқықты (*ius iniquum*) карама-қарсы қоюда қолданылады. Теңдік пен әділеттілік табиғи-құқықтық әділеттіліктің көрінісі бола отырып, әрекет етуші құқықты түзетудің, бағалаудың жолын көрсетті және құқықшығармашылықта жетекші бағыт қызметін атқарды, құқықты түсіндіру мен қолданудың басты өлшеміне айналды.

Жалпы алғанда, ежелгі римдік заңгерлердің құқықтүсінушілігінде құқықтың аксиологиялық (құндылық) қасиеттерін ерекшелендіру ғана емес, құқық түсінігіне тән қажеттілік пен міндеттілік қасиеттерін анықтау да маңызды деп саналады.

Папинианның заңға берген анықтамасын қарастыра кетсек: «Заң — нұсқау, біліп немесе білмей жасалған қылмыстан тыятын дана ерлер шешімі, мемлекеттің жалпы тыйымы». Қазіргінің тілімен айтсақ, бұл анықтамадан заңның жалпы міндеттілік сипаты, саналығы, әлеуметтігі (қылмысқа қарсылығы), мемлекетпен қорғалатындығы және заңның мемлекеттің өзі үшін де міндеттілігі тәріздес қасиеттерін көруге болады.

Рим заңгерлерінің заңдар және құқықтың өзге де қайнар көздеріне заңдық-техникалық талдау жасаудың басында тұрғанын атап өту жөн. Модестин «құқық әрекеті (күші) бұйыру,

тыйым салу, жазалау» дегенде, бұның тек әділетті құқыққа қатыстылығын баса айтады. Павел: «Құқық бастауларына қарсы қабылданған нәрсе, нәтижесіне таралуы мүмкін емес» дейді. Басқаша айтсақ, құқық қағидаларына (бастауына) қарсы келетіннің заңдық күші болмайды.

Бұл идеялар рим заңгерлерімен әрі қарай құқық нормаларын талқылау ережелері мен әдістерінде нақтыланып, жан-жақты зерттелді.

Жария құқық аймағында рим заңгерлері әулиелер мен абыздардың құқықтық жағдайын, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өкілеттілігін, билік түсінігін, азаматтық ұғымын, мемлекеттік және әкімшілік құқықтың өзге де институттарын қарастырды.

Рим құқықтанушылары жеке құқық мәселелерін талдауға ерекше назар аударды. Цивильдік құқық белгілі бір халықта (жазбаша немесе ауызша) тағайындалған құқық деп түсіндірді. (Гай) Цивильдік құқықтың қайнар көздеріне заңдар, плебисцит, сенатусконсулт, принцепс декреттері, ғалым-заңгерлердің ережелері жатқызылды. «Цивильдік құқыққа толықтыру және өзгерту» енгізу қайнар көзі ретінде преторлық құқық танылады. (Папиниан) цивильдік құқық саласында рим заңгерлері жеке меншік, отбасы, мұраға қалдыру, шарт, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі мәселелерін кеңінен талдай білді. Мүліктік қатынастар жеке меншік иесі мүддесін қорғау тұрғысынан аса ыждағаттылықпен қарастырылады.

Халықтар құқығы мемлекетаралық қатынас ережелерін, рим азаматтарының римдік еместермен (перегриндер) мүліктік және өзге де шарттық қатынастар нормаларын қамтиды. Гермогениан ойынша: «Бұл құқықпен соғыс, халықтарды жіктеу, патшалықтар құру негіздері, мүлік бөлісу, шекараны анықтау, құрылыс салу енгізілген, цивильдік құқықпен енгізілгендерден басқа саудасаттық, сату-сатып алу, жалға алу, міндеттемелер бекітілген». Халықтар құқығы халықаралық-құқықтық сипаттағы көптеген нормаларымен танымал. Оған сәйкес теңіз «барлығына бірдей».

Рим заңгерлерінің шығармашылығы құқықтық ойдың әрі қарай дамуына үлкен ықпал етті. Бұл римдік құқықтанудың жоғары заңдық мәдениетімен және рим құқығының құқық тарихындағы ролімен (рецепция) түсіндіріледі. Римдік құқықтану

талдаудың жан-жақтылығымен және негізделгендігімен, тұжырымдардың нақтылығымен, жалпытеориялық, салалық және заңдық-техникалық бағытта қарастырылған мәселелердің кең көлемділігімен сипатталады.

5. Біздің дәуіріміздің басында Рим империясында жалпыға бірдей теңдік және адам бостандығы идеясын уағыздаған христиандық пайда болды. Ерте христиандық байлыққа, билік құрушыларға лағынет айтып, Рим империясында орнаған тәртіпті қатаң сынға алады, жеке меншікті, адамдарды еріктілер мен құлдарға, байлар мен кедейлерге бөлуді жоққа шығарады, өз мүліктерін секталарының және қауымдарының ортақ меншігіне береді.

68–69 жылдары жазылған «Иоанн Богослов уағыздарында» («Апокалипсис» деген атаумен таныс) Римге күйреу тілейді, жердегі келенсіздіктердің барлығына қінәлі Рим империясы деп санайды. Кедейлікті қорғау және байларды сынау «Лукадан қалған Евангелиеде» орын алады. «Әулие Иаковтың соборлық үндеуі» де байларға қарсылығымен сипатталады.

Ерте христиандық қауымда ешкімнің өз мүлкі болмаған, «бірақ оларда барлығы ортақ» болған, қауым мүшелері күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті заттарды «әркімнің қажеттілігіне қарай» бөлген деп «Қасиетті әулиелер әрекеттерінде» жазылады.

Меншік, еңбек және бөлісу мәселелерінде ерте христиандық бұрын кездеспеген жаңа қағида ұсынады: жалпыға бірдей еңбектену міндеттілігі және әркімге оның еңбегіне сай ақы төлеу. «Әркім өз еңбегіне сәйкес марапатқа ие болады», «Егер кімде-кім еңбек еткісі келмесе, ол тамақтанбасын да» деген ережелер ерте христиандықтың идеясымен тұспа-тұс келеді.

Ерте христиандықтың құқыктүсінушілігіне тәңірлік «бостандық заңына» жүгіну тән, ол өз алдына бұрынғы кездегі табиғи-құқықтық идеялар мен көзқарастардан сусындап, оларды жаңа діннің талаптарына сәйкестендіруден көрінеді. Онда барлық адамдардың теңдігі қағидасына басты назар аударылады және бұндай теңдікті адамдар қатынасының әр түрлі аймақтарында сақтау міндеттілігі жүктеледі. Ерте христиандық табиғи құқық пен табиғи-құқықтық әділеттіліктің негізгі қағидасы — теңдерге теңдік беруді уағыздайды. Ерте христиандықтың құқықтық идеологиясы: «Қандай сотпен соттасаң, сондай сотқа тап

боласың», «Қандай өлшеммен өлшесен, саған да сонымен өлшенеді» деген түсініктерден көрінеді.

Христиандықтың пайда болуы және адамдардың еркіндігі мен теңдігін уағыздаушы әлемдік дін ретінде бекітілуі тарихи дамуға мәндік ықпалын тигізді. Дегенмен, жаңа діннің шынайы тәжірибесі және жердегі істері ерте христиандықтың уағыздарынан алшақ тұрды.

II ғасырдан бастап христиан қауымдастығындағы өмір өзгереді. Қауым жетекшілерінің билігі күшейеді, олардың арасында тұрақты байланыс пайда болады, шіркеулік бюрократия қалыптасады. Сонымен бірге ресми дін қалыптастыру үрдісі жүреді, шіркеу әдебиеті канонизацияға ұшырайды. Шіркеу кез келген биліктің тәңірлік сипатына басым назар аудара бастайды, билікке көнуге шақырады және күштеуге қарсы тұруды қатаң сынға алады. Әулие Павелдің «Римдіктерге үндеуінде»: «Әрбір жан жоғары билікке бағынсын; себебі Құдайдан тыс билік жоқ, әрекет етуші биліктер Құдаймен тағайындалған. Билікке қарсы келушілер Құдай ұстанымына қарсылық білдіреді; ал қарсылық білдірушілер өздерін өздері жазалайды», — деп жазады. Павел «бастық — Құдай қызметшісі», сондықтан оған «жазадан қорыққандықтан ғана емес, ұялғаннан да бағыну қажет» деп көрсетеді.

Шіркеулік иерархияның (сатылық), епископтықтың және біртұтас шіркеудің қалыптасуы, христиандықтың канондандырылу үрдісі «шынайы» діни ілімнен адасқан әр түрлі секталар мен ересь бағыттарына қарсы жан түршіктіретін күреспен қатар жүрді. Секталар мен ересь ерте христиандықтың идеалдарын тез арада іске асыруға шақырды, құлдықты, жеке меншікті және адамдардың теңсіздігін жоюды ұсынды. Ересьтің аталған кезде танымал екі бағыты болған: монтанистік бағыт Кіші Азияда, агонистика Солтүстік Африкада кең таралды.

Ереське қарсы күресте нығайған шіркеу ресми биліктің қолдауына ие болды. Билікке бағынуды уағыздауы, бұқара халыққа ықпалының жоғарылығы христиан шіркеуінің ресми билік басындағыларға тиімді әлеуметтік-саяси институт екендігін көрсетті. Рим императорлары IV ғасырдың басында Константиннен бастап шіркеуге ресми қолдау көрсетті. Нәтижесінде христиандық 324 жылы мемлекеттік дінге айналды.

**Аврелий Августин** (354–430 жж.) — патристика кезеңінің танымал ойшылы. Августиннің дүниетанымдық көзқарасы теократиялық сипатта болды: Құдайды тану жалғыз мақсат, адамзат рухының жалғыз құндылығы деп санады. Басты еңбегі «Құдай елі туралы» деп аталады.

«Табиғат адамдарды алдымен отбасын құруға, кейін ішкі бейбіт өмір мен сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекетке бірігуге итермелейді», — деп жазады. Билеушілер өз билігін өзі тағайындай алмайды немесе қандық сипаты бойынша да тиісті емес, яғни мұрагерлік жолымен берілмейді не болмаса сайлау жолымен де билікке келмейді, билік оларға Құдайдың құдіретімен беріледі. Құдай әр халыққа билікті өзі жолдайды. Кейбір ерекше жағдайларда Құдай билеушіні тікелей тағайындайды, бұндай жағдай Израиль халқына берілді, басқа жағдайларда оның еркі оқиғалардың табиғи сипатынан, позитивті құқық нормаларының әрекетінен көрінеді, — деп санаған Августин. Құдай адамдарды қоғамға бірігуді және саяси билікті қажет ететіндей деңгейде жаратқан. Ал, билік нысаны мен оны жүзеге асырушыларға келсек, олар адамдармен тағайындалады.

Мемлекетті басқару нысаны Аврелий Августин үшін аса маңызды емес, себебі Құдай мен адамды құрметтейтін, яғни әділеттілік, дін өсиеттеріне сенімділік орнаған жерде, билік аса жақсы болмаса да, шыдауға болатындай деңгейде болады.

Шіркеудің мемлекетке, шіркеулік биліктің зайырлы билікке қатынасы ойшылдың айналысқан басты мәселесі болып табылады. Оның пікірінше, зайырлы билік пен шіркеулік билік әр түрлі сипатта болады, әрқайсысының егемендігі, тәуелсіздігі танылады. Биліктің бір-бірінің аймағына кірісуі аса қауіпті. Дегенмен, олардың өзара әрекеттестік ету салалары бар: мемлекет шіркеуді оның жауларынан, тағылардан, еретиктерден қорғауға тиісті. Шіркеу қауым мүшелерін билікке жағымды қарауға, азаматтылыққа үндеуі қажет. Августин шіркеу билігінің жоғарылығын таниды. Тек шіркеу ғана шынайы мемлекет болып табылады, онда құқық пен жалпы пайда, шынайы әділеттілік, бейбіт өмір мен тыныштық орнаған.

Августин мемлекет пен шіркеуді бір-біріне қарсы қояды. Мемлекет адамның өз-өзіне сүйіспеншілігіне, эгоизмге негізделген. Онда қоғамның әр түрлі топтарының, әр түрлі

халықтардың өзара қайшылығы, соғыс, қақтығыстар орын алады. Мемлекет — күнә патшалығы. Керісінше, шіркеу адамның Құдайға шексіз сүйіспеншілігіне негізделген.

Августиннің ілімі римдік-католиктік шіркеудің саяси ұстанымдарына сәйкес келгендіктен, оны билікке талас және теократиялық көзқарастарды негіздеу үшін кеңінен қолданды. Шіркеуге сіңірген еңбегі үшін Августин Блаженный аталды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ежелгі римдік саяси және құқықтық ойлардың дамуының негізгі бағыттары.
2. Тит Лукреций Кардың саяси-құқықтық көзқарастары.
3. Цицерон еңбектеріндегі мемлекет түсінігі.
4. Цицерон құқық және оның түрлері туралы.
5. Римдік стоиктердің саяси-құқықтық тұжырымдамалары. Сенека.
6. Римдік заңгерлердің құқық түсінігін анықтауы.
7. Құқық түрлеріне сипаттама.
8. Рим заңгерлерінің құқықтық ілімдердің дамуына сіңірген еңбегі.
9. Ежелгі христиандықтың саяси және құқықтық идеялары.
10. Августиннің саяси және құқықтық ілімі.

## II-тарау. ОРТА ҒАСЫР ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР

### 5 - тақырып. Орта ғасырдағы Арабтық Шығыс, Орта Азия елдері және Қазақстандағы саяси және құқықтық ілімдер

1. Арабтық Шығыс, Орта Азия және Закавказье елдеріндегі саяси және құқықтық ілімдер.
2. Исламның саяси және құқықтық идеологиясы.
3. Әл Фарабидің саяси және құқықтық идеялары.
4. Ибн Халдунның мемлекет туралы ілімі. Халифат теориясы.

1. VII ғасырдың басында Арабия дәуір алмасуын бастан кешірді. Ежелгі мемлекеттер ыдырап, сауда жолдары өзгеріп, ескі және жаңа әлеуметтік топтар араласып жатты. Рулық қауым бірте-бірте феодалдық құрылымға орын беріп, ығысты. Дәстүрлі тайпалық наным-сенімдер монотеистік дін ықпалымен өзінің бұрынғы мән-мағынасынан айырылды. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде жаңа әлемдік дін — ислам өмірге келді.

610 жылы Мекке қаласының тұрғыны **Мұхаммед** (570–632 жж.) ежелгі арабтық көп құдайға сенушілікке қарсылығын білдірді, бір құдайға — Аллаһқа мойынсұнуды уағыздады. Бастапқы кезеңде жаңа құбылыс қоғамдық ортада жат көрінетіндік себептен, жаңа дін де қуғынға ұшырады. 622 жылы Мұхаммед пайғамбар және оның жақтастары Мединаға қоныс аударуға мәжбүр болды, сол уақыттан бастап мұсылмандық жыл санау басталады. Бірнеше жылдар ішінде Мединаның мұсылмандар (мүсілім — сенімді, өзін Аллаһқа сеніп тапсырғандар) қауымы Аравияның бірігу орталығына айналды. Мұхаммед ісін жалғастырушылар — халифтер кезеңінде Араб халифатына — өзіндік теократиялық мемлекетке айналды. VIII ғасырдың ортасына қарай халифтер билігі Солтүстік Африка, Сирия, Палестина, Ирак, Иран, Пиреней түбегіне, Закавказье мен Орта Азияға таралды. Араб халифатында үстемдік құрған ислам діні әлемдік дінге айналды.

Араб халифатындағы саяси жағдай тұрақсыз болды. Мұсылман қауымдарының көшбасшылық үшін күресі нәтижесінде халифтар әулеті ауысып отырды. Орталық билік Испаниядан Бұқараға, Үндістаннан Қытай шекарасына дейінгі аумақта толық билігін жүргізуге қауқарсыз еді. Араб-мұсылмандық мемлекеттің әр түрлі жерлерінде жергілікті халифтіктер және өзге де мемлекеттік құрылымдар құрылып жатты. Бас көтерулер мен әлеуметтік қозғалыстар исламның көптеген тармақтарының біреуінің идеялық басшылығымен жүргізіліп жатты. Өткір әлеуметтік және саяси қайшылықтар басым түрде діни сипаттағы саяси-құқықтық ілімдер мен доктриналарда көрініс тапты.

**Күлтегін** (684–731 жж.) — Қапаған және Білге қаған дәуіріндегі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы. Құлтуғ қағанның кенже баласы. Ол 7 жасында жетім қалып, 16 жасында қару-жарақ асынып, ел мүддесі үшін өмірінің соңына дейін күресті. Ағасы Білге қаған және Тоныкөкпен бірге Күлтегін түркі мемлекетін нығайту мақсатымен бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты. Өздерін толығымен іргелес мемлекеттерге мойындатқаннан кейін көрші елдермен саяси қатынастарын жақсартты. Ішкі-сыртқы саясатқа Күлтегін тікелей араласып отырған. 723–733 жылдар аралығында мемлекет ешбір елмен соғыспай, халық бейбіт өмір сүрді. Күлтегіннің елдікке, билікке, билеушілерге қатысты көзқарастарын мына нақыл сөздерден көруге болады: «Түркі халқы жойылмасын, ел болсын!», «Тату елге — тыныштық пен тоқшылық нәсіп», «Қағаны кекшіл елдің халқы бүлікшіл келеді», «Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады», «Жер-су иесіз болмауы керек», «Халқына — бегі, бегіне — халқы сенген ел ұзақ жасайды», «Халқын жұтатпаған қаған бақытты», «Білмегенге — ермеген».

Оның құрметіне жазылған Күлтегін жазуы тек түркі халықтарының ғана емес, бүкіл адамзаттың баға жетпес мұрасы болып табылады. **«Күлтегін» жыры** (үлкен жазу) жер мен көктің және адам баласының жаралуы туралы философиялық толғаудан басталады (биікте Көк тәңірі, төменде қара жер жаралған да,

екеуінің арасында адам баласы жаралған). Бұдан кейін бүкіл адамзат баласына Білге қаған мен Күлтегін батырдың ата-бабалары билік жүргізгені айтылады, түгел түркінің басын қосып, қуатты мемлекет орнатқан Бумын қаған мен Істемі қаған мадақталады. «Күлтегін» жырының авторы Йолығ тегін Түрік қағандығының бүкіл әлемді аузына қаратқан айбарлы да абыройлы дәуірін жырлайды. Сондай-ақ ақын Бумын қаған мен Істемі қаған қайтыс болған соң түркі елінің тағына дарынсыз қағандар отырғанын, халықты опасыз бектер мен жүгенсіз әміршілер билегенін күйінішке толы жыр жолдары арқылы жеткізген («Соңындағы інісі ағасындай болмады, Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған екен, Жалтақ қағандар отырған екен»). Жырда түркі халқы ата-баба дәстүрін берік ұстаған кездерінде ешкімге тәуелсіз, еркін өмір сүргенін жырлай келіп, ол осы жолдан тайып, дұшпанға алданған сәттерінде: «Бек ұлдары — құл болды, Пәк қыздары — күн болды», — дейді. Түркі әскерінің оғыз, соғды, түргештерге т.б. қарсы жүргізген шайқастары, ал Күлтегін батырдың шайқас алдындағы жекпе-жекке шығып, жауды ұдайы жеңіп отырғаны бейнеленген. Күлтегін түркі елінің «төрт бұрышындағы» барлық жауды жеңіп, елде тыныштық, бейбіт өмір орнатады. Күлтегіннің ерлігі туралы: «Бастыңы — еңкейтті, Тізеліні — бүктірді», — дейді. Сөйтіп, жырда Күлтегін батырдың күллі түркі халқын тәуелсіз еткені әрі оны байлыққа кенелткені «Жалаңаш халықты тонды, Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Тату елге жақсылық қылдым» баяндалады.

«Күлтегін» жырының басты идеясы — түркі халқын ауызбірлікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ежелгі ата-баба жолы мен салт-дәстүрін берік ұстауға үндеу болып табылады.

**Қорқыт Ата** — түрік халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қорқыт Атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әр түрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт Ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде X ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш

күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын «Қорқыт» деп қойған дейді.

Қорқыт туралы бірден бір жазба дерек болып табылатын «Қорқыт ата кітабы» (Китаб-и дәдем Коркут ғали лисан таифа оғузан) былай басталады: «Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңір зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған. Оғыз тайпаларында Қорқыт ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай да бір қиын іс болмасын Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысты бастамаған. Халық оның барлық өсиетін бұлжытпай орындаған». Қорқыт ата жайындағы бұл кітап XV ғасырда жазылған. Бұл кітаптың екі нұсқасы белгілі. Бірі 12 тараудан тұратын Дрезден нұсқасы, екіншісі 6 тараудан тұратын Ватикан нұсқасы.

Қорқыт Ата жөніндегі аңыздарда түркі халықтарының өмір мен өлім мәселесі туралы көзқарастары көрініс тапқан. Ол «өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі», — дейді. Қорқыт Ата өзінің жүйрік желмаясына мініп, халық бақытты өмір сүретін жерұйықты іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші жан ретінде суреттеледі. Ел-жұртты өзінің жырымен де, күйімен де аузына қаратқан, ғұмырының соңында бірлігі ыдырай бастаған жұртының алауыздығына күйінген Қорқыт Ата мәңгілік өмір сырын іздеп дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. «Кімнің көрі?» деген сауалына «Қорқыттың көрі» деген жауап естиді. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөз осыдан қалған. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естіп, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ойға келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады. Тағы бір аңыз бойынша, өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып қобыз тартқанда, күй күшімен суға батпайды екен. Қорқыт Ата қобыз тартқан жылдары өлім болмаған, тек бақытты тіршілік болған дейді. Бірақ Қорқыт Ата шаршап, ұйықтап кеткен сәтінде судан кішкентай қайрақ жылан шығып, оны шағып өлтіріпті дейді. Аңызда ажал ашық келмей, жылан кейпінде келеді. Бұдан

халықтың өлімге деген көзқарасын, «ажал айтып келмейді» деген философиялық тұжырымның негізін көреміз.

Қорқыт Ата туралы аңыздарда кездесетін үлкен философиялық мәселе — уақыт пен кеңістік мәселесі. Ол мәңгілік өмірді қобыздың сарынынан табады. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпақтарына өлмес күйлерін қалдырады. Қорқыт Ата жырларының философиялық мән-мағынасының алтын діңгегі — әлемді, табиғат заңдарын көркемдік таным тұрғысынан игеру. Оның өмір сүйгіштік дүниетанымы күнделікті күйкі тірліктің шеңберінен шыға білу және адамзат үшін әрбір тіршілік сәтінің құнды екенін ескерту, қайталанбас уақытты қадірлеуге шақыру, сол арқылы өмірді мәңгілік ету идеясы Қорқыт философиясының іргетасын құрайды.

Қорқыттың пайымдауынша, адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалу керек. Адам үшін ең қауіптісі — адамилықты жоғалту. «Қонақ келмес үйдің қирағаны жақсы, жылқы жемес шөптің шықпағаны жақсы, адам ішпес ащы судың ағысты жылғаларды қумағаны жақсы, атаның атын былғайтын ақылсыз ұлдың тумағаны жақсы». «Адам қанша қажетсінгенімен, ол өз үлесінен артық жей алмайды».

Қазақ саяси-құқықтық тарихында Қорқыт Ата — ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ретінде көрінеді.

**2. Исламның қайнар көздері** ретінде Құран мен Сунна — мұсылмандар өмірінің барлық салаларын реттейтін, «мақсатқа жетудің ақиқат жолын» анықтайтын діни, құқықтық және адамгершілік нормалардың негізін құрайды.

Құран мен Суннаны әрекет етуші құқық ретінде қарастыру исламның негізгі ерекшеліктерінің бірі. Олар қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында кездесетін кез келген мәселені шешуге қабілетті деп саналады. Кез келген дін тәріздес ислам да белсенді әлеуметтік қайта құруға шақырмайды. Керісінше, ол төзімділікке және бағыныштылыққа тәрбиелейді. Құлдар иесіне бағынуға тиісті, иесі өз құлдарына мейірімділікпен, әкесіндей қамқорлығына алу қажеттілігі айтылады. Жеке меншік, Құранға сәйкес, қасиетті. Меншікке қол сұғушылық қатаң жазаланады:

«Ұрлықшыға жасаған әрекеті үшін, құдайдың атынан қолын шабындар».

Құран әлеуметтік және мүліктік теңсіздікті ақтайды. Аллаһтың алдында барлығы да тең, барлығы оның құлы; шынайы өмірде ондай теңдік жоқ. Сондықтан мұсылмандар әлеуметтік құрылым сатылығын сақтауға тиісті және кейбір тандаулы адамдарға Алланың берген сыйына алақөзбен қарауға болмайтындығы айтылады.

Құранның кейбір меккелік сүрелерінде байлар мен билік иелерінің сараңдығы және арсыздығы сыналады. Құран өсім алуға тыйым салады: «Аллах саудаға рұқсат етіп, өсімге тыйым салады»; «Аллах өсімді жойып, қайырымдылықты жақтайды». Мұсылманның басты міндеттерінің бірі — мүлік пен табыс салығын төлеу, ол қауымның қажеттілігіне жұмсалады, кедейлер мен кемтарларға көмек ретінде бөлінеді. Әрбір ауқатты мұсылманға қайыршыларға, кедейлерге, жолда жүргендерге және т.б. жағдайларда ерікті қайырымдылық көмегін беру жүктеледі.

Құран мен Сунна билікке шартсыз бағынуды тапсырады. Билік құдаймен жіберілетін тағайындалым ретінде сипатталады. Билік, теория бойынша, мұсылмандар қауымына немесе оның сайланбалы яки мұрагерлікпен келген көшбасына беріледі деп танылады. Ол жеке дара не болмаса дін мен құқықтың беделді талдаушыларының (билгір) көмегіне арқа сүйеп, халықты дұрыс жолға бастайды. Ислам биліктің мәні және негізі діни нұсқауларды жүзеге асыру деп санайды. Мешіт пен мемлекеттің барлық уақытта және барлық сұрақтарға қатысты біркелкілігі болмаса да, тіпті кейде олардың арасында өткір кереғарлықтың болуына қарамастан, діни және зайырлы билік біртұтас деп саналады.

Билік үшін күрес барысында халифатта исламның бірнеше бағыттары бөлініп шықты.

Сунниттер халиф қауыммен немесе оның өкілдерімен сайланады деп санаса, шииттер заңды халиф ретінде төртінші халиф Әли мен оның тікелей ұрпақтарын ғана таниды және олардың билігі құдаймен тағайындалған деп санайды, билікті мұрагерлік жолымен беру қағидасын ұстанады.

Сунниттер Құран мен Суннаны таниды, шарият мәселелерін шешуде Құран мен Сунна мәтіндерін талдау

әдістерімен ажыратылатын төрт бағытқа бөлінеді. Талдау әдістерінің түрлері: 1) рай — беделді діндардың жеке талдауы; 2) иджма — белгілі бір кезеңнің барлық беделді діндарларының немесе олардың басым көпшілігінің пікірі (мұсылман қоғамының біртұтас келісімі); 3) қияс — ұқсастықты қолдану; 4) истислах — Суннаның кейбір хадистерін Құдаймен анықталған нормаларға қайшы келген жағдайда өзгерту мүмкіндігін тану.

Аталған әдістерге сүйене отырып, VIII–IX ғғ. ислам құқығының қазіргі кезеңде де әрекет етуші төрт мектебі (мәзһаб) қалыптастырылды.

Абу Ханифа (699–767 жж.) жетекшілігімен ханифиттер мектебі пайда болды. Онда рай мен қияс әдістеріне басымдылық беріледі, туындаған сұрақтарды Құран аяттарына және Сунна хадистеріне сілтей отырып жеке талдайды немесе құқық ұқсастығын қолданады. Барынша икемді, өзгермелі этномәдени ортаға лайықталған, әдет-ғұрып нормаларына да сүйенетін бағыт болғандықтан, көптеген жерлерге таралған. Иран, Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан, Египетте таралған.

Малика бен Анас (713–795 жж. аралығы) жүйесі истислахты таниды, кейбір хадистерді сынға алады. Иджмаға басымдылық береді, кейбір жағдайларда жеке талдауға (райға) жүгінеді. Солтүстік және Батыс Африкада таралған.

Аш-Шафий (767–820 жж аралығы) жүйесі, шафииттік бағыт иджма мен қиясты қолданады, бірақ рай мен истислахқа қарсы болады. Сирия, Индонезия, Шығыс Африкада таралған.

Ибн Ханбала (780–855 жж.) жүйесі, ханбалиттік бағыт басым түрде хадистерге сүйенеді, қалған әдістердің қолдану аясы өте тар. Бұл басқаларға қарағанда қатаң мектеп, тыйым салу деңгейі өте жоғары. Арабияда таралған.

Шииттер (аш-шиа — «жақтаушылар») Әли мен оның тікелей ұрпақтарын жалғыз заңды халиф, Мұхаммед пайғамбардың ізін жалғастырушылар деп санайды. Олар Құранды және Суннаның Әлиға қатысты тұстарын ғана таниды. Шииттер де секталарға, бағыттарға бөлінеді. Оның бір ерекшелігі — «жасырын имамға» сену болып табылады, ол махди ретінде келіп әлемді әділеттілікке бөлейді деп санайды (сунниттер махдидің келуі ақырзаманды білдіреді дейді).

XI ғасырдан бастап мұсылман құқығы бірнеше бағытқа бөлініп дамыды. Мұсылман құқығының сүнниттік (ханифит, маликит, шафиит, ханбалит) және шииттік (джафарит, исмаилит, зейдит) бағыттары қалыптасты. Аталмыш мектептер заңдық тұрғыдан алғанда бір-бірінен позитивті құқықты қалыптастыру тәсілдеріне және соның негізінде жеке сұрақтарды шешу барысында әр түрлі заңдық нормаларды қолданатындығына байланысты ажыратылады.

**Мұсылман құқығы** — шариат біртұтас, ол алдымен діни нормаларға негізделеді, әдет-ғұрыптық құқық — адат нормаларын да ескереді. Онда адамның отбасындағы, қоғамдағы орны мен ролі анықталады. Шариатқа сәйкес, адам әрекеті бес негізгі топқа бөлінеді:

- міндетті әрекеттер, оларды орындамау жазалауға душар етеді;

- ұсынылатын әрекеттер, орындау жағымды деп саналады, бірақ міндеттілік күші жоқ;

- рұқсат етілген әрекеттер;

- сөгілетін әрекеттер;

- тыйым салынған әрекеттер.

Қандай да болмасын әрекетті бағалау барысында адамның ерік-пиғылына басты назар аударылады.

Ислам тек дін ғана емес, ол дүниетанымның өзіндік нысаны, идеологияның ерекше түрі; онда діни ғана емес, сонымен байланысты философиялық, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарастар орын алған. Ислам адамдардың жеке өмірін ғана емес, тұтас халықтардың рухани және саяси өмірінің әр түрлі жақтарын, олардың тұрмысын ретке келтіріп отырған.

3. Араб халифатының тез арада қанатын жайып, кенекі араб мәдениетіне көне грек философиясының, жаулап алынған мемлекеттер мен халықтардың ғылыми жетістіктерінің енуіне негіз болды. IX ғасырда Бағдад мектептер, кітапханалар, ғылыми қауымдастықтар орналасқан ірі ғылыми орталыққа айналды. Көне дәуір дәрігерлерінің еңбектері, математика мен астрономия бойынша классикалық еңбектер, Платон мен Аристотельдің философиялық трактаттары араб тіліне аударылды.

Исламдық саяси ойлар мемлекет пен саясатты зерттеудің екі жолын: нормативті-заңдық және этика-философиялық көрсетеді.

Мемлекет, билік және бедел мәселелері жүйелі түрде нормативті-заңдық тұрғыдағы мемлекеттің классикалық теориясы көлемінде қарастырылады. Оның авторы Факих әл-Маварди болса, барынша кемелденген тұсы Ибн-Халдун еңбектерінен көрініс табады.

Этика-философиялық көзқарас тұрғысынан саясат, мемлекет, басқару туралы ілімдер энциклопедист-ғалым **Әбу Насыр әл Фараби** (870–950 жж.) шығармашылығында көрініс табады. **Негізгі еңбектері:** «Игі қала тұрғындары көзқарастары туралы трактат», «Мемлекеттік қайраткер афоризмдері», «Азаматтық саясат», «Ғылымдар жіктелуі туралы сөз».

Әл-Фараби шындық философиямен «дәлелді толғаулар» көмегімен ашылады, бірақ шынайы білімді түсінетіндер өте аз, адамдар басым түрде күнделікті күйбің тірлікпен айналысатындықтан, білімді «шешендік», «ақындық» образдар арқылы қабылдайды деп пайымдаған. Сондықтан бұқара халық үшін осындай білімдер жүйесін беретін, маңызды «саяси өнер» дін қажет деп санаған.

Адамзат қоғамын ол үшке бөледі: ұлы (жер шарын мекендеген барлық адамдардың, халықтардың бірлестігі), орта (бір халықтың қоғамы), шағын (адамдардың қалаларға бірігуі). Жақсылық, жамандық, еңбекке қатынас тәріздес адамгершілік категорияларын басшылыққа ала отырып, ол қала-мемлекеттерді игі (қайырымды), ұжымдық және надан мемлекеттерге жіктейді.

«Азаматтық саясат» деп аталатын ерте еңбегінде тұрғындарының барлығы өзара тең және әркім өз еркіне сәйкес әрекет ете алатын ұжымдық қала туралы жазады. Билік әркімнің еркіндік деңгейін көтеруге ықпал етеді. Қаланы басқарушылар қала тұрғындарымен сайланады және олардың еркіне байланысты билікті жүзеге асырады. Бірақ тұрғындар билік бұйрықтарына бағынбайды. Сондықтан қалада «шын мәнінде басқарушы да, бағынышты да жоқ», — деп жазады әл-Фараби. Абсолютті бостандықты, төменгі және жоғары құндылықты уағыздайтын осы мәні бойынша анархистік мемлекетке (қала) әл-Фараби кейінгі «Игі қала тұрғындары көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде игі, қайырымды қаланы қарсы қояды. Игі қалада идеалды әлеуметтік-саяси құрылым орнаған, мемлекет (қала) басшысы имам ешкімге бағынбайды. Дегенмен, оның қала халқын басқаруға қабілеттілігін көрсететін табиғи таланты болуы

қажет, ең бастысы дана болуға тиісті. Егер мемлекет басшысына тиісті табиғи таланты, даналығы жоғары жалғыз адам табылмай, осы қасиеттер екі түрлі жанның бойынан табылса, онда олар мемлекетті бірлесе басқаруға тиісті. Егер осы қасиеттер көпшілікке тән болса, онда олар өзара келісім негізінде мемлекетті басқаруы қажет. Бірақ олардың ешқайсысында даналық болмаса, онда қала басқарушылары мемлекет билеушісі бола алмайды және бұндай мемлекетке құлау қауіпі төнеді.

Игі (идеалды) қала тұрғындары өзара сүйіспеншілік, мүдде және әділетті қатынасқа сәйкес тығыз байланыста болатын бес топтан тұрады: 1) даналар және өзге де құрметті адамдар; 2) дін мен өнер адамдары; 3) есепшілер, дәрігерлер, астрологтар және басқалар; 4) әскерилер; 5) бай адамдар, жер өңдеушілер, малшылар, саудагерлер және т.б. Барлық адамдар жалпы пайда үшін еңбектенеді, жалпыға бірдей құндылықтарды қалыптастырады, бірақ кәсіптің бір түрімен ғана айналысады. Мемлекет әділеттілікті қолдайды, азаматтарға қажетті білім береді және тәрбиелейді. Әл-Фарабидің бұл көзқарасынан Платон еңбектерінің ықпалын көруге болады.

Трактатта жоғарғы билік өнеріне үлкен назар аударылады. Әл Фараби қала – мемлекеттердің екі түрін: «надан» және «игі» бөліп қарастырады. Әл Фарабидің «игі» қала мемлекеті адамды дұрыс өмір сүруге және аса құндылыққа жеткізетін барынша жақсы және табиғи қатынастың үлгісі. Онда тәртіп және тұрғындардың, алдымен басшылардың жоғары адамгершілік қасиеттері орын алады. Керісінше, «надан» қала тұрғындары адамгершіліктен айырылған, оның тұрғындары бақыттың не екенін білмейді және оған ұмтылмайды. Надан қала тұрғындарының басты құндылығы, олардың өмірінің мақсаты байлық немесе ләззатқа берілу, өз құмарлықтарын еркін іске асыру, не болмаса атақ-даңқ деп сөгеді. Надан қаланың басшылығы да надан, алдына қойған мақсатына байланысты екі түрлі болады: егер басты мақсат байлық болса — билік төмен болады, мақсат атақ-даңққа жету болса, биліктің сипаты дарақылықпен, өзін-өзі көтермелеумен сипатталады.

Әл Фараби юриспруденция мәселелерін де қарастырады, оны «адамзатқа қандай да болмасын халық үшін тағайындалған, қандай да болмасын діннің канондық құқығында жеткілікті нақты

анықталмаған кез келген затқа баға беруге және өзгертуге мүмкіндік беретін» ғылым ретінде сипаттайды.

**4. Ибн-Халдун** (1332–1406 жж.) араб-ислам философтарының көрнекті өкілі. Оның «Мукддима» (кіріспе) трактатында тарихи-әлеуметтік талдау негізіндегі мемлекетке деген философиялық және заңдық көзқарастар біріктіріле отырып қарастырылады. Ол мемлекеттің қалыптасуының, дамуының және құлауының «табиғи заңдарын» өркениеттің көрсеткіші ретінде ашуға үлкен назар аударады. Оның теориясының ерекшелігі — ол идеалды мемлекетті емес, орта ғасырлық шынайы мұсылмандық қоғам мен мемлекетті қарастырды. Сөйтіп, Халифаттың тарихи дамуын сипаттап, басқару нысанының ерекше классификациясын жасайды.

Ибн-Халдун қоғам мен мемлекетті ажыратып қарастырады, олардың арақатынасы мен даму заңдылықтарын ашуға тырысады. Оның пікірінше, адамдар қоғамды жеке адамның өзін-өзі қамтамасыз ету қажеттілігін қанағаттандыруға қабілеті жеткіліксіз болғандықтан, өмірге қажетті құралдарды бірігіп табу мақсатында қалыптастырады. Еңбектің бөлінуі — адамдардың бірігуінің басты факторы; адамдар сондай-ақ сыртқы қауіптен бірігіп қорғану және жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін де бірігеді. Қоғамға климаттық жағдайлар, өзге де табиғи факторлар, бастысы – шаруашылық нысандары, өндіріс тәсілдері әсер етеді: «әр түрлі ұрпақтар өмір сүретін жағдайлар адамдардың өмір сүруге қажетті құралдарды қалай табатындығына байланысты ажыратылады». Осыған байланысты ибн-Халдун қоғамның екі кезеңін анықтайды: 1) қарапайым, немесе «ауылдық», қоғам, онда адамдар тек жер өңдеумен және мал шаруашылығымен айналысады; 2) өркениетті, немесе «қалалық», қоғам, онда қолөнер, сауда, ғылым, өнер кеңінен дамиды. Бірінші кезеңде адамдар «қандай да болмасын артықшылықсыз, күнделікті өмір сүруге жеткілікті мөлшерде өндіреді». Еңбек бөлінісінің дамуы және көптеген адамдар әрекетін бір бағытта біріктіру артық өнімнің пайда болуына әкеледі, байлық туындайды, қоғам дамуының екінші сатысына ауысуды негіздейді.

Қоғам дамуы мемлекеттік биліктің құрылымы мен міндеттерінің эволюциясына арқау болады. Қарапайым жағдайда қоғам нысаны толық теңдік бастауында болатын қандас

туыстардың ұйымы болып табылады. Бұндай қоғамның жетекшісі теңдер арасынан шыққан бірінші адам ғана, оның соңынан ешбір мәжбүрлеусіз ереді. Өнімді бөлісу мәселесі бұндай қоғамда тіпті жоқ, себебі тек қажетті өнім ғана өндіріледі. Артық өнім өндіре бастау және байлық теңсіздікке және мәжбүр етуге негізделген ұйымның пайда болуына әкеледі.

Қоғам дамуының екінші кезеңіне патшалық (билік-меншік) қатынастары сәйкес келеді. «Патшалық — жоғарылық және мәжбүр ету көмегімен билік жүргізу». Бір ғана адам толық билік жүргізе алмайтындықтан, ол өзіне жақтастар жинайды, арнаулы күшті топ құрады. Осы топтың әрекетіне сүйене отырып, билеуші қол астындағыларды өзіне қаратады, қазынаға салықтар жинайды. «Салықтар мен алымдар мемлекеттің негізін құрайды».

Бастапқыда билік иесі өз руының мүшелеріне сүйенеді, кейін өзін-өзі көтеру, құдайға теңгеру, жеке билікке ұмтылу туыстас топтан ажырап, ақшаға қызмет ететін топ құруға әкеледі.

Мемлекет өзі пайда болған ортадан ажырайды, билеушілер қарапайым халықтан алшақтайды; «билікке қарсы тұрушылар және өзге адамдардың өлтіруі қауіпінен қорыққандықтан, бұқараның алдынан есікті жабу» орын алады. Билеушінің халыққа жат элементтерге арқа сүйеуі мемлекеттің құлауына әкеліп соғатын созылмалы ауру, — деп санайды ибн-Халдун. Бір жағынан, билеуші өзі сүйенетін жасанды топты ұстап тұру үшін салықтарды үсті-үстіне көбейте береді, қол астындағылардан артығын ғана емес, өзіне қажеттісін де тартып алады, саудаға араласады, мәжбүр ету күшімен тауарларды төменгі бағаға сатып алып, қымбат бағаға сатады. Бұл нарықтың төмендеуіне әкеледі, қол астындағылардың саудаға байланысты үмітін өшіреді, еңбекке құштарлыққа тосқауыл болады. Экономиканың құлдырауы мемлекетті әлсіретеді. «Мемлекет — негізі құлдырауға ұшыраса, өзі де құлайтын қоғам нысаны». Екінші жағынан, жасанды топ — биліктің әлсіз тірегі болып табылады. «Ақшалай ақы үшін өлімге келісетіндер әлсіздер. Бұл мемлекеттің қуатсыздығын көрсетеді және оны күйретеді».

Осыдан ибн-Халдун орта жасы 120 жылды құрайтын кез келген мемлекеттің күйреуін болжайды. 120 жылда билеуші әулеттің үш ұрпағы ауысады деп санайды: бірінші ұрпаққа адамгершілік сипатының қарапайымдылығы, салыстырмалы

теңдік тән болады; екінші ұрпақ байлыққа кенелген, теңсіздік және өзара жаулық жағдайында өмір сүреді, қорқақ, өзін-өзі қорғауға қабілетсіз, жалдамалы әскер мен қорғауға сүйенеді; үшінші ұрпақтың тұсында түбегейлі күйреу орын алады, мемлекет ұсақ мемлекеттерге бөлініп кетеді немесе басқа халықтармен жауланып алады. Әдетте, бір циклдің соңы мен екіншісінің басы көшпенділердің жаулап алуымен сипатталады.

Араб, парсы, берберлер тарихына сілтеме жасай отырып, ибн-Халдун жаңа мемлекет құрған жаулап алушылар қоғамды әлсіретеді деп жазады. «Ерте ме кеш пе империялардың күйреуі орын алады, олар да адам тәріздес өседі, кемелденген шаққа жетеді, кейін құлауға айналады».

Үш ұрпақтың өмір сүру тұсында мемлекет бес кезенді бастан кешіреді: 1) бұрынғы билік орнына жаңа биліктің пайда болуы; 2) билеушінің өзінің билікке келуіне көмектескен топты құртуы және билікті жеке қолға шоғырландыру; 3) мемлекеттің гүлденуі; 4) қарсылықты басу үшін күштеуді және деспотиялық әдістерді қолдану; 5) мемлекеттің әлсіреуі және құлауы.

Мемлекеттің даму кезеңдері концепциясын ол халифатқа қатысты да қолданады, айырмашылығы оны бес кезеңге емес, төрт кезеңге бөліп қарастырады.

Ибн-Халдун мемлекетті олардың саясатына, дініне, басқарушылар мен қол астындағылардың арақатынасына сай үш типке жіктейді: 1) «табиғи монархия» — деспоттық мемлекет, билеушілердің мүддесін ғана жүзеге асырумен айналысады, күшке сүйенеді; 2) «саяси монархия» — рационалды саясат жүргізеді, қол астындағылардың мүддесін қорғайды, бірақ олармен рухани, діни тұрғыда тығыз байланысты болмағандықтан, оларға «жат» болып қала береді; 3) халифат — дінді қорғайтын, жердегі тәртіпті қолдайтын, өз билеушісі бар мұсылмандық қоғам. Оның ойынша, дұрысы халифат болып табылады, себебі исламның құқықтық негіздеріне сүйенеді, дінді және жердегі тәртіпті сақтау, қорғау қызметін атқарады. Халиф монархқа қарағанда өз қол астындағыларға жақын тұрады деп санайды. Ибн-Халдунның еңбектерінде қоғам, мемлекет және құқыққа географиялық ортаның, еңбек бөлінісінің, экономиканың, мәдениеттің ықпалы туралы тұжырымдар бар.

## **Бақылау сұрақтары:**

1. Орта ғасырлық Арабтық Шығыс, Орта Азия және Закавказье елдеріндегі саяси және құқықтық ілімдердің басты бағыттары.
2. «Күлтегін жырына» сүйене отырып анықталған тұжырымдамалар.
3. Қорқыт атаның көзқарастары, ұлағаты.
4. Исламның саяси және құқықтық идеологиясы.
5. Мұсылман құқығының түсінігі, ерекшеліктері.
6. Әл-Фарабидің саяси және құқықтық идеялары.
7. Ибн Халдунның мемлекет туралы ілімі. Халифат теориясы.

## **6 – тақырып. Орта ғасырдағы Еуропаның саяси және құқықтық ілімдері**

1. Орта ғасырдағы Еуропаның саяси және құқықтық ойларының ерекшелігі және негізгі белгілері.
2. Фома Аквинскийдің мемлекет және құқық туралы ілімі.
3. Батыс Еуропадағы ортағасырлық еретіктік қозғалыстардың және шаруа соғыстарының саяси және құқықтық идеялары.
4. Марсилий Падуанскийдің саяси және құқықтық ілімі.

1. 476 жылы Батыс Рим империясының құлауы ежелгі дүние тарихының аяқталуына және орта ғасыр тарихының басталуына мұрындық болды. Батыс Еуропа елдерінде ерте орта ғасыр кезеңінде (V–X ғғ.) әулеттік-феодалдық құрылым бірте-бірте қалыптаса бастайды.

IX–X ғасырларда Батыс Еуропа орталық билікке бағынбайтын, көптеген ұсақ феодалдық мемлекеттерге бөлініп кетті. Егемен және вассал қатынастарымен байланысты жер иеленудің иерархиялық (сатылық) және әулеттік құрылым дары қалыптасты.

Батыс Еуропадағы феодалдық қоғамда католик шіркеуі ерекше орынға ие болады. Шіркеуге тұрғындары феодалдық бағыныштылықта болатын жердің 3/1 бөлігі тиесілі болды. Шіркеу феодалдық тұрпатта қатаң сатылық қағидасына сүйене отырып құрылды, монархиялық сипаттағы Рим папасымен басқарылды. Католик шіркеуінің өзіндік соты, қарулы күштері, шіркеумен бекітілген нормалар жинағы болды. Діндарлар феодалдық қоғамның басым әулетіне, шіркеу феодалдық құрылымның маңызды бөлігіне айналды. Феодалдық бытыраңқылық кезеңінде Батыс Еуропаны біріктірген бірден-бір күш **католицизм** еді. Шіркеу экономикалық және саяси тұрғыдағы қуаттылығына байланысты орта ғасырлық қоғам идеологиясында үстем роль атқарды. Құл иеленуші және феодалдық қоғамдардың арасындағы қатал айырмашылықтардың болмауы құлдық апологетикасын басыбайлықты ақтау үшін қолдануға мүмкіндік берді.

Ортағасыр дүниетанымы діндарлық, теологиялық дүниетанымға негізделді. Шіркеу көне мәдениетті, саясатты, этиканы, өнерді қажетсіз, Христос іліміне зиянды деп жоққа шығарды. Философиямен айналысу тек шіркеумен құрылған, оның басшылығымен және бақылауымен әрекет ететін мектептерде ғана мүмкін болды. Сондықтан мектептегі білім беру тек діни сипатта еді. **Схоластиканың** орталық мәселелері ретінде сенім мен сананың, дін мен философияның арақатынасы қарастырылды. Әрине, санамен тойтарылуы мүмкін емес және философиялық бекітілуі қажет емес сенім мен дін жоғарғы орынға қойылды. Шындықтың жалғыз қайнар көзі ретінде қасиетті жазба танылды.

Дін мен шіркеудің идеологиялық басымдылығы Батыс Еуропаның феодалдық қоғамының саяси-құқықтық идеологиясының негізгі бағыттары діни сипатта болуын негіздейді. Орта ғасырлық барлық саяси және құқықтық доктриналардың жалпы идеялық негізі ретінде діни көзқарастар, қасиетті жазба мәтіндері танылады. Үстем әулет идеологтары библияға сүйене отырып, әулеттік теңсіздікті, феодалдардың үстемдігін, шаруалардың бағынышты жағдайын негіздеуге тырысты.

Үстем идеология да, ересътер де мемлекет және құқық мәселелеріне назар аудармады, біріншісі биліктің кез келген

нысанын қорғаса, құқықты биліктің көрінісі ретінде санаса, ересытер шынайы шіркеуді діндарлар қауымы ретінде түсінуге, билікті солардың қолына беруге шақырды, құқықты жалпыға бірдей теңдік, әділеттілік, өзара көмек нормаларымен сәйкестендірді.

Мемлекет пен құқық мәселелері католик шіркеуі мен зиялы феодалдар арасындағы билік және басымдық үшін күрес барысында және нәтижесінде кең көлемде талданды. Рим папасы басшылығымен католик шіркеуі саяси билікте шешуші роль атқаруға ұмтылды, бұны теократиялық теориялармен түсіндірді. Бұл теориялардың мәні бойынша, мемлекет шіркеуге қатысты бағынышты орында болады, зиялы басқарушылар шіркеуге жай діндарлар ретінде ғана емес, саяси билікті жүзеге асыру барысында да, бағынышты болуға тиісті. Августин Аврелийдің «адамгершілік заң» теориясы императорды христианин ретінде ғана емес, саяси билікті жүзеге асырушы ретінде бағалауға және «соттауға» негізделген.

**«Қос қанжар» теориясы** евангелие үзінділерін өз бетінше талдау және біріктіруге негізделеді және осы кезеңде кең таралады. Император өз қанжарын шіркеуден алады, сондықтан оған қанжарымен қызмет етуге тиісті.

**«Күн және ай» теориясы.** Ай өз жарығын күннен алады, король билігі өз билігін және беделін пападан алады.

Императорлар мен корольдер шіркеу мен рим папасына тәуелсіздігін негіздеуге тырысады. Осындай өзекті мәселелердің біреуі - инвеститура құқығы (епископтарды тағайындау құқығы). Шіркеу ықпалынан бас тартуға тырысқан императорлар мен корольдер кез келген биліктің құдаймен тағайындалғандығы туралы қасиетті кітап жазбаларына сілтеді. Олар қос қанжар теориясын өз беттерінше зиялы билік қанжары шіркеу қанжарынан бөлек деп түсіндіруге тырысты.

XII ғасырда орта ғасырлық заңгерлер король билігінің феодалдық бытыраңқылықпен күресін қолдап, шіркеудің зиялы билік ісіне араласуын сынап, саяси аренаға келді. XI–XII ғасырларда **глоссаторлар мектебі** пайда болды, олар рим құқығын зерттеумен және үйретумен айналысты. Негізгі дауда глоссаторлар зиялы билік жағында тұрды. Легистер халық бүкіл билікті императорға бергендіктен, оның билігі шексіз және

мұрагерлікпен берілетіндігін таныған. Рим империясы заңдарына сүйене отырып, құқықтың басты қайнар көзі ретінде зиялы билікпен тағайындалған заңдар танылды. Ұқсас идеялар XIV ғасырдан бастап постглоссаторлар, комментаторлар ілімдерінде берілді. Орта ғасырдың кейбір заңгерлері бостандықты табиғи құқық, құлдықты күштеу туындысы деп санады.

XII ғасырда **канонистер мектебі** қалыптасты, олар папаның декреттері және буллардын жинақтап, қоғамдық құбылыстарды дін тұрғысынан түсіндірді. Табиғи құқықты тәңірлік заңдармен сәйкестендірді. Ал, адам құқығының жалғыз қайнар көзі ретінде әдет-ғұрыпты таныды.

Орта ғасырлық саяси-құқықтық ілімдер аталған екі бағыттың ішкі күресі нәтижесінде қалыптасып дамыды.

**2. Фома Аквинский** (1225–1274 жж.) – діндар, схоластиканың (діни философия типі) танымал өкілі. Ол философияны дін танудың қызметкері ретінде қарастырады, шіркеудің философияға және ғылымға белсенді түрде қатысуын қолдайды.

**Негізгі еңбектері:** «Теология жиынтығы», «Патша басқаруы туралы».

Фома ілімі бойынша дүние нысандар иерархиясына негізделген, төменгі нысан жоғарғысына арқау болады. Құдай — таза санада рухани өмірге, одан материалды дүниеге ауысады. Рухани өмірді құдайдың жердегі өкілі ретінде папа басқарады. Қоғам да осы қағидаға сәйкес құрылады, қол астындағылар патшаға, құлдар иелеріне бағынады.

Аквинат дүниетанымында саясат және құқық мәселелеріне де орын бар. Мемлекет мәселесіне «Патша басқаруы туралы» еңбегінде үлкен назар аударады. Фома Аквинский Аристотельдің адам-қоғамдық саяси жануар, мемлекет қоғам өмір сүруі үшін қажет деген көзқарастарына толық қосыла отырып, мемлекет оны ұйымдастыратын адамдарға қарағанда генетикалық тұрғыда ертерек пайда болған құбылыс деп таниды. Мемлекет Құдаймен жаратылған әмбебап тәртіптің құрамдас бөлігі, тәңірлік тәртіп талаптарына сәйкес әрекет етеді деп түсіндіреді. Монарх әрекеті Құдайдың белсенділігіне ұқсас.

Мемлекеттің пайда болуы қоғамдық өмірге деген табиғи қажеттілік нәтижесі, бірақ ол Құдаймен алдын ала анықталып

қойған және адам санасына сіңірілген. Мемлекет құру тәсілдерінің бірі ретінде қоғамдық шартты да таниды.

Фома Аквинскийдің мемлекеттік билік туралы ілімі теократиялық теорияларды қамтиды. Зайырлы билеушілер қасиетті жазбаларға сүйене отырып, шіркеудің билеушілердің билігін шектеуіне қарсы шыққан және оның заңдылығына дауласқан. Фома Аквинский мемлекеттік биліктің діни билікке бағынуын талап етеді және негіздейді.

Орта ғасырлық схоластиктер мемлекеттік биліктің үш элементін ажыратады: мемлекеттің мәні, шығу тегі, пайдалануы. Билік мәні, яғни басқару тәртібі, құдаймен бекітілген. «Әрекет етуші билік Құдаймен тағайындалған» деген әулие Павелдің сөзін Фома Аквинский былай деп жалғастырған: «Әрбір жеке билеушіге билік тікелей құдаймен беріледі немесе билеушілердің жасаған әрбір әрекеті құдаймен бақыланады дегенді білдірмесе керек-ті. Князь қанаушы, тиран болуы мүмкін: ол кез келген адам тәріздес ерікті еркі болғандықтан, жамандық жасау қабілетіне ие».

Мемлекетті басқару нысандарын қарастыру барысында да Аристотельдің ізімен жүреді, басқарудың үш дұрыс, таза нысанын және үш бұрыс нысанын ажыратады. Жалпы құндылықтарға қатыстылығына байланысты таза нысанға — полиция, аристократия мен патша билігін, бұрыс нысанға — тирания, олигархия, демократияны жатқызады. Басқару нысандарының кейбіреулеріне ғана нақты сипаттама бере отырып, ең дұрысы, табиғи монархия деп санайды. Мемлекеттік биліктің басты қасиеті заң шығару құқығының болуы дейді.

Фома Аквинскийдің саяси-құқықтық доктринасында заңдар, олардың түрлері және өзара бағыныштылығы туралы ілім үлкен роль атқарады. Заң мақсатқа жетудің жалпы тәртібі. Аристотельдің заңдарды табиғи және жазба заңға жіктеуін негізге ала отырып, Фома Аквинский заңдарды адам (қоғамдық өмір тәртібін анықтайтын) және тәңірлік (жұмаққа жету жолдарын көрсететін) заңдарға жіктеді. Осы екі жіктеу негізінде заңдардың төрт түрін анықтады: мәңгі (тәңірлік табиғи), табиғи (адамзаттық табиғи), адам (адамзаттық жағымды), тәңірлік (тәңірлік жағымды) шығады.

**Мәңгі заңдар**, Фома Аквинскийдің көзқарасы бойынша, «әлемді басқаратын тәңірлік сана», бұл заң әлемдік тәртіп, табиғат және қоғам негізінде тұрады.

**Табиғи заң** мәңгі заңның адам санасында көрініс табуы, оған бірлесе өмір сүру, өзін-өзі қорғау және ұрпақ жалғастыру заңдылығы жатады.

**Адам заңдарын** әрекет етуші феодалдық құқық, табиғи заң талаптарын мәжбүр ету, санкциямен бекітетін құқық құрайды. Адам заңының қажеттілігі адамзаттың күнәға батуына байланысты ерік-ықтияры бұзылған, жамандық жасау еркіндігі берілген, табиғи заң талаптарының мызғымастығын қамтамасыз ету үшін, адамдарды жақсылыққа, ізгілікке күштеу көмегімен мәжбүрлеумен түсіндіреді.

**Тәңірлік заңға** Фома Аквинский библияны жатқызады.

Жалпы алғанда, бұл концепцияның мәні әрекет етуші адамзат заңының нұсқаулары құдай еркі мен санасына бағыныштылығын көрсетеді. Феодалдық заңды бұзу мәжбүрлеу және жазалауға әкеліп соғады, ауыр күнә болып саналады.

Фома Аквинский әулеттік теңсіздікті негіздеуге үлкен назар аударады. Ересейтердің басты ұраны адамзаттың теңдігі, әулеттік басымдықтарды жоққа шығару, шаруалардың бағынышты жағдайын сынға алу. Фома ілімінде әулеттік феодалдық басымдылықты негіздеу, тәңірлік тағайындау сатысындағы әр әулеттің орны тұрғысынан терістеледі.

Аквинский ілімі бойынша адамзат заңы табиғи заңға қарсы келмеуге тиісті. Табиғи заң бірлесіп өмір сүру заңы ретінде түсіндірілгендіктен, адам заңының табиғи заңға сәйкес келу қажеттілігі басқарушылардың қоғамды босансытып жібермеу міндеттілігін негіздейді.

Құқық – адамзат қоғамына құдайлық тәртіпте таралатын әділеттіліктің әрекеті. Әділеттілік әркімге өз құқығын табудың тұрақты еркі ретінде сипатталады. Әділеттілік теңгермелі, айырбас және бөлуші болады. Теңгеру тәсілдері екі түрлі: заттар табиғатына сай немесе адам тағайындауына сай. Осыдан құқықты табиғи және жағымды құқыққа бөлу шығады.

Аквинский адам тағайындаулары тек табиғи құқыққа қарсы келмейтінді ғана құқыққа айналдыра алады дейді. Жағымды (позитивті) құқықты адам құқығы және азамат құқығына бөледі.

Фома Аквинский заңдық құқықтүсінушіліктің христиандық-теологиялық нұсқасын қалыптастырды деп айта аламыз.

Католик шіркеуі Фома Аквинскийді әулиелер қатарына қосады, оның ілімін католицизм доктринасы ретінде санайды.

**3. Орта ғасырда феодализмге қарсылық көрсетуші саяси-құқықтық идеологияның бір нысаны еретиктер қозғалысы болды.** Ересь шіркеу қолданатын діни түсініктер кешенімен жұмыс істеді, бірақ қасиетті жазбалардан шіркеуге және феодалдарға қарсы тұжырымдар шығарылды. Қасиетті жазбаларда болмаған (шіркеулік иерархия, монастырь, папалық және т.б.) құбылыстар құдай еркіне сәйкес келмейтін адамзат жаңалығы деп саналды. Барлық еретиктер өздерін шынайы христиандар деп санай отырып, шіркеу билігінен қарсы күресті.

Бірінші ірі еретиктер қозғалысы Х ғасырда Болгарияда басталды. Болгарлық шаруалардың феодалдардың қанауына қарсы қозғалысы богомильдер қозғалысы деп аталды. Богомильдер (құдайға жағымды адамдар, христиандар) Жаңа Әсиетте (Новый Завет) о дүниелік екі құбылыс: мейірімді құдай қатыгез шайтанға қарсы тұратындығын ескерткен. Мәтіндегі идеяларды салыстыра отырып, «ешкім екі құдайға қызмет ете алмайды. Құдайға және Мамонға (байлық) қатар қызмет ету мүмкін емес» дейді. Байлықты шайтанмен салыстырады. Жұмақтан қуылған Адам жерде күнделікті әрекетімен айналысу барысында шайтанға «құлдық қолхат» берген, онда өзіме және ұрпақтарыма жер берілді деп танылған. Содан бері шаруалар жер өңдеу барысында шайтанның ұрпақтарына — жер иелеріне қызмет етуде. Богомильдер құдайдың ұлы таңылған кресті кімнің күнделікті көргісі келеді, әрине, бұл шайтанның ісі деген ойы шаруалар логикасына сәйкес келеді. Олар байлар, шіркеу өздерін крестпен әшекейлеуге тырысатындығы осыған байланысты деп түсіндірген. Феодалдық шіркеуге қарсы богомильдер өзіндік ұйым құрады. Оның уағыздаушылары (апостолдар) жақтаушыларын билікке бағынбауға, байлықты жеккөруге шақырады.

Богомильдер ілімі Х–ХІ ғасырларда Византия, Сербия, Босния, Киев Русінде таралды. Әсіресе Батыс Еуропа елдеріне, соның ішінде Оңтүстік Франция және Солтүстік Италия мемлекеттерінде үстем идеологияға айналып, мәдениеттің,

қолөнердің, сауданың дамуына ықпал етті. Ересытерге қарсы шығу үшін Рим папасы крест жорықтарын ұйымдастырды, инквизиция ойлап тапты, өзіндік ордендер (Доминикандық және Францискандық) құрды.

XIV ғасырдың II жартысында еретиктер қозғалысының жаңа белең алуы байқалды. Батыс Еуропа елдерінде аталған кезеңде қалалардың күрт дамуы орын алды, бюргерлік танымал әулетке айналды. Олар әулеттік басымдылықтары арқылы, қару күшімен зиялы феодалдармен күресу мүмкіндігіне ие болды. Сондықтан қалалық оппозиция шіркеулік феодалдарға қарсы күресті. Шаруалар мен қала тұрғандарының талаптары оларға қарағанда өзгеше, радикалды сипатта болды. Осыған байланысты ересытердің екі негізгі типі танылды: бюргерлік және шаруа-плебейлік.

Қала тұрғандарының және төменгі дворяндардың мүддесін қорғайтын бюргерлік ересы католик шіркеуіне және шіркеулік ақсүйектерге, байлыққа қарсы күресті. Олар ерте христиандық шіркеулік құрылымды қалпына келтіруге, монархтарды, прелаттарды, римдік курияны таратуды ұсынды.

Шаруа-плебейлік ересы феодалдық үстемдіктерді және әулеттік құрылымды жою, адамдардың жалпы теңдігі ұрандарын қолдады.

Бюргерлік ересытің жарқын өкілі Оксфорд университеті профессоры Джон Уиклиф болып табылады. Ол ағылшын шіркеуінің папалық курияға тәуелділігіне, шіркеудің мемлекет ісіне араласуына қарсы күресті. Уиклиф шіркеулік иерархияны және шіркеулік байлықты сынға алды.

Уиклиф ілімімен қатар Англияда лоллард қозғалысы пайда болды. Олар жерді шаруа қауымдастығына қайтарып беруді ұсынды және басыбайлық құқықты жоюға шақырды. Бұл ілім Уот Тайлер бастаған шаруалар қозғалысының негізгі идеологиясына айналды. Қасиетті жазбаға сүйене отырып, лоллардтар әулеттік теңсіздікті сынады. «Әулеттің үстемдігі адам қиянатының жемісі болмаса қайдан келді? Адам жер өңдеп, Хауа ана жүн түткенде дворяндар туралы ой да болмаған». Жалпы айтқанда, лоллардтар ілімі феодалдық құрылымға қарсы бағытталды.

Лоллардтар қозғалысы басылған кезеңде Чехияда Жаңғыру Ян Гусь қозғалысынан бастау алды. Олар шіркеу аксүйектеріне, шіркеулік байлыққа, ондыққа қарсы күресті. Бұл қозғалыс чашниктар және табориттер қозғалысы болып екі бағытқа бөлінді. Чашниктар бағдарламасы шіркеу иелерінің үстемдіктерін жоюға, шіркеуді зиялы биліктен айыруға, секуляризация (билікті зайырлы билікке беру) және Чех шіркеуінің дербестігін тануға бағытталды.

Табориттер католик шіркеуіне және шіркеулік иерархияға, феодалдарға қарсы күресті. Ерте христиандық идеяларды жаңғырта отырып, табориттер жақын арада «мыңжылдық патшалық» құрылады, онда барлық адамдар өзара тең және жалпы істерді бірлесе отырып шешеді деп санаған.

Аталған қозғалыстар ішкі бірліктің болмауына байланысты жеңіліс тапты, бірақ олардың ұрандары жаңа дәуірде жаңа қозғалыстардың өмірге келуіне арқау болды.

4. Католик шіркеуінің зиялы билікке қол сұғуына қарсы қозғалыстың теоретикалық негізі **Марсилий Падуанскийдің** (1280–1343 жж.) ілімінде қалыптасты.

**Негізгі еңбегі:** «Бейбітшілік қорғаушысы».

Онда автор адамның жердегі және көктегі мақсаты туралы, заң арқылы оларға жету жолдары туралы ой қозғайды. Теократиялық теорияларды сынға алады: жердегі негізгі мақсаттың бірі — тәртіпке келтірілген бейбіт ортақ өмірге кері әсерін тигізетін соғыс, баскөтеру және наразылықтардың негізгі себебі шіркеу мен мемлекеттің тәңірлік және адам заңдарының арақатынасын дұрыс түсінбеуі деп санайды. Шіркеудің зиялы билік ісіне араласуы еуропалық мемлекеттердің, соның ішінде Италияның бейбіт өмір сүруіне кедергі келтіреді дейді.

Марсилий Падуанский заңдарды олардың мақсатына, мазмұнына, қамтамасыз ету әдістеріне байланысты екі топқа бөледі. **Тәңірлік заң** мәңгі құндылыққа жету жолын көрсетеді, құдай алдындағы күнә мен жақсылықтарды ажыратады, о дүниеге барғанда жаза мен марапаттауды анықтайды. **Адамзат заңдарының** мақсаты — шындық және жалпы құндылық, биліктің мызғымастығы және қатаңдығы; жақсылықпен жамандықты ажырата отырып, әділеттілікті бекітеді; адам заңын сақтау мәжбүр етумен қамтамасыз етіледі.

Заңдардың түрін ажырату шіркеу мен мемлекет әрекетінің аймағын және әдістерін, мақсатын ажыратуға негіз болады.

Шіркеу тек тәңірлік заңдарды орындауды қамтамасыз етуге тиісті, жоғарғы мақсатқа қызмет ете отырып, шіркеу «жердегі істерге» араласпауға тиісті. Шіркеу қызметкерлері христиандық наным — сенімге үйретуге уағыздауға ғана құқылы, бірақ мәжбүрлеу құқығы берілмеген, тәңір заңдарын бұзушыларды, күнәһарларды жазалау тек құдайға берілген (адам әрекеті, пиғылы тек құдайға ғана белгілі).

Заңдарды мақсаты бойынша тәңірлік және адам заңдарына бөлуден Марсилией Падуанский мынандай қорытындыға келеді: шіркеу сотының құқылығын, инквизициялық трибуналдарды теріске шығарады және дін ісінде мәжбүр етудің бұрыстығын ескертеді. Падуанскийдің көзқарасы бойынша, еретиктің өзі тек Құдайдың алдында о дүниеде жауап беруге тиісті, ал бұл дүниеде еретикті мемлекет өз аумағынан шығарып жіберуге ғана құқылы, оны да священник емес, князь іске асыруға құқылы. Марсилией Падуанский шіркеуді реформалауды, священниктерді сайлауды, папаның кейбір үстемдіктерін жоюды ұсынады.

Марсилией Падуанский адам заңдары туралы мәселені де өз заманындағы негізгі ойдан тыс шешеді. Адам заңдары халықпен — «азаматтардың немесе олардың маңызды бөлігімен» қабылдануға тиісті деп санайды. Марсилией Падуанский көзқарасы бойынша, халықпен қабылданған заңның жетістіктеріне мыналар жатады: жалпы құндылықты білдіреді; адам өзі қабылдаған заңдарға басым түрде бағынады; заңдар жалпыға бірдей танымал болады; көпшілік заңдарға бағынғысы келмейтін азшылықты мәжбүрлеу күшіне ие; әркім заңды қабылдау барысындағы кемшіліктерді анықтауға және оларды жою жолдарын ұсынуға құқылы.

Билеушінің сайланбалылығын негіздей отырып, Марсилией Падуанский мұрагерлік және сайланбалы монархияның пайдасына 13 негіз келтіреді, нәтижесінде халықпен өмір бақилыққа сайланған және оның алдында жауапты билеуші заң негізінде басқаратын сайланбалы монархия ең үздік басқару нысаны деп танылады. Азаматтардың жиынтығы немесе көпшілік ретінде танылатын халық түсінігі қолданылады, дегенмен де басты, құрметті әулет ретінде әскерилер, священниктер, соттар

және жай халық ретінде жер өңдеушілер, қолөнершілер, көпестер танылады.

Сондай-ақ Марселий Падуанский заңдарды орындауды жүзеге асыратын үкімет қызметі туралы да ерекше көзқараста болады. Біріншіден, үкімет әрекетінің заңға бағыныштылығы қағидасын қалыптастырады және негіздейді. Үкімет адамзаттың ортақ өмір сүру мақсатын және тәртібін анықтаушы заңдарды орындау үшін құрылады. Екіншіден, заңдарды атқарушылар оны қабылдаған адамдармен, яғни халықпен сайлануға тиісті.

Заңшығару билігінің халыққа тиістілігін, атқару билігі әрекетінің заңға бағыныштылығын, атқару билігі басшысын халықтың сайлауын теориялық негіздеу Марселий Падуанскийдің өз заманының шеңберінен асып түскен үздік ойлары еді.

Қорыта айтсақ, Орта ғасыр Көне заманға қарағанда саяси және құқықтық ілімдердің құлдырауы кезені деп саналады. Қоғам санасында жетекші ой мемлекеттен шіркеуге ауысқандықтан, адам санасының басым бөлігінің о дүниелік идеяларға ауысуы, шіркеу канондарына және қасиетті кітап мәтініне негізделген догматикалық ойлаудың басымдылығы саяси-құқықтық доктриналардың тақырыбы және мазмұны аймағын шектеді. Дегенмен де, орта ғасырлық саяси-құқықтық идеология да тоқыраудан ада болды. Шіркеу мен мемлекет арақатынасының басты орынға шығуы мемлекет мәні, мақсаты мен міндеттері, оның шіркеуден айырмашылығы мәселелерін бірінші орынға шығарды. Бұл логикалық тұрғыда мемлекет егеменділігі мәселесін күн тәртібіне қойды және оның шешілуіне негіз болды. Шіркеу мен мемлекеттің өзара қатынасы туралы даулар мемлекет әрекеті аймағы ретіндегі құқық пен адамның ішкі дүниесіне бағытталған адамгершілік, сенім заңдарының ара жігін де ашты. Сол заманның барынша радикалды теорияларында ар-ождан бостандығы жарияланды, шіркеудің мемлекет ісіне араласпауы бекітілді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Орта ғасырлық Еуропаның саяси және құқықтық ойларының басты бағыттары.

2. Фома Аквинскийдің мемлекет туралы ілімі.
3. Фома Аквинскийдің құқық және заңдар туралы ілімі.
4. Богомильдер қозғалысының саяси идеялары.
5. XIV ғасырдың II жартысындағы еретиктер қозғалысы.
6. Марсилий Падуанскийдің саяси және құқықтық ілімі.
7. Орта ғасырлық Еуропаның саяси және құқықтық ілімдері бойынша жалпы тұжырымдама.

### **7-тақырып. Қайта өрлеу дәуіріндегі Батыс Еуропаның саяси және құқықтық ілімдері**

1. Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси және құқықтық ойлардың жалпы сипаттамасы.
2. Н.Макиавеллидің саяси және құқықтық ілімдері.
3. Жаңғыру дәуіріндегі саяси және құқықтық идеологияның негізгі бағыттары.
4. Ж.Боденнің мемлекет және құқық туралы ілімі.
5. XVI–XVII ғғ. еуропалық утопистік социализмнің саяси және құқықтық идеологиясы.

1. Егер орта ғасырлық саяси және құқықтық ілімдердің негізгі тақырыбы — Құдайға табынушылық болатын болса, онда Қайта өрлеу дәуірінің негізгі тақырыбы — адам, адам бастауының өнер мен мемлекетке бас июі болып табылады. Сондықтан Қайта өрлеу дәуірінің дүниетанымдық көзқарасының негізін гуманизм (латын тілінен аударғанда *hum anus* — адами) құрады.

Егер ерте орта ғасырларда, тылсым күштерге, Құдайға табынушылық басым болатын болса, онда Қайта өрлеу дәуірінде адамға және көзге көрінетін адами әлемге қызығушылық басым болды. Егер орта ғасырларда әулиелерге аса құрмет көрсетілсе, ал Қайта өрлеу дәуірінде даңқты, ұлы адамдар аса құрметтелді. Егер орта ғасырларда менменшілдік ең аса ауыр күнә болып саналса, онда Қайта өрлеу дәуірінде батырлар мен ғұламаларға табынушылық туындады.

Жаңғыру (XVI ғасырдың 1-ші жартысынан бастап Еуропада кең өріс алған, феодализмге, католик дініне қарсы бағытталған әлеуметтік-саяси қозғалыс) Евангелие негізінде христиан дініндегі әрбір адамның өмірін жаңартуды өз алдына мақсат етіп қойды, осыған орай көпшілік қауымға үндеулерін жолдады. Жаңғыру католик шіркеуінің діннің адам мен Құдай арасындағы міндетті делдалдық туралы қағидасын ұстанбады (теріске шығарды). Жаңғырудың бастау алуы 1517 жылы Лютердің индульгенцияның (күнәнің кешірілгендігі туралы берілетін Рим папасының айрықша куәлік қағазы) сатылуына қарсы 95 тезиспен сөз сөйлеуімен байланыстырылады.

Қайта өрлеу және Жаңғыру дәуірін негіздейтін факторлар:

- кітап бастырушылықтың дамуы: 1500 жылы ол Еуропаның 12 мемлекетінде дамыды;

- мемлекет, қоғам құрылымы, шіркеу мен мемлекеттік институттардың өзара қатынасы мәселелеріне жоғары қызығушылықпен қарау;

- католик шіркеуінің рухани және саяси беделінің құлдырауы;

- дін мен шіркеуді ұйымдастырудың негізгі қағидаларын қайта қарау;

- көне дәуір құндылықтарына қайта оралу;

- саяси-құқықтық идеяларды жаңаша талқылау;

- жеке адамның құндылығына назар аудару.

Қайта өрлеу және Жаңғыру дәуіріндегі қалыптасқан саяси-құқықтық идеялардың негізгі бағыттары:

- буржуазиялық саяси-құқықтық теориялар (Н.Макиавелли, Ж.Боден);

- Жаңғырудың саяси-құқықтық ілімдері (М.Лютер, Ж.Кальвин, Т.Мюнцер);

- утопиялық социализм теориялары (Т.Мор, Т.Кампанелла).

**2. Никколо Макиавелли** (1469–1527 жж.) — Қайта өрлеу дәуіріндегі италияндық саяси ойшыл, Жаңа дәуір саяси ғылымы негізін қалаушы, саяси этика, мемлекет басшысының этикасы тұжырымдамасының авторы («макиавеллизм»).

Н.Макиавелли Флоренцияда кедейленген көне әулеттің біріне жататын заңгерлер отбасында туылған. 14 жыл бойы (1498–1512 жж. аралығында) Флоренция республикасының

хатшысы болған, кейін қызметтен босатылып, өз қожалығына жер аударылған жерінде саяси және әдеби туындыларын жазды.

**Саяси ілімінің логикалық негізін** эмпиризм құрайды, осыған сәйкес білім алудың, оның ішінде саясат туралы білім алудың бірден бір көзі тәжірибе деп санайды. Өзінің саяси ілімін қалыптастыру барысында, Макиавелли көне Римнің саяси тәжірибесіне сүйенеді, оның тарихын зерттейді, сонымен қатар өзінің мемлекеттік қызметтегі тәжірибесін де пайдаланады.

Макиавеллидің ілімінде орта ғасырлық теоцентризмнен тұп-тамырымен батыл түрде бас тартып, оны антропоцентризмге (дүниенің тетігі адам деп білетін идеалистік ілім) алмастыру орын алады. Бұнда Макиавелли дүниенің басына Құдайды емес, адамды қояды. Осыған орай, Макиавелли саяси өлшем ретінде адами өлшемді алады және оның Құдаймен еш байланысы жоқ. Тәжірибеден түйіндейтініміз, саяси көзқарастың негізінде христиандық ғибраттың (мораль) қағидасы жатқан жоқ, мұнда өзіндік пайда мен күш басты орынды иемденеді. Макиавеллидің пікірінше, үлкен істерді өздерінің берген уәдесімен санаспайтын және қулық пен жалғандықпен әрекет еткен князьдар жасаған.

**Негізгі еңбектері:** «Тит Ливияның бірінші декадасы туралы толғау», «Патша», «Флоренция тарихы», «Әскери өнер туралы».

**Саяси ілімінің мазмұны.** Макиавеллидің саяси ойлары адам әлемінің негізгі құраушысы ретінде мемлекетке шоғырланады: «Тағдыр маған жібек мата, мақта-мата, арам пайда, шығын туралы айтуды емес — мемлекет туралы айтуды жазған». Италияның саяси бытыраңқылығы, орталықтандырылған мемлекеттер тарапынан туындайтын шапқыншылық қауіпі (Испания, Франция) Макиавелли ілімінің негізделуіне әсер етеді. Макиавелли көне Римнің ұлылығын өз заманындағы Италиямен салыстырады. Бүкіл әлемге дейінгі билік шыңына жеткен көне Рим мен әрдайым сыртқы қауіптен сескеніп отыратын Италия арасындағы шыңырау қалай пайда болды деген сұрақ қоя отырып, өзі Италияның құлдырау себептерін ашып көрсетеді:

- адамдарды өздері өмір сүріп отырған әлемнен басқа екінші әлемнің бар екеніне сендірген, оларды мемлекеттен ажыратқан христиан діні, міне сол мемлекеттің құлдырауына әкеп соқтырды;

- Италияның бір бөлігін басқаратын, Римдегі таққа ие болып отырған папа кеңесі, Италияның бірігуіне кедергі қоюда.

**Мемлекет туралы түсінігі.** Макиавелли саяси лексикаға жаңа саяси термин енгізді — «stato» (латын тілінен алғанда «status»), осы термин арқылы ол, нақты нысандарына қарамастан, мемлекет туралы жалпы түсінікті белгілейді. Stato, яғни мемлекет, бұл үстемдік-бағыныштылық қатынастың бар екенін шамалайтын саяси жағдай.

XVI ғасырда белгілі «республика», «княздық», «корольдік», «билік», «империя» «қала», «басқарма», «тирания», «монархия» секілді саяси терминдермен қатар Макиавелли жаңа саяси термин енгізді, бұл терминмен қазіргі уақытта да мемлекет дегеннің жалпы түсінігін белгілейді.

«Мемлекет — бұл адам баласының қолынан жасалатын іс. Уақыттың нақты кезеңдеріндегі мемлекетті басқару нысаны өз алдына екі күштің: халық пен үстем тап өкілдерінің өзара күресінің нәтижесін көрсетеді. Халық пен үстем тап өкілдерінің арасындағы күрес — міне, осы мемлекет дамуының қайнар көзі. Қарапайым халық пен үстем тап әрбір қалада бар және олардың мүдделері әрқашан әр түрлі, бұл мүдде қарапайым халықтың оларды үстем тап өкілдерінің қанамауын, иелік етуін қаламауынан туындайды, ал үстем тап өкілдері халықты билеп, қанағысы келеді; бұл екі түрлі ұмтылыс қалада: жеке билікті немесе қандай да бір партияның еркіндігі мен озбырлығын қалыптастырады».

Мемлекетті басқару нысандарын жіктеу. Аристотельден кейін іле-шала Макиавелли басқарудың үш дұрыс (монархия, аристократия, демократия) және үш теріс (тирания, олигархия, азғындық) нысанын атап көрсетті.

Макиавеллидің жанашылдығы келесіден көрінді: барлық мемлекеттер басқару нысаны бойынша не республика, не жеке билік болып бөлінеді. XIX ғасырда мемлекеттерді республика және монархияларға осылай жіктеу мемлекет туралы ғылымда басым бағыт болды.

Мемлекет басшысының саяси этикасы тұжырымдамасы («Макиавеллизм» тұжырымдамасы). Макиавелли принциптің (жеке билеуші, мемлекет басшысы) саяси этикасын қалыптастырып, ол Италияның бірігуіне және күшті мемлекетке айналуына мүмкіндік береді деп үміттенді.

«Патша» туындысында Макиавелли табиғилықты зерттеуші ретінде танылды, қандайда бір моральдық тыйымдардан ерікті принциптің саяси майданда тиімді әрекет етуіне, өзінің алдына қойған мақсатын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін саяси қағидалардың бірқатарын қалыптастырды:

- мемлекет билігін қолға алған уақытта барлық қаталдықты бірден жасау қажет, себебі сол қаталдықты күнде қайталап отырмау үшін;

- өкпе-реніштерді бір мезетте қайтару қажет, сонда оларды жеке –жеке азырақ сезінесің;

- есте ұзақ сақталуы үшін барлық жақсылықтарды (жарылқаушылықты) біртіндеп жасау қажет;

- принципс бір мезетте арыстанның айбаты мен түлкінің айласына ие болуы керек: өзіне қарсы келген қорқауларды тоқтату үшін арыстандай айбатты болу, құрылған тұзақты тез аңғару үшін түлкідей болу қажет;

- егер өзінің адалдығы өзіне қарсы келіп жатса, принципс өзінің берген уәдесіне берік болмауы керек және бола да алмайды. Осы арада өзін ақтау үшін әрқашан себеп табуға болады. Макиавелли бұл арада ешқашан өзінің уәдесінде тұрмаған, барлығын алдағандығына қарамастан, көптеген жетістіктерге жеткен рим папасы Александр VI әрекетіне сүйенеді;

- принципс барлық ізгіліктерге ие болуы шартты емес, ең бастысы солай болып көріне білген маңызды;

- принципс өз құзырындағылардың (қарамағындағылардың) мүлкіне тиіспеуі және арына тимеуі керек. Сонда құзырындағылар өз өміріне риза болып жүреді, ал принципс тек аз ғана адамдардың атаққұмарлығымен ғана күреседі;

- өз құзырындағылардың наразылығын тудыратын істерді басқаға беріп, ал қайырымдылықты тек өзі ғана жасауы керек;

- принципс өзінің әрбір әрекетімен, өзі туралы ұлы, ғұлама адам деген сөз тарайтындай әрекет жасауы керек;

- принципс өзінің құзырындағылардың махаббатына емес, өшпенділігіне емес, олардың қорқынышына иек артуы керек;

- принципстің ақылдылығын сөз ету үшін, оның айналасындағыларды көру керек.

Сонымен, Макиавелли ілімінің логикалық-теориялық негізделуі ретінде төмендегілерді атауға болады:

- гуманизм: жеке адамның құндылығына назар аудару;
- антропоцентризм: әлем жаратылысының негізі — құдай емес, адам;
- имморализм: жақсылық пен жамандықтың салыстырмалығына сенім;
- эмпиризм: білімнің жалғыз қайнар көзі — тәжірибе;
- релятивизм: саясаттағы мақсат пен құрал арақатынасы. «Мақсат қолданылған құралды ақтайды» қағидасы;
- католиктік схоластика нормаларынан арылу.

Саясат ғылымында «макиавеллизм» түсінігі қалыптасты, мұның түп негізінде саясатта алға қойған мақсатқа жету үшін қандай да болмасын әрекеттің барлығын да қолдануға болады деген ой-пікір жатыр.

Макиавеллиді буржуазияның басты бағдарламалық талаптарын анықтап негіздеуші, жаңа дәуірдің саяси-құқықтық идеологиясының негізін қалаушы, билік және билеу технологиясы ретіндегі саясаттану ғылымының негізін қалаушы, мемлекет туралы ғылымды ресми шіркеулік моральдан арылтып зайырлылыққа бағыттаушы ретінде танымыз.

**3. Германия және Батыс Еуропаның өзге елдеріндегі Жаңғыру дәуірінің саяси-құқықтық идеологиясының басты бағыттары үш топқа жіктеледі:**

- *шектеулі бағыт* — ауқатты қалалықтар мен кедейленген дворяндардың мүддесін көздейді, кең көлемдегі тәуелсіздікке және шіркеу мүлкін өз мүддесіне пайдалануға қол жеткізуге ұмтылады;

- *плебейлік бағыт* — қалалықтардың басым бөлігінің, шаруалардың мүддесін көздейді, мемлекеттік тәртіпті қайта құруды ұсынады;

- *аралық бағыт* — алдыңғылардың ойын ұтымды біріктіруге тырысады.

**Мартин Лютер** (1483–1546 жж.) — шектеулі ағым идеологы; теоретик, неміс діндәрі.

**Негізгі еңбектері:** «Зайырлы билік туралы», «Христианин бостандығы туралы», «Неміс ұлтының христиандық дворяндығына».

Саяси-құқықтық ілімінің негізгі ережелері:

- шіркеудің индульгенция сатуын сынау;
- жанның құтқарылуына шіркеу қызметкерлерінің көмегінсіз, адамның шынайы сенімі көмегімен жету;
- әулеттердің Құдай алдындағы теңдігін жариялау;
- зайырлы заңдары бар мемлекетте ғана мүмкін болатын ішкі бостандық қағидасын жүзеге асыру;
- табиғи құқық — мемлекет негізі, ол адамның сыртқы әрекетін және кейбір құқықтық институттарды реттейді;
- билеуші халық қызметкері ретінде;
- халықтың билеушіге бағыну міндеті;
- плебейлік ағымға қарсылық.

**Томас Мюнцер** (1490–1525 жж.) — Германиядағы плебейлік бағыттың идеологы.

**Негізгі еңбектері:** «12 бап», «Баптық хаттар».

Саяси-құқықтық ілімінің негізгі ережелері:

- діни қызметкерлерді қауымның сайлауын және ауыспалығын енгізу қажеттілігі;
- басыбайлық құқықты жою;
- алымдар мен салықтардың мөлшерін азайту туралы талап;
- билікті күштеп ауыстыруға шақыру;
- халыққа бағыттау, қорғау және бақылау қызметін беру туралы талап.

**Жан Кальвин** (1509–1564 жж.) — аралық ағым идеологы.

**Негізгі еңбектері:** «Христиан дініне уағыздау».

Саяси-құқықтық ілімінің негізгі ережелері:

- адам өмірінің барлық жақтарының Құдаймен анықталуы;
- әрбір адамның өзін кәсібіне толық бағыштау міндеттілігі, еңбекқорлық, қанағаттылық;
- шіркеуді реформалау туралы ұсыныс, діни рәсімдерді қарапайымдату, діни қызметкерлерді тарату, өзін-өзі басқаруды енгізу;
- шіркеу мен мемлекетті біріктіретін мемлекеттік құрылым концепциясын қалыптастыру;
- республикалық басқару нысаны басымдылығын тану;
- қабілеттілігі болған жағдайда әркімнің билік жүргізуге қатысу мүмкіндігін тану;
- кез келген ереске қарсылық.

**4. Жан Боден** (1530–1596 жж.) — француз заңгері, егемендік теориясының негізін қалаушы.

Жан Боден орта тапқа жататын отбасында дүниеге келген. Тулуз университетінің заң факультетін бітіріп, біршама уақыт университетте рим құқығынан дәріс берді. Париж қаласында адвокаттық тәжірибеден өтті. 1575–1580 жылдар аралығында сот қызметін атқарды. 1576 жылы Блуада Бас штаттағы үшінші сословие депутаты болып сайланады. 1587 жылдан бастап Ланада корольдік прокурор қызметін атқарады.

**Негізгі еңбектері:** «Республика туралы алты кітап» (1576). Бұнда республика мемлекет мағынасында қолданылады. Бірінші кітапта әлеуметтік қауымдастық негіздері қарастырылады, екіншісінде — мемлекет нысандары, үшінші кітапта — институтары, төртіншісінде — мемлекет құрылымындағы өзгерістер және оларға бақылау жүргізу мәселелері, бесінші кітапта – жағдайға бейімделу және мемлекет міндеттері, соңғы кітапта билік құралдары және жетілген мемлекет нысаны мәселелері көтеріледі.

Боденнің саяси ілімінің логикалық негізін келесілер құрайды:

- теоцентризм;
- тарихилық;
- рационализм.

XVI ғасырдың екінші жартысында Францияда католиктер мен гугеноттар арасында діни шайқастар басталды. Тек «күшті» мемлекет қана осындай діни және соған қатысты саяси былықты тоқтата алатын еді. Мемлекеттік егемендік теориясын негіздей отырып, Жан Боден, міне дәл осындай ой-пікірде болды.

**Саяси ілімінің мазмұны.** Адамдар үшін, Боденнің пікірінше, Құдайдан кейін мемлекет үлкен құндылық болып табылады. Сондықтан өз туындыларында «ажалсыз Құдайдан кейінгі, өмірі үшін қарыздар, мемлекетке алғысын жаудырады».

Боден мемлекетті «отбасын және оларға ортақ нәрсе, егемен билікті құқықтық басқару» ретінде түсінеді. Дәл осы құқықтық басқару мемлекетті бұзақылардың тобынан ерекшелеп тұрады.

Отбасы мемлекеттің негізі болып табылады: «Қала үйлерсіз өмір сүре алмайтыны немесе үй іргетассыз бола алмайтыны сияқты мемлекет те отбасыларсыз өмір сүре алмайды». Отбасы

басшысы мемлекеттік биліктің көрінісі, оның билікті босаңсытуы мемлекеттің кері кетуіне әкеп соқтырады. Мемлекет — көптеген отбасын құқықтық басқару. Мемлекеттің пайда болу себебі — адамдардың бірігуге деген табиғи қажеттілігі. Мемлекеттің пайда болу әдісі — отбасының ұлғаюы, қоғамның әлеуметтік-ұйымдасқан ұяшығы.

Мемлекеттің маңызды элементі — егеменді билік, Боден бұл арада егеменді билік ретінде абсолютті және тұрақты бөлінбейтін мемлекеттік билікті түсінеді: «Егемендік дегеніміз – мемлекеттің абсолютті және тұрақты билігі». Мемлекеттің егеменді билігі, Боденнің түсінігінше, төмендегідей:

- тұрақты билік, шексіз ұзақ мерзімге таралатындығымен сипатталады, Ежелгі Рим диктаторларына тән уақытша биліктен ерекше болады;

- абсолютті билік, мемлекет қуаттылығын көрсетудің ешқандай шегі болмайтындығын білдіреді. Егеменді билікке ие болған адам жекеменшік иесі ретінде оны басқа тұлғаға бере алады. Боден абсолютті биліктің тек үш шегін ғана көрсетеді: өз қызметінде жоғары билік иесі (егемен) Құдай заңымен, табиғи заңмен, жалпы халыққа ортақ адами заңмен шектеледі. Құдай заңы және адами заңдар арқылы адамдарға жекеменшік құқығы жазылып қойған, сондықтан жоғары билік иесі Бас штаттардың келісімінсіз азаматтарға өз қалауынша салық сала алмайды. Осыған байланысты Боден Т.Мордың утопиялық мемлекетін сынайды: меншік құқығын теріске шығаруға құрылған мемлекет «Құдай заңы мен табиғи заңға қарама-қарсы болған болар еді»;

- біртұтас билік, яғни бөлінбейді. Ол бір мезетте монарх, аристократия және халыққа тиесілі бола алмайды, оны үш бөлікке бөлуге болмайды. Боден түрлі кезеңдерде Полибий, Цицерон, Мор, Макиавелли ұстанған мемлекеттің аралас нысаны теориясына қарсы.

Егеменділіктің айрықша белгілері кешені:

- егемен азаматтарға қатысты олардың келісімінсіз заңдар шығаруға, оның күшін жоюға және жариялауға құқылы — бұл егеменді биліктің ең негізгі айрықша құзыреті;

- соғыс жариялау және бітім жасау құқығы;

- лауазымды тұлғаларды тағайындау және олардың қызметтік міндеттерін белгілеу құқығы;

- барлық лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін соңғы сатыдағы сот төрелігін жүзеге асыру;

- кешірім жасау құқығы;

- монеталар шығару;

- салық салу құқығы.

Боден мемлекетті басқару нысанын қандай да бір жоғары билік иесіне тиесілігіне байланысты демократия; аристократия; монархия деп ажыратады. Демократияда азаматтардың барлығы немесе олардың көпшілігі барлығының үстінен жоғары билікке ие болады. Демократияны Боден теріс бағалайды: «халық ақыл-парасатынан айрылған, көп басты аң секілді, ол қандайда бір жақсылықты аса қиындықпен жасайды. Оларға саяси істі шешуді сеніп тапсыру ақыл-есінен айрылған адамнан кеңес сұрағанмен бірдей».

Аристократияда азаматтардың аз бөлігі барлығының үстінен жоғары билікке ие. Аристократияның кемшілігі — шешімді алқалық тәсілмен шығаруға негізделгендігі, тұрақсыздығы.

Монархияда жоғары билік тек бір адамға ғана тиесілі болады, мейлі ол король болсын немесе тиран (қанаушы) болса да. Мемлекетті басқарудың ең жақсы нысаны – монархия, себебі ол жоғары биліктің табиғатына: оның бірлігіне, бөлінбейтіндігіне сай келеді. Боден аналогия бойынша пікірлерді пайдалана отырып, монархияны жақтап көптеген мысалдар келтіреді. Ол барлық жерден жеке билік бастамасының салтанатын тауып отырады: Құдай, Күн, әкей және т.б. XVI ғасырда Франция үшін мемлекеттің үздік нысаны — легитимді (мұрагерлік жолмен басқару) монархия. Мемлекетті басқарудың мұндай нысанында құзыретіндегілер өзінің жеке бостандығын және меншігін қолдана отырып, монархия заңына бағынады, ал монарх құдай заңына және табиғи заңға бағынады. Егер монарх табиғи заңды бұза бастайтын болса, өзінің азаматтарының меншігін өз меншігі секілді қарап, оларға құлдары ретінде қарай бастайтын болса, онда монархия тиранияға ауысуы мүмкін.

Боден, егер тиран билікті күшпен алған болса, оны өлтіруді, мойындайды. Бірақ монарх өз мансабын мұрагерлік туралы әрекеттегі заңға сәйкес иеленген болса, тирандық әрекет жасаса да, ондай құқықты мойындамайды. Боден тек құдай алдындағы жазаға ғана үміт артады: «Жеке тұлға үшін, егер Құдайдың

ерекше және анық бұйрығы болмаса, өзінің заңды тақсырын өлтіру түгілі, оған қарсы бүлікке шығудың өзі заңсыз». Мемлекетте билік жүргізу нысанының тұрақсыздығын анықтайтын факторлар ретінде байлықтың заңсыз бөлінуін, діни бостандықтың жоқтығын атайды. Сондықтан өсімқорлыққа қарсы заң, мүлікке мұрагерлік туралы заң қажет, сонымен қатар діни бостандыққа мүмкіндік беретін заң қажет.

Боденнің мемлекеттік егемендік теориясы қазіргі таңда да мемлекет туралы заманауи ғылымның негізін құрайтын және саяси шешім қабылдауда басшылыққа алатын маңызды компонент болып отыр.

5. Ерте социализмнің саяси-құқықтық идеяларының өкілдері Томас Мор және Томмазо Кампанелла. Ерте социализм ілімінің логикалық-теориялық негізі Платонның мүлік ортақтығы идеясы болып табылады. Қозғалыс өкілдерінің талаптарына:

- жеке меншікті жою;
- мүлік ортақтығын енгізу;
- қоғамдық құрылым және ұйымды реформалау жатады.

**Томас Мор** (1478–1535 жж.) — ағылшындық заңгер, гуманист, саяси қайраткер және жазушы.

Лондонның алғашқы тұрғындарының тұқымынан тараған отбасында дүниеге келді, оның әкесі король соты қызметіне дейін өскен. Оксфорд университетінде оқыды (екі жыл), содан кейін, әкесінің қалауымен, Лондонның заң мектебінің бірінде білім алады. Біршама уақыт адвокаттық тәжірибемен айналысты, жәбір көргендерді өз қорғауына алды. 1504 жылы парламент мүшесі болып сайланып, жаңа салықтарды талап еткен король Генрих VII қарсы оппозицияны басқаруды өзінің қоғам алдындағы борышы деп санады. Тауэрге қамалды. Босатылғаннан кейін сот және шериф қызметін атқарды. Содан кейін король Генрих VIII оны сарайға жақындатты. 1529–1532 жылдар аралығында Т. Мор лорд-канцлер, корольдік сотқа шағымданғандардан сыйлық алу тәжірибесін жойды. Реформаланған ағылшын шіркеуінің басшысы ретінде Генрих VIII-ге ант беруден бас тартқаны үшін Отанға сатқындық жасау айыбы таңылып, өлім жазасына кесілді. Католиктер шіркеуі Морды әулиелер қатарына қосты.

Саяси-құқықтық ілімінің логикалық негізін Жаңғыру дәуірінің гуманистік идеялары, Платонның мүлік ортақтығы

идеялары, жалпыға міндетті еңбек туралы ерте христиандардың биік мұраты құрайды.

**Негізгі еңбектері:** «Алтын кітап, мемлекеттің жаңа құрылымы туралы және Утопия (әлемге «Утопия» деген атпен танымал).

Т. Мор өзінің «Утопия» атты кітабында идеалды мемлекетті сол заманда өмір сүріп жатқан ағылшын (еуропалық) мемлекетінің теориялық баламасы ретінде көрсетті. Бұл мемлекеттің көрінісі, Жаңа Әлемнің бір жерінде орналасқан Утопия аралында болып келген саяхатшы Рафаэль Гитлодейдің сөзімен беріледі. Гитлодей — Мормен болған диалогқа қатысушы.

Англиядағы династиялық соғыс, тарихта Ақ және Қызыл Раушан соғысы деген атпен белгілі болған соғыс аса ауыр әлеуметтік салдарды туындатты. Дәл сол уақытта капитализмнің қалыптасу үрдісі де жүріп жатты. Егін шаруашылығының малшаруашылығына, оның ішінде қой өсіру шаруашылығына ауысуы (себебі қой жүнін өткізу егін шаруашылығынан гөрі пайдалырақ болды) нәтижесінде шаруаларды орныққан жерлерінен жаппай қудалау басталды. Елде қаңғыбастық көбейді, қылмыс саны артты. Мор бұл жағдайды: «қойлар... тіпті адамдарды да қырып, егін алқаптарын, үйлер мен қалаларды бүлдіріп, ойсыратып барады», — деп сипаттайды.

Англияның қылмыстық заңнамасында ұрлық жасағанға да, кісі өлтіргенге де бір санкция — өлім жазасын қолдану бекітілді. Гуманист Мор мұндай заңды әділетсіз деп ұғып, «қарапайым ұрлық үшін өлім жазасы — өте қатал жаза» деп санады; «тартып алған ақша үшін, сол адамның өмірін алу әділетсіз. Өйткені, менің ойымша, әлемде бар нәрсенің бәрі де адам өмірімен тең келе алмайды, ең қымбаты сол — адам өмірі».

Мор қылмыстың әлеуметтік негізделуі туралы өз тезисін айтты, соған сәйкес, кейбір қылмыстардың жасалуы, сол қылмысты жасаушы тұлғаның жеке басының ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар қоғамның әділетсіздігімен де негізделуі мүмкін: «Өзінің тіршілік етуіне қажетті қоректі табу үшін, қылмыстан басқа әрекет қалмаған адамдардың қылмыс жасауы ешқандай да ауыр жазамен тоқтатыла алмайды».

Мор Англия мемлекеті мен өзіне белгілі басқа да мемлекеттерді: «Осы мемлекеттердің барлығының шын мәні біреу ғана: мемлекеттің атын жамылып, тек өз пайдаларын ғана көздейтін, үстем тап өкілдерінің қастандығы» ретінде бағалайды. Бұл мемлекеттердің заңдары — бай адамдардың өзінің одан әрі баюы жолында кедейлердің еңбегін қанауға құрылған айла түрі: «Бұл айла заңды болып кеткен, байлар мемлекет атынан болғанда, кедейлердің де атынан және оны орындау міндеттілігімен қабылдаған».

Мордың идеалды мемлекеті қағидалары: ұжымдық меншік; еңбектің жалпыға міндеттілігі; тақуалық (сопылық) өмір салты; өндірілген өнімді бір орталықтан бөлу. «Жеке меншік құқығын мүлдем жойып тастамаған жағдайда барлығын теңдей және әділ бөлу, сонымен қатар адамдардың ісін бақытты басқару мүмкін емес. Егер жеке меншік құқығы қалатын болса, онда адамдардың көпшілік бөлігінде қорқыныш, сондай-ақ қайыршылық масылдығы қалып қояды».

Егер еуропалық мемлекеттерде жалпыға бірдей міндетті еңбек қағидасы әрекет етпей, түрлі әулеттер болса, идеалды мемлекетте барлығы жұмыс істейді. Барлығы жұмыс істегеннен кейін, олардың әрқайсысына алты сағат жұмыс істесе жеткілікті. Егер еуропалық мемлекеттерде сопылық өмір салты қағидасы әмбебап болып табылмаса, онда идеалды мемлекет тұрғындарына — утопиялықтарға ең аз мөлшердегі қажеттілік тән және сән-салтанатқа талпыну жат. Утопияшылар біркелкі киім киеді және алтыннан жасалған бұйымдарға мән бермейді. Олар алтыннан қоқым-соқым салатын ыдыс және құлдарға арналған шынжыр жасайды.

Өндірілген өнімді бірорталықтан бөлу қағидасы, утопиялықтардың өндірген барлық өнімі әр қаланың орталығында орналасқан қоймаларда жиналады. Бөлу, қандай да бір отбасының қажеттілігіне сәйкес, орталықтандырылған түрде жүзеге асады. Есептесудің қандай да бір ақшалай жүйесі болмайды.

Идеалды мемлекет басқарудың аралас нысаны қарастырылған мемлекет болып табылады. Утопияның мемлекеттік құрылымы — 54 қаладан құралған федерация. Жоғарғы органы — әр қаладан 3 ақсақалдан сайланған 162 адамнан құралған утопия сенаты.

Утопия сенаты аралдың ортақ мәселесін қарайды: азық-түлікті, жұмыс күшін бөлу және т.б.

Әр қалада 6000 патриархалдық отбасы мекендейді. Әрбір 30 отбасы бір жылға филарх сайлайды; әр қалада 200 филарх болады, олар барлығының жұмыс істеуін бақылап отырады. Сонымен қатар протофилархтар да бар, олар ғалымдардан құралады. 300 отбасына 1 протофилархтан келеді. Әр қаланың басында князь отырады, халық ұсынған кандидаттардың ішінен князьді филархтар сайлайды. Князь қызметі, егер ол тиранға айналмаса, алмастырылмайды. Князь бен протофилархтар қала сенаты құрамына кіреді. Әр қалада қаланың маңызды мәселелерін шешетін жиындар өткізіледі.

Идеалды мемлекетте жеке меншік және соған қатысты талас жоқ болғандықтан, заңдар аз. Заңдар барлығына түсінікті: «Утопиялықтарда әркім заңгер. Себебі оларда заңдар аз, сонымен қатар ол заңдардың түсініктемесі қарапайым болған сайын, әділ болады»; «саны оларды оқып шығу мүмкіндігінен асып тұрса, қандай да бір адамдарды осындай заңдармен байланыстыру аса жоғары әділетсіздік...» деп санайды.

Томас Мордың «Утопия» еңбегі социалистік саяси-құқықтық идеологияның дамуына үлкен әсер етті.

**Томмазо Кампанелла** (1568–1639 жж.) — италияндық социалист.

**Негізгі еңбегі:** «Күн қаласы».

Еңбегінде солярийлер қала-мемлекеті өмір салты суреттеледі. Мемлекеттегі жария билік үш тармақтан құралады: 1) әскери іс; 2) ғылым; 3) тұрғындардың өзін-өзі өндіруі, оларды азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету және азаматтарды тәрбиелеу. Қуат — әскери аймақты басқарумен айналысады. Даналық — ғылымды басқаруды жүргізеді. Махаббат — тұрғындарды қалпына келтіру, оларды тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету қызметін басқарады. Олардың әрқайсысына үш басшы бағынады, олар өз алдына үш-үштен лауазымды тұлғаларға жарлық ете алады.

Мемлекет басшысы — Метафизик, барлық мемлекет азаматтарының арасындағы ғылымды жетік меңгеруімен, дарындылығымен, тәжірибесімен ерекшеленген ол зайырлы және рухани билікті жүзеге асырады. Метафизик билігі ел арасынан

өзінен дарынды, ақылды, тәжірибелі адам шығуына байланысты тоқтатылады.

«Күн қаласында» жеке меншік жоқ, жер өңдеу, қолөнер солярийлердің бірлескен еңбегін қажет етеді. Бірлесе табылған өнім, қажеттілік өлшеміне сай әділ бөлінеді «олар қауымнан алады, лауазымды тұлғалар ешкімнің тиістіден артық алмауын жіті қадағалап отырады».

Социалистердің саяси-құқықтық көзқарастарына тән ерекшеліктердің бірі меншік ортақтығына, ұжымдыққа негізделген мемлекеттік-ұйымдастырылған қоғамда бекітілуге тиісті заңнамаға әділ басты назар аударатырып, жеке тұлға құқықтары мен бостандықтарына, азамат пен мемлекеттің құқықтық қарым-қатынасына, адам құқықтарының сенімді кепілдіктері жүйесіне назар аудармайды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси және құқықтық ойлардың ерекшеліктері.
2. Н.Макиавеллидің саясат, саяси билік туралы ілімдері.
3. Н.Макиавеллидің «Патша» еңбегіндегі көзқарастары.
3. Мартин Лютердің саяси және құқықтық идеялары.
4. Томас Мюнцердің саяси және құқықтық идеялары.
5. Жан Кальвиннің саяси және құқықтық идеялары.
6. Жан Боденнің мемлекет туралы ілімі. Мемлекеттік егемендік теориясы.
7. Жан Боденнің құқықтық теориясы.
8. Томас Мордың «Утопия» еңбегіндегі саяси және құқықтық көзқарастары.
9. Томмазо Кампанелланың «Күн қаласы» еңбегінде негізделген саяси және құқықтық идеялары.

### III-тарау. XVII–XIX ҒАСЫРДЫҢ I-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР

#### 8-тақырып. XVII–XVIII ғасырлардағы Голландия мен Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер

1. Табиғи құқық теориясының жалпы сипаттамасы.
2. Г. Гроцийдің саяси және құқықтық ілімдері.
3. Т.Гоббстың саяси және құқықтық ілімдері.
4. Дж.Локктың саяси және құқықтық ілімдері.

1. Батыс Еуропада XVII ғасырда әулеттік-феодалдық құрылымды төңкеріліс жолымен құлату басталды. Жаңа кезең — орта ғасырдың орнына келген тарихи дәуір Англиядағы төңкерілістен басталды.

Голландия, Англия және өзге елдердегі феодалдық құрылымға қарсы қозғалыстың идеялық көшбасшысы протестанттық болып табылады. Кальвинизм негізінде ерекше жеке тұлға типі — жеке аскетизм, еңбекқорлық және іскерлік адалдыққа негізделген протестанттық этика иегері қалыптасты. Қалаларда шоғырланған еңбекқор — кальвинистер дін, мүдде ортақтығы және іскерлік байланыстарға сәйкес біріге отырып, католик шіркеуінің және дворяндық-монархиялық мемлекеттің қанауынан арылуға және өз өмірлеріне, бостандықтарына қол сұғудан құтылуға ұмтылды. Буржуазиялық төңкеріліс жемісті аяқталған бірінші мемлекет Голландия болып табылады. Екінші буржуазиялық төңкеріліс Англияда орын алды. Аталған төңкерілістердің идеологы-кальвинизм, бірақ тұжырымдық көрінісі және нәтижесі рационализмге негізделген табиғи құқық және қоғамдық келісім теориясы болып табылады.

Рационализм — қоғамдық қатынастарды сана тұрғысынан бағалау, оларға логика ережесін қолдану, феодалдық қатынастарды сынаудың қуатты құралына айналды. Егер барлық адам табиғатынан тең болса, әулеттік артықшылықтарды ақтау мағынасы неде? деген сұрақ көкейтесті ойға айналды.

XVII ғасырдағы төңкерілістің әлеуметтік негізін қалалықтар (жаңадан қалыптаса бастаған буржуазия өкілдері) және феодалдардың қанауынан мезі болған шаруалар құрайды.

Жаңа дүниетанымдық көзқарастың үлгілі нұсқасы табиғи құқық теориясы болып табылады. Бұл теория XVII ғасырда қалыптаса бастады және тез арада кең көлемде таралды. Оның идеялық бастаулары ерте буржуазиялық ойшылдардың адам табиғаты мен құмарлығын зерттеуге негізделген саяси-құқықтық теориялар құру ынтасын сипаттайтын еңбектерінен туындайды. Табиғи құқық теориясы барлық адамдарды табиғатынан тең, табиғатпен табиғи құмарлық, құштарлық, сана берілген индивидтер деген ойды негіздеуге құрылған. Табиғат заңдары табиғи құқық нұсқауларын анықтайды, оған жағымды (позитивті, ерік тағайындайтын) құқық сәйкес келуге тиісті. Табиғи құқық теориясының антифеодалдық сипатын барлық адамдарды тең деп танудан, адамдардың табиғи теңдігін жағымды құқықтың міндетті қағидасына айналдыруынан көруге болады.

2. Табиғи құқық мектебінің ірі теоретигі нидерланд ғалымы **Гуго Гроций** (1583–1645 жж.) болып табылады. Нидерланд XVII ғасырда өз заманының барынша дамыған мемлекеті болған. Испан корольдігі мен феодалдары қанауына қарсы күресте Нидерланд жеңіске жетіп тәуелсіздікке қол жеткізген, республика құрған. Қалалықтар мен дворяндар арасындағы билік үшін күрес кейде кальвинистік секталар арасындағы қақтығыс нысанында жүргізіліп отырған, осындай күреске қатысқаны үшін Гуго Гроций Францияға эмиграцияға кетуге мәжбүр болады. Сонда өзінің басты еңбегі **«Соғыс және бейбітшілік құқығы туралы. Үш кітапты»** жазды.

Гроций ілімінің бастауы — адам табиғаты, адамның әлеуметтік сапасы. Гроцийдің түсінігінше, кезінде «табиғи жағдай» болған, бірақ мемлекет те, жеке меншік те болмаған. Адамзаттың дамуы, алғашқы қарапайымдылықтың жойылуы, қауымдастыққа құштарлық, адамдардың сананы жетекшілікке алу қабілеттілігі оларды мемлекет құру туралы келісім жасауға оятты. Мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясы биліктің «тәңірмен берілгендігі» туралы феодалдық концепцияға қарсы келді. «Алғашқыда адамдар мемлекетке құдай еркіне байланысты емес, ерікті түрде, жеке отбасылардың күштеуге

қарсы әлсіздігіне көз жеткізгендіктен біріккен, осыдан азаматтық биліктің пайда болуы өзінің бастауын алады». Мемлекет құру туралы келісім мемлекет теориясының бастапқы түсінігі, мемлекет негізі, билік пен бағыныштылық қатынасы ретінде қарастырылады. Гроцийдан бастау алған осы түсінік XVII–XVIII ғасырлардағы мемлекет құрылу әдістерін, мәнін, себептерін түсіндіретін теориялық құрылымдар негізін құрайды.

Гроций адамның пайда болуын, математик секілді, аксиоматикалық тұрғыда анықтайды. Әр адамға *societatis appetitus* — әлеуметтік тәбет тән, яғни өзі тектестермен қарым-қатынас жасауға талпыныс бар. Гроций оны былай нақтылайды: «өзі тектестермен байсалды және өзінің ой-санасымен басқарылатын қарым-қатынасқа талпыныс» адам баласына тән қасиет. Осы аксиоманың негізінде, Гроций мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясын жасайды.

Мемлекет, Гроцийдің түсінігінше, ерікті жеке адамдардың өз қалауымен бірлесуі: «Мемлекет — ерікті адамдардың құқық пен ортақ пайданы сақтау үшін құрылған жетік одағы». Мемлекет тәуелсіздігін таниды, мемлекеттің жоғарғы билігі — бұл «әрекеті басқа билікке бағынбайтын және қалауы бойынша басқа билікпен тоқтатылмайтын» билік. Оның атрибуттары:

- заң шығару (ол діни және зайырлы аймақтарға қатар жүреді);
- әділсотты жүргізу;
- лауазымды тұлғаларды тағайындау және олардың әрекетіне басшылық жасау;
- салық жинау;
- соғыс және бейбітшілік мәселесін шешу;
- халықаралық шарттарды жасау.

Мемлекеттік билік түрлі нысанда болуы мүмкін, дегенмен олардың бірде бірі үлгілі деп танылуы мүмкін емес: «Биліктің қандай нысанын жасап шығарса да, бәрібір қандай да бір қолайсыздық пен қауіптен құтылу мүмкін емес». Гроцийдің мемлекет егемендігі туралы ілімі оның мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясы түсінігімен байланысты: келісім-шарт жасамас бұрын жоғарғы егемен билік халыққа тиесілі, ал шарт жасағаннан кейін — мемлекетке тиесілі.

Мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясына және табиғи құқық теориясына сәйкес, Гроцийдің пікірінше, халықта өз билігін асыра пайдаланушы билеушіні «тақтан түсіріп, жазалау» құқығы болмауы керек. Дегенмен халық:

- билеуші «барлық халыққа шын мәнінде қарсы» болса;
- тақтан бас тартса;
- қандай да бір шартпен алған өз билігін жоғалтса;
- өзіне билік берілген уақытта, белгілі бір жағдайда қарсы шығуға болатыны туралы келісімін берсе және т.б., ондай билеушіге қарсы бас көтере алады.

**Гроцийдің құқықтық ілімі.** Құқық – индивидтің онсыз өмір сүруі мүмкін болмайтын, адам санасы нұсқауларының жиынтығы. Құқық – табиғатқа сай әділетті әрекет. Құқық қайнар көзі адам санасы немесе еркі, табиғат.

Юриспруденция пәні – құқық пен әділеттілік мәселелері, ал саяси ғылым пәні – мақсаттылық және пайда.

Зандық көзқарасын анықтай отырып, Гроций Аристотель ұсынған құқықты табиғи және ерік тағайындалған құқық деген бөліністі қолдайды. Табиғи құқық — «ақылды сананың нұсқауы».

Табиғи құқықтың қайнар көзі адам санасы, онда адамның өзгелермен тұрақты тыныш қарым-қатынасқа құштарлығы бекітілген. Соған сәйкес Гроций табиғи құқық нұсқауын (сана талабын) анықтайды: «Жаттың мүлкінен бас тарту, алынған өзгенің мүлкін қайтару және одан түскен пайданың орнын толтыру, уәдеде тұру, сіздің кінәңізге сәйкес пайда болған зиянның орнын толтыру, тиісті жазаға тарту».

Кең мағынадағы құқық (яғни, ерік тағайындалған құқық) саналы адам табиғатына және табиғи құқыққа қарсы келмейтіндігіне байланысты танылады.

Ерік тағайындалған (позитивті) құқық мынандай заңдардан көрінеді:

- Тәңірлік заңдар, Құдай еркін білдіреді (құдай табиғи-құқықтық әділеттілік қағидасына сәйкес заң шығарады);
  - Адам заңдары, адам еркін білдіреді.
- Адам заңдарын Гроций былай бөледі:
- халықтар құқығы (халықаралық құқық прототипі);
  - ішкі мемлекеттік (ұлттық) құқық.

Ерік тағайындалған құқық (адам және тәңірлік) табиғи құқық нұсқауларына сәйкес келуге тиісті.

Гроций өзіне замандас қоғамдағы немесе болашақтағы өткір мәселелерді шешуді мақсат етеді. Оның доктринасының басты категориясы-әділеттілік пен табиғи құқықтың түсінігі және мазмұны, азаматтық қоғам қалыптасуы мен буржуазияның дамуы үшін маңызды заңнамаларда көрініс табатын жеке құқықтық институттар арқылы ашылады. «Қоғам өз құндылығын әркімге ортақ күш пен ортақ келісімге сәйкес қамтамасыз етуді мақсат етеді». Сондықтан бірге өмір сүру шарты ретінде әділеттілік «өзгенің құндылығына қол сұғудан бас тарту» ретінде сипатталады.

Гроцийдің табиғи құқық талаптарын ерік тағайындалған құқық нормаларына, яғни, көптеген елдерде әрекет ететін феодалдық құқық институттарына қарсы қоюы, феодалдық құқық және феодалдық құрылымды сынау құралына айналды. Гроций табиғи құқықтың бастау көзін жаңаша ғана анықтап қойған жоқ, сонымен қатар осы құқықпен рационалды тұрғыда ойлайтын әрбір жеке адамды міндеттейтін ережелер жүйесін құрады:

- басқа біреудің мүлкін меншіктеп алудан өзінді теже;
- өзің алған басқа біреудің мүлкін қайтар;
- сол мүлктен тапқан пайдаңның орын толтыр;
- адамдарға сенің кесіріңнен келген шығынның орнын толтыр;
- адамдарға тиесілі жазасын бер (қылмыс жазалануға тиісті);
- келісім-шартты орындау қажет.

Табиғи құқық, Гроцийдің пікірінше, жеке адамның ақыл-ой табиғатының өзгермейтіні секілді, өзгертілмейді. Сондықтан табиғи құқық мызғымас берік және Құдайдың өзі де өзгерте алмайды. «Құдайдың өзі екі жердегі екі төртке тең болмайтындай ете алмайтыны секілді, ол да ішкі мәні бойынша қастандықты жақсылыққа айналдыра алмайды».

**Халықаралық құқық концепциясы.** Гроций мемлекет аралық қатынастарды, соның ішінде соғыс әрекеттерін құқықтық реттеу қажеттілігін негіздейді. Халықаралық қатынастарда құқықтық бастауларды және бейбітшілікке жетуді бекіту орынды. Соғысты «күшке қарсы күрес жағдайы» ретінде сипаттайды, соғыс табиғи құқыққа қарсы келмейді.

Соғыс түрлері:

- жеке (жеке адамдар арасында);
- көпшілік (азаматтық билік органдарымен жүргізілетін соғыс);

Себептері мен мақсаттарына байланысты:

- әділ;
- әділетсіз.

Гроций басқыншылық соғыстарға қарсы болған, ал егер соғыс болған жағдайда құқықтық шектеулерге бағынудың қажет екенін жақтады: «Мен христиандар арасындағы соғыс кезінде, керек десеңіз, басқыншылар үшін де сорақы әрекеттерге куә болдым, атап айтқанда: болар-болмас нәрсе үшін қолдарына қару алады, кейде тіпті, еш себепсіз де қару ұстайды, ал соғыс бастағаннан кейін адами заңдылықтарды былай қойғанда, құдайдың заңын да сақтамайды, бетімен кеткен қаталдық, түрлі қылмыстың жолына түсті».

«Соғыс және бейбітшілік құқығы туралы» еңбегінің басты мақсаты — халықаралық құқықтың өзекті мәселелерін шешу. Соғыс және бейбітшіліктің теориялық мәселелерін талдау құқық, әділеттілік, олардың қайнар көзі, өмір сүру нысандары, зерттеу әдістері туралы жалпы сұрақтарды шешу қажеттілігіне әкелді. Нәтижесінде Гроций жаңа әдістемеге негізделген, мемлекет пен құқықтың жалпы теориясының кейбір мәселелері ұтымды шешілген, бағдарламалық ережелерге толы саяси құқықтық доктрина қалыптастырды. Г. Гроций саяси және құқықтық ілімдер тарихына негізін рационализм қалаған, Жаңа дәуірдің табиғи құқық мектебінің негізін қалаушы ретінде енді. Сондай-ақ Гроций халықаралық құқықтың атасы ретінде танылады.

**3. Томас Гоббс** (1588–1679 жж.) — ағылшындық саяси ойшыл, «күшті» мемлекет теоретигі.

Мальмсбериде ауылдық шіркеу қызметкерінің отбасында туылған, мектепте жүрген кезінде латын және грек тілдерін меңгерген, өнер бакалавры.

Ағылшын буржуазиялық революциясы (1640), 1649 жылы парламенттің шешімімен құрылған жоғары трибуналдың кесімі бойынша Карл I-нің өлтірілуі, республика құрылуы (1649–1653), Кромвель диктатурасы (1653–1658), Стюарттар басқаруының реставрациясы — Карл II-нің басқаруы (1660–1685) тұсында өмір

сүру Т.Гоббстың саяси-құқықтық ілімнің логикалық негізін қалыптастырады.

**Негізгі еңбектері:** «Мемлекет туралы» (1642), «Азамат туралы ілімнің философиялық бастаулары», «Левиафан, немесе Материя, шіркеулік және азаматтық мемлекет нысаны және билігі» (1651).

**Мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясы.** Қоғам туралы ілім негізі — адам құштарлығы табиғатын тану. Гоббс азамат қауымының даму кезеңдерін мемлекетке дейінгі, яғни, табиғи жағдай (*status naturalis*) және мемлекеттік, яғни азаматтық, жағдай (*status civilis*) деп бөліп көрсетеді. Табиғи жағдай кезінде адам физикалық дене ретінде әрекет етеді және табиғи құқықты басшылыққа алады (*jus naturale*). Табиғи құқық — бұл «әр адамның өзінің табиғи жаратылысын, яғни өмірін сақтап қалу үшін өз күшін өз қалауы бойынша пайдалануға еркіндігі, бұдан адамның өзі дұрыс деп санаған нәрсені өзінің қалауы мен еркі бойынша жасауға еріктілігі туындайды». Табиғи жағдай — бұл барлығының барлығына қарсы соғысы жағдайы (*bellum omnium contra omnes*), өз өмірі үшін әрдайым қорқынышта болу жағдайы. Теріс пиғылдың басымдылығы қоғамды «адам адамға — қасқыр» жағдайына әкеледі; бұл қоғамның мемлекетке дейінгі кезеңі жағдайы. Дегенмен табиғи ойлау адамға тән қасиет, ойлау табиғи заңдылықпен жазылған (*leges naturalis*) — өзгеріссіз және мәңгілік. Табиғи заңдылық (*lex naturalis*) — «ақыл-ой арқылы табылған ортақ ереже, осыған сәйкес адамға, өзінің өміріне зияны тиетін немесе өмірін сақтауға қажетті құралдан ажырататын әрекеттерді жасауға және өмірді сақтауға қажетті ең тиімді құралды қолдан шығарып алуға тыйым салынады».

Гоббс үш тұғырлы табиғи заңдылықты ерекшелейді:

1) басты іргелі табиғи заң: бейбітшілікке ұмтылу және оған берік болу (заң алға қойған мақсат секілді);

2) «егер басқа адамдар келісімін беріп тұрса, бейбітшілік және өзін-өзі қорғау мүддесі қажет еткен көлемде әркімнің өз құқығынан бас тартуға келісуі қажет және басқа адамдарға қатысты еріктіліктің қандай да болсын деңгейін қанағат тұту (заң құрал ретінде)». Өз құқығынан бас тарту — бұл Гоббс үшін «мүліктің ортақтылығын қысқарту» және меншік құқығын

белгілеу, ал табиғи жағдайда меншік құқығының болмауы — «барлығының барлығына қарсы соғысына» әкеп соқтырады;

3) «адамдар өздерімен жасалған келісімді орындауы керек, онсыз келісімнің еш мәні жоқ» (заң парыз ретінде).

Барлық табиғи заңдылықтар, Гоббстың түсінігінше, — моральдық заңдылықтар, олар «барлық уақытта кез келген жерде адамдарды ішкі жан-дүниесі немесе ары алдында міндеттейді». Бұл заңдылықтарды тек адамгершілігі жоғары тұлғалар ғана емес, барлығы орындауы үшін барлық адамдарға ортақ билік қажет. Барлығына ортақ билікті орнату үшін, «адамдар олардың жеке тұлғасының өкілі ретінде бір адамды немесе жиынын тағайындауы керек».

Әрқайсысы ортақ биліктегі адамға, ортақ бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сенім білдіреді және әрқайсысы ортақ биліктегі адамға бағынады: «Бұл келісімнен және ынтымақтықтан да артық. Бұл әр адамның басқа барлық адамдармен жасаған келісімі арқылы бір тұлғаға біріккен нақты бірлігі...».

Мемлекет-индивидті қорғауға және табиғи заңдардың орындалуына кепілдік беруге қабілетті институт. Мемлекет – табиғи «барлығының барлығына қарсы соғысы» сипатындағы мемлекетке дейінгі жағдайға тоқтау салған, адамдар арасындағы келісім нәтижесі. Мемлекеттің атқаратын қызметі: өндіріс пен сауданы дамыту; тәрбиелеу-ағарту шараларын өткізу; қоғамдағы мемлекетке қарсы көңіл-күймен күресті ұйымдастыру.

**Жеке адамдардың мемлекетке қарсы шығу құқығын теріске шығару.** Жеке адамдар егеменге бағынатыны туралы онымен жеке адамдардың әрқайсысы емес, жеке адамдар өзара бір-бірімен келісім жасайды. Сондықтан нақты жеке адамға қатысты егемен келісімді бұза алмайды. Егемен «не істесе де өзінің қарамағындағы кез келген адамға қатысты заңсыз акт болып табылмайды және соңғылардың ешқайсысы да оны әділетсіз деп айыптай алмайды». Шығарылатын тұжырым: егемен «заң бойынша өз құзыретіндегі адамдар тарапынан өлтірілмейді және қандай да бір жазаның басқа түрімен жазаланбайды».

Гоббстың түсінігінше, мемлекет адамдар үшін оның болмағанынан гөрі азырақ жамандық әкеледі: «Адамның жағдайы

ешқашан да қандай да бір жайсыздықсыз болмайды, сонымен қатар, азамат соғысымен бірге келетін бәле-қазалар және жамандықтармен салыстырғанда немесе адамдар заңға бағынбай және оларды ұрлық пен кек алушылықтан сақтап тұратын мәжбүрлі билікті мойындамайтын бейбастақтықпен салыстырғанда, басқарудың қандай да бір нысаны кезінде халық кейде сезінуі мүмкін ұлы шеттетушілік онша сезіле қоймайды... Қарсылық көрсетудің осындай жалпы заңдылығын сақтап тұратын болса, онда мемлекет болмайды, ол циклоптардағы секілді еш тәртіпсіз тобыр болады».

Гоббстың ойынша, бостандық және басқару нысанының адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жарамдылығы оны саралаудың өлшемі болып табылады. Мемлекетті басқарудың үш нысанын бөліп көрсетеді:

- монархия;
- аристократия;
- демократия.

Монархия — бұл ортақ мүдде жеке адамның мүддесімен сәйкес келетін басқару нысаны: «Байлық, монархтың күші мен атағы оның қарамағындағылардың байлығымен және күші мен атағымен шартталады».

Аристократия — «жоғарғы билік азаматтардың тек бір бөлігінің жиынына тиесілі болатын» мемлекетті басқару нысаны.

Демократия — жоғарғы билік азаматтардың барлық жиынына тиесілі болатын мемлекетті басқару нысаны.

Гоббс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шексіз монархияны мемлекетті басқару нысандарының ішіндегі дұрысы деп санаған, себебі монарх игілігі мемлекет игілігіне тепе-тең.

Мемлекет оған алып жасанды адам ретінде көрінеді, Левиафан секілді. Левиафан — бұл теңіз құбыжығы, ол туралы Библияда айтылады. Левиафанның денесі қабыршақтарға толы, әр қабыршағы мемлекеттің азаматын бейнелейді, ал қолында мемлекеттік билік рәмізі бар: «Мемлекет деп аталатын, табиғат жаратқан, адамға қарағанда ірі және күшті әрі сол табиғи адамды қорғау мен сақтауға жаратылған, тек жасанды болатын сол Алып Левиафанды өмір жаратты». Мемлекет пен алпауытты былай салыстырады:

- жоғарғы билік — жан;
- магистраттар — буындар;
- мадақтау мен жазалар — жүйке;
- жеке тұлғалардың әл-ауқаты мен байлығы — күш;
- халық қауіпсіздігі — жұмыс;
- әділеттілік пен заңдар — жасанды ой мен ерік-жігер;
- азаматтық әлем — денсаулық;
- бүлік — ауру;
- азаматтық соғыс — өлім.

**4. Джон Локк** (1632–1704 жж.) — ағылшындық ойшыл, абсолюттік монархияның алғашқы радикалды сыншысы, адамның ажырағысыз құқықтары, билік пен заңдылық теоретигі, таным теориясындағы эмпиризмнің негізін қалаушы, табиғи құқық мектебінің өкілі.

Рингтон қаласында, заңгер отбасында туылған, Оксфорд университетінің түлегі. Ағылшын лордтарының бірінің отбасы дәрігері және сенімді өкілі. Ағылшындық «Атақты революция» (1688) кезінде Нидерландта эмиграцияда болған.

**Негізгі еңбектері:** «Басқару туралы екі трактат» (1690).

**Адамның ажырағысыз құқығының тұжырымдамасы.**

Локк табиғи, яғни, мемлекетке дейінгі жағдайдың болғанын мойындайды. Бұл жағдайда жеке адамдардың өмір сүруге құқығында, еріктілігі мен меншік құқығында теңсіздік бар. Мемлекет, табиғи жағдайдың кемшіліктерін жеңу үшін, қоғамдық келісім жасау жолымен құрылады: «Ыңғайлы, бейбітшілікте, өз меншігін еш қарсылықсыз қолдана отырып, қауымдастық мүшесі болып табылмайтын адамға қарағанда үлкен қауіпсіздікте өмір сүру үшін адамдар басқа адамдармен қауымдастықтарға бірігу туралы келісім жасайды». Қоғамдық келісім жасау мемлекетке дейінгі жағдайдың кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді, ол кезде:

- «жалпы келісім бойынша әділеттілік немесе әділетсіздік нормасы ретінде танылатын белгіленген, нақты заң болған жоқ»;
- «білікті және әділ сот болған жоқ»;
- «көбінесе әділ сот шешімін нақтылап, қолдайтын және оны іске асыратын күш жетіспейтін».

Бұл кемшіліктер жеке адамдарға өзінің меншік құқығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Локк үшін, адамның берік

табиғи құқығының бірі болып табылатыны: «адамдардың мемлекетке бірігуінің және өздерін үкімет билігіне беруінің ұлы және негізгі мақсаты — олардың меншік құқығының сақталуы».

Абсолюттік монархия азаматтық қоғаммен үйлеспейді, азаматтық басқарудың нысаны бола алмайды. «Азаматтық қоғамның мақсаты әр адам өзінің жасаған әрекетінің сыншысы деген қағидадан туындайтын табиғи жағдайдың келеңсіздігінен құтылу және орнын толтыру болып табылады».

Өмір, еркіндік және меншік құқығы — бұлар, Локктың пікірінше, адамның табиғи және ажырағысыз құқығының үштігі. Оны қамтамасыз ету үшін төмендегілер қажет.

1. Заң шығару билігі көлемін шектеу. Заң шығару билігі:

- «халықтың өмірі мен мұрасына қатысты абсолютті деспотты (өзбыр)» бола алмайды;

- «қандай да бір адамның меншігінің қандай да бір бөлшегін оның келісімінсіз ала алмайды»;

- «заң шығару билігі тек сенім білдірілген билікті ғана құрайды»;

- «заң шығару құқығын басқа біреудің қолына бере алмайды. Себебі, бұл халық сенімімен берілген құқық».

2. Мемлекеттік билікті бөлу. «Заңшығарушы және атқарушы билікті жиірек бөлу керек». Билікті бөлу теориясына сай Локк үш билікті ажыратып көрсетеді: заң шығарушы; атқарушы; федеративті.

Заң шығарушы биліктің әрекет ету мерзімі ұзақ емес. Атқарушы және федеративті билік үзіліссіз әрекет етеді, себебі әрдайым заңның орындалуы талап етіледі. Федеративті билік – саясат мәселелерін шешетін атқарушы билік.

Джон Локк биліктің бөлінуін биліктің өзара бағыныштылығы деп көрсетеді. Заң шығарушы билік басқа билік түрлеріне қарағанда ең жоғарғысы болып табылады.

Халықтың заң шығарушы билікке қарсылық көрсету құқығын таниды. Бостандық, көтеріліске шығу құқығы халыққа тиесілі: «Адамзат қауымдастығы өз тарапына жасалуы мүмкін қастандықтан сақтану үшін, әрдайым жоғары билікті өз қолына шоғырландырады, тіпті өзінің заңшығарушыларынан да, егер олар соншалықты ақылсыз болса немесе қарамағындағылардың меншігі мен бостандығына қарсы қастандық ойлап, оны жүзеге

асыруға ниетті болса» халықтың оған қарсы күресу құқығы орын алады.

**Локктың заңдылық тұжырымдамасы** шартты түрде екі бөліктен тұрады:

- заң мен бостандықтың арақатынасы. Бостандық — бұл әрдайымғы заңға; қоғамдағы әр адамға ортақ заңға; қоғамда қалыптастырылған заң шығарушы билік бекіткен заңға сәйкес өмір сүру. Және де бостандық — заңмен тыйым салынбайтын уақытта өз қалауынша өмір сүру мүмкіндігі;

- барлығының заң алдындағы теңдігі. «Жоғары лауазымды тұлғаның да, төменгі қызметтегілердің де билік көлемінен шығып кетуіне құқығы жоқ; бұл бірдей деңгейде корольге де, констебльге де кешірілімсіз».

Джон Локктың адамның ажырағысыз табиғи құқықтары концепциясы, адамның табиғи құқықтарының үштігі АҚШ тәуелсіздігі Декларациясында (1776) тәжірибеге асты. Оның биліктің бөлінуі теориясын Ш.Л.Монтескье жалғастырды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. XVII ғасырда пайда болған табиғи құқық теориясының қалыптасуы және ерекшеліктері.

2. Гуго Гроцийдің құқық туралы ілімдері. Табиғи құқық теориясы.

3. Гуго Гроцийдің мемлекеттің пайда болуы, соғыс және бейбітшілік туралы ілімдері.

4. Томас Гоббстың саяси және құқықтық ілімдері. Левиафан.

5. Джон Локктың саяси және құқықтық ілімдері.

### **9-тақырып. XVIII–XIX ғасыр басындағы Франциядағы саяси және құқықтық ілімдер**

1. Франциядағы XVIII ғасырдағы саяси және құқықтық идеологияның негізгі бағыттары.

2. Вольтердің саяси және құқықтық көзқарастары.

3. Ш.Л.Монтескьенің мемлекет және құқық туралы ілімі.

4. Ж.Ж.Руссоның саяси және құқықтық ілімі.

5. Утопиялық социализмнің саяси және құқықтық идеялары.

1. XVIII ғасырдағы Францияда қоғамдық пікір маңызды санала бастаған азаматтық қоғам институттары қалыптаса бастайды. Абсолютті монархия, діндік фанатизм тарихтың ескілігі (анохронизмі) ретінде қабылданады. Ағарту дәуірі келеді.

Ұлы төңкеріліске дейін Францияда қауымдық қоғам орнаған, соған сай саяси-құқықтық ойлардың екі ағымы қалыптасады:

- **Ағартушылар** (Вольтер, Монтескье, Руссо), олардың арманы барлығына ортақ болатын заңдар арқылы жеке адамдарға бостандық беретін — сана билігіне (буржуазиялық құқықтық тәртіп орнату) жету. Қоғамда артықшылықтарға орын беретін қауымдық құқық орнына, заң алдындағы теңдік қағидасы келуі тиіс болды. Француз ағартушылары абсолюттік монархияны сынап, оған не конституциялық монархияны (Вольтер, Монтескье) не республиканы (Руссо) қарсы қойды;

- **Коммунистік** саяси құқықтық ойлар өкілдері (Мелье, Морелли және Габриель Бонно де Мабли). Олардың арманы — коммунизм, «адам табиғатына» сәйкес келетін, еңбектің ортақтығын міндеттеу және ортақ меншікке негізделген құрылым болды.

2. **Вольтер** (Франсуа Мари Аруэ) (1664–1748 жж.) — француз жазушысы, философ. Әрекет етуші заңдардың әділетсіздігін, тирания, діннің төзімсіздігі және діндарлықты қатты сынады.

Париждық нотариустың отбасында дүниеге келген, иезуиттік колледжде білім алған. Бастапқыда әкесіне деген құрмет үшін шамалы уақыт құқықты зерттеген, бірақ кейін әдебиеттен басқасы оны қызықтырмады. 1717 жылы оны әшкерелеуші өлеңдері үшін 11 айға Бастилия түрмесіне отырғызған, сол уақыт ішінде патшалар мен пірадарларды келемеждеген «Эдип» шығармасын бітіреді. Өмірінің соңына дейін Вольтер бостандық, әділеттілікті жақтады, заңсыздық фактілеріне қарсы шықты.

**Негізгі еңбектері:** «Философиялық хаттар» (1733), «Метафизикалық трактат», «Заңдар рухына» түсіндірме».

Ағарту дәуірінде өмір сүрген Вольтер өзінің уақытын былай бағалаған: «Біздің ғасырымыздың ең бір артықшылықтарының

бірі — математика тікендерінен поэзия гүлдеріне оңай өтетін көптеген білімді адамдардың болуы».

Вольтер — табиғи құқық мектебінің өкілі. Ол әрбір индивидтің ажырағысыз табиғи құқықтарын таниды: бостандық; меншік; қауіпсіздік; теңдік.

Ол ешқандай адам біреудің шешіміне тәуелді болмауы тиіс деп санады: «Бостандық тек қана заңға бағыну». Әрбір адам өз еркі бойынша меншігін басқара алады, «меншік рухы адамның күшін екі еселейді». Әркімнің еңбекке бостандығы бар, яғни «Ең қымбат баға беретінге өз еңбегін сату, себебі кімде меншік жоқ болса, онда оның еңбегі оның меншігі». Әркімнің ар-ождан бостандығы бар, сондықтан басқа дінді ұстанатындарға төзімсіздік құқығын жақтаған жоқ: «Төзімсіздікке негізделетін құқық — жабайы және қисынсыз. Ол жолбарыстардың құқығы, тіпті одан қорқынышты. Жолбарыстар өздерінің құрбандарын тек қана жеу үшін өлтірсе, біз бір-бірімізді параграфқа сай жоямыз».

Табиғи құқық қатарына теңдікті қосты: «Барлық адамдар тең болып туады», «әрбір адам өзінің жан дүниесінде басқа адамдарға тең екендігіне сенуге құқығы бар». Осылай дей отырып, Вольтер теңдікті «бос қиялдағы жағдай» деп атады, яғни адамдардың арасындағы саяси және әлеуметтік теңдіктің мүмкін еместігін таниды.

Табиғи құқықтар адамдарға табиғи заңдармен берілген, олардың ортақ мағынасы «басқаға зұлымдық жасамау және ондай зұлымдыққа қуанбаумен» байланыстырылады. Вольтердің ойынша, табиғи заңдар — табиғатпен адамдарға көрсетіліп, «біздің жүрегімізде бекітілген» әділеттілік. Вольтер табиғи заңдармен «өздерінде бар басқа заңдарға қарамастан, барлық әлем адамдары келісуі керек» деген.

Табиғи заңдармен қатар, Вольтер позитивті заңдарды да жеке қарастырады, заңдар «адамдар жауыздығымен» түсіндіріледі. Позитивті заңдар өзінің мазмұны бойынша ерекшеленеді, бірақ заңдарсыз бірде-бір қоғам өмір сүре алмайды: «Көптеген заңдар өзіне-өзі қарама-қайшылығы соншалықты, мемлекет қандай заңдармен басқарылатыны маңызсыз болып қалады, бірақ бір қабылданған заңдарды орындау үлкен маңызғы ие».

Позитивті заңдар адамдардың табиғи құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Философқа көптеген позитивті заңдар адамдардың надандығын ғана іске асыратын әділетсіз болып көрінді. Вольтер: «Жанымызға ем болуға бағытталуы тиіс заңдар, барлық жерде дерлік бізді жартылай емдейтін көзбояушылармен дайындалған, сол көзбояушылардың кейбіреуі бізге «у» береді»; «шындық біреу ғана, ал заңдар болса оның арасына қосылмайды; сондықтан көптеген заңдардың құны жоқ».

Вольтер волюнтаризмге негізделген барлық ескі заңдарды жойып орнына жаңа, дұрыс заңдар жасауды ұсынды: «Сендер жақсы заңдарды қалайсындарма? Ендеше ескі заңдарды өртеп жаңасын жасаңдар».

Вольтер қинау мен өлім жазасы институтына негізделген қылмыстық заңнаманы қатты сынады: «Сананың әлсіздігі мен заңдарымыздың кемшіліктері біздің күнделікті өмірімізде байқалады. Алайда бейшара халіміз көпшілік дауысымен сот азаматты өлім жазасына кескенде, әсіресе, көрінеді». Вольтер және оның замандасы Беккарияның ойлары қоғам пікіріне және еуропалық қылмыстық әділсот жүйесінің модернизациясына әсер етті.

Вольтер тиранияны басқару нысаны ретінде сынаған, ол үшін тиран – «өзінің қалауынан басқа заңдарға мойынсұнбайтын, қоластындағылардың меншігін алып қоятын, болмаса көршілердің меншігін тартып алу үшін сол қол астындағылардан әскер құратын басқарушы». Вольтер — көптеген еуропалық монархтарға ықпал еткен «ағартушы абсолютизм» идеясының уағыздаушысы (Пруссиядағы Фридрих, Ресейден Екатерина II).

Алайда Вольтер үшін шексіз билігі бар, білімді монархы бар мемлекет «дана басқарудың» жалғыз нысаны болмады: ол үшін саяси идеалдар – ағылшындық конституциялық монархия мен голландық республика болды. Вольтер Англияда көрген өкілдік басқару мен билік бөлу институтына жоғары баға берген: «Осы қағидаларға негізделмейтін мемлекеттердің барлығы төңкеріліске ұшырайды».

Вольтер әлеуметтік зұлымдық көзін діндік фанатизмге әкелетін діндарлықтан көрді. Христиан діні Вольтер үшін, басқа діндер сияқты — адамзат үшін «бір ғасырда бір миллионнан есептегенде, 17 млн адам өмірін қиған — әділсот жендеттері

өлтiрген немесе әскери рухтандырылғандардың қолдарынан өлген» дiндарлық болып табылады.

Вольтер түрлi дiндердi ғана емес, атеизмдi де «адамгершiлiкке терiс әсерiн тигiзедi» деп сынаған. Атеизм заңдылық режимiн бұзуы мүмкiн: «Атеист бейшара және мейiрiмсiз, жазасыздыққа сенетiн, сiздiң ақшаңыз үшiн өлтiретiн ақымақ. Тобыр қылмыскерлер ордасы болады». Атеизм латенттi қылмыстылықтың жоғарлауына әкелiп соғады: «Жазалайтын құдайға сенiм болмаса, бүркеме қылмыстар саны артады». Бұдан басқа, адамдармен басқарылатын атеист болатын болса – ол адамдарға нағыз қатер: «Мен билеушiлер және министрлер жазалайтын және кешiрiм беретiн құдайға сенгенiн қалаймын, бұл жүген болмаса олар маған қанқұмар жануар iспеттес болады».

Вольтердiң саяси-құқықтық идеялары бiр жүйеге келтiрiлмесе де, өзiнiң сенiмдiлiгi мен дәлелдiлiгi арқылы батыстың саяси және құқықтық мәдениетiнiң қалыптасуына үлкен әсер еттi.

**3. Шарль Луи де Монтескье (1689–1755 жж.)** – француздық құқықтанушы және саяси ойшыл.

Шарль Луи де Секонда Бордодағы Ла Бред қамалы бар дворяндар отбасында дүниеге келген, колледжде классикалық әдебиет бойынша негiзгi дайындық алып, заңтануды өздiгiнен зерттеген. 1716 жылы ағасынан Монтескье тегiн, дүние-мүлкiн және Бордо парламентiнде төрағалығын мұраға алады (сол уақыттағы сот мекемесi).

Ағартушылық ағымының өкiлi ретiнде әдiлетсiз құрылымды өзгерте алатын сананың шексiздiгiне сендi. Адам бостандығының кепiлi ретiнде саналы заңдарға үлкен үмiт артты.

**Негiзгi еңбектерi:** «Парсылық хаттар», «Римдiктердiң ұлылығы және құлауы», «Заңдар рухы».

**Бостандық түсiнiгi мен заңдық кепiлдiктерi.** Бостандық түсiнiгiне негiзгi 2 тезис кiрдi:

1. «Бостандық заңмен рұқсат етiлген шекте барлық нәрсенi жасау». Бiрақ барлық заңдар бостандықты қамтамасыз ете алмайды, оны тек жүйелi түрде қызмет ететiн халық өкiлдерiмен ғана қабылданған заңдар жасай алады: «Егер де заңшығарушы жиналыс жүйелi түрде жиналмаса, бостандық болмаушы едi...».

2. «Саяси бостандық — біздің қауіпсіздігіміз, не біздің қауіпсіздікке сенімділігімізге негізделеді.

Бостандық кепілдері болып:

- қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының әділеттілігі: «тек қана бір куәнің көрсетуімен ғана адам өмірін қиятын заңдар бостандық үшін қатерлі. Сана екі куәні талап етеді, себебі бекітіп айтатын куә және мойындамайтын айыпталушы және істі шешу үшін үшінші жақ қажет;

- салық заңдарының әділеттілігі: «Жан басына салынатын салық құл иеленуге, ал тауарға салық — бостандыққа ұқсайды, себебі ол салық төлеушінің тұлғасына қатты әсер етпейді».

**Биліктің бөлінуі теориясы.** Монтескье Англиядағы құрылымға сүйене отырып, Дж.Локктың билікті бөлу идеясын дамытты. Адам бостандығы мемлекеттегі билікке тікелей байланысты. Бірақ билікті адам жүзеге асырады, алайда тәжірибеде «адам билікті шектен тыс қолдануы мүмкін» екендігі дәлелденген. Билікті шектен тыс пайдаланбау үшін оны түрлі органдар арасында бөліп беру керек: «Билікті шектен асыра пайдалану болмау үшін, әр түрлі билік басындағылар өзара бірін-бірі ұстап тұратын тәртіп қажет».

Монтескье заманауи әрбір мемлекетте мыналар болуға тиіс деп санады:

- заң шығарушы билік;
- атқарушы билік;
- сот билігі.

Заңшығару билігін екі палаталы жиналыс жүзеге асыру қажет: «Осылайша заңшығарушы билік ақсүйектер мен қарапайым халық өкілдеріне тапсырылушы еді. Әрбіреуі басқа жиналыстан бөлектенеді, әрбірінің өз мүдделері мен мақсаттары бар».

Атқару билігі, монарх қолында болу керек «тез орындалуды талап ететін іс-әрекеттер көпке қарағанда бір адаммен тез орындалады». Монарх басқаратын, атқарушы биліктің құзыретінде қабылданған заңдарды қайтару құқығы бар, бірақ оның заң шығаруға бастамашылығы болмауға тиіс, «өз ұсыныстарын көрсетпесе де болады».

Сот билігі заң бұйрығына нақты еру керек: «Егер де тек қана судьяның жеке ойымен жүретін болсақ, адамдарға қоғам салатын

міндеттерді білмей өмір сүруге тура келер еді». Монтескье алкабилер сотының жақтаушысы болды: «Сот билігін әрдайым қызмет ететін сенатқа емес, әрекет ету мерзімі қажеттіліктен туындайтын, заңда белгіленген тәртіппен жылдың белгілі бір уақытында сайланатын тұлғаларға беру керек».

Монтескье үшін биліктің бөлінуі — ұстамды басқарудың белгілері, оның қызмет етуі үшін: билікті ұштастыра білу; билікті реттеу және шектеу; оны іске асыру керек, «екіншісімен тең келуі үшін, біріншісін еселеп отыру керек».

Монтескье қалыптастырған билікті бөлу теориясы мен бостандық концепциясы заманауи батыстық саяси ой-саяси либерализм негізін қалайды.

Монтескье өзінің қалыптастырған теориясы білімді заңшығарушыға іс-әрекетке нұсқау болады деп үміттеніп, құқықты ғылым ретінде дамытуға үлкен үлес қосты. Ол былай жазған: «Егер де мен билеушілердің бұйрық беру туралы мәліметтері көбейсе және бағынушылар бағынудан ләззат алатындай жағдай жасай алсам, өзімді ең бақытты сезінер едім».

**Құқықтық ілімдері.** Табиғи және позитивті заңдарды бөлу. Табиғи құқық мектебінің дәстүрлері шегінде Монтескье табиғи заңдарды адам табиғатымен байланысты заңдар деп таныды. Бұл заңдар табиғи жағдайда әрекет етеді (бейбіт өмір сүруге ұмтылыс; өзіне тамақ табу қажеттілігі; қарым-қатынастарды қалау, адамдар қауымында өмір сүруге ұмтылу), олар мемлекеттің позитивті заңдары пайда болуымен өзгермейді.

Позитивті заңдар табиғат заңдарына қарсы шығуы мүмкін және Монтескьеге әділетсіз болып көрінді. Мысалы, әкесі өзінің қызын ажырастырып алуға құқығы бар римдік заңға қарсы шықты. Керісінше, «ажырасу құқығы некені қолайсыз көретін адамдарға және оларға ыңғайлы уақытта ғана берілуі тиіс».

Позитивті заңдардың түрлі факторлардан тәуелді болуы. Монтескьенің ойынша, әр түрлі елдердегі заңдардың алуандығы өмір мен кездейсоқтыққа байланысты емес. Заңдар әрдайым физикалық және моральдық сипаттағы факторларға байланысты болады. Осы факторлардың байланысы әр елдің «заңдар рухын» шарттайды.

Физикалық факторларға Монтескье:

- заңдарды ауа райы жағдайы (климатпен) байланыстырады: «Климат өзгешелігінен туындайтын мұқтажды айырмашылықтардан өмір сүру салтындағы айырмашылық туады, ал өмір сүру салты әр түрлі болғандықтан — заңдар айырмашылығы туындайды. Саналы заң шығарушы осы тәуелділікпен санаса отырып, климаттың адамдарға кері әсерімен күресуі керек: «еңбектен қашуға ауа райы қаншалықты бейімдесе, дін мен заң соншалықты оларды осы еңбекке ынталандыруы керек»;

- ел аумағымен байланыстырады;

- халық саны және т.б анықтайды.

Монтескье адамгершілік факторына мыналарды жатқызады:

- билеу қағидалары;

- әдет-ғұрып. Монтескье заңдардың әдет-ғұрыпқа қатынасын зерттеп, заңшығарушыны шешімін ойланып шығаруға шақырды: «заңдар — заңшығарушының жеке және нақты анықталған тағайындалымы болып табылады, ал әдет-ғұрып және салт-дәстүр — толық халықтың тағайындалымы болып саналады. Осыдан шығатыны тұжырым, кімде-кім әдет-ғұрыпты өзгерткісі келсе, оны заңдар арқылы өзгерпеуі тиіс, бұл тирания; ең жақсысы оларды басқа әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы өзгерту»;

- дін және т.б.

Мемлекетті басқару нысандарын саралау өлшемдері: басқарушылар саны мен заңдар ерекшелігі деп санайды. Монтескье басқарудың төрт нысанын ажыратады: 1) демократиялық республика; 2) аристократиялық республика; 3) монархия; 4) деспотия.

Монтескьенің демократиялық республикаға арнаған қағидасы: «дауыс беру құқығын анықтайтын заңдар, бұл басқару түрі үшін негізгі болып табылады». Аристократиялық республикаларда: «жеребе бойынша таңдау орын алмауы керек; ол бұнда өзінің тек кері жақтарын көрсетуші еді». Монархияда: «тәуелділік пен бағынушылыққа аралық болатын билік монархиялық басқарудың табиғатын құрайды, яғни негізгі заңдар арқылы бір адамның басқаруы». Деспотияда заңдар мәні болмайды, тек бір заң ғана «мемлекеттің негізгі заңы уәзірді таңдау ғана» әрекет етеді.

Заңшығарушы мемлекетті басқару нысанын таңдай алмайды, себебі оның әрқайсысы аумақ мөлшерімен анықталған:

- республикалар шағын аумақта қолданылуы мүмкін (көне грек мемлекеттері);

- монархия аумағы орташа болады (ағылшын және француз монархиясы);

- деспотия үлкен аумақта орнатылуы мүмкін (Персия, Үндістан, Қытай).

Бұдан бір ерекшеліктің шығуын таныған: үлкен аумақта федеративті мемлекет құрылуы мүмкін. Бұндай мемлекет өзінде республикалық басқару қасиеті мен ірі монархия күшін жинақтайды. Бұндай республиканың негізінде шарты: «Бірнеше саяси ағзалар өздері құруды қалаған, үлкен маңызды мемлекет азаматтары болуға шарт негізінде келіседі». Монтескьенің федеративті республика жайындағы ойлары 1787 жылғы АҚШ Конституция құраушыларымен қолданылған.

Монтескье қандай да бір басқару нысанын іске қосатын негізгі идеяларды басқару қағидалары ретінде түсінеді:

- демократиялық республика үшін ізгілік;

- аристократиялық республика үшін ұстамдылық;

- монархия үшін абырой;

- деспотия үшін қорқыныш.

Монтескье басқару қағидалары мен заңдар арасындағы үйлесімділікті таниды. Аталмыш қағидалар азаматтық және қылмыстық заңдардың оңай немесе қиындығын, жаза қаталдығын, үкім шығару әдістерінің алуандығын және т.б анықтайды. Монтескье: «Өзінің қозғаушы күші ретінде ізгілік пен абырой болатын республика мен монархияға қарағанда, жазалау қаталдығы деспотиялық мемлекетке сай», — дейді.

Монтескьенің саяси және құқықтық идеялары құқық теоретиктерінің тұтас бір буынына, заңшығарушылар мен саясаткерлерге үлкен әсер етті, қоғамның құқықтық санасына берік орнады.

**4. Жан-Жак Руссо (1712–1778 жж.)** — француз ойшылы, жазушы, халық егемендігі теориясының негізін қалаушы.

**Негізгі еңбектері:** «Ғылым мен өнер адамгершіліктің, адамзаттың тазаруына көмектесті ме деген сұрақ бойынша толғау» (1750), «Адамдар арасындағы теңсіздіктің пайда болуы

мен негіздері туралы толғау» (1754), «Саяси экономика туралы» (1755), «Мәңгі бейбітшілік туралы ойлар» (1782), «Қоғамдық келісім және саяси құқықтың қағидалары туралы» (1762).

Руссо саясат, қоғам, мемлекет, құқық мәселелерін халық егемендігі идеясы, қағидаларын қорғау тұрғысынан қарастырды, табиғи жағдай туралы көзқарас туғызуға қолданды. Табиғи жағдайда жеке меншік жоқ, бәрі тең. Алдымен дене бітіміндегі теңсіздік пайда болады да, ол әлеуметтік теңсіздікке әкеледі. Әлеуметтік теңсіздік күшті құқығы мен алдымен келгеннің құқығын таласқа түсіреді. Таластың мәні — өмірлік мүдде. Мемлекеттік билік пен заң қалыптастыру туралы бәрі бағынуы қажет келісім жасалады. Бірақ табиғи бостандықтан бас тартқан кедейлер саяси бостандыққа жете алмады. Мемлекет пен құқық әлсізді тұсап, байларға күш берді, меншік, теңсіздік заңдарын бекітіп, аз топтың пайдасы үшін адамзатты еңбек, құлдық, қайыршылыққа әкелді.

Бұған қарсылығын білдірген Руссо өзінің «халық пен билеушілер арасындағы шынайы келісім ретіндегі саяси ағза құру» туралы концепциясын ұсынады. «Барлық жалпы күш арқылы жеке тұлға мен оның мүлкі қорғалатын ассоциация құру қажет. Онда әрбір жан өзгемен бірлесе отырып, тек өзіне ғана бағынады, бұрынғыдай еркіндікте болады». Қоғамдық келісімге отыру нәтижесі: «Ұжымдық тұтастық пайда болады, оның өзіндік еркі, өмірі қалыптасады. Бұл заңдық тұлға азаматтық қауым, республика немесе саяси ағза деп аталады. Оны мүшелері мемлекет деп атады, өзгелермен салыстырғанда пассивті болса — егемен, белсенді болса держава деп аталады. Ассоциация мүшелері халық, жеке алғанда жоғары билікке қатысушы азамат, мемлекет заңдарына бағынушы қол астындағылар деп аталады».

Бұл оның идеалды қоғам туралы ойлары, ол жеке меншік пен теңсіздіктің қоғамдық қатынастар жүйесіндегі, мемлекеттің пайда болуындағы ролін жақсы түсінді. Табиғи жағдайды идеалдандыру жаңа саяси жағдайда адамдарға жоғалтқанын қайтарып беру талабынан туса керек. Өткеннің жетістіктерін көтеру Руссо доктринасына қазіргіні сынау мен болашаққа талап қоюға мүмкіндік береді.

Феодалдық құрылым заңсыз, әділетсіз, себебі құқықтық емес күшке негізделген — өмір сүрмеуі керек дейді. Халық күшке

бағыну керек болса, әрі бағынса дұрыс істейді, бірақ мүмкіншілік алғанда оны құлатып тастаса, онда тіпті де дұрыс әрекет етеді. «Бұл феодалдық тәртіпті күшпен, төңкеріліс жолымен құлатуды негіздейді».

Бірақ күш құқық тудырмайды, адамгершіліктің күштеуден тууы мүмкін емес. Заңды билік негізі — келісім. Санадан туатын жалпы әділеттілік бар, ол бізбен қабылдануы үшін өзара келісілген болуы керек. Келісім мен заң құқық пен міндетті біріктіру үшін керек.

Жеке адамнан қоғамдық келісімге келу барысында алынған табиғи еркіндік, теңдік позитивті бекітілген құқық пен бостандық түрінде берілуі керек.

Руссо жеке меншікті жоққа шығармаса да, аса байлық пен кедейлікке қарсы. Біреуді сатып алу және өзін сату қоғамдық жағдайда болмауға тиіс деп санайды.

Руссоның қоғамдық келісімі негізінде жалпы ерік жатады. Жалпы ерік пен барлығының еркі дегенді бөліп қарайды. Жалпы ерік — жалпы мүдде, барлығының еркі — жеке мүдде. Жеке секталар мен партиялар мемлекетке зиян әкеледі деген Макиавелли пікірін қостайды. Олардың еркі мүшелеріне қатысты жалпы, мемлекетке қатысты жеке болады. Бұл адамның шынайы жалпы еркін қалыптастыруға кедергі, адамдар дауысы емес, ұйым даусы арқылы шешілуі мүмкін.

Бұндай жіктеу азаматтар жағдайын, жеке тұлға ретіндегі индивид пен азамат ретіндегі индивид арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Бұл көзқарас **адам және азамат құқығы концепциясының** негізін қалады.

Жалпы алғанда, мемлекеттік билік пен жеке тұлға арасындағы қатынас ерекше. «Егемен қол астындағыларға қандай билік жүргіземін десе де ерікті, себебі егемен көпшілік келісімімен келген, егемен заңнан да, соттан да жоғары. Кешірім жасау, жазадан босату еркі осымен негізделеді. Ол заңмен шектелінбейді». Руссоның халық егемендігі концепциясында жеке тұлға құқықтарын қорғау кепілдігі қарастырылмайды. Бірақ қол астындағылардың егемен алдындағы міндеттерін орындауға кепілдік керек. Егеменге саяси ағза мүшелері үстінен қарауға шексіз билік беріледі.

Руссо ілімі бойынша, егемендік біреу, халық егемендігі. Халық — тұрғындардың үлкен бір бөлігі, мүліктік және жеке тәуелсіздігі бар ер азаматтар (кедейлер емес — якобиншілдер, марксистер). Егемендік ажырағысыз және бөлінбейді (халықтың жалпы еркі). Биліктің берілуі мүмкін, егемендік берілмейді. Осыған сай өкілдік билік үлгісі (парламент т.б) мен биліктің жіктелуін теріске шығарды. Заң шығару билігі халықпен тікелей жүзеге асырылуы тиіс. Атқару билігі (егемен) халық шешімімен құрылады, аралық звено арақатынасы. Заң шығару билігі — ерік, атқарушы билік – күш, оның орындаушысы. Атқару билігі халық үшін Үкіметті құрбандыққа шалуға дайын тұру керек, керісінше емес. Мемлекетті басқару нысандарын атқару билігіне қарай жіктейді: демократия кіші мемлекетке тән, аристократия — орта, монархия үлкен мемлекетке тән. Мемлекет нысаны бағынышты рөлде, себебі жоғары билік — халықта деп санайды. Заңмен басқарылатын барлық ел — Республика.

Руссо заңның 4 түрін ажыратады: саяси, азаматтық, қылмыстық, аса маңызды қоғамдық пікір, салт-дәстүр. Тек саяси заң ғана қоғамдық келісім аумағына кіреді. Заң шығару елдің географиялық факторына бағынышты болуы керек, халықтың пісіп-жетілуін де күту керек (Петр I).

Заңшығарушы — өнертапқыш-механик, билеуші оны жүзеге асыратын жұмысшы. Сонымен, Руссоның көзқарастарын тұжырымдап айтсақ, заң жалпы ерік көрінісі деп санайды. Заң шығарушы билік — халық егеменділігінің басымдылығын көрсетеді. Қоғамдық келісім концепциясы мемлекетті ұйымдастыру қағидаларына үлкен әсер етеді.

**5. Морелли** (1816–1891 жж.) — француз жазушысы, коммунизм теоретигі. Франциядағы феодалдық құрылымның күйзелісі революциялық жағдайдың өсуіне әкелді. Ағартушылықтан жаңа төңкерілістік-демократиялық саяси ой бағыты бөлінді. Табиғи құқық мектебі идеялары мен ағартушылық идеяларын қолдаған Морелли үшін идеалды құрылым — коммунизм:

- «адам табиғатында бар» құрылым;

- қоғамдық меншік пен ортақ еңбек қағидасына негізделген құрылым.

**Негізгі еңбектері:** «Табиғат кодексі немесе оның заңдарының шынайы рухы» (1754). Төрт бөліктен құралған:

бастапқы үш бөлігі — коммунизм теориялары, 4-бөлігі «Табиғат ниетіне байланысты заңнаманың үлгісі» - болашақ коммунистік қоғамның Конституциясының жобасы, құрамына 118 бап кірген.

Морелли адамзаттың екі жағдайын анықтайды: табиғи жағдай, мемлекеттік жағдай. Табиғи жағдай — алтын ғасыр, адамдарға ортақ мүлік пен еңбектің ортақ міндеттілігі әрекет ететін табиғат заңдары.

Морелли мемлекеттің пайда болуының келісімдік концепциясына қарсы. Мореллидің ойынша, табиғи жағдайдан мемлекетке өту қоғамдық келісім жасаудан емес, алғашқы заңшығарушылардың қателігінен болған. Бұл заңшығарушылар көптеген «табиғаттың ызасын туғызатын қатігез және қанды заңдар» шығуына әкелетін, «табиғат туындыларын жан шошырлық бөлген».

Мемлекеттің басқару нысандары мен олардың дамуы. Басқарудың қандай да бір түрінің негізінде қандай да бір қағида бар деп жазған Монтескьеге қарағанда, Морелли ойынша, басқару нысанының негізінде «мүдде мен меншік» тұрады. Басқару нысандары бірін-бірі ауыстырып отырады. Бір нысанның екіншіге ауысуы қоғам мүлкінің жеке қолдарда жиналып қалуымен шартталады. Жеке және қоғамдық мүдде біркелкі және мүліктік тендігі бар демократия орнына аристократия келеді. Адамдардың кей бөлігі қоғамдық мүлікті өз басының мүлкіне айналдыру мақсатын көздейді: «Біраз уақыт өткеннен кейін... бірнеше отбасы қоғамдық шаруашылықтың қожайыны болады, міне, енді тұтас ұлт мүддесі бірнеше тұлға мүддесіне айналады, көпшілікті бағындыру үшін біріккен аристократия пайда болады». Кейін қоғамдық мүлік бір адамның қолында жинақталып монархия туындайды. Уақыт өте келе монархия деспотияға айналады. Замандас мемлекетті Морелли деспотия ретінде сипаттайды — табиғат заңдарына қарсы келетін мемлекетті басқаудың әділетсіз нысаны.

**Коммунистік құрылымның жобасы.** Болашақ мемлекетте адам еркін болады. Бостандықты Морелли: «Табиғи және заңды қалауларын ешқандай кедергісіз және қорқынышсыз қанағаттандыра алуда адамның шынайы бостандығы жатыр».

Бұл бостандықты қамтамасыз ету үшін Табиғат кодексін енгізу қажет. Ол 118 заңнан тұрады, олардың үшеуі ең негізгі заң:

- жеке меншікке тыйым салу;
- еңбекке құқық пен міндетті анықтау;
- әрбір азаматтың қоғам есебінен қамтамасыз етілуін тану.

Табиғат кодексын енгізгеннен кейін мемлекеттің заңшығару функциясы таусылады. Мемлекеттің негізгі функциясы болып, шаруашылық-ұйымдастырушылық функциясы қалады, ол: қоғам мүшелері арасында жұмысты орталықтандырып бөліп беру және дайын өнімді бөліп беруді қадағалаудан тұрады.

Шаруашылық-ұйымдастырушылық функцияны іске асыру үшін: 1) басқаруды жеке-дара ұйымдастыру органдары; 2) басқарудың алқалы органдары құрылуы қажет.

1. Жеке дара басқару органдары аумақтық белгісіне қарай ұйымдастырылады. Морелли келесідей әкімшілік-аумақтық бірліктерді бөледі: триба, қала, провинция, ұлт. Морелли лауазымды адамдарды тағайындауға қарсы болды, оның ойынша, әулет әкелері кезекпен сайлануы тиіс болды.

2. Алқалы органдар аумақтық және өндірістік белгісі бойынша құрылады. Әрбір қалада сенат әрекет етеді, 50 жасқа толған әрбір әулет әкесі сенатор болады. Сенат қызметі: түрлі регламенттер шығару; адамдар санағын кәсібі мен жасына байланысты жүргізу; қартайғандар үшін қарттар үйін ұстау. Жоғарғы ұлт сенаты жыл сайын жаңарады, қала сенаттарын бақылау; аса қауіпті қылмыстар бойынша сот жүргізу қызметін атқарады. Әрбір қалада корпорация шеберлерінен құрылатын кеңес әрекет етеді.

Коммунизмге өтуді білімді монархтар арқылы жүзеге асырғысы келді: «Адамгершілік пен саясат қателіктерін табиғат заңына байланысты өзгертіндер..». Фантастикалық «Утопияда» келтірген Мордың идеяларынан айырмашылығы коммунистік мемлекеттің нақты заңнамасын ұсынған.

**Грахх Бабеф** (шын есімі Франсуа Ноэль, 1760–1797 жж.) — коммунизмнің француздық теоретигі. «Теңдік үшін сөз байласу» ұйымының жетекшісі (1796).

1796 жылы Бабеф және оның жақтастары Францияны коммунистік өзгерту жобасын жасап, мемлекеттік төңкеріс жасауға дайындалды. Сыбайластар ұсталып, түрлі жазаларға кесілді. Бабефтің жақтастары — бабувисттер, ал олардың жасап шығарған доктринасы бабувизм деп аталды.

**Негізгі еңбектері:** «Тұрақты кадастр», «Плебейлердің манифесті».

Буржуаздық қоғам институтының сыны. Бабувистер жеке меншік пен мұраны қабылдау заңнамасын сынады: «жеке меншік институты, көптеген жақсы және қарапайым адамдарға жасалған алдау болып табылады»; «меншік жер бетіндегі бар бақытсыздық көзі», «мұрагерлік туралы заң әділетсіз. Ол екінші ұрпақтан бастап бейшара халге түсіре бастайды».

Коммунизмге өту бағдарламасы. Бабувистер мақсаты: Қоғамдық меншік институтын енгізе отырып, қоғамда іс-жүзіндегі теңдік орнату. Ол мақсат табиғи құқыққа сілтеумен ақталды: «Табиғат әрқайсымызға барлық игіліктерді қолдануға бірдей тең құқық берді».

Коммунизмге өту амал-шарттары — күштеп төңкеріліс жасау, халық сол кезде: мемлекет қазынасын, пошта, мемлекеттік мекемелер, барлық қоғамдық және жеке қоймаларды басып алуы қажет. Атқарушы директория мүшелері халық егемендігінің узурпаторлары ретінде халық сотына берілуі керек.

Кедейлердің өмірін жақсартуға бағытталған амал-шарттар. Бабувистер төңкеріліс кезінде кедейлердің өмірін жеңілдететін төтенше амалдар жасауды жоспарлады:

- нанды ақысыз тарату: «Барлық наубайшылар үздіксіз нан пісіруге міндетті, нан халыққа ақысыз таратылады; наубайшыларға талапқа сай ақы төленеді»;

- эмигранттар мен басқа да халық жауларының мүліктерін таратып беру;

- ломбардқа салынған заттарды халыққа қайтарып беру.

Буржуазиялық қоғамнан коммунистік қоғамға өтпелі кезеңде бабувистер төңкерілістік үкімет құруды жоспарлады. Бұл үкімет мыналарды енгізеді деп болжады:

- 1793 жылғы яacobиндік конституция (кей бөлшектері алынды);

- барлығына ортақ теңдік;

- ортақ барлық халықты қаруландыру;

- еңбектің ортақ міндеттілігі: «Табиғат барлығына ортақ еңбек етуді міндеттеді».

Бабеф «Плебейлер манифестінде» болашақ Францияда республика құру үшін: «олардың еңбектері үшін жалғыз лайықты

марапат ретінде, жарқын республикашыл ерліктері үшін, жаңарған француздар үшін демократиялық басқаруға қайтып келуіміз қажет», — деген.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Франциядағы ХУІІІ ғасырдағы саяси және құқықтық идеологияның негізгі бағыттары және ерекшеліктері.
2. Вольтердің саяси және құқықтық көзқарастары.
3. Ш.Л.Монтескьенің мемлекет және биліктің бөлінуі концепциясының ерекшеліктері.
4. Ш.Л.Монтескьенің құқықтық ілімдері.
5. Ж.Ж.Руссоның саяси және құқықтық ілімі.
6. Мореллидің коммунистік идеологиясы.
7. Гракх Бабефтің және бабуистердің саяси идеологиясы.

### **10-тақырып. ХVІІІ ғасырдың соңы – ХІХ ғасырдың басындағы Германиядағы саяси және құқықтық ілімдер**

1. Иммануил Канттың құқық және мемлекет туралы ілімі. Тегеурінді талап.
2. Гегельдің құқық пен мемлекет туралы ілімі.
3. Құқықтың тарихи мектебі. Г.Гуго, Ф.К.Савиньи, Г.Пухта.

1. ХVІІІ ғасырдың соңы – ХІХ ғасырдың басында Германия саяси бытыраңқы және экономикалық жағынан артта қалған мемлекет болды. Құқыққа деген рационалистік көзқарастардың ең жоғары деңгейде дамуы және өрлеу шегіне жетуі неміс философтары Кант пен Гегельдің еңбектерінде көрініс табады.

**Иммануил Кант** (1724–1804 жж.) — немістің классикалық философиясының негізін қалаушы, саяси және құқықтық ойшыл.

Кенигсбергте (қазіргі Калининградта) кәсіпкердің отбасында дүниеге келеді. Сегіз жасында мемлекеттік гимназияға «Фридрих коллегиясына» барады. Кенигсберг университетінің теология факультетін бітіреді де, сонда логика және метафизиканың

доценті, ординарлық профессоры лауазымдарын атқарады. Кант Шығыс Пруссиядан әрі ұзаққа шықпаған, өте педант адам болған.

Канттың құқықтық және саяси көзқарастарына француз ағартушылары Руссо, Монтескьенің идеялары үлкен әсерін тигізеді.

**Негізгі еңбектері:** «Таза парасат сыны», «Машықтық парасат сыны», «Бүкіләлемдік азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы», «Ойлау қабілеті сыны», «Адамгершілік метафизикасы», «Мәңгілік бейбітшілік жөнінде» және басқа еңбектерінде саясат және құқық туралы негізгі ой-пікірлерін түзеді.

**Канттың құқықтық ілімі:** тегеурінді талап және құқық.

Кант, Ағартушылық дәуірінің өкілі ретінде, адамға ерікті парасат иегері ретінде қарады. Бұндай ойдан адамның мінез-кұлқы өзі өмір сүріп жатқан қоғамға ғана тәуелді емес, ол адамның өзімен, дербес түрде анықталады деген қорытынды жасайды. Кант жеке адам өзі үшін қалыптастыратын мінез-құлқтың талабын (императив) ажыратуды ұсынады:

- болжаулық, яғни шартты, талаптар;
- тегеурінді, яғни шартсыз, талаптар.

Егер *болжаулық талап (императив)* – адамның нақты бір мақсатқа жету үшін қабылданған ережесі болса, тегеурінді талап — адамның нақты мақсатқа жетуіне ешқандай байланысы жоқ тиісті мінез-құлқы ережесі. Тегеурінді талап мағынасы — «міндетті, өйткені міндетті». Тегеурінді талапты қолдайтын адам жоғарғы адамгершілік иесі.

Кант «тегеурінді талапты» адам мінез-құлқының күллі өмірлік жағдайларына таралатын жалпы әмбебап ереже ретінде түсінеді. «Бұл — ақыл-парасат талабы, қоғам мүшелері арасында қарым-қатынастарды ұйымдастырудың парасатты негізі. Иргелі ереже мінез-құлқтың негізгі бағыты, сен мойынсұнатын норма осымен бірге жалпылама заңның принципі болатындай, заңның күшіне ие болатындай әрекет етуді талап етеді» — деп есептейді Кант. Егер адамның қылығы және жалпы алғанда оның күйі әркімнің жалпылама заңға сәйкес бостандығымен үйлесімді болса, онда мұндай мінез-құлқы пен күйге кедергі жасайтын адамның әрекеті дұрыс емес, «өйткені мұндай кедергі жасау (қарсы әрекет істеу) жалпылама заңға сәйкес бостандықпен

үйлеспейді. «Сонымен, — деп жазады ойшыл, — адамгершілік метафизикасында», — жалпылама құқықтық заң мынаны білдіреді: сырттай қарағанда өзінің озбырлығының еркін көрінісі әркімнің жалпылама заңға сәйкес бостандығымен үйлесетіндей әрекет істе». Басқаша айтқанда, өзіне қатысты жасалуын қаламайтын әрекетті өзгелерге жасама.

Кант тегеурінді талаптың бірнеше ережесін, яғни моральдық заңды, ұсынады:

- «басшылыққа ала отырып, оның жалпы заң болуын тілей алатындай максимаға сәйкес әрекет ет»;

- «адамзатқа қатысты өз келбетінде және қандай да болмасын өзгенің келбетінде еш уақытта тек құрал ретінде емес, әрқашанда мақсат ретінде қатынас жасайтындай етіп әрекет ет».

Бірақ философ күнделікті өмірде әр адамның тегеурінді талапқа бағынбайтынын түсінетін. Мысалы, «барлық адамдар парасатты тіршілік иесі ретінде шындыққа куәгер болулары керек» деген тегеурінді талаптың жалпы ереже болып табылмайтындығына қынжылады.

Тегеурінді талаптың адамның мінез-құлқының реттеушісі ретінде жеткіліксіз екенін растаған Кант құқыққа жүгінеді.

Құқық әдетте мәжбүрлеу өкілеттігімен байланысты болады. Ал мәжбүрлеу құқықтық және құқықтық емес мәжбүрлеуге бөлінеді. Егер ол бостандық заңының ақылға қонымды шегінен шығып, озбырлыққа айналатын бостандықты шектейтін болса, құқықтық мәжбүрлеу болып табылады. Мәжбүрлеу бостандықты заңсыз шектеуге және, жалпы алғанда, құқықты жүзеге асыруға заңсыз кедергі келтіргенде қарсы әрекет етуші болғанда да заңды болып шығады. «Демек, — деп жазады Кант, — бостандықтың белгілі бір көрінісінің өзі жалпылама заңдарға үйлесімді бостандыққа кедергі (яғни теріс) болып шыққанда, оған қарсы бағытталған мәжбүрлеу жалпылама заңдарға сәйкес келетін бостандықпен үйлесімді, яғни орынды болады; ендеше ұлы құқыққа нұсқан келтіретін адамға мәжбүрлеуді қолдану өкілеттігі де қайшылықтар заңы бойынша құқықпен байланысты».

«...Құқық, — деп жазады Кант, құқық туралы ілімнің метафизикалық бастауларын қарастыра келе, — бұл жалпылама бостандық заңы тұрғысынан қарағанда, біреудің [адамның] көрсеткен зорлық-зомбылығы келесі біреудің көрсеткен зорлық-

зомбылығымен шамалас болатын жағдайлардың жиынтығы». Сонымен қатар оның негіздерінде құқық адамға қатысты алғанда сезімнен тыс және тәжірибеге дейін құбылыс ретінде қарастырылады, оның мағынасы адамзат тарихынан тысқа шығып, адам баласының өмірі мен қызметін ғарыштың іргелі негіздерімен байланыстырады. Канттың ойынша, құқық дегеніміз – адамзатты мәңгілікпен, ғарыш заңдарымен, жоғары парасат принциптерімен және түпкі ойлармен байланыстыратын құбылыс.

Адамға қатысты алғанда, сыртқы заңдарды Кант табиғи және жағымды заңдарға бөледі. Табиғи заңдар — міндеттілігін *a priori* ақыл-парасаты мойындайтын сыртқы заңдар, жағымды заңдар — «нағыз сыртқы заңдар болмайынша, міндеттемейтін, демек, оларсыз заңдар бола алмайтын» сыртқы заңдар.

Кант адамның бостандығы — оның туа біткен құқығы, барлық қалған құқықтары осыдан таралады деп топшылады. «Бостандық (басқаның мәжбүрлеуші озбырлығынан тәуелсіздік), — деп көрсетті Кант, — әрбір адамға тән бірден-бір бастапқы құқық болады». Бостандықтың келесі сипаты — адамдардың теңдігі және олардың бостандыққа тең құқылығы.

Кант құқықты заң шығарудан айыра білді. Ол өз алдына ақылмен тек құқыққа жету мақсатын қойды, бұл «мүмкін болатын жағымды заңнама үшін негізді орнатуға» керек болады.

**Канттың саяси ілімі.** Кант — мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясының жақтаушысы. Табиғи құқық мектебінің өкілі ретінде ол априорлы түрде бастапқыда адамдардың табиғи жағдайда өмір сүруіне жол береді, содан кейін қоғамдық келісім жасасып, шартқа отырады да, мемлекетте өмір сүретіндігін таниды: «Табиғи жағдайдан шығу ... және басқалармен бірігу ... жария құқыққа сүйенетін сыртқы қысымға бағыну, яғни әркімге заңмен ұйғарылған және де жеткілікті күшті билікпен ... өзімдікі деген түсінікпен расталып берілгенді алу үшін керек».

Канттың мемлекетке берген анықтамасы: «Мемлекет — құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдардың бірлестігі».

Канттың ойынша, мемлекеттің мақсаты оның әрбір мүшесінің игілігі емес, бақыты да емес, мемлекеттік құрылымның «тегеурінді талап көмегімен парасат ұмтылуға міндеттейтін құқық принциптерімен» барынша сәйкестігі

жағдайы болып табылады. Мемлекеттің басты мақсаты — құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету.

Кант неміс ағартушылығы өкілі ретінде ерте либерализм теориясын дамытты. Сондықтан XVIII ғасырдағы неміс княздықтарында кең таралған патерналистік мемлекетке құқықтық мемлекет идеясын қарсы қояды. Патерналистік мемлекетте «егемен өз түсінігі бойынша халықты бақытты еткісі келіп деспотқа айналады». Керісінше, құқықтық мемлекеттің мақсаты жалпы бақытқа жеткізу емес, оны әр азамат өзінше түсінеді, жеке адамның сыртқы бостандығының басқалардың еркіндігімен келісуін қамтамасыз ететін құқық қалыптастыру болып табылады.

Кант мемлекеттің басқару нысандарын жіктеудің екі өлшемін пайдаланады: билікті бөлу және билеушілер саны.

### Мемлекетті басқару нысандары

Жіктеу өлшемдері	Басқару нысандары
1. Билікті бөлу: - заң шығару және атқару билігі бөлінген; - заң шығару және атқару билігі бөлінбеген	Республика Деспотия
2. Басқарушылар саны: - біреу ғана басқару; - бірнешеу басқарады; - барлығы басқарады	Автократия Аристократия Демократия

Кант үшін басқарудың идеалды нысаны республика болды, оны билік бөлінісі танылатын конституциялық монархия ретінде сипаттайды. Канттың кезіндегі Германияда оған еш ұқсастық жоқ еді. Идеалға көшу тек қана «жоғарыдан» жүзеге асырылатын реформалар арқылы мүмкін болды, Канттың төңкеріліске қарсылығын оны «дене қызуынан пайда болған сандырақ» ретінде сипаттауынан көреміз, халықтың корольді (Карл I, Людовик XVI) дарға асуын әділеттілікті бұзу деп санады. Оның

ойынша, реформаны жүргізу үшін барынша қолайлы басқару нысаны — автократия, билік жүргізетін адамдар аз болса, реформаларды жүзеге асыру жеңіл болады.

**Мәңгілік бейбітшілік жобасы.** «Мәңгілік бейбітшілік жөнінде» (1795) еңбегінде Кант мәңгілік бейбітшілікке жету үшін алты алдын ала және төрт негізгі шартты бекітуді ұсынады.

Алдын ала шарттар:

1) бейбітшілік келісім шартқа соғысты қайта бастауды тудыратын ережелерді енгізуге болмайды;

2) мемлекетті жеке меншік құқығының нормасы бойынша алуға болмайды. «Бірде-бір дербес мемлекетті басқа мемлекеттер мұрагерлік бойынша, айырбастау арқылы, сату арқылы, сыйға тарту түрінде ала алмайды;

3) «тұрақты әскерлер уақыт өте келе толықтай жойылуға тиіс», «соғысқа ұдайы әзір болатын бұл әскерлер осынысымен басқа мемлекеттерге сөзсіз қатер төндіреді. Оларды қарулы күштерінің саны жағынан бір-бірінен асып түсуге итермелейді, санын шектеуді білмейді және де қысқа мерзімді соғыстан гөрі бейбітшілікпен байланысты шығындары сайып келгенде мейлінше ауыртпалыққа айналатын болса, онда тұрақты әскерлердің өзі осы ауыртпалықтан құтылу мақсатында әскери шабуылдың себебіне айналады»;

4) «мемлекеттік борыштар сыртқы саясат істері үшін пайдаланылмауға тиіс»;

5) бірде-бір мемлекет басқа мемлекеттердің саяси құрылымы мен басқаруына күштеу арқылы араласпауға тиіс; «бөгде державалардың араласуы тек өзінің ішкі кінәратымен күресетін халықтың құқықтарын бұзуды білдіреді»;

6) бірде-бір мемлекет басқа мемлекетпен соғысқан кезде болашақтағы бейбітшілік жай-күйіндегі өзара сенімге мүмкіндік бермейтін дұшпандық әрекеттерге бармауға тиіс; «мысалы, дұшпан мемлекетке кісі өлтірушілерді бұқпантайлап салу, улап өлтірушілерді жіберу, тізе бұғу шарттарын бұзу, отанды сатуға арандату және сол сияқты әрекеттерге бармауы қажет».

Түбегейлі шарттар:

1) «азаматтық құрылым әрбір мемлекетте республикалық құрылым болуға тиіс». Мәңгі бейбітшілік туралы келісім-шартты

республикалар бекітуі керек, өйткені республикалық қоғамда соғысты бастау қиынырақ;

2) «халықаралық құқық еркін мемлекеттердің федерализміне негізделеді»;

3) «бүкіләлемдік азаматтық құқық жалпыға ортақ меймандостық шарттарымен шектелуге тиіс» (мысалы, мәдени байланыс және т.б.);

4) жасырын шарт: басқарушылар философтармен кеңесуі керек. Корольдар философ болуын, философтар король болуын күтуге болмайды, оны тілеуге де болмайды, өйткені билікке ие болу ойдың еркін ойлауын бұзады. Бірақ корольдар немесе самодержавиелік халықтар философтар табының жойылып кетуіне немесе жым болуына жол бермеуі керек, оған жария сөйлеуге мүмкіндік беруі, олардың қызметіне анықтылық кіргізу үшін керек.

Құқыққа құндылық көзқарас И.Кант философиясымен тығыз байланысты. Философтың шығармашылық мұрасынан осы уақытқа дейін мәңгілік бейбітшілік орнату жобасы өзекті болып табылады.

**2. Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770–1831 жж.)** — неміс философы, негізінде объективті идеализм көзқарастары жүйесі жатқан диалектикалық ілімді қалыптастырушы.

Ұлы француз төңкерісі және Наполеон соғысы кезінде өмір сүрген Гегель төңкеріс сілкінісінің уақыты бітті және біржола басылды, осыдан кейін ағартушы монархтар мен профессорлар халық өмірін ақылды бастамаға сай басқарады деп сенді.

Штутгарт қаласында шенеулік отбасында дүниеге келген, Тюбинген университетінің діни факультетін бітірген. Пастор, мұғалім, газет редакторы, Нюрнберг гимназиясының директоры болды, 1816 жылдан бастап Гейдельберг және Берлин университеттерінде философия профессоры қызметін атқарды.

Саяси-құқықтық ілімінің логикалық негізін объективті идеализм құрайды. Түсінік арқылы дамиды абсолюттік идеяның барын айтты. Ойлау және болмысты сәйкестендіреді, бар шындықты парасатқа бағындырады: «парасатты шындық болып табылады, шындық болса, парасатты болады».

**Негізгі еңбектері:** «Логика ғылымы», «Өнер философиясы», «Ғылым философиясы», «Құқық философиясы».

**Құқықтық және саяси ілімінің мазмұны** («Құқық философиясы» еңбегі бойынша). Гегель құқық және мемлекет туралы үстем тоғышарлық түсінікке қарсы шықты: «Құқық туралы ой әркім тікелей иелік ете алатындай түсінік емес. Тек дұрыс ойлау, яғни ұғым арқылы ойлау ғана, зат туралы білім береді». Оны дәлелдеу үшін мынандай мысал келтіреді: әркімде саусақ бар, әркімнің саусағына бояу және қылқалам ұстатуға болады, бірақ әр адам суретші бола алмайды.

Гегель «мемлекетті парасаты өзінде болатын құбылыс ретінде түсінуге жетуге»; «мемлекет - адамгершілік универсум қалай танылуы қажет екендігін көрсетуге»; «мемлекетке қандай болуы керек екенін үйретпеуге» ұмтылады.

Ішкі қарама-қайшылыққа толы әрекеттегі заңнаманы зерттеген құқықтанушыларға қарағанда, Гегель философ ретінде құқық идеясын табуға, яғни «құқық негізінде жатқан ойларды тануға және оған жетуге» ұмтылды. «Құқық идея ретіндегі жалпы еркіндік».

Құқық өз дамуында үш сатыдан өтеді:

- 1) абстрактылы құқық;
- 2) мораль;
- 3) адамгершілік.

*Абстрактылы құқықты* Гегель бостандық еркі бар жеке тұлғаның құқықабілеттілігі деп түсінеді. Абстрактылы құқық әртүрлі нысанда көрініс табады. Гегель абстрактылы құқықтың төмендегі нысандарын айырады:

1. Меншік. «Бұл еркін еріктің сыртқы заттардағы бөтен болмысы». Жеке меншіктің осындай түсінігінен шығатыны:

а) меншік тек қана жеке меншік бола алады, өйткені еркін ерік жеке тұлғаға ғана тиесілі;

б) құлдық заңсыз, өйткені меншік иесі өзінің еркін адамға емес, затқа ғана тарата алады;

в) жеке меншік тең болуы мүмкін емес.

2. Келісім-шарт меншік құқығының қалыптасуына негіз болады. Гегель келісім-шарттың еркіндігін қолдады.

3. Құқықты бұзу (өтірік, алдау, қылмыс). Ол әр түрлі аймақта болуы мүмкін: а) азаматтық құқық саласында келісім-

шарттың бұзылуы немесе дауласу кезінде, екі жақтың бірі негізінде жоқ өзінің құқығы туралы айтуы мүмкін. Бұл — абайсыздағы азаматтық өтірік, бұл жағдайда бір адамның өз құқығын қателікпен басқа адам құқығына қарсы қоюы орын алады, қарама-қайшылық сотта шешіледі; б) қылмыстық құқық саласында: алдау — құқықты қасақана бұзу нысанында кездеседі. Адам заңға қарсы іс-әрекет жасап тұрғанын біледі, бірақ оны сыйлайтындай болады (тауарды жалған ақшамен сатып алу). Алдау жаза тағайындау арқылы жойылады. Қылмыс — бұл «бұзылған құқық». Құқық және жеке тұлғаның ерекше еркі жоққа шығарылады. Гегель логикалық үштікті қолданады: *Құқық* — *қылмыс* — *жаза* (құқық қылмыспен жоққа шығарылады, ал қылмыс жазамен жоққа шығарылады, жаза арқылы бұзушылық және күшін жойған құқық қалыпқа келтіріледі).

Гегель қылмыскерді мемлекеттің жазалаушы билігінің объектісі ретінде қарамауға шақырады, оған:

- сот үрдісінің толық құқылы қатысушы ретінде;

- еркінділігі және абыройымен санасуға тиісті адам ретінде қарауды дұрыс деп санайды.

Мораль деп еркін еріктің ішкі өзін-өзі анықтауын түсінеді. Гегельді адамның мінез-құлқының субъективті жағы қызықтырады: «Егер адам оны өзі-өзі анықтауы тұрғысынан бағалағанды дұрыс көрсе, сыртқы анықтамалар қалай қалыптасқанына қарамастан, ол бұл тұрғыда ерікті»; «адам құндылығы оның ішкі ниетімен анықталады...».

Тек қана мораль тұрғысынан ғана құқықбұзушылықты ақтауға болады: «Егер, мысалы, өмір сүру бір тілім нанды ұрлауға келіп тірелсе, онда мұнымен басқа адамның меншігі бұзылады, бірақ бұл қылықты кәдімгі ұрлық ретінде қарау дұрыс емес».

*Адамгершілікті* Гегель қоғамдық қатынастардағы еркін ерікті жүзеге асыру деп түсінеді. Ол адамгершілік қалыптасатын индивидтердің 3 бірлестігін ажыратады:

- 1) отбасы;
- 2) азаматтық қоғам;
- 3) мемлекет.

Отбасы – отбасы-некелік қатынастағы еркін ерікті жүзеге асыру. Неке – құқықтық адамгершілік махаббат, шарт емес және физикалық жақ та емес.

*Азаматтық қоғам* — индивидтер жиынтығы емес, адамдардың тұтыным, еңбекті бөлісу, құқықтық мекемелер, сыртқы тәртіп арқылы байланысы. Азаматтық қоғам абстрактілі құқыққа негізделген: әркімнің құқықабілеттілігі, жеке меншік құқығы, келісім-шарттарды бекіту еріктігі және басқалары танылады. Мұның барлығы жағымды құқық арқасында қамтамасыз етіледі.

Жағымды құқық көпшілік танитындай болуы керек: ол «барлығы білетін және ерікті» болуы шарт. Бұл тек әркім анық түсінетіндей және байланыстырыла отырып жазылған заңдар болғанда ғана туындайды. Сондықтан Гегель:

- мазмұны көп жағдайда түсініксіз, білімі кездейсоқ және аз адамдардың ғана үлесінде болатын әдет-ғұрыптық құқықты көтермелеуге қарсы;

- құқықтық ақаулықтардан құтылуға мүмкіндік беретін және соттың заң шығарушы ролін иемденуіне кедергі жасайтын кодификацияны жақтайды.

Жағымды құқықты білу «заңгерлер қауымының» артықшылығы болмауы қажет, ол барлығының ісі болуы керек.

Гегельдің көзқарасы бойынша, жағымды құқықтың кемшіліктері:

- құқықта кездейсоқтық, бастылық элементтері болуы мүмкін, яғни, құқық ретінде бекітілгеннің, өзіндік құқықтан айырмашылығы болуы мүмкін;

- құқық абстрактілігімен сипатталады, бірақ жеке оқиғаларға қатысты қолданылады;

- кейбір жағдайларды түсіндіре алмайды, мысалы, неге бекітілген құқықпен айыппұл сомасы осындай болуы керек, неге басқаша болмайды.

Гегельдің ойынша, азаматтық қоғам — жеке мүдде аймағы. Азаматтық қоғам әулеттерден құралады. Индивидтердің әулеттік тиесілігі олардың сұраныстарымен, еңбекпен және мәдениетімен анықталады. Гегель 3 әулетті анықтады:

1) субстанциялы әулет қоғамның негізін құрайтын дворяндар мен шаруалар. Еңбексүйгіштік және парасат ролі бұл әулет өкілдері үшін екінші орында тұрады;

2) өнеркәсіптік әулет — фабриканттар, саудагерлер, қолөнершілер. Өз қызметінде нәтижеге жету үшін, бұл әулет табиғатқа сүйене алмайды, әулет үшін бастысы — парасат және есеп. Адамгершілік бұл әулет үшін аса құнды емес, сондықтан адамгершілікті жасанды түрде қолдап отыру қажет;

3) жалпы әулет — шенеуліктер. Шенеулік — ерекше индивид ретінде көпшілік игілігіне қызмет етеді және өзіне қанағат табады. Өз жұмысын орындау үшін, шенеулік өндіруші еңбектен босатылуы керек.

Әулетке тиесілігіне байланысты индивид тек жеке тұлға болудан қалады, қоғам мүшесіне айналады.

Адамдардың адамгершілік бірлестігінің тағы бір нысаны — мемлекет. *Мемлекет* — өзінше мақсат, «абсолютті, қозғалыссыз өзіндік мақсат, онда еркіндік өзінің жоғары құқығына жетеді және осы өзіндік мақсат жеке адамдарға байланысты жоғары құқыққа ие, адамдардың жоғарғы міндеті мемлекеттің мүшелері болу». Тек қана мемлекетте адам адам бола алады: «Адамның парасатты маңызы — мемлекетте өмір сүру...».

Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселеде Гегель келісімдік теориясына қарсы шықты: «шарт қатынасын жеке меншік қатынасы сияқты жоғарылату, мемлекеттік құқықта және шындықта үлкен шатасушылық әкелді».

Гегель мемлекетті ішкі ағза және сыртқы ағза ретінде қарады. Бірінші жағдайда ол билікті логикалық кезеңдерге бөлді:

1. *Заң шығарушы билік* жалпылықты тағайындайды. Заң шығарушы жиын екі палаталы құрылымнан тұрады. Бірінші палата мұрагерлікке негізделеді, ол жер аристократиясының өкілдерінен тұрады. Дворяндардың мүлікпен қамтамасыз етілуі оларды үкімет пен халықтан тәуелсіз етеді, олар пайда түсіруге ұмтылмайды, сондықтан мемлекеттік қызметке өте бейімді. Екінші палата сайланбалы, өнеркәсіп корпорациялары ұсынатын депутаттардан тұрады. Екінші палатаның қызметі — мемлекеттік іс-әрекеттерді жария талқылауды қамтамасыз ету және азаматтық қоғамның өзгеріп тұратын мүддесін бейнелеу.

2. *Үкімет билігі* ерекшелік пен дербестікті жалпылыққа сәйкестендіреді. Шенеуліктердің иерархиясын көрсетеді: бір буында кеткен қателікті басқа буынның жоюы мүмкін. Үкімет билігіне білімділік және болашақты болжау тән.

3. *Княздік билік*. Монарх (князь) өзінің қол қоюымен заңды заң етеді. Егемендік халыққа емес, монархқа тиесілі.

*Мемлекет сыртқы ағза ретінде*. Кантқа қарағанда, Гегель мәңгілік бейбітшілік идеясына қарсы шықты. Ол:

- мемлекеттер арасындағы даулар соғыс арқылы шешіледі;
- егер соғыс болмаса, адамзат былығып кетер еді;
- адамзат тарихы қарама-қайшылықтардың күресінен тұрады, сондықтан соғыссыз болмайды;
- соғыс кезінде адамдар мемлекет олар үшін емес, өздері мемлекет үшін маңызды екендігін түсінеді;
- сәтті соғыстар «ішкі аласапыранды басып, мемлекеттік билікті нығайтады», деп санайды.

Гегель мемлекетті дүниежүзілік тарих тұрғысынан қарастырады. Дүниежүзілік тарих – рухтың еркіндікке ұмтылуы эволюциясы. Гегель тарихы кезеңдерді: шығыстық әлем, грек әлемі, рим әлемі, германдық әлемге жіктеді. «Шығыс тек жалғыз біреудің ғана ерікті екенін білді және біледі, грек және рим әлемі кейбіреулердің ғана ерікті екендігін біледі, германдық әлем барлығының ерікті екенін біледі». Еріктің дамуындағы осы кезеңдерге *мемлекеттік басқарудың типтік нысандары* сәйкес келеді:

- деспотизм;
- демократия;
- аристократия;
- конституциялық монархия.

Конституциялық монархия — басқарудың идеалды нысаны.

Гегельдің саяси және құқықтық ілімдер тарихына сіңірген үлесі жеке меншік және шарттар еркінділігінің ақылға қонымдылығын дәлелдеу арқылы жеке құқықтың маңызды институттарын: меншік құқығын, шарт құқығын негіздеді. Қылмыстық құқықта қылмыскерге қатысты көзқарасы бүгінгі таңда да келелі. Сот өндірісіне алқаби институтын енгізу және заңнаманы кодификациялау туралы талабы да озық. Гегельдің азаматтық қоғам және мемлекет түсінігін ажыратуы жоғары

ғылыми мағынаға ие. Гегельдің мемлекетке бас ұруы, аса дәріптеуі оны этатизм теоретиктерінің қатарына қосады.

**3. Құқықтың тарихи мектебі** XIX ғасырдың I жартысында Густав Гуго, Фридрих Карл Савиньи, Георг Фридрих Пухта еңбектері арқылы Германияда қалыптасты. Тарихи мектептің өкілдері адам парасатынан шығаруға болатын идеалды құқықты — табиғи құқықты сынау арқылы танылды. Тарихи қалыптасқан және әр халықпен қолданылатын құқықты — өткен уақыт тәжірибесінің нәтижесін — олардың парасаттылығына қарамастан құндылық ретінде тануға шақырды.

Құқықтың тарихи мектебі өкілдерінің саяси-құқықтық іліміне көп жағдайда Ш.Л.Монтескьенің «зандар оны қалыптастырып ұстанған халыққа етене жақын болады, сондықтан бір ұлтқа арналып тағайындалған заңдар екіншісіне қолдануға жарап жатса, бұны ұлы кездейсоқтық деп санауға болады» деген көзқарасы үлкен ықпал еткен.

**Густав Гуго** (1764–1844 жж.) — Геттинген университетінің құқық профессоры, құқықтың тарихи мектебінің негізін қалаушы.

**Негізгі еңбектері:** «Рим құқығы тарихы бойынша оқулық», «Классикалық пандект құқығының оқулығы және хрестоматиясы», «Табиғи құқық оқулығы, немесе Жағымды құқық философиясы», «Цивилистика курсы бойынша оқулық».

*Густав Гугоның саяси-құқықтық ілімінің мазмұны.* Гуго құқықтың қайнар көздерін:

- өздігінен дамушы құқық (оған әдет-ғұрыптық құқық, претор құқығы, жер құқығы, қала құқығы жатады);

- заң шығарушылармен қалыптастырылатын құқық деп екі топқа ажыратады.

Жоғары билікпен қалыптастырылған заңнама тарихта ешқашан да құқықтың жалғыз қайнар көзі болған емес. Юстинианға дейін рим құқығында құқықтың кейбір институттары заң шығару билігінен тәуелсіз пайда болған.

*Құқықтың тарихи дамуы.* Құқық тіл мен қоғамдық ұстаным тәрізді дамиды: «белгілі бір халық арасында қолданылып жүрген құқықтық нормалардың көпшілік бөлігі халықтың тілі, адами ережелері пайда болған тәріздес стихиялы түрде пайда болды немесе олардың белгілі бір бөлшегі бола отырып әдетке айналу

нәтижесінде пайда болады». Бұл құқық өздігінен, бұйрықсыз, бірақ қоғамдық жағдайға сәйкес дамиды.

Өздігінен дамушы құқық пен заңнама арасындағы арақатынас мәселесінде Гуго әр халықта қолданыстағы құқықтық нормалардың көпшілігінде, өздігінен дамушы құқық басымдылыққа ие деп санайды. Гуго өздігінен дамушы құқыққа бас иеді және құқықтың қайнар көзі ретіндегі заңдарды сыни бағалайды.

Өздігінен дамушы құқық нысандарына танымалдық және нұсқауларының нақты анықталуы тән. Жоғары билікпен қалыптастырылған заңдарға келсек, өмірде олар қаншалықты деңгейде қолданылады деген күдік ылғи да орын алады. Мысалы, Геттингенде қала билігінің қаулысына сай көшелердің атауын өзгерткенде, қала тұрғындары бұрынғы ескі, үйреншікті аттарды қолдануды жалғастыра бергендігін айтады.

Сондай-ақ заңдар бір-біріне қарама-қайшы келуі заң шығарушының пайдакүнемдік мақсатын білдіруі мүмкін, оған түзетулер енгізудің ерекше себебін іздеуді немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізудің күрделілігін бекітуі мүмкін. Заңнаманың тағы бір кемшілігі — азаматтардың көбісінің заңдарды оқымауы.

*Табиғи құқық концепциясын сынау.* Табиғи құқық жоқ, тек қана жағымды құқық бар (өздігінен дамушы құқық және заңнама), деп санады Гуго. Жағымды құқықты аса жетік дей алмаймыз, бірақ оның өзіндік құндылығы бар: оның көмегімен тыйым салу және міндеттеу ұйғарымдарындағы анықтылыққа жетуге болады, онсыз қоғамдық тәртіп орнатуды қамтамасыз ету мүмкін емес. Соған сүйене отырып, Гуго құлшылықтың құқықтық институтын ақтайды, бірақ оның уақытша заңдылығын мойындайды. Егер құлдық жағымды құқықпен бекітілсе, онда ол бостандықтан гөрі тәуір, — деп есептейді Гуго.

Мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясын:

- миллиондаған адамдар келісім-шартқа отыру кезінде өздері әлі ештеңе білмейтін мекемелерге мәңгі бағыну, сонымен қатар әлі белгісіз басқарушыға бағыну туралы келісімге келе алмайды;

- мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясы жоғары билік жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды және биліктің абсолютті сипатын терістейді деген оймен сынға алады.

**Фридрих Карл Савиньи** (1779–1861 жж.) — Берлин университетінің профессоры, Германиядағы азаматтық құқықты кодификациялаудың ерекше жолын жақтаушысы болды.

**Негізгі еңбектері:** «Иемдену құқығы», «Орта ғасырдағы рим құқығы тарихы», «Заманауи рим құқығының жүйесі».

Саяси-құқықтық ілімінің мазмұны. Құқықтың дамуының қайнар көзі — «халықтың мінезі» немесе «халықтық рух» (Volksgeist). Құқық — қашанда қандай да болмасын бассыздыққа бағынбайтын, халық рухының тарихи көрінісі. Құқық — халықтың ішкі жасырын күшінің үйлесімді жемісі.

Савиньи құқықтың тарихи дамуын үш кезеңге топтастырып қарастырады. Алғашқыда құқық адам санасында табиғи құқық ретінде пайда болды. Аталған құқық кез келген халықтың тілі, саяси құрылымы тәріздес ұлттық ерекшеліктерге ие. Мазмұны бойынша қарапайым бола тұрып, бұл құқық көрнекі рәсімдік іс-әрекет көмегімен жүзеге асады, құқықтық қатынастардың пайда болуы мен тоқтатылуының негізі болып табылады.

Халық мәдениеті дамыған сайын құқық та күрделене түседі, ол заңгерлер санасында дербес өмір сүре бастайды, ғылыми құқық пайда болады. Заңгерлер құқық жасаушылар ретінде емес, халық рухының жеткізушілері болып табылады. Олар тәжірибеде пайда болғандарды тұжырымдай отырып заңдық түсініктер қалыптастырады.

Құқық дамуының соңғы сатысы — заңнама қалыптастыру. Бұнда заңгерлер халық рухымен қалыптастырылғандарды заң бабына айналдырумен айналысады.

*Тарихи мектеп және құқықты кодификациялау.* 1814 жылы Гейдельберг университетінің профессоры Ю.Тибо Германияда 1804 жылғы Француздық азаматтық кодекс тәріздес рационалдық бастауға негізделген бірыңғай Азаматтық кодекс жасауды ұсынды.

Савиньи германдық азаматтық құқықты тез кодификациялау идеясын ұлтқа қарсы және негізсіз деп сынға алды. Ол немістер санасы «әлі заңдар жиынтығын жасауға жеткен жоқ» деп санады. Бытыраңқы Германияда, Савиньидің көзқарасы бойынша, біртұтас кодификация жасауға қабілетті дайындықтан өткен заңгерлер болмады. Савиньи кодификация мүмкіндігін жоққа шығармады, бірақ оны Германияда бірыңғай «үйлесімді дамыған

құқықтық ғылым» қалыптастырғаннан кейін ғана жүргізу орынды деп санады.

**Пухта Георг Фридрих** (1798–1846 жж.) — Берлин университетінің профессоры, құқықтың тарихи мектебінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Пухта Савиньидің шәкірті болды және оның халықтың тарихи дамуының жемісі ретіндегі құқық идеясын дамытты.

**Негізгі еңбектері:** «Рим құқығы тарихы», «Римдік азаматтық құқық курсы», «Әдет-ғұрыптық құқық», «Пандекттер оқулығы».

Саяси-құқықтық ілімінің мазмұны. Пухта құқықтың қайнар көздерін екі топқа ажыратып қарастырады:

- құқықтың көрінбейтін қайнар көздері: алғашқыда — Құдай, кейін — халықтық рух. Халықтық рух — халықтың өзіндік санасы түсінігі Пухта ілімінің басты ережесі;

- құқықтың көрінетін қайнар көздері — халық рухының көрініс табу нысандары (әдет-ғұрыптық құқық, заң шығару құқығы, ғылыми құқық).

Әдет-ғұрыптық құқықты халықтың белгілі бір әрекеттерді қайталап жасауымен ғана түсіндіруге болмайды, әдет-ғұрыптық құқық жалпы халықтық наным-сенім.

Заң шығару құқығы — құқықты анық және біркелкі етуге мүмкіндік беретін құқық нысаны. Бірақ заң шығару құқығы еркін мазмұнға ие бола алмайды: «Заң шығарушы расында өз заңында тұрақталған заңды көзқарасты бекіту немесе халықтың шыншыл рухына сәйкес жана ережені енгізу барысында халықтық жалпы сенімді білдіреді, оның ықпалында болады».

Ғылыми құқық — құқық нысаны, оның көмегімен «ұлттық құқықтың рухында жасырынған, халық мүшелерінің тікелей сенім-нанымында және олардың іс-әрекеттерінде, заң шығарушылардың қанатты сөздерінде көрініс таппаған, сондықтан, ғылыми дедукцияның жемісі ретінде ғана анық көрінетін заңды ережелерді» анықтауға болады.

Құқықтың органикалық дамуының жақтаушысы бола тұра, Пухта құқыққалыптастыру үрдісіндегі субъективті факторды да таниды. Мысалы, ол заңгердің қызметін жоғары бағалайды, рим құқығының рецепциясын заңгерлер әрекетінің жемісі ретінде түсіндіреді. Пухта рим құқығы туралы бүкіләлемдік құқық

ретінде айтады, оның кез келген ұлттық ерекшеліктермен үйлесе кету қабілетін жоғары бағалайды.

Құқықтың тарихи мектебінің дәстүрлері заң мен әдет-ғұрыпты құқықтың бір деңгейлі екі қайнар көзі ретінде қарастыратын заманауи құқықтық жүйелерде (ФРГ, Швейцария) көрініс тапты.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Канттың құқықтық ілімі. Тегеурінді талап қағидасы.
2. Канттың саяси ілімі. Құқықтық мемлекет концепциясы.
3. Канттың «Мәңгілік бейбітшілік жобасы».
4. Гегельдің құқық түсінігі және оның даму сатылары.
5. Гегельдің отбасы, азаматтық қоғам, мемлекет туралы ілімі.
6. Гегель халықаралық құқық, соғыс және бейбітшілік туралы.
7. Густав Гугоның саяси-құқықтық ілімі.
8. Фридрих Карл Савиньи құқықтың тарихи мектебінің өкілі.
9. Пухта Георг Фридрихтің саяси және құқықтық ілімі.

### **11-тақырып. XIX ғасырдың I-жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық ілімдер**

1. XIX ғасырдың I-жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық идеологияның басты бағыттары.

2. И.Бентамның саяси және құқықтық идеялары.

3. Б.Констан мемлекет және тұлға бостандығы туралы.

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропадағы қоғамдық-саяси жағдай буржуазиялық төңкеріліс, өндірістік төңкеріліс, индустриалды қоғамның қалыптасуы, жұмысшы мәселесі және жұмысшы қозғалысы, Конституция қабылдау легінде іске асып жатты. Аталған кезеңде қалыптасқан барынша маңызды идеологиялық бағыттар осы тарихи үрдіске қарым-қатынасы арқылы анықталды. Батыс Еуропада бекініп нығайған капиталистік құрылым идеологиясы либерализмде көрініс тапты.

Оның әлеуметтік базасын кәсіпкерлік топтар, шенеуліктер, еркін кәсіп өкілдері, ғылыми қауымдастық құрады. XVIII ғасырдың соңындағы Француз буржуазиялық төңкерілісі Еуропада капитализмнің дамуына қуатты күш берді. Оның қарсыластары да бас көтерді. Буржуазиялық, капиталистік өмір салтын енгізуге өздерінің бұрынғы жеңілдіктерін жоғалта бастаған және ескіні жаңғыртуға ұмтылған дворяндық-аристократиялық, феодалды-монархиялық топтар қарсы шықты. Олардың идеялары консерватизм аясында бірігеді. Капиталистік тәртіпті консерватизмнен өзге, еңбекшілердің пролетариаттық топтары, кедейленген ұсақ меншік иелерінен құралған социалистік бағыт өкілдері де қатаң сынға алды. Капиталистік жүйе қайыршылық жағдайға жеткізгендіктен, олар жеке меншікке негізделген өркениеттен бас тартып, меншік ортақтығын тағайындауды мақсат етті. Капиталистікке қарсы бұндай көзқарастар социализм позициясын көрсетті. Тағы бір идеологиялық бағыт — анархизмнің саяси бағдарламасы бұлардан өзгеше болды. Анархизмнің барлық өкілдері бірдей буржуазия мен жеке меншікке қарсы тұрған жоқ, бірақ барлығы бірдей қандай да болмасын нысандағы, типтегі мемлекетке қоғамдық зұлымдықтың басты қайнар көзі ретінде санап қарсы шықты. Соған сәйкес олар капиталистік мемлекеттілікті, буржуазиялық заңнаманы терістеді.

Сонымен, XIX ғасырдағы Батыс Еуропаны толғандырған басты мәселелер қатарында жалпыға бірдей сайлау құқығы (демократия), әлеуметтік мәселелер, төңкеріліс немесе реформа жолымен даму, адам құқықтары тұрды, табиғи құқық идеологиясының дағдарысы орын алып, оның орнына позитивистік құқық теориялары пайда болды.

Либерализмнің тұжырымдық негізін екі басты ұран құрайды. Біріншісі, жеке бастың бостандығы, әрбір индивидтің еркіндігі және жеке меншік аса жоғары әлеуметтік құндылық ретінде танылады. Екіншісі, аталған құндылықтарды іске асыру жеке тұлғаның шығармашылық қауқарын ашып қана қоймайды, қоғамның, онымен бірге мемлекеттің дамуына ықпал етеді.

Өкілдері Б.Констан, И.Бентам, Л.Штейн болып табылатын **либерализмнің** басты мәселелері:

- адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;
- құқықтық мемлекет;
- билікті бөлу;
- жеке меншіктің қасиеттілігі;
- мүліктік теңсіздікті негіздеу;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық салаға араласпауы.

**Консерватизмнің** таралу шыңы XIX ғасырдың алғашқы үштігіне сәйкес келеді, бірақ либерализм мен социализмге қарағанда нақты анықталған, тұрақты тұжырымдық негізі болмады. Дегенмен, консерватизмнің басты идеялары:

- төңкерілісті терістеу;
- теңсіздік пен әділетсіздіктің болуы;
- тарихи пессимизм;
- индивидуализмді терістеу;
- дін – адамгершілік бастауы, қоғамның рухани негізі;
- тәртіп пен дәстүрді жоғарғы құндылық ретінде тану.

Өкілдері: Жозеф де Местр (1753–1821 жж.), Луи де Бональд (1754–1840 жж.), Людвиг фон Галлер (1768–1854 жж.), Адам Мюллер (1779–1829 жж.).

**Социализмнің** басты ұстанымдары:

- «кедейлер идеологиясы»;
- жеке меншікті терістеу;
- әлеуметтік мәселені шешуге бағдар алу;
- төңкеріліс жолын негіздеу;
- мемлекет пен құқықтың таптық табиғаты.

Өкілдері: К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин.

XIX ғасырдағы заңдық ой бағыттарының жалпы сипаты табиғи құқықтық әдістерді терістеуімен ерекшеленеді. Аталған кезеңдегі құқықтық теорияларды үш топқа бөліп қарастыру орынды: құқықтың тарихи мектебі, заңдық позитивизм, әлеуметтік позитивизм.

**Құқықтың тарихи мектебінің** өкілдері Г.Гуго, Г.Пухта, Ф.К.Савиньи:

- құқық тарихын зерттеу;
- құқықты халық мәдениетінің бір бөлігі ретінде бағалау;
- құқықтың ұлттық табиғатын тану;
- әдет-ғұрып беделінің жоғарылығы;
- құқық тұтастығын тану;
- құқықтың қорғаушылық қызметін баса қарастырады.

**Заңдық позитивизм** өкілдері: Г.Спенсер, Иеринг, О.Конт:

- құқық – заңдық нормалар жиынтығы, мемлекет еркі
- құқықты зерттеудің формалды-заңдық әдістері: талдау, суреттеу, жіктеу деп санайды.

**Әлеуметтік позитивизм** өкілдері: Дж.Остин, П.Лабанд, И.Бентам:

- құқық әлеуметтік құбылыс деп таниды;
- құқық пен қоғамның өзара қатынасын зерттеу;
- әлеуметтік әдістерді қолданумен айналысады.

**2. XIX ғасырдың ортасындағы батыстық қоғамның үстем дүниетанымдық көзқарасы либерализм болып танылады.** Либералдар индивидтердің еркін әрекет етуіне мемлекет араласпаған жағдайда қоғамдық үйлесімдікке жетуге болады деп санайтын, либерализмнің жарқын қайраткерлерінің бірі ағылшындық философ және құқықтанушы **Иеремия Бентам** 1748–1832 жылдар аралығында өмір сүрген.

1748 ж. 15 ақпанда лондондық адвокаттың отбасында дүниеге келген Иеремия Бентам жастайынан бастап оқуға бейімділік танытады (төрт жасынан латынмен айналыса бастайды). 13 жасында Оксфорд университетіне оқуға түсіп, екі жылдан кейін құқық бакалавры дипломын алады, 18 жасында магистр атағын иеленеді. Университетті бітірісімен өзін толығымен ғылыми қызметке арнайды. Бентамның алғашқы еңбегі 1776 жылы жарық көрді («A Fragmenton Government»). 1785 жылы Бентам Ресейге барып, өзінің экономика саласы бойынша хат түріндегі бірінші жұмысын жазады. 1832 жылы 6 маусымында дүние салады. Қайтыс болар алдында Бентам өз денесін ғылымға өсиет етіп қалдырады; оның денесі достарының көзінше ашылып, басы мумияланды; қайта қосылған қаңқасы және балауыздан жасалған пішіні оның өзінің киіміне оралып, шыныдан жасалған қақпағымен тік қорапқа салынды; осының барлығы қазіргі уақытта Лондондық университетте сақталып келеді.

**Негізгі еңбектері:** «Мемлекеттік басқару туралы үзінді», «Адамгершілік және заңнама негізіне кіріспе», «Конституциялық кодекс», «Жалпы және мәңгі бейбітшілік жоспары», «Анархиялық софизмдер, Француз төңкерілісі кезінде жарық көрген Құқық декларациясын зерттеу».

**Саяси-құқықтық ілімінің мазмұны.** Бентам утилитаризмнің теоретигі болып табылады. Утилитаризм – «пайдалы немесе бақытқа әкелуі мүмкіндердің» барлығы біздің іс-әрекетіміздің жоғарғы қағидасы болуы керек деп санайтын доктрина немесе адамгершілік ұстаным. Ол «қанағаттанудың арифметикасын» ұсынған болатын: барлық қанағаттанудың жиынтығынан адам санасы қанағаттанбағандығы мен қиыншылықтың жиынтығын алып тастауы керек, сонда адам бақытының шамасы анықталады.

*Индивид бостандығы мен мемлекет.* Бентам либерализм доктринасының өкілі болғандықтан, оның көзқарасы негізінде мемлекет тарапынан қандай да болмасын шектеулерсіз индивидтердің бостандығын қамтамасыз ету мәселесі тұрады. Бірақ индивид бостандығын Бентам табиғи құқық мектебінің ережелерімен емес, утилитаризм доктринасының тәртібімен негіздейді.

Өзінің алғашқы шығармаларында Бентам француздық Адам және азамат құқықтары декларациясының (1789) негізін құраған табиғи құқық теориясын сынға алған болатын. «Анархиялық софизмдер, Француз төңкерілісі кезінде жарық көрген Құқық декларациясын зерттеу» (1795) еңбегінде Бентам мемлекетке және мемлекетпен жасалатын заңнамаға дейінгі құқықтардың — табиғи және ажырағысыз адам құқықтарының шынайылығын жоққа шығарады. Бұл құқықтарды ол «анархиялық софизмдер» деп атайды, ал мұндай құқықтарды жалпы тану мемлекеттік билікке қарсылық көрсету мүмкіндігін негіздейді. Мемлекет заңына қарсы қойылған табиғи және ажырағысыз адам құқығы, Бентамның ойынша, «парасаттың ұлы жауы және үкіметті ең қорқынышты талқандаушысы».

Бірақ Бентам тек қана пайда әкелу қағидасына негізделген, нақты анықтауға және заң мәтінінде бекітуге болатын адам құқықтарының бар екендігін мойындайды.

Бентам әрбір адамның барынша мол бақытқа ұмтылатындығына сенімді, ал мемлекет осы ұмтылыстарға кедергі болмауы қажет: «өзіне қанағаттанарлықтай жағдайды жасау индивидумға толық берілуі қажет; үкіметтің басты міндеті индивидумды қайғы-қасіреттен алшақтату болуы тиіс».

Мемлекет индивидтерді қайғы-қасіреттен заңнама арқылы түбегейлі құқықтарды: «жеке қауіпсіздік құқығы, ар-намыс, меншік, жедел көмек керек уақытында қажетті көмекті ала алу құқығын» бекітіп және олардың жүзеге асуын қамтамасыз ету арқылы алшақтата алады. Бентам үкімет өзінің мақсат-міндетін тек қана осындай әдіспен орындай алады деп тұжырымдады: «қоғам мүшелерінің мүмкін болатын көпшілігінің үлкен бақытқа қол жетімділігі — бұл үкіметтің басты мақсаты болуы тиіс».

Заң шығарушы жаза тағайындау мен марапаттау шараларын байланыстыра қолдану арқылы адам әрекетін өзіндік пайдаға жеткізуге бағыттауы қажет. Сол арқылы қоғамда «көптеген адамдардың үлкен бақытқа жетуіне» мүмкіндік туады.

*Заңнамалық реттеудің шектері.* Бентам жеке меншік құқығын индивид құқығының негізгісі деп есептеді, жеке меншік — қоғамның құндылығы. Заң шығарушы меншіктік теңдік орнатуға ұмтыла отырып, жеке меншікке заңсыз қол сұғудан аулақ болуы керек. Заң шығарушының мұндай әрекеттері индивидтің басқа негізгі құқығы — қауіпсіздікті бұзуға әкелуі мүмкін. Бентам «теңсіздік адам өмірінің табиғи шарты. Абсолютті теңдік – абсолютті мүмкін еместік» деген қағиданы негізге алады. Дегенмен, ол заңнамаға сәйкес өсиет бостандығын шектеу және қоғамда меншіктің тең мөлшерде бөлінуі үшін монополияға қарсы заңнаманы қолдады.

Бентам мемлекет азаматтық құқықтың шарт еркіндігі қағидасына қол сұқпауы керек деп санаған: «Шарт еркіндігі шексіз болуы керек деген ереже барлығына ортақ болсын».

*Заң құқық нысаны ретінде.* Т. Гоббстың соңынан Бентам құқықты мемлекет еркі деп санайды. Сондықтан да Бентам үшін құқық нысаны болып заң есептеледі: «Құқық деп біз әрекет ететін барлық заңдарды немесе бір заңды не болмаса бірнеше заңды, кімге қалай ыңғайлы соған байланысты түсінеміз».

Бентам заңның келесі анықтамасын тұжырымдайды: «Заңды билікке бағынушы (немесе бағынышты деп саналатын) тұлға немесе тұлғалар тобына қатысты анықталған жағдайда қажетті әрекет туралы мемлекетте егеменнің еркін білдіретін, онымен тағайындалған немесе санкцияланған таңбалардың (ережелердің) жиынтығы ретінде анықтауға болады».

*Прецеденттік құқыққа сын.* Құқықтың жетілдірілген нысаны тек қана заң деп есептеген Бентам Англияның прецеденттік құқықтық жүйесін сынға алады. Прецеденттік құқықтың кемшілігі — халықты қатыстырмай және халыққа беймәлім шығарылады. Бұл құқықты Бентам «ит құқығы» деп атайды, судьяларды иттердің иесімен теңестіреді: «Сіздің итіңіз жағымсыз әрекет істесе, сіздер оны жағымсыз әрекеттен бас тартқызу үшін, жағымсыз әрекетін жасап бітуін күтесіз, содан кейін үйрету мақсатында ұрасыз. Мұндай тәсілмен сіздер өз итіңізге заңдар шығарасыз және де дәл сондай тәсілмен судьялар біз үшін құқық қалыптастырады. Олар адамға алдын ала не істемеуі қажет екенін айтпайды, біреуге де айтқызбайды, істеу керек нәрсені істегенше өтірік айтып, содан кейін сол іс үшін оны дарға асады. Әр адам иттік құқықты қайдан білуі тиіс?». Бентам прецеденттік құқық жүйесінің кемшіліктерін жою құралы ретінде құқықты кодификациялауды қолдайды.

*Мемлекетті басқарудың идеалды нысаны.* Басында ол конституциялық монархияның жақтаушысы болған. Бентам еуропалық монархтарға утилитаризм қағидалары негізінде құқықты реформалауды жүргізу ұсынысымен қайырылған. Бірақ ұсыныстарынан оң нәтиже шықпағандықтан, ол билеу нысаны ретінде «көптеген адамдардың үлкен бақытқа жетуіне» жол ашатын республиканы қолдай бастады.

Республикада *құрылтай билігі* халыққа берілуі қажет және ең алдымен парламент депутаттарын жалпыға бірдей, тең және төте сайлау арқылы халықтың сайлауымен құрылуы тиіс деп санаған. Заң шығару билігі бір палаталы орган — парламентке берілуі қажет. Парламент депутаттары өзінің сайлаушылары алдында жауапты, халық депутаттарды қайта шақыртып алу және оларға қатысты қылмыстық іс қозғау құқығына ие болады.

*Атқару билігі* парламент алдында жауапты және ауысып отыратын лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

И. Бентамның саяси-құқықтық көзқарастары батыстық саяси-құқықтық ілімдердің дамуына және заңдық тәжірибеге үлкен әсерін тигізді. Англиядағы құқықтық реформалардың негізі ретінде Бентамның идеялары алынды. Бентамның құқықтық көзқарастары Англиядағы заңгерлік позитивизм мектебінің (Дж. Остин) дамуына үлесін қосты.

**3. Бенжамен Анри Констан де Ребек (1767–1830 жж.)** — француздық либерализм идеясын ұстанушылар ағымының өкілі, саяси қайраткер.

Ұлы француз төңкерілісі кезіндегі якобиншілдер лаңкестігі (1789–1799) және Наполеон I әскери деспотизмі адамдарды қандай да болмасын басқару нысанындағы мемлекет бастылығынан қорғайтын индивид бостандығы кепілдіктерінің қажеттігін ұғынуға жетелейді. Дәл осындай уақытта Б.Констанның саяси либерализмінің негізі қалыптасады, онда ол индивидтердің бостандығы мемлекеттің бастылығынан қорғалатын конституциялық мемлекет қағидаларын негіздейді.

Франциядан отбасы діни себептермен Лозаннаға қоныс аударған жылдары туып-өседі, бостандық, еркіндік туралы ойлары қалыптасқан Эдинбург университетінде білім алады. Оның саяси және құқықтық көзқарастары британдық конституционализм доктринасы мен француздық ағартушылардың әсер етуімен қалыптасады.

**Негізгі еңбектері:** «Лаңкестік әрекеті туралы», «Саяси көзқарастар туралы», «Узурпация туралы», «Кез келген басқаруға арналған саясат қағидалары», «Конституциялық саясат курсы».

**Саяси-құқықтық ілімінің мазмұны.** Индивид бостандығы түсінігі. Өзінің еңбектерінде Констан XIX ғасырдағы жаңа индустриалды қоғамға сай бостандық ұғымын енгізеді. Констанға дейінгі бостандық тақырында жазушы публицистер көне дәуір тәжірибесіне сүйеніп, оны идеал тұтатын. Ал, Констан көне дәуір бостандығын идеал ретінде қарамайды, онда бостандық тек саяси бостандық сипатында болғандығын атайды: «Ежелгі полистердің азаматы маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысқаны үшін мақтана алушы еді. Бірақ көнелік саяси бостандықтың негізі құл иеленушілік болды және де ол кішігірім мемлекет-полистер көлемімен анықталды». «Көне республикаларда олардың аумағының аздығына байланысты әрбір азамат саяси қатынаста үлкен беделге ие болды. Азаматтардың өз құқықтарын жүзеге асыруы көпшілікке арналған ермек немесе басқа сөзбен уақыт өткізу болған. Адамдар бір-бірімен заңдар шығарумен жарысқан, олар судья ретінде соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешкен». Егер көне

гректердің *жеке бостандығы* туралы айтатын болсақ, ол мәнді шектелген. Афин мемлекетінен басқаларында мемлекет-полистің азаматтарының діни және отбасылық өміріне байланысты қатаң реттеушілік орын алды: «Біз өзіміздің ажырағысыз құқығымыз ретінде танитын дін тандау құқығы ежелде қылмыс немесе дінді қорлау болып саналған». Қазіргі халықтар саяси бостандыққа деген қызығушылықты ұмытқан. «Заманауи шынайы бостандық» мемлекет шектеуінен тәуелсіз жеке бостандықпен байланысты. Саяси бостандық Констанмен тек қана жеке бостандықтың кепілі ретінде қарастырылады.

Констанмен замандас ағылшындықтардың, француздардың және АҚШ тұрғындарының түсінігінде бостандық ұғымы:

- «әркімнің тек заңға бағынуы, бір немесе бірнеше индивид озбырлығы салдарынан жеке өміріне қол сұғушылыққа, бас бостандығынан айыруға, қамауға, өлім жазасына кесуге жол бермеу құқығы»;

- «бұл әр адамның өз ойын еркін білдіруі, еркін кәсіп тандау және онымен айналысу; өзінің меншігіне, оны бүлдірсе де, иелік ету; ниетін түсіндірместен еркін жүріп-тұруына ешкімнен рұқсат сұрамау және ешкімге есеп бермеу құқығы»;

- «бұл әркімнің басқа индивидтермен өздерінің белгілі бір мүдделерін талқылау немесе оның және пікірлестерінің тандап алған рәсімдерін жүргізу не болмаса уақытын өзінің қиялымен өткізу үшін бірлесу құқығы»;

- «ең соңғысы, бұл әркімнің билікті іске асыруға әсер ету құқығы. Бұл құқық барлық немесе кейбір шенеулікті тағайындау арқылы немесе өкілдік, петиция, сұрау арқылы билікке әсер ету құқығы».

Констанның ойы бойынша, бостандық Монтескьенің бостандық түсінігіне қайшы келеді. Монтескье бостандықты «заңмен белгіленген шекте барлық нәрсені істеу құқығы» деп тұжырымдаса, Констан заңдар көптеген шектеулер қойса, онда бостандық мүлде болмай қалады деп санайды (мысалға, заңдар арқылы бекітілген Конвент деспотизмі).

Констан үшін заң — жеке бостандық кепілі, дегенмен, Монтескьеге қарағанда, ол заңды абсолютті құндылық деп есептемейді.

Жеке бостандықты кепілдендіретін заңға деген талаптар:

- заң легитимді қайнар көзден шығуы керек;
- заң әділ шектерге ие болуы қажет.

Констан: «Заңға бағыну — міндет, бірақ кез келген міндет тәрізді ол абсолютті болмайды — салыстырмалы; заң легитимді қайнар көзден туындайды және әділ шектерде құралады деген болжамға негізделеді», — деп тұжырымдайды.

Констан мазмұны әділ шектерден шығып кететін заңдарға:

- кері күшке ие;

- моральға қайшы (азаматтарды бірінің үстінен бірі шағымдануына ынталандыратын, «қоғамнан шеттетілгендерді жасыруға» тыйым салатын, азаматтарды өз әрекетіне ғана жауапты емес, өзгелер үшін де жауапты деп танытын «әкесі — баласы үшін, баласы — әкесі үшін») заңдарды жатқызады.

Индивид бостандығы туралы қамқорлықты ешқашан қателеспейтін көпшілік еркі міндеті деп тұжырымдаған Руссоға қарағанда, Констан: «Ештеңемен санкцияланбайтын нәрсе бар. Егер де қандай да болсын билік мұны санкциялаған болса, ...онда ол бір ғана бағыныштыны есептемегендегі барлық ұлт билігі болса да, билік заңсыздығы одан азаймайды. Руссо мұны түсінбеді», — деп жазады.

*Бостандықтың жалты ұғымын анықтау:* «Бостандық бұл индивид істеуге құқығы бар және оған қоғам кедергі келтіре алмайтын нәрсе». Жеке бостандықтың кепілі, Констан үшін, мемлекеттік билікті оның бөлінуі мен қоғамдық пікір күші арқылы шектеу болып табылады.

Өзінің «Конституциялық саясат курсы» еңбегінде Констан алты конституциялық билікті жасауды ұсынған: корольдік, атқарушы, тұрақты өкілетті (пэрлер палатасы), сайланбалы өкілетті билік (төменгі палата), соттық, муниципалдық.

*Корольдік билік* Констанмен бейтарап және теңгермелі билік түрінде, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының қайшылығын шеше алатын билік ретінде қарастырылады. «Корольдік билік, басқа сөзбен айтқанда, барлық биліктердің үстінен қарайтын сот билігінің көрінісі болып табылады». Корольдік биліктің құзыретіне:

- министрлерді ауыстыру және тағайындау;

- абсолютті вето құқығы (монархтың қадір-қасиетін қамтамасыз ету үшін);

- төменгі палатаны тарату мен жаңа сайлауды ұйымдастыру;
- мұрагерлік палатаға мүшелерді тағайындау;
- судьяларды тағайындау;
- кешірім жасау құқығы жатады.

Корольдік биліктің болмауы, Констанның ойы бойынша, барлық әрекет етуші Конституциялардың кемшілігі.

*Атқару билігі* парламент алдында жауапты министрлермен жүзеге асырылады. Министрлер өз атынан заңдардың жобаларын ұсынады, министрлер үшін сот қызметін Пэрлер палатасы атқарады, олардың әрекетінің дұрыс-бұрыстығына баға береді.

*Сайланбалы өкілді билік* жоғары мүлік цензі негізінде құрылады: «бір ғана меншік бостандықты қамтамасыз етеді; тек меншік қана адамды саяси билікті жүзеге асыруға қабілетті етеді». Депутаттар қызметіне ақы төленбеуі тиіс. Жалақы төлеу өкілеттілік функцияларымен байланысты болған кезде, ол өкілеттіліктің басты назар аударатын объектісіне айналады.

*Тұрақты өкілді билікті* Констан ағылшындық лордтар палатасы үлгісімен сәйкестендіреді.

*Сот билігі* — бұл биліктің басқа тармақтарынан тәуелсіз билік түрі. Тәуелсіз сот билігі негізгі екі қағидамен жүзеге асырылады: өмір бойға тағайындалу және ауыстырмаушылық. Тәуелсіз сот билігі жоқ халыққа, Констан ойы бойынша, өмір сүру шөлейттегі бедуинге қарағанда да қиын болады. Констан алқа сотын құптады және қандай да болмасын төтенше соттарды құруға қарсы болған.

*Муниципалды билік* жергілікті басқару мәселелерін шешуге бағытталған. Кез келген қауым, қала, департамент жергілікті бюджет, сауда-саттық, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша сұрақтарды шешуде толық тәуелсіз болуы керек.

Жаңа типтегі бостандық анықтамасын ұсыну Констанның саяси-құқықтық ілімдер дамуына сіңірген басты еңбегі болды. Жеке бостандық пен саяси бостандықты ажырата қарастыру қазіргі кезеңдегі адам құқықтары мен бостандықтарының жіктелу негізін құрайды. Констан конституционализм теориясының қалыптасуы мен дамуына көп үлес қосты. Оның билік бөліну концепциясы батыс мемлекеттерінің конституцияларында көрініс тапты.

### Бақылау сұрақтары:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық идеологияның басты бағыттарына шолу.
2. XIX ғасырдағы саяси теориялар бағдарламасы, өкілдері.
3. XIX ғасырдағы заңдық ой бағыттары.
4. И.Бентамның утилитаризм теориясы.
5. И.Бентамның өкілдік демократия концепциясы.
6. Б.Констан мемлекет және тұлға бостандығы туралы.
7. Б.Констанның мемлекеттік биліктің бөлінуін негіздеуі.

## **IV-тарау. XIX ҒАСЫРДЫҢ ІІ-ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР**

### **12-тақырып. XIX ғасырдың ІІ-жартысы – XX ғасырдың басындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық ілімдер**

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы социалистік саяси-құқықтық ойлардың негізгі бағыттары.

2. Батыс Еуропадағы марксизмнің саяси және құқықтық ілімдері (К.Маркс, Ф.Энгельс).

3. Социал-демократиялық социализмнің саяси және құқықтық ілімдері (Ф.Лассаль).

4. Анархизмнің саяси және құқықтық ілімдері (П.Ж.Прудон).

5. XIX ғасырдағы құқықтың позитивістік теориялары (Дж.Остин).

1. Батыстағы өндірістік капитализмнің дамуына байланысты капиталистік қоғамның әрекет етуші экономикалық және саяси жүйесіне пролетариаттың («санның алаңғасар күші» — О.Конт) енуі, бірігуі негізгі мәселе болды. Сонымен қатар, жұмысшы мәселесі негізгі орынға ие болды. Бұл сұраққа жауап ретінде тәжірибе жүзінде Батыс Еуропада жұмысшылардың мүддесін қорғау мақсатында партиялар мен ұйымдар құрыла бастады. Олардың қатарында «Жалпы германдық жұмысшылар одағы» (1863), «Германияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы (үлттық деңгейде); I Интернационал «Халықаралық жұмысшылар серіктестігі» (1864); социалистік партиялармен құрылған II Интернационал (1889) (халықаралық деңгейде) болды.

Теориялық деңгейде жұмысшы мәселесі туралы сұраққа жауап ретінде капитализмді экономикалық қанаудан арылған құрылыммен ауыстыру және саяси жүйені өзгерту талабы негізделе бастады.

Батыс Еуропада социалистік саяси-құқықтық теория шеңберінде үш бағыт қалыптасты:

- «ғылыми социализм» (Маркс, Энгельс);
- анархизм (Прудон, Бакунин, Кропоткин);
- социал-демократиялық социализм (Лассаль).

**2. Марксизм** — экономикалық, әлеуметтік, философиялық, саяси және құқықтық көзқарастар жүйесі. Олардың ішінде саяси-құқықтық ілімнің орны ерекше.

**Карл Маркс** (1818–1883 жж.) — немістің саяси философы, экономист, әлемдік пролетариат төңкерілісінің идеологы және демеушісі.

**Фридрих Энгельс** (1820–1895 жж.) — неміс ойшылы, Маркстің жақтаушысы.

К. Маркс Трир қаласында (Рейндік Пруссия) адвокат Генрих Маркстың тоғыз баласының екіншісі болып дүниеге келеді. 1835–1836 жылдары Бонн университетінде құқықты зерттейді; 1836–1841 жылдары Берлин университетінде құқықты, тарихты және өнер тарихын оқиды. 1841 жылы 23 жасында Йен университетінің философия факультетінде докторлық атағын алады. 1849 жылдан бастап өмір соңына дейін Маркс Лондонда өмір сүреді.

Ф. Энгельс Бармен қаласында (Рейндік Пруссия) тоқыма фабрикантының отбасында дүниеге келеді. Әкесінің талабымен гимназияны бітірместен, Бремендегі сауда фирмасының кеңсесінде жұмыс істейді. 1841 жылы әскери міндетін атқару барысында Берлин университетінде ықтиярлы тыңдаушы болады. «Саяси экономия сындарына ескертпелерді» (капиталистік жүйенің өтпелі сипаты идеясы) дайындайды. Маркс өлімінен кейін Энгельс оның қолжазбасын қайта өңдеп, «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» (1884) еңбегін жарыққа шығарады.

Өндірістің капиталистік тәсілінің ішкі қайшылықтары жалаңдалып, өндіріс саласындағы даму еңбекшілерді қанаудың күшеюі, жұмыссыздық және бұқара халықтың кедейленуімен қатар жүріп жатқан кезде қалыптасқан марксизм ілімінің қайнар көздері ретінде неміс классикалық философиясы (Гегель, Людвиг Фейербах), ағылшындық саяси экономия (Рикардо, Смит), ағылшындық социалистік теория (Сен-Симон, Фурье, Оуэн), француздық тарихи ғылымдардың идеяларын атауға болады.

**Негізгі еңбектері:** «Коммунистік партияның манифесті» (Маркс, Энгельс), «Философияның кедейленуі» (Маркс), «Луи Бонапарттың 18 брюмері» (Маркс), «Франциядағы 1848–1850 жылдардағы тап күресі» (Маркс), «Капитал» (Маркс), «Франциядағы азаматтық соғыс» (Маркс), «Гот бағдарламасының

сыны» (Маркс), «Саяси экономия сынына. Алғы сөз» (Маркс), «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» (Энгельс).

**Саяси-құқықтық ілімінің мазмұны.** Марксистік саяси-құқықтық ілімдер К.Маркс пен Ф.Энгельстің капитализмді жетілдіруге болмайды және капиталистік қоғамды төңкерілістік қайта құру қажет деген көзқарастарына негізделген.

Көптеген еуропа тілдерінде жарық көрген «Коммунистік партияның манифестінде» (1847–1848) сол кезеңдегі қоғам жағдайы талданады және капиталистік қоғамды төңкерілістік қайта құру барысындағы пролетариат әрекетінің бағдарламасы беріледі. Онда «қазіргі буржуазиялық қоғам екі үлкен жаугер топқа, екі үлкен, бір-біріне қарсы таптарға — буржуазия мен пролетариатқа бөлінуде», — деп жазылады. Капитализм таптық күрес нәтижесінде жойылып келеді: «Қазірге дейін өмір сүрген барлық қоғамның тарихы таптық күрес тарихы болды». Бұл күрес әр уақытта «барлық қоғамдық ғимараттың төңкерілістік қайта құрылуымен немесе күресіп жатқан таптардың жойылуымен» аяқталады. Капитализмнің дамуымен қатар капиталистер мен пролетариаттың арасындағы көптеген орта және аралық деңгей топтары кедейленуіне байланысты пролетариатқа қосылады, себебі пролетариат «халықтың барлық деңгейінен»: «Дәрігерден, заңгерден, діни қызметкер мен ақыннан құралады, ғылым адамын ол (буржуазия) өзінің ақылы жалдамалы жұмыскеріне айналдырды», — деп жазады.

Капитализм дамыған сайын пролетариаттың кедейлену үрдісі одан әрі жалғаса береді. Машиналық өндіріс арқасында еңбек өнімділігі артады, бұл еңбек армиясының резервінің өсуіне алып келеді, олар еңбек нарығына әсер ете отырып, жалақының өсуіне кедергі келтіреді. Сонымен қатар капитализм дамыған сайын:

- өндіріс күші мен буржуазиялық өндірістік қатынастар;
- өндірістің қоғамдық сипаты мен иеленудің жеке сипаты арасындағы қарама-қайшылықтар ұлғаяды.

«Буржуазиялық қатынастар онымен жасалынған байлықты сыйдыру үшін тым тар болып кетті». Бұл жағдайда пролетариаттың жоғалтатын нәрсесі жоқ: «Пролетариатта қорғау қажеттігі туындайтын өзіндік ештеңе жоқ, олар осыған дейін жеке меншікті қорғап, қамтамасыз еткендердің барлығын жоюы

тиіс». Пролетариаттық қозғалыс — «ірі көпшіліктің ірі көпшілік мүддесі үшін» күресі.

*Пролетариаттың әрекет бағдарламасы.* «Ашық төңкеріліс», «коммунистік төңкеріліс» барысында «пролетариат буржуазияны күшпен құлатуы арқылы өз үстемдігін негіздейді». Мемлекет пен «үстем тап ретінде ұйымдастырылған пролетариат», «пролетариаттың саяси билікті басып алуы» арасында сәйкестендірілу орын алады. Осылайша «Коммунистік партияның манифестінде» «пролетариат диктатурасы» термині болмаса да, пролетариат диктатурасы идеясы айтылады.

Онда көрсетілген саяси үстем тап ретіндегі пролетариаттың міндеттеріне:

- «буржуазиядан саты-сатылап барлық капиталды тартып алу»;
- «өндіріс құралдарын мемлекет қолына шоғырландыру»;
- мұрагерлік құқығын жою;
- «эмигранттар мен бас көтерушілердің мүлкін тәркілеу»;
- мемлекет капиталымен ұлттық банк құра отырып, несиені мемлекет қолына шоғырландыру;
- барлық көлік құралдарын мемлекет қолына шоғырландыру, «мемлекеттік фабрикалар санын арттыру»;
- барлығына бірдей еңбек ету міндетін енгізу;
- өндірістік армиялар құру;
- егіншілік пен өндірісті біріктіру, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты біртіндеп жою;
- барлық бүлдіршіндерге қоғамдық және ақысыз тәрбиелеуді қамтамасыз ету жатқызылған.

Нәтижесінде «өзінің таптарымен және таптық қарама-қайшылығымен сипатталған ескі буржуазиялық қоғамның орнына әр адамның еркін дамуы барлығының еркін дамуының негізі болатын қауымдастық келеді».

«Коммунистік партияның манифесті» коммунистік төңкеріліс жасау барысындағы пролетариат әрекеті бағдарламасы ғана емес, бұл сонымен қоса марксистік мемлекет және құқық теориясының негізі. Бұл еңбекте саяси және мемлекеттік билікке, құқыққа, заңға марксистік анықтамалар берілген:

- «саяси билік тура мағынада — бір таптың екіншісін басып-жаншуы үшін ұйымдастырылған зорлығы». Таптар жойылғаннан кейін «жария билік өзінің саяси сипатын жоғалтады»;

- «қазіргі мемлекеттік билік — бұл буржуазиялық таптың ортақ істерін басқаратын комитет қана»;

- «сіздің құқығыңыз (буржуазиялық) тек қана сіздің табыңыздың заңдастырылған еркі, мәні, сіздің табыңыздың өмір сүруінің материалдық жағдайымен сипатталатын ерік».

- «зандар, мораль, дін — мұның бәрі ол үшін (пролетариат) буржуазиялық қызығушылықтар жасырылған буржуазиялық жалған нанымдар».

Франциядағы 1848–1850 жылдардағы тап күресі» еңбегінде «пролетариаттың таптық диктатурасы» термині алғаш қолданылып, пролетариат міндеттерінің сипаттамасы беріледі. «Пролетариат төңкерілістік социализм мен коммунизм төңірегінде бірігеді... .

«Гот бағдарламасының сыны» атты еңбегінде Маркс қайтадан өтпелі кезең, пролетариат диктатурасы тақырыбына көңіл бөледі. Мұнда Маркс: «Капиталистік және коммунистік қоғамдар арасында біріншісінің екіншісіне төңкерілістік айналу кезеңі орын алады. Бұл кезеңге саяси өтпелі кезең сәйкес келеді және бұл кезеңнің мемлекеті пролетариаттың төңкерілістік диктатурасынан басқа ештеңе бола алмайды», — деп жазады.

«Луи Бонапарттың 18 брюмері» еңбегінде мемлекеттің жойылуы идеясының орнына қирату идеясы келеді. Ол қоғам денесіндегі сұмдық «паразит-ағза» — француздық мемлекетті сынайды.

«Саяси экономия сынына. Алғы сөз» еңбегінде тарихтың экономикалық түсініктемесі беріледі және экономикалық базис пен саяси-құқықтық қондырма концепциясы қалыптастырылады. Базис — бұл өндірістік қатынастардың жиынтығы. Өндіріс үрдісінде «анықталған, қажетті, олардың еркінен тыс» адамдар түсетін қатынастар. Қондырма — базиске орналасқан және оған сәйкес келетін мемлекет, құқық, қоғамдық сана нысандары тәріздес құбылыстардың жиынтығы.

Негізінен К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Неміс идеологиясы» атты шығармасында кесте бойынша қоғамдық-экономикалық формациялардың меншіктің әр алуан нысандарына негізделген бес түрі көрсетілген: алғашқы қауымдық қоғам, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік. Кейіннен К.Маркс бірінші рет көрсетілген тарих кезеңдерін түсіндіріп нақтылады,

бірақ ешқашан бес формациялық сатыларды белгілеуден бас тартқан жоқ. Өндірістік қатынастардың белгілі типіне мемлекеттің нақты типі сәйкес келеді. Осыған сай жеке меншікке және таптық жіктелуге негізделген үш таптық — антагонистік формацияға (құл иеленуші, феодалдық және буржуазиялық) мемлекеттің үш типі сәйкес келеді: құл иеленуші мемлекет, феодалдық мемлекет және буржуазиялық мемлекет. Қалған екі формацияның біріншісі — алғашқы қауымдық қоғамда мемлекет болмайды, екіншісі — коммунизмде мемлекет таптық құбылыс ретінде жойылады деген көзқарас орын алған. Марксизм-ленинизм ілімінің авторлары буржуазиялық мемлекет төңкеріліс жолымен құлатылып орнына социалистік мемлекет құрылуға тиісті деп санаған, ал мемлекеттің соңғы тарихи типі — социалистік мемлекет бірте-бірте қоғамдық қатынастарды реттеу қажеттілігінен айырылып, тарихи аренадан өз бетімен кетеді деп тұжырымдаған.

1883 жылы Маркстың өлімінен кейін Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» (1884) еңбегін өңдеп басылымға шығарады. Бұл еңбекте қоғамның рулық ұйымдастырылуынан мемлекеттік ұйымдастырылуға өтуінің экономикалық алғышарттары талданады. Мемлекет «қарама-қарсы экономикалық мүдделерімен ерекшеленетін таптар жеміссіз күресте бір-бірін және қоғамды жойып жібермес үшін» пайда болды деп санайды.

К. Маркстың «Франциядағы азаматтық соғыс» (1891) кіріспесінде Энгельс мемлекетті анықтап, оның болашақта қирауы туралы айтады: «Мемлекет шындығына келетін болсақ, бір таптың екіншісін басқару үшін құрылған машина болып табылады».

Энгельс жалпыға бірдей сайлау құқығына жұмысшылардың өз құқықтары үшін күресуінің заңды құралы ретінде жоғары баға берді: «Буржуазия мен үкімет партияның заңсыз қызметтеріне қарағанда, заңды қызметтерінен қорқа бастады, төңкеріс жетістіктеріне қарағанда, сайлаудағы жетістіктерінен қорқатын болды». Сонымен қатар Энгельс халықтың төңкеріліс жасау құқығын мойындаудан бас тартпайды: «Төңкеріліске деген құқық жалғыз «тарихи құқық» болып табылады, бұл құқық негізінде барлық қазіргі мемлекеттер пайда болған».

Марксистік саяси-құқықтық идеологияның таралуына Маркс пен Энгельстің Халықаралық жұмысшылар қауымдастығының (Интернационал) жұмысына қатысуы мүмкіндік туғызды. Бұл қауымдастық арқылы олар Батыс Еуропадағы жұмысшылар қозғалысының дамуына ықпал етуге мүмкіндік алды.

**3. Фердинанд Лассаль** (1825–1864 жж.) — социал-демократиялық социализмнің өкілі, неміс саясаттанушысы, публицист, адвокат.

Саудагерлер отбасында дүниеге келген Ф.Лассаль Лейпциг сауда мектебінде, Бреслав және Берлин университеттерінде оқып, филология және философиямен айналысқан. 1848–1849 жылдары Рейн аймағының демократиялық қозғалысына қатысқан. 1860 жылдардың басында жұмысшылар қозғалысына қосылып, «Жалпы германдық жұмысшылар одағы» партиясын құрушылардың бірі болды, партияның президенттігіне сайланды.

**Негізгі еңбектері:** «Жұмысшылар бағдарламасы», «Ғылым мен жұмысшылар», «Конституцияның мәні туралы», «Ашық жауап», «Алынған құқықтар жүйесі».

**Мемлекет түсінігі.** Лассаль мемлекетті қоғамдық мүдде көрінісі ретінде бағалаған, мемлекетті барлық әлеуметтік зұлымдықтан қорғау жолы ретінде көрді: «Мемлекет — адам баласының барлық игілігі іске асырылуға тиісті мекеме, мемлекеттің мақсаты — адамзатқа гүлденіп, алға қарай дамуға мүмкіндік жасау, басқа сөзбен айтқанда, адам маңыздылығы — адамзат баласы жетуге қабілетті мәдениеттің дамуына жағдай жасау. Жұмысшы әулеті жалпы қоғамның төменгі таптары көпшілігіне таныс өзінің жәрдемсіздігіне байланысты мемлекетке барлық үмітін артып, бойында терең қабілеттілікті тапты».

Қазіргі буржуазиялық мемлекет мүліктік сайлау цензіне негізделі отырып, индивидтің жеке бас бостандығын және оның меншігін қорғауға арналған «түнгі күзетші» қызметін ғана атқарады, деп жазады. Ал, болашақтың мемлекеті өз алдына әлеуметтік мақсат-міндеттерді де қоюы тиіс.

*Социализмге өту бағдарламасы.* Лассаль социализмді қазіргі бар мемлекет негізінде жүзеге асыруды ұсынды. Мүліктік цензді алып тастап, жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізсек, онда мемлекет «халықтық» сипатқа ие болады және әрқайсысы мен барлығына қызмет етеді. Осылайша «жұмысшы әулетінің мемлекеттік идеясы» жүзеге асырылады.

Егер кедейлердің 98 % сайлауға қатысса, олар мемлекет саясатын өзгертуге қабілеттілікті иеленеді. Әлеуметтік мәселені:

- мемлекеттік несие пен мемлекеттік субсидиялар арқылы;
- өндірісте және жер өңдеуде өндірістік серіктестіктер құру арқылы шешуге болады. Өндірістік серіктестіктерден жиынтық еңбектің социалистік ұйымы пайда болады да, бірте-бірте капитализмді ығыстырып шығады. Бұл серіктестіктердің жұмысшылары «толық еңбек табысын» алатын болады.

Жалпыға бірдей сайлау құқығын жеңіп алу — социализмнің бірден-бір жолы. Лассаль мен Бисмарктың құпия келісімі болған: жұмысшылардың Бисмарк саясатын қолдағаны үшін, Германияда жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізуге уәде беріледі. Екі жақ та өздерінің уәделерін толығымен орындаған.

Тап күресіне негізделген Маркстың саяси бағдарламасына қарағанда, Лассаль бар үмітін әрекет етуші мемлекетке артады. Ол социализмге жетудің бейбіт жолын қолдады (жалпыға бірдей сайлау құқығы үшін заңды саяси күрес): «Менімен көтерілген ту — демократия туы. Мен тек қана таптық қозғалысты емес, жалпылай, демократиялық, халықтық қозғалысқа шақырамын».

Лассаль идеяларының әсерімен Германияда пайда болған партиялардың бірі «социал-демократиялық» атын алды және өзінің бағдарламасына өндірістік серіктестіктерге мемлекеттік жәрдем тармағын қосып, өзінің басылымын «Халықтық мемлекет» деп атады.

**Конституционализм теориясы.** Лассальді жұмысшылар мәселесін шешудің нақты жолдары ғана алаңдатпады, оны конституционализмнің ғылыми, теориялық сұрақтарын шешу мәселелері де қызықтырды. Өзінің «Конституция мәні» атты еңбегінде Лассаль екі конституцияны: шынайы және құқықтық ажыратып көрсетеді.

Шынайы конституция қоғамдағы күштердің нақты арақатынасын көрсетеді: король — әскер — ақсүйектер — өндіріс иелері — банкирлер — ұсақ буржуазия — жұмысшылар. Осы шынайы конституция берілген қоғамның барлық заңдары мен құқықтық мекемелерін анықтайды.

Құқықтық конституция жазылған конституцияны көрсетеді: «Біз айтқан қоғамдық күштердің шынайы арақатынасы қағазға жазылады, жазбаша көрсетіледі, жазылғандықтан, олар енді тек

қана фактілі байланыс қана емес, құқыққа айналады немесе бағынбау салдары ретінде жаза тағайындалатын құқықтық мекемелер пайда болады».

Жазылған конституцияның тұрақтылығы шынайы конституцияға сәйкес келетіндігінде: «Қағаз бетіне не жазылса да, ол шын жағдайды, қоғамдық күштердің арақатынасын білдірмесе, құндылығы болмайды». Лассаль мынадай мысал келтіреді: егер сіздің бағыңызда алма ағашы өсіп тұрған болса, сіз оған «інжір ағашы» деген тақтайшаны іліп қойсаңыз, бұл тақтайшадағы жазбаға байланысты сіздің ағашыңыз шынымен інжір ағаш болып кете ме?

Шынайы конституция жазылған конституциямен тартылу заңы сияқты әрекет етеді.

Ф.Лассальдің әлеуметтік мемлекет теориясы және конституционализм теориясы батыстық саяси-құқықтық ойлардың дамуына зор ықпалын тигізді.

**4. Анархизм теориясының танымал өкілі Пьер Жозеф Прудон (1809–1865 жж.) болды.**

Безансон қаласында ұсақ қолөнерші отбасында дүниеге келген. 18 жасынан бастап баспаханада әріп теруші болып жұмыс істейді, одан кейін біраз уақыт кішігірім баспаханың басшысы болды, кейін кедейленіп кетеді. Прудон өзін-өзі оқыту арқылы қайталанбас ойшыл ретінде қалыптасты. Оның өмір жолы 1837 жылы күрт өзгереді, «Жексенбілік демалыс туралы» филология саласындағы очеркі үшін Безансон академиясының сыйлығына ие болады. 1838 жылы бакалавр емтихандарын тапсырады. Кейінірек «Балалар арасында мұраны тең бөлудің салдары» тақырыбында академия жария еткен тағы бір сайысқа қатысады. Ол оны атақты еткен «Меншік деген не?» (1840) шығармасын жазады. Ұлттық жиынның (1848) депутаты болып сайланады.

**Негізгі еңбектері:** «Меншік деген не?», «Экономикалық қайшылықтар жүйесі мен кедейшілік философиясы», «Соғыс және бейбітшілік», «Федеративті қағидалар және Италияның бірлігі туралы», «Жұмысшылар табының саяси мүмкіндіктері».

Көне дәуірден бастап батыстың саяси-құқықтық ойлары әділ мемлекеттік құрылымды ізденумен айналысып, анархияға жағымсыз көзқараста болды, тәртіпсіздік ретінде қарастырды. Анархия — қоғамдық өмірдің мемлекетсіз құрылымы туралы

ілім. XVIII ғасырдың соңына қарай анархияға деген көзқарас өзгере бастайды. Әлемнің бірқатар елдерінде (Франция, Россия) мемлекеттік аппараттың бюрократиялануы, әскерилер мен шенеуніктер санының өсуіне байланысты мемлекетке деген теріс көзқарас қалыптасады. Еңбекші қауым мемлекетті оларды езуші және қанаушы ретінде ұғынды. Прудон анархияны мемлекеттік билік пен заң институттарына негізделген тәртіп ретінде емес, индивидтер, топтар, отбасылар, қалалар, аймақтар арасында жасалған өзара пайдалы шарттар институтына негізінде тәртіп ретінде қарастырды.

**Жеке меншік пен анархизм.** Прудонның ойы бойынша, меншік — бұл экономика мен мемлекет негізі. Өзінің бірінші еңбектерінен бастап Прудон жеке меншік институтын сынайды. «Меншік деген не?» атты еңбегінде ол былайша жазады: «Меншік өмірді жояды, бұл меншіктің бес мың жылдық тарихымен дәлелденген; иелік ету құқыққа сәйкес келеді, ал меншік бұған қарсы. Меншіктің көзін жойып, иеленуді қалдырсақ, бұл бір ғана өзгеріс нәтижесінде сіздер заңдарды, үкіметті, шаруашылықты және барлық мекемелерді толығымен өзгертесіздер: жер бетіндегі зұлымдықты жоясыздар».

*Жалпылай мемлекетті, мемлекеттің жеке институттарын сынау.* Мемлекетті сағалы деп ұғынатын мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясының өкілдері Гроций мен Гоббс және т.б. қарағанда Прудон мемлекет адамның қараңғы ойларының нәтижесінде пайда болады деп тұжырымдайды. Қоғам көзі ашық болған сайын мемлекеттік биліктің беделі құриды: «Адамның адамға билігі — әрбір берілген қоғамда — қоғамның қол жеткізген ой-қабілетінің даму деңгейіне кері қатынаста болады», яғни қоғам жетілген сайын, билік шеңбері тарыла береді.

Тікелей демократияны ұстанушы Руссоға қарағанда, Прудон саясатта жалпы халық емес, тек жеке тұлға әрекет ете алады деп санады: «Ойлардың әр түрлілігі, идеялар мен мүдделер арасындағы қайшылықтар, топтың қабылдауының әр түрлілігі арқасында бұдан жалпы ерікті табудың біркелкілігі мен заңдылығын қандай әдіспен орнатуға болады? деген сұрақты мен әрқашан қоя аламын. Сұраққа демократия жауап бере алмайды».

Прудон демократияның басқа институттарын да сынайды: «Жалпыға бірдей сайлау, императивті мандат, өкілдердің

жауаптылығы, соттық қарастырудың шеңберін шектеу — мұның бәрі баланың ойыншығы...».

**Заңнамаға сын.** Заңдар мемлекетті қорғау үшін адам табиғатының «қараңғы ойларының» арқасында пайда болғандықтан, олар қарапайым халықты қанаудың құралы болып табылады. «Мен келісімге келуге дайынмын, бірақ та заңдарды қаламаймын. Мен оларды танымаймын. Мен менің жеке бостандығыма шек қоятын кез келген тәртіпке қарсы тұрамын. Заңдар! Халық олардың нені айқындайтынын және оның құнын да біледі. Заңдар байлар мен ауқатты адамдардың ойлап тапқан құлығы, кедейлер үшін ешқандай қылышпен шабылмайтын тор, үкімет қолдары арасына тартылған балық аулайтын ау сияқты...».

Прудон меншік иелерінің құқықтарын ғана қорғайтын және пролетариат құқығын қорғамайтын заңдарға қарсы болды; Наполеон Кодексінен «ешқандай тарау да қалмайды» деп болжайды. Прудон заңдардың кемшілігін ретінде: мазмұнының әділетсіздігін, ішкі қайшылықтарының болуын көрсетеді.

Прудон мемлекеттік институттары мен заңнамасы бар қоғамға балама ретінде өзара тиімді шарттар негізінде құрылған, индивидтердің шексіз бостандығын сақтауға көмектесетін азаматтардың әр түрлі одақтарынан тұратын қоғамды ұсынады: «Өндіріс құралдарының теңдігін және айырбасталатын азықтың теңдігін қорғаумен шектелетін еркін қауымдастық, бостандық, бұл қоғамның ең әділ, шынайы және болуы мүмкін нысаны... Қоғам жетілуінің жоғарғы дәрежесі тәртіп пен анархияны біріктіруден, яғни биліксіздіктен, көрінеді».

Бұл одақтар «орталықтандырылған билікті» қажетсінбейді: «биліктің жоқтығы, халықтық болсын үкіметтің жоқтығы — міне, осы нағыз төңкеріліс».

Прудон бейбіт социалистік төңкерілістің жақтаушысы болды. Ол «мютюзелизмнің», яғни әлеуметтік және экономикалық үйлесімдікке қол жеткізу мақсатында ерікті өзара тиімді міндеттемелер туралы ілімнің, теоретигі: «Екі отбасы, екі қала, екі аймақ келісімге отырады... тек қана екі нәрсе маңызды – олардың теңдігі мен ұжымдық билігі».

Прудон «заң билігінің орнына шарттардың билігінің болуы адам мен азаматтың шынайы үкіметі, халықтың шынайы жоғарылығы, төңкеріліс» болушы еді деп жобалайды.

Прудонның анархизм теориясы индивидтердің жеке құқықтары мен топтардың құқықтарының егемендігі, яғни, қоғамдағы жеке және ұжымдық бостандықтардың маңыздылығын тану идеясына негізделеді. Бұл идеяны жүзеге асыру мақсатында Прудон алдымен мемлекетті жоюды ұсынған, кейіннен ол өзінің көзқарасын өзгертіп, мемлекетті қарапайымдатуды ұсынды: мемлекеттік билікті федерацияларға бөлу және жергілікті жерлерде өзін-өзі басқаруды кеңейту арқылы орталықсыздандыру қажет. Сондықтан да Прудон орталықтандырылған Германия мен Италия мемлекеттерінің құрылуын сынайды.

Прудон жұмысшылардың өзін-өзі басқаруы мен кәсіптік федерализм концепцияларын біріктіретін синдикализм теориясын қалыптастырды.

Прудон бабуистердің коммунистік теориясын сынайды. Ол мұндай коммунистік идеалды жүзеге асыру күш қолдануды қажет етеді және адам табиғатына тән емес деп есептеді. «Коммунизм өзінің мүшелеріне енжар бағынуды бұйырады, ал бұл адам еркімен сәйкес келмейді; ол өзінің ережелеріне ешқандай қарсылыққа рұқсат бермейді... Өмір, дарын, адамның барлық қабілеттілігі мемлекеттікі, ол оған қалай жағымды болса, солай қоғам мүддесіне пайдалана алады... Коммунизм бұл теңсіздік, бірақ меншіктік емес, оған қарсы бағытта. Меншік бұл әлсізді әлдінің қанауы; коммунизм — әлдіні әлсіздің қанауы... Коммунизм – жұт пен күлдік...».

Прудон қоғамды «ғылыми басқарудың» идеясын тұжырымдайды: «Ішкі саясаттың барлық сұрақтары облыстық статистиканың мәліметтеріне сәйкес шешілуі тиіс, сыртқы саясаттың барлық сұрақтары халықаралық статистика негізінде шешілуге жатады. Үкімет туралы немесе билік туралы ғылым ғылым академиясының бір секциясында қарастырылуы қажет және оның тұрақты хатшысы бірінші министр болуы шарт. Оның себебі, кез келген азамат ғылым академиясына жазба қалдырып кетуге құқылы болғандықтан, кез келген азамат заң шығарушы бола салады; бірақ адам пікірі оны дәлелдегенде ғана есепке алынады, ешкім өзінің еркін парасат орнына қоя алмайды, ешкім патша бола алмайды.

Заңнама мен саясат саласына қатыстының барлығы наным-сенімнің емес, ғылымның зерттеу объектісі болып табылады: заң

шығару билігі жүйелі зерттелген және дәлелденген парасатқа тиесілі».

**5. Джон Остин** (1790–1859 жж.) — ағылшындық заңгер, оның еңбектерінде құқықты бұйырудың бір түрі ретінде түсіндіру орын алды, позитивті құқық пен мораль түсініктерін ажырату мақсаты көзделді. XIX ғасырдың бірінші жартысында Англияда шығарылған заңдардың тым көптігі құқық туралы ойдың мүлдем өзгеруіне алып келді. Құқықты дәстүрдің түйіні ретінде түсінудің орнына құқықты заңдардың жиынтығы ретінде қарау қалыптасты. Құқық, көбінесе, мемлекет саясатының құралы ретінде және саяси талап ретінде көрініс тапты.

Остин құқықты зерттеуге британдық армияда бес жыл әскери қызмет еткеннен кейін кірісті. Біршама уақыт ол лорд-канцлердің соттарында адвокаттық практикамен айналысты, Лондондағы университет колледжінде құқықтық ілімдер курсы оқыды. Германияда рим құқығын, германдық құқықтанушылардың азаматтық құқық бойынша еңбектерін зерттеп, олардың құқықты жүйелендіру идеяларынан үлкен әсер алды. Иеремия Бентам, Джеймс Стюарт Милль және Джон Стюарт Милль сияқты тұлғалармен достық қарым-қатынастың арқасында Остин Англияда құқықтық реформа жасау идеясымен әуестенеді. 1833 жылы қылмыстық құқықты реформалау бойынша алқа құрамына енгізіледі, екі баяндама дайындайды, бірақ та өзінің идеяларына қолдау көрмегендіктен бас тартады. 1836 жылы оны Мальта істері бойынша комиссар етіп тағайындайды.

Джон Остиннің саяси-құқықтық ілімдерінің қалыптасуына Томас Гоббстың саяси идеялары (егемен ешқандай заңдармен шектелмеген тұлға ретінде); Иеремия Бентамның утилитаризм теориясы (құқық егеменнің бұйыруы ретінде) ықпал етеді.

**Негізгі еңбегі:** «Заңтану аймағын анықтау».

Заңтану нақты ғылым ретінде. Остин моральдық өлшемдермен жұмыс істейтін этиканы, құқықтағы борыш ұғымымен байланысты заң шығару туралы ғылымды және құқық туралы ғылымды — заңтануды бөліп қарастырады.

Заңтану «бізге ұнамды болмаса да немесе біз дұрыс деп санайтын нормалардан айырмасы болса да құқық болып танылатын» құқықты зерттейді.

Заңтану *нақты ғылым* ретінде құқық туралы түсініктерді адамгершілік ұғымдарымен, діни догматтармен, табиғат заңдарымен араластыра қарастыратын табиғи құқық доктриналарынан алшақтануы керек: «Позитивті құқық (осы сөздің қарапайым және жағымды мағынасындағы құқық) өзіне ұқсастығы бар өлшемдермен немесе онымен аналогия арқылы байланысты өлшемдермен, яғни кең мағынадағы «құқық» түсінігімен, алмастырылып қолданылады.

**Позитивті құқық түсінігі.** Заңтанудың пәні болып табылатын құқық — «саяси үстемдік құрушының саяси бағынышты үшін бекіткен» құқығы.

Бұл құқықты Остин позитивтік құқық деп атайды: «Позитивтік құқық» (*positivelaw*), қоғамда алатын орнына байланысты пайда болатын құқық болып табылады (*lawexistingbyposition*). Остин егеменді: «тәуелсіз саяси қоғамның мүшесі немесе мүшелері үшін» бекітілген бұйрықты позитивтік құқық ретінде түсінеді. Остин пайымдауындағы егемен — көпшілік бағынуға үйренген тұлға. Сонымен бірге басқыншылық билікті егемен деп тануға болмайды, ал оның бұйрықтарын позитивтік құқық ретінде тани алмаймыз, себебі бағынуға әдет тез қалыптаспайды.

Егемен жоғарғы басшы ретінде:

- «құқықтық шектеулерден еркін», яғни өзі немесе оған дейінгі басшылар қабылдаған заңдарға бағынбайды;

- «Құдай заңдары» мен мораль нормаларына бағынады.

Позитивтік құқықтың қайнар көздері онда егеменнің бұйрықтарының көрініс табу тәсілдеріне байланысты ажыратылады. Бұйрықтар мынадай түрде көрсетілуі мүмкін:

1) тікелей, яғни дәлме-дәл, бұл мемлекет заңдарының мәні;

2) жанама, бұл судьялардың шешімдерінің, дәстүрлердің, ғалымдардың пікірлері мен жеке заңгерлердің тәжірибесінің көрінісі.

Судьялардың шешімдері, дәстүрлер, ғалымдардың пікірлері мен жеке заңгерлердің тәжірибесін Остин позитивтік құқықтың бөліктері ретінде қарастырады, оның себебі олар егеменнің үнсіз келісімімен жүзеге асады.

Өзінің ұстазы Бентамға қарағанда Остин судьялардың шешімдерін позитивті құқықтың бөлігі ретінде таныған.

Судьяның құқықшығармашылығының қажеттілігін түсіндіру барысында: «Судьялар құқықшығармашылықпен айналыспаған жағдайда қоғамның алға қарай жылжуға мүмкіндігі бар деп қалай болжауға болатындығын немесе ашық танылған заң шығарушының мүмкіндігі жоқ немесе қабілетсіздігі жағдайында, факт негізінде әділдікті қалпына келтіру үшін жүзеге асыратын билікті судьяларға беруде қандай қауіптілік барлығын түсінбеймін», — деп жазады.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында Остин құқықты *кодификациялауды* ұсынады. Джон Остин заңдық позитивизм мектебінің классикалық өкілі болып табылады. Оның ағылшындық және әлемдік құқықтануға тигізген ықпалы зор.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы социалистік саяси-құқықтық ойлардың негізгі бағыттарына шолу.
2. К.Маркс, Ф.Энгельстің саяси және құқықтық көзқарастарының қалыптасуы.
3. К.Маркстің «Коммунистік партияның манифесті» еңбегінде баяндалған ілімі.
4. Ф.Лассальдің мемлекет туралы ілімі.
5. Ф.Лассальдің конституционализм теориясы.
6. П.Ж.Прудонның мемлекетке қатысты көзқарастары. Федерализм және өзін-өзі басқару идеясы.
7. П.Ж.Прудонның заңнаманы анархиялық сынауы.
8. Джон Остиннің саяси-құқықтық ілімдері.

### **13-тақырып. XIX ғасыр – XX ғасырдың басында Ресейдегі саяси және құқықтық ілімдер**

1. XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Ресейдегі саяси және құқықтық ойлардың негізгі бағыттары.
2. А.Н.Радищевтің саяси және құқықтық идеялары.
3. М.М.Сперанскийдің саяси және құқықтық көзқарастары.
4. Декабристердің саяси және құқықтық идеялары.

## 5. Славянофильдер мен батысшылдардың саяси бағдарламалары.

1. XIX ғасырдың бірінші жартысында Александр I таққа отыруына байланысты Ресейде либералды реформалар жобаларын дайындау әрекеттері жасала бастады. Елде либералды реформалар жүргізу қажеттілігін сол кезеңдегі прогрессивті дворяндық топтар түсіне білді, шешімін табуға тиісті басты мәселе — басыбайлық құқық туралы мәселені шешу екендігін де білді. Мемлекеттік билік те осындай терең әлеуметтік қайшылықтың мемлекеттілікке, экономикаға қауіпті нәтижелерін бағамдай бастады. Нәтижесінде императордың жақын кеңесшілері басыбайлық құқықтың экономикалық және мәдени артта қалушылыққа, әскери модернизацияны тежеуге әкелген салдарын түзету үшін қажетті алғы шарттарды қалыптастыра бастайды.

XIX ғасыр – XX ғасырдың басында Ресейдегі саяси және құқықтық ілімдердің басты бағыттары және ондағы көзқарастар:

- саяси-құқықтық ойлардың дамуы басыбайлықтың сақталуына байланысты экономикалық қайшылықтардың әрі қарай ұшығуына байланысты еді;

- батысшылар заңдылықты самодержавиені өкілді мекемелер көмегі арқылы формалды шектеумен үйлестіруді ұсынады;

- қорғаушы идеология – православиелік және самодержавиелік Ресейдің «құлдыраушы Батыстан» басымдылығы идеясы әрі қарай дамытылады;

- конституциялық реформалар идеясы либералистердің көзқарастарында негізделеді (ағартушы монарх, конституция, биліктің бөлінуі қажеттілігі, құқықтық мемлекет теориясы);

- төңкерілістік қозғалыстағы саяси және құқықтық идеялар (мемлекеттік құрылым және басқару нысанын өзгерту жобалары, төңкерілістік демократизм, халықтық идеялар) анықталады;

- әлеуметтік-саяси идеялар (шаруа қауымын жандандыру, тұлға бостандығының құқықтық кепілдіктеріне) негізделеді.

**2. Александр Николаевич Радищев (1749–1802 жж.)** — орыс ойшылы, жазушы, ағартушы.

**Негізгі еңбектері:** «Еркіндік», «Петербургтен Москваға саяхат». Саяси көзқарастары мазмұндалған басты еңбегі

«Петербургтен Москваға саяхатта» халық өмірін қынжыла отырып суреттейді, самодержавие мен басыбайлық құқықты сынайды. Заңдық реформалар жобаларында басыбайлық құқықты жою жолдарын ұсынады.

Москвада бай дворян отбасында дүниеге келеді, жеті жасынан бастап жаңа ғана ашылған университет профессорларынан үй білімін алады. 1762–1766 жылдары Петербургте паж корпусында, кейін бес жыл Лейпциг университетінің заң факультетінде білім алады. Саяси-құқықтық көзқарастарының қалыптасуына француз ағартушыларының — Вольтер, Д.Дидро, Ж.-Ж.Руссо еңбектері ықпал етеді.

Басыбайлық құқыққа, самодержавиеге қарсы күреседі. Ағартушы монархия мен деспотияны ажырата қарастырған. Ш.Монтескьеге қарағанда, билікті монархиялық басқарудың барлық түрлері арасына теңдік белгісін қойған. «Патша бірінші кісі өлтіруші, қарақшы, сатқын», — деп жазған. Тақта оқыған монархтың отыру мүмкіндігіне шек келтірген. «Оқыған монарх жоқ, болмайды да». Ақиқат ол үшін қорқынышты, ол халықтан шындықты жасыруға тырысады. Шенеуліктік аппаратты білімсіздігі, бұзылғандығы, сатылатындығы үшін келемеждейді. Ресей ерекшелігі дербес бюрократияның болуы деп көрсетеді. Бюрократия халықпен де, патшамен де байланыссыз әрекет етеді.

Өзінің позитивті схемасын адамның табиғи құқығы мен мемлекеттің пайда болуының келісімдік теориясына негіздеп жасайды. Мемлекеттің пайда болу себебі адамдардың табиғи әлеуметтілігіне байланысты. Табиғи жағдайда барлық адамдар тең болды, жеке меншіктің пайда болуына байланысты теңдік бұзылды. Мемлекет үнсіз келісімі нәтижесі ретінде, барлық адамдарға жақсы өмір, әлсіздер мен қаналушыларды қорғау үшін пайда болды. Келісім жасау барысында халық оның мағынасын анықтаушы жақ ретінде қалады, егемендігін сақтайды.

Мемлекет шығаратын жағымды заң табиғи құқыққа негізделуі қажет, онсыз болмайды. Құқық негізі — әділеттілік, басыбайлық құқық табиғи құқықты бұзу болып табылады. Онда еңбек өнімділігі болмайды, халықтың адамгершілігі төмендейді. Радищев заңда басыбайлы шаруаның құқықтық мәртебесі анықталмағанын, ал табиғи құқық бойынша ол бақыт пен өзін-өзі қорғауға ерікті жан екендігін баса айтады. «Егер ол қажет деп

тапса, еркіндікке қол жеткізеді», — деп төңкерілістік көзқарасқа келеді. Табиғи құқығы бұзылған адамдар көтеріліске шыға алады деп тұжырымдайды. «Зұлым помещикті жақсы помещикке ауыстырып қана қою емес, басыбайлық құқықты жою керек». «Еркіндік» еңбегінде Карл I өлтіруді жақтайды.

Радищевтің әлеуметтік идеалы — ерікті және тең меншік иелерінің қоғамы. Бұл қоғамда әлеуметтік жеңілдіктер жойылады, дворяндар өзгелермен теңгеріледі, бюрократиялық аппарат қысқартылады, өкілді органға бағынышты болады. Саяси ұйымдасуы республикалық сипатта болады. Бұндай мемлекетті халықтық вече басқарады. Биліктің бөлінуі қағидасын танылмайды. Бүкіл билік халықта, ол магистраттарды сайлайды. Мемлекеттік құрылымы ерікті қалалар федерациясы түрінде болады, астанасы — Нижний Новгород. Радищевтің жобасындағы мемлекет табиғи құқықты қамтамасыз етеді: ой, сөз, әрекет, өзін-өзі қорғау бостандығы, жеке меншік құқығы, өзімен теңдермен сотталу құқығын таниды. Адамдар заңға тең бағынышты болуы керек, жаза тек сотпен тағайындалуға тиісті. Сот жүйесі земстволық соттардан құрылады, ол республика азаматтарынан сайланады.

А.Н.Радищев халықаралық қатынастың бейбіт сипатта болуын, халықтардың тең құқылығы идеясын жақтады.

**3. Михаил Михайлович Сперанский (1772–1839 жж.)** — діндар, ресейлік заңдық ғылым мен теориялық құқықтанудың негізін қалаушы. «Күдай — жоғарғы заң шығарушы».

**Негізгі еңбектері:** «Мемлекеттік заңдар жинағына кіріспе», «1813 жылғы Ресей империясы қылмыстық жинағының жобасы», «Сібір қырғыздары туралы ереже», «Мемлекеттік құрылым туралы толғаулар», «Мемлекеттің түбірлі заңдары туралы», «Ресейді бірте-бірте жетілдіру туралы», «Ресей империясы заңдарының толық жинағы» 45 томдық кодификацияның басында тұрған.

Сперанскийдің пікірінше, Ресей тарихи дамудың үш кезеңін бастан өткізеді:

- 1) орта ғасыр — удельщина (феодалдық бытыраңқылық);
- 2) жаңа кезең — абсолютизм;
- 3) қазіргі кезең — өндірістік жағдай.

Жоғарғы билікті конституциялық шектеуді, бодандарға саяси, азаматтық құқықтар беруді талап етеді. «Ресейді бірте-бірте жетілдіру туралы» еңбегінде бұған эволюциялық жолмен, императордың халыққа беретін «дұрыс заңдары» арқылы жетуге болатындығы айтылады.

Сперанский конституциялық монархияны «абсолютті басқаруды заңға негіздеуді» аңсайды. Билікті жүзеге асыру нысанының заңды болуы оны жіктеуді қажет етеді. Заң шығару билігі екі палаталы Думаға, атқару билігі монархқа, сот билігі Сенат басқаратын, алқа (присяжныйлар) сотымен қоса алынған сот органдарымен жүзеге асырылады. Дума сессияларға келіп, заң қабылдайды. Монарх оны өзгерте алмайды. Мемлекеттік кеңес монархпен тағайындалған, сайлау заңдарымен сайланған адамдардан құралады. Заңдық бастамашылық құқығы болады. Жергілікті басқару губерния, уезд, волость өкілді органдарымен жүргізіледі. Волость думалары өз аумағындағы шаруашылықты бақылауды жүзеге асырады, округтік думаға депутат сайлайды. Уезд немесе округ думасы өз аумағында жоғарыда көрсетілген өкілеттіліктерді жүзеге асырумен қатар, округтық соттарды, губерния думасына өкіл-депутаттарды сайлайды. Губерния думасы осы тәріздес өкілеттіліктерді іске асырады, Мемлекеттік думаға депутат сайлайды.

Тәртіп заңмен қорғалады. Заңды мемлекет басқаруы қажет (Аристотель). Сперанскийдің пікірінше, көрсетілген шаралар Ресейде заңдылықты сақтау деңгейін көтеруге, әкімшілік жүйені тәртіпке келтіруге ықпал етуге тиісті еді.

Монтескье тәріздес «саяси құлдық» және «саяси бостандық», «азаматтық құлдық» және «азаматтық бостандық» түсініктерін талдайды. Саяси құлдықта — «бір адамның еркі — барлығы үшін заң», саяси бостандық барлығы мен әркімнің заңға бағынуын, сайлау құқығының болуын білдіреді. Азаматтық құлдық — бір таптың екіншісіне бағынуы, азаматтық бостандық — қоғамдағы барлық таптардың бір-бірінен тәуелсіздігі. Мемлекет — барлық бостандықтың кепілі. Конституция және оған негізделген мемлекеттік биліктің жіктелуі орынды.

Заңға негізделген конституциялық монархия билікті жүзеге асыру барысында шенеуліктік аппаратқа сүйенуі керек деп санады. Сперанскийдің тұсында «О придворных званиях» (1809);

«Об экзаменах на чин» заңдарына сәйкес лауазымға ие болудың жаңа тәртібі анықталады. Өулеттердің құқықтары мен міндеттерін бекіту арқылы құқықтық реттеуді ұсынды. Табиғи құқық теориясын ұстана отырып, адам құқықтарының екі түрін ажыратады: азаматтық құқықтар және саяси құқықтар. Өз жобаларында дворяндарға саяси құқықтар, азаматтық құқықтар және қосымша шаруалармен қоныстанған жер иемдену құқығын береді, жерге салық төлеу міндетін жүктейді, орта әулетке азаматтық құқықтар беру қажеттілігі, ал саяси құқықтарды мүліктік цензге байланысты беруді ұсынады. Жұмысшылар тек азаматтық құқықтарды иемденеді.

Сперанский басыбайлық құқыққа қарсы, бірақ оны бірден жоюға болмайды деп санайды. Себебі ресейліктер онда көшпенділерге айналады деп қорқады. Басыбайлық құқықты жоюды екі кезеңде жүзеге асыруды ұсынады:

1) алдымен шаруа бағыныштылығы азайтылып, олардың жеке басына бостандық беріледі;

2) артынан он-он бес жылдан кейін көшу құқығы беріледі. Жер помещиктерге қалдырылады, бірақ шаруалардың жер алу құқығы танылады.

Сперанский шектеулі либерализм бағытын ұстанған, құқықтық монархиялық мемлекет идеясын дамытқан реформатор ретінде Ресейдің саяси-құқықтық ілімдеріне ерен еңбек сіңірді.

4. Декабристердің саяси және құқықтық көзқарастары. Дворян төңкерілісшілерінің, дворяндық қозғалыс идеологтары П.И.Пестель мен Н.М.Муравьев жобалары Ресейдегі саяси-құқықтық ойлардың дамуының өзіндік кезеңі болып табылады. Олар Ресейді экономикалық, әлеуметтік және мемлекеттік қайта құру жобаларын ұсынады.

**Павел Иванович Пестель** (1793–1826 жж.) — материалист, атеист. Оңтүстік қоғамның басшысы.

**Негізгі еңбегі:** «Орыс правдасы».

Мемлекетті заңды тәртіпке келтірілген қоғам ретінде түсінеді. Қоғам адамдардың билеуші және бағынушы болып табиғи бөлінуіне байланысты пайда болды. Мемлекеттің мақсаты — барлығының және әркімнің заңға негізделген жақсы өмірі. Пестель заңды үшке бөлген: рухани, табиғи, азаматтық. Рухани заң қасиетті жазбадан белгілі: «рухани дүниені табиғи дүниемен,

өмірді мәңгі өмірмен байланыстырады». Табиғи заңдар табиғат талабы мен қажеттілігінен шығады. Мемлекет заңдары бастапқы екеуінің негізінде болу керек. Бұл олардың шындығының шарты. Мемлекеттік заңның мазмұнын қоғамдық мүдде басымдылығы анықтайды. Әр мемлекеттің заңдарында айырмашылығы болатындығын таниды, ол сол қоғамдағы саяси-әлеуметтік мекемелер ерекшелігіне байланысты туындайды.

Ресейдегі мемлекеттік билік «зловластие» (азғындық), сондықтан оны жою қажет деп санайды. Басыбайлық құқықты жою, абсолюттік монархияны құлату қажет. Адамдарды жермен қамтамасыз ету керек. Ресей мемлекетін жетілдіру жобасында жерді екіге: волостной және жеке үлеске бөлу керектігін көрсетеді. Волостной жер айналымнан алынған, ол үлестерге бөлініп, шаруаларға пайдалануға беріледі. Шаруалар өз мекенінен көшіп кеткен жағдайда, оның жері қайтадан волостка қайтарылады. Меншік қасиетті, қол сұғылмайды деп таниды. Қазіргі жағдайдан болашақ жағдайға өту бірте-бірте жасалуға тиістілігі ескертіледі. Жер жұмыс істеу арқылы алынады. Жартысы тегін алынады. Помещикте 10000 десятин жер қалдырып, қалғанын волость (болыс) қарамағына алу қажет. Пестель республиканы жақтайды. Жобасында жоғарғы заңдық билік — халықтық вечеге, басқару — державалық думаға, олардың әрекетіне бақылау — Жоғарғы Соборға беріледі. Сайлау құқығы 20 жасқа толған, жеке қызметтегіден басқа барлық ер-азаматтарға беріледі. Халық вечесі — 5 жылға сайланған орган. Оның 1/5 бөлігі жыл сайын қайта сайланып отырады, сол адамдарды қайта сайлауға болады. Державалық дума 5 жылға сайланатын 5 адамнан тұрады. Біреуі 1 жыл мерзімге Президент болып сайланады. Жоғарғы Собор боярлар деп аталатын 120 адамнан тұрады, өмірбақилыққа сайланады, заң шығарушылық, атқару билігіне араласпайды. Кандидаттарды губерния тағайындайды. Заң Жоғарғы Соборға бекітілуге жіберіледі. Олар заң мазмұнын емес, формалды жақтарын сақтауды қарап бекітеді. Оның бақылау функциясы күшті: әр облысқа, мемлекетке бір мүшеден жібереді, бас қолбасшы сайлайды. Осының барлығы Конституциямен – Мемлекеттік Заветпен анықталады. Онда Ресейді мемлекеттік құрылымы бойынша федерация деп таниды, ол 10 облыс, 3 уделден тұрады. Әр облыс 5 губерниядан,

губерния уезден, уезд волосттан құралады. Жергілікті басқару орталық биліктің жергілікті көрінісі тәріздес. Елдің астанасы — Нижний Новгород болуы тиіс, орналасуының қолайлығына байланысты. Халықтың барлығы — орыс, әрі әулеттік ерекшелік жойылады деп санайды. Бұндай мемлекеттік құрылымға жету үшін төңкеріліс қажет деп санайды.

Бірақ төңкерілістен кейін бірден жаңа қоғам орнай қоймайды, сондықтан осы арада өтпелі қоғамды басқаратын уақытша билік қажеттігі туындайды. Уақытша жоғары билік 10–15 жыл жұмыс істеп, ескі құрылымды түбегейлі жойып, халық есінен шығаратындай ету керек деп санайды (төңкерілістік диктатура мүмкіндігі).

**Никита Михайлович Муравьев** (1796–1843 жж.) — солтүстік одақ басшысы, діндар.

**Негізгі еңбектері:** «1799 жылғы әскери жорық тәжірибесі» (1817), «Қызғылықты әңгіме» (1820), «Қоғам барысын тарихи шолу» (1825).

Басыбайлық құқықты жойып, шаруаға екі ондық жер, мал, құрал-сайман, үй берілуі қажет. Шаруашылықты дұрыс жүргізсе, ұрпақтарына қалады. Барлық адамдардың табиғи теңдігін таниды, шенеуліктік, таптық айырмашылықтар жойылады деп санайды. Ресей мемлекетін қайта құру жобасында 18–60 жас аралығындағы барлық адамдарға салық төлеу міндеттілігі жүктеледі. Сөз, ар-ождан, көші-қон, кәсіп таңдау бостандығы беріледі. Сайлау құқығы кәмететке толған, жеке қызметшілерден өзге барлық адамдарға берілген. Конституциялық монархия құруды ұсынады. Онда заң шығару билігі Жоғарғы дума мен өкілдер палатасынан құралатын Халықтық вечеге беріледі. Жоғарғы дума 135 адамнан 6 жылға сайланады, 2 жылдан кейін 1/3 қайта сайланады. 30-дан асқан, 6000 рубль күмісі бар адамнан сайланады. Өкілдер палатасы 450 мүшеден тұрады, 2 жылға сайланады. Монарх атқару билігі басшысы ретінде заңдарды өзгерте, жоя алмайды. Дегенмен, өзге өкілеттіліктерінің көлемі кең: әскербасы, министрлерді тағайындайды, Ресейді сыртқы аренада танытады, елшілер жіберіледі. Император әрекеті өкілді органмен қадағаланып отырады, император өз туыстарын мемлекеттік лауазымға сайлай алмайды. Императордың табыс

мөлшері — оны ұстап тұру мөлшері анықталады. Әйел адам таққа отыра алмайды.

Муравьев жобасындағы Ресейдің мемлекеттік құрылымы — федерация. Облыс (держава) басқару жүйесі Конституцияда бекітіледі, державалық Дума мен таңдаушылар палатасынан құрылады. Державалар монета шығара алмайды және сыртқы қарым-қатынасқа түсе алмайды, бірақ жергілікті шаруашылық, әкімшілік және қаржылық істерді шешуде үлкен өкілеттілігі бар.

Сот әкімшіліктен бөлінген, сот жүйесі күрделі, бірнеше сатыдан құрылады: 1) уездік ар-ождан соты (оған осы уезде тұрақты тұратын 2000 рубль күмісі бар 70 жасқа дейінгі кез келген адам сайлана алады). Онда азаматтық істер, ұсақ қылмыстық істер қаралады, аз мерзімдегі қамауға алу немесе 3 күндік еңбек ақы көлеміндегі айыпқа жазалай алады; 2) съезд — шағымдану сатысы қызметін атқарады; 3) облыстық сотқа 3000 рубль күмісі бар, 80 жасқа дейінгі адам тағайындалады; 4) Жоғарғы сот 5–7 соттан құралады, Халық вечесімен 15000 рубль күмісі бар, жасы 70-ке дейінгі, жыл сайын ақы 10000 рубль алатын адам сайланады. Өз құзыретіндегі істерді шешумен бірге, 4 жыл сайын заңдар бойынша түсінік береді.

Конституцияға өзгеріс енгізудің ерекше тәртібі көрсетілген. Саны бойынша халық вечесінің санына сәйкес келетін Халық Соборы құрылып заң жобасын дайындайды. Әр облыс саны бойынша Халық Соборынан екі есе асатын өз Соборын жинап, әрқайсысы бір күнде Халық Соборы жобасымен келісетіндігі туралы дауыс береді, шешім 2/3 бөлігінің даусымен қабылданады.

### **5. Славянофильдер мен батысшылдардың саяси-құқықтық ойлары**

XIX ғасырдың 30–40 жылдары дворян зайырлы қауымы арасында славянофильдер мен батысшылдар деп аталатын екі ағым қалыптасып, орыс ағартушылары және реформаторларының дәстүрі бойынша Ресейдің тарихи тағдыры мәселелерін, басқа халықтар арасындағы Ресейдің алатын орны мен рөлін, сонымен қатар Еуропа және Шығыс елдеріндегі саяси және құқықтық тәжірибені салыстыра қарастырумен айналысты.

Ресей тарихының өзгешелігі және оның саяси тәжірибесі туралы мәселе бұнымен бірінші рет талқыланбаған еді. Мәселе Мәскеу — үшінші Рим тақырыбын ұсынушылармен, кейін

Аввакум, патриарх Никон, Ю.Крижанич, Карамзин және декабристермен талданған, С.С.Уваров ұсынған «православие, самодержавие, халықшылдық» үштігі түрінде қабылданды. Самодержавие Ресейдің айбындылығы мен қуаттылығының тірегі болса, православие — рухани өмірінің негізі, ал халықшылдық көп ғасырлық халықтың өз патшасымен патриархалдық бірігуі көрінісі ретінде талқыланды. Бұл ресми қағида мектептер мен университеттерде, шіркеулерде, әскерде де насихатталды.

1839 жылғы **Александр Степанович Хомяков** (1804–1860 жж.) пен **Иван Васильевич Киреевский** (1806–1856 жж.) арасындағы қазіргі Ресей мен бұрынғы Ресейдің тарихи тәжірибесі жайлы мәселелер қамтылған рефераттық пікір алмасу славянофильдер жайлы ойлардың алғашқы бастамасы ретінде танылады. Бұл екі реферат «Ескі және жаңа туралы» және «А.С.Хомяковқа жауап» деген атаумен тарайды. Славянофильдер Ресейдің бұрынғы мен қазіргі кезеңдегі тәжірибесін бағалау, шаруа қауымы мәні, жергілікті өзін-өзі басқару, мемлекеттік бастау ролі және заң мен әдет-ғұрып арақатынасы туралы ойларын халықты білу (тану) концепциясы негізінде алға тартты. Олар басыбайлық құқықтың қарсыластары және сыншысы болды.

А.С.Хомяков: «Біздің көне тарихымыз бізге жеке өмірдегі, сот ісіндегі, адамдардың өзара қатынасындағы жақсылықтардың мысалы бола алады. Бірақ көненің әдет-ғұрпы, қалалар мен әулеттердің құқықтары мен еркіндіктері «мемлекеттің қуатты тұлғасын» қалыптастыру үшін құрбандыққа айналды», — деп жазады. Мемлекеттің көлемі мен заттай билігінің ұлғаюы облыстық құқықтың жойылуына, қауымдық өмірді қанауға әкеліп соқты. Петр I билігі тұсында жаңа заман — Батыспен жақындасу басталады. Осы кезеңнен бастап, «мемлекеттік билік өмірі мен халықтың рухани өмірі олардың шоғырлану орындары бойынша да ажырап кетті». Бірі Петербургте Ресейдің барлық формалды өзгерістерін және де көзге көрінерлік билігін басқарса, енді бірі (шіркеулік өмір) «алдағы уақыттың сипатын, ойы мен сезімін байқаусыз тәрбиелеуде».

Хомяковтың ойынша, басыбайлы жағдай Петр I енгізілген. Шаруалардың құлдығы бұған дейін де әдет-ғұрыпта болған, бірақ заңдастырылмаған еді. Петрдің билеу кезеңінде «заң өзіне ғұрыппен енгізілген құлдықты заңдастыру жауапкершілігін

алды». Ақырында, заң «аристократияның жасырып келген бассыздығын дәріптеп тамырландырды». Хомяков мемлекет пен шіркеудің өзара қатынасы туралы дәстүрлі тақырыпты шаруа қауымы мәртебесіне тарихи шолу жасаумен толықтырды. Хомяков үшін заң мен әдет-ғұрыптың өзгермелі ролі де қызығушылық тудырды.

Киреевскийдің Хомяковқа арналған жауабында сұрақтың дұрыс қойылмағандығы айтылады: бұрынғы Ресей қазіргі «заттар тәртібі батыстық элементтердің басымдылығына бағынғаннан» жаман ба әлде жақсы ма. Егер Батыс пен Ресей өмірінің негізін қарастырсақ, «бір анық жалпылық» байқалады, ол — христиандық. Сонымен қатар бұлардың өзгешелігі де христиандықтың түрлері, ағартушылық бағыттары, жеке және халық тұрмысындағы айырмашылықтары байқалады.

Ресейдің қоғамдық құрылымы Батысқа қарағанда өзгеше: қоғам шағын қауымнан құралады, адам қауымға (қауым адамға) тиесілі, жер меншігінің (батыста жер жеке меншікте) тұлғаға емес, қауымға тиесілігі. «Тұлға қауымның құрамына қаншалықты мөлшерде кірсе, соншалықты мөлшерде жер иелену құқығына ие». Қауым өзін-өзі басқара алмады, өзіне қатысты заңдар шығаруға қауқарсыз болды, ол басқа да қауымдар тәріздес біртектес ғұрыптармен басқарылды.

Киреевский тұжырымы бойынша, Ресей тарихында расында да «екі бастаудың өзара күресі» орын алады және ол «орыс тұрмысына оралуы немесе батыстық тұрмысты енгізу» ниетіне сәйкес болады. Дегенмен, бұл күрес еріксіз түрде «қандай да бір үшіншінің» керектігін бағамдайды. Оны «Батыстық ағартудың, батыстық әдет-ғұрыптардың қанша жауы болғанымызбен, Ресей екі жүз жыл ішінде батыстан сіңірген ғұрыптарды естен қалай шығарамыз? Біз өзіміз білетін нәрсені білмей қалуымыз әлде барлық істей алатын нәрсені ұмытуымыз мүмкін бе?» деген ой толғандырады.

Славянофильдер ішкі саяси өмір аймағында екі өзекті және болашақтың мәселесі ретінде басыбайлы құқықты жою мен мемлекеттік билік (самодержавие) және қоғам (халық) арасындағы жаңа еңбек бөлінісін қарастырды. **Юрий Федорович Самарин** — шаруа реформасының ең көрнекті дайындаушының бірі, 1856 жылғы кең таралған «Басыбайлы жағдай және одан

азаматтық бостандыққа өту туралы» қолжазбасында, бірінші мәселені былай тұжырымдады: «Біз шешімін табуға тиісті заманауи ішкі мәселелердің басында кез келген мәнді жақсартуға болашақта қауіп және қазіргі кезде кедергі ретінде басыбайлы жағдай туралы сұрақ тұр. Біздің ішкі жаңаруымыз қай тұстан басталса да, біз онымен міндетті түрде жолығамыз». Басыбайлы шаруалардың жағдайы адамгершілік, саяси және шаруашылық көзқарастар тұрғысынан қаралды. Славянофильдер шаруаларды басыбайлы жағдайдан босату үшін табиғи-құқықтық дәлелдемелер келтірді: шаруалардың жеке құқығы табиғи құқық ретінде табиғат заңдылығы бойынша адам табиғатының еркін дамуы қажеттілігіне орай Жаратушымен тағайындалған.

Басқа бағдарламаның негізгі тезисі **Константин Сергеевич Аксаковпен** 1855 жылы император Александр II-ге арналған «Ресейдің ішкі жағдайы туралы» хатында тұжырымдалды. Хат қазіргі кездегі Ресейдегі ішкі алауыздық жағдайын арсыз өтірікпен жасырудамыз деп сипаттаған. Үкімет және «жоғары тап» халыққа жат, олардың өзара қатынасы достық қатынастан аулақ, олар бір-біріне сенбейді: үкімет әрдайым төңкерілістен қорықса, халық үкіметтің әр іс-қимылынан қанауды көреді.

Жалпы алғанда автор: «Патшаға — билік күші, халыққа — ой-пікір билігі», — деді. Оның ойынша, орыс халқы саяси басқаруға ұмтылмайды, ол адамгершілік, қоғамдық бостандық іздейді. Халықтың шынайы бостандығы тек шексіз монархия кезінде ғана жүзеге аспақ. Бірақ үкімет пен халық («мемлекет пен жер») арасындағы өзара қарым-қатынас мынандай бастауға ие болуы қажет: өзара қол сұқпаушылық; мемлекеттің халықты қорғауы және оны қамтамасыз ету міндеттілігі; халықтың мемлекеттік талаптарды орындау міндеттілігі; мемлекетті ақша мен адаммен қамтамасыз ету.

Көрнекті батысшылар өкілдері ХХ ғасырдың басындағы конституциялық демократтардың идеялық бастамашылары К.Д.Кавелин мен Б.Н.Чичерин болды. 40-жылдары славянофильдерге қарсылық білдіруші батысшылардың қатарында В.Г.Белинский, Н.П.Огарев, Т.Н.Грановский, А.И.Герцен, П.В.Анненковты көреміз.

**Константин Дмитриевич Кавелин** (1818–1885 жж.) — Ресей тарихын талқылаудағы мемлекеттік бағыттың негізін салушылардың (С.М.Соловьев және Б.Н.Чичеринмен бірге) бірі.

Оның түсінігі бойынша, тарихи үрдістің негізі және қозғаушы күші болып жеке тұлғалардың бостандық үшін күресі танылады, қоғамдық нысандар «бірте-бірте өзгеріске» ұшырап, рулық қатынастан отбасылыққа, ал ол өз кезегінде қоғамның ең жоғарғы нысаны — мемлекетке айналды. Ресейде Батыс Еуропа тәріздес осы тарихи жолмен жүреді, бірақ одан біршама алыста қалғандықтан, еуропалық өркениеттің жетістіктерін пайдалануға ұмтылуы қажет. Бұл тұрғыдан Петр І-нің реформалары Ресейді бостандық және «осы заманғы құжаттар мен заңдардың» көмегімен басқарылатын еуропалық дамудың жолына жетеледі. Кавелин Петрға дейін де қауыммен қатар, жеке бастамалар да болды деп санайды. Ол бірте-бірте қоғам мен заңдық азаматтылықтың құрылуына әкелді деп санады.

Славянофильдерді радикалды философиялық-тарихи тұрғыдан сынға алушылардың бірі **Тимофей Николаевич Грановский** (1813–1855 жж.) болды. Тарихи даму әрқашанда әр түрлі күштердің күресімен қатар жүреді, әрбір кезеңді бір-бірінен соғыстар мен төңкерілістер (мысалы, ежелгі германдықтардың жаулап алуы, XVIII ғасырдағы Француз төңкерілісі) ажыратып отырады. Тарихи даму шексіз, себебі әрдайым жаңа қарама-қайшылықтар туындайды, бұрынғы өткенге қайтып келмейді, «күрестен әрдайым жаңа нәтиже пайда болады».

Герцен кейіннен батысшылдар мен славянофильдерге бөлінудің шарттылығы туралы айтады, себебі олар өз халқы мен отанының патриоттары деп көрсетеді. Оларды басыбайлы құқық пен әкімшілік-соттық бассыздыққа қарсы күрес және өзгерістер жоғарыдан жүргізілмесе, төменнен болуы мүмкін төңкеріліс қауіпі біріктіреді. Бұл арада олар өздерінің кейбір мәселелер бойынша саяси бағдарламаларымен ұлтшылдарға да, декабристерге де жақын. 60 жылдардағы реформадан кейін славянофильдер мен батысшылдар арасындағы алауыздық басылды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Ресейдегі саяси және құқықтық ойлардың негізгі бағыттары және оның ерекшеліктері.

2. А.Н.Радищевтің саяси және құқықтық идеялары.
3. М.М.Сперанскийдің саяси және құқықтық көзқарастары.
4. П.И.Пестельдің мемлекеттік құрылым және басқару нысанын өзгерту жобалары.
5. Н.М.Муравьевтің саяси бағдарламасы.
6. Славянофильдік бағыт өкілдерінің (А.С.Хомяков, И.В.Киреевский, Ю.Ф.Самарин, К.С.Аксаков) саяси және құқықтық көзқарастары.
7. Батысшылдардың (К.Д.Кавелин, Т.Н.Грановский) саяси-құқықтық ұстанымдары.

#### **14-тақырып. ХІХ ғасырдың ІІ-жартысы – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси және құқықтық ойлар**

1. Ш.Уәлихановтың саяси және құқықтық көзқарастары.
2. А.Құнанбаевтың саяси және құқықтық идеялары.
3. Ы.Алтынсариннің ағартушылық көзқарастары.
4. Ә.Бөкейханның саяси және құқықтық көзқарастары.
5. А.Байтұрсыновтың құқықтық мемлекет туралы көзқарасы.

**1. Шоқан Уәлиханов** (1835–1865 жж.) — ұлы ағартушы-демократ, қазақтың ғұлама ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, фольклорист.

**Негізгі еңбектері:** «Қазақтың шежіресі», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Даладағы мұсылмандық», «Қашқария сапары».

Шоқан алғашқы білімді ауыл мектебінен алды, онда арабша жазуға және оқи білуге үйренді, 1847–1853 жж. Омбы Кадет корпусында оқыды. Оны «ағарту ісі мен патриотизмнің дәнін себуші» ретінде бағалады. 1854–1857 жж. Шоқан Жетісу, Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Қырғыстан жеріне саяхат жасайды, осы сапарларда көрнекті ғалым-географ П.П.Семенов-Тян-Шанскиймен бірге жүрді, ол Шоқанның қабілеттілігі мен

біліміне ерекше назар аударады, ғылыми еңбектерін жоғары бағалады. Сол кезден бастап ғылыми-зерттеу жұмысымен тығыз айналысқан Шоқан 1855 жылы Омбыда Семей арқылы Іле, келесі жылы Жоңғар Алатауына дейін, одан кейінгі жылы Омбыда Ыстықкөлге дейін келген әскери-ғылыми экспедицияларға қатысады, 1857–1859 жж. Шоқан өзінің белгілі Қашқарға саяхатын жасады.

Шаруаларды патшаға қарсы үндеген, қоғамды сынаған Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Достоевский сияқты алдыңғы қатарлы ақын-жазушылардың көзқарастары Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына негіз болды. Ресейдің әлеуметтік өміріндегі өзгерістер, орыстың төңкерілісшіл демократтарының пікірлері оның демократтық көзқарасын тереңдете түседі. Қазақ халқының, әсіресе оның төменгі тобының ауыр халі мен оның жағдайларына жан ашырлықпен қарап, түсініп көре білді.

Қоғамдық құбылыстарды **ағартушылық** тұрғыдан түсіндірді. Өз халқын Еуропа мәдениетінен үйренуге, прогреске шақырды, елінің оқу-ағарту және ғылымын дамыту үшін күресті. Қазақ халқының мәдениет пен экономика саласында артта қалуына қатты қынжыла да қинала ой жіберіп, халық бұқарасын сол азаптан арылту жолында талмастан үлкен жұмыс жүргізді.

Шоқан қазақтар арасында орыс білімін, оның ғылымы мен өнерін таратудың тиімді шаралары үшін күресті. «Орыс тілін білмеген қазақ, — деп жазды ол өзінің бір мақаласында, — оның заң-заңын да білмейді». Ол Қазақстанда «нағыз шынайы білімдер» ұясы болатындай мектеп түрлерін ұйымдастыруды талап етті. «Тек ақиқат білім ғана күдіктерден құтылуға жәрдем етіп, өмірмен материалдық әл-ауқатты бағалауға үйретеді». Халықтық тәрбиенің жаңа жүйесін ойластыра отырып, Шоқан ең алдымен жасөспірімдерді ғылым мен техниканың табыстарымен, дүние жүзі мәдениетінің бай қазынасымен таныстыра алатындай діннен бөлінген дүниежүзілік білімдерді енгізуді жақтады.

Қазақ халқының тыныс-тіршілігін жақсартып, көмектесуді ойлап, әділеттілікті жақтап, халықтың мұң-мұқтажын түсіне білу мақсатымен Атбасар уезіне аға сұлтан болуды да ойлады. Сайлауға қатысып, көпшілік дауыс алғанымен, Сібір әкімшілігі оны аға сұлтандыққа бекітпеді. Себебі демократтық бағыттағы

озық ойлы зерттеуші-ғалым билеуші топ үшін қауіпті адамдардың бірі еді. 1862 жылы Потанинге жолдаған хатында: «Мұндағы мақсатым – өз халқымды әкімдер мен зорлықшыл бай қазақтардан қорғау еді», — деп ашық жазды. А.Г.Майковқа жазған хатында Шоқан бұл пікірін тереңдете түсіп: «Жергілікті сұлтандармен және қара сүйек қазақтардан шыққан байлармен қазір аразбын», — дейді ол, — мен олардан жалшыларды жақсы ұстандар, еңбек ақысын дұрыс төлеңдер дегенді талай рет талап еттім. Мен даланың пролетариатымен жақсы доспын, өйткені бір-бірімізді жақсы ұғамыз».

1863–1864 жылдары Шоқан Омбыға барып, Сібір қазақтары үшін жасалып жатқан сот реформасын дайындау ісіне қатысып, бұл реформаның елге тиімді, пайдалы болу жағынан қарастырады. Осы кезде Шоқан **«Сот реформасы туралы жазбалар»** жазды. Ол: «Біздің заманымызда халықтың нағыз мұң-мұқтажына тікелей қатысы бар, халыққа ең маңызды, ең керекті реформа – экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформа сол экономикалық реформаларды жүзеге асырудың құралы есебінде жүргізілмек, өйткені әрбір адам және бүкіл адам баласы өзінің өрлеу жолында түпкілікті бір мақсатқа ұмтылады», — деп жазады. «Діні, тегі бөлек, отырықшы орыс халқына дайындалған сот реформасын діні, тегі бөлек, көшпенді қазақ халқына пайдалансақ, онда оның пайдасынан зияны мол болады», — деп көрсетеді.

«Бізге, қазақтарға, облыстық бастықтар үстірт қарауды әдетке айналдырған», — деп көрсете келіп, Шоқан реформа мәселесіне аса зор жауапкершілікпен қарап, бұған қарапайым (дәулетсіз) қазақтарды кеңінен қатыстырып, олардың пікірлерімен санасу керек екендігін, реформаны ақсүйектер емес, қалың бұқараның тілек-мүддесіне сай жүргізу керектігін талап етеді. Бұл еңбегінде Шоқанның қазақ қоғамының экономикалық, саяси, рухани жағдайлары және қазақ халқының болашақ даму негіздері мен жолдарына терең талдаулар бере отырып, бастысы, өз халқының болашағына үлкен сеніммен қарағанын көреміз.

«Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек тұрсын, бәріне таныс жетілген жұрттардың қатарына қосу керек; олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп атсалысу керек...

Бізге керегі қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу керек».

Қазақтар мен Орта Азия халықтарының артта қалуының басты себебі — Ш.Уәлихановтың пікірінше, — монархиялық тәртіп пен ислам діні. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының болашағы мистицизмге де, аскетизмге де емес, тек өркениет пен оқу-ағартудың табыстарына байланысты деп білді. Өзінің бұл талаптарын ол «Даладағы мұсылмандық» деген мақаласында негіздеді. Шоқан өз еңбектерінде барлық ғылым мен мәдениеттің жан-жақты дамуына кедергі келтіретін ислам дінінің реакциялық сипатын сынады: «Мұсылман изуверлігінің, дін фанатизмі атаулының бәрінің халықтардың әлеумет өмірінің дамуына келтіретін зияны туралы... көп айтып жатуды артық деп санаймыз. Еуропада да теологияның етек алып кетуі халықтардың дамуына мүлдем кесел болғаны белгілі». Ол мұсылман мектептері орнына, «ой мен сезімнің өсуіне бөгет жасаудан басқа түк пайдасы жоқ, жансыз схоластика болмайтын мектептер» ашуды талап етті.

Шоқан туған халқының әдет-ғұрпының біраз жақтарын талдай келіп, қазақ арасындағы кейбір жағымсыз әдеттерді мейлінше сынады, бұларды қазақ қауымын ілгері бастырмай келе жатқан мерездер деп ашынды. Мысалы, осындай феодалдық өмірдің басты мерездерінің бірі — барымта екендігін, оның жұрттың көпшілігі баюдың, мал жинаудың ең жеңіл әдісі деп қате түсініп жүргенін дәлелдеді. Ол мұндай «кәсіппен» айналысқан адамның еңбекке ынтасы болмайды, ал белгілі бір кәсіппен айналысу уақыт, зор ынта тілейді деп дұрыс тұжырымдады. Осылайша ол жастарды да мұндай жағымсыз кәсіптен бойын аулақ салуға шақырды. Бұл жағымсыз жексұрын әдеттің адамды арамтамақтыққа, еріншектікке итермелейтінін айта келіп, ол қазақ даласында түрлі кәсіптің дамуына оның кедергі келтіретіні жөнінде дұрыс қорытынды жасады.

Шоқан Уәлиханов орыс ғылымындағы халықтық және ұлттық қағиданы негізге ала отырып, қазақ ағартушыларының ішінен бірінші болып, өз елінің табиғатын, тарихын, өмірі мен мәдениетін зерттеуге баға жетпес үлес қосты. Шоқан еңбегінің тағы бір өзіндік өзгешелігі — өз елін орыс жұртшылығына таныстырып, екі халықты жақындастыруға тырысты. Сол

халықтардың достығының, бауырластығының және өзара толық түсінушілігінің дамуына жағдай жасауды ойлады.

Шоқан өзінің жан-жақты мол білімінің арқасында зерттеулерді кешенді түрде жүргізіп, тарихшы, географ, этнограф, публицист, әдебиетші, жазушылықты қатарластыра алып отырғанын анық байқауға болады.

**2. Абай Құнанбаев (1845–1904 жж.)** — ұлы ақын, гуманист-ойшыл.

**Негізгі еңбектері:** «Қара сөздері», өлеңдері.

Абай білім мен ғылымды, дүниетану мен өнерді қазақ халқының өмірімен, тұрмыс жағдайымен, әр адамның ішкі дүниесімен байланыстыруға әрекет етеді. Оның ойынша, білім мен ғылым, өнер — надандыққа, жалқаулыққа, қаскүнемдікке айбынды құрал. Өйткені Абай тілімен айтқанда: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» («Үшінші сөз»). Байқап отырсақ, Абай барлық адам бойындағы кеселдерді болдырмауды білім мен ғылымға, өнерге байланыстыра қарайды.

Сол заманға тән, адам баласын аздыруға бағытталған кеселдерді жоюда Абай бастаған күрестің қандай екпінді, қандай айбынды екенін аңғару қиын емес. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, — деп атап көрсетеді ұлы ойшыл. — Сонан қашпақ керек: Әуелі — надандық, екіншісі — еріншектік, үшіншісі — залымдық». Осыларды көрсете келіп, олардың шыққан тамырын, кеселді зияндығын ашып береді. «Надандық — білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады. Залымдық — адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады» («Отыз сегізінші сөз»).

Бұл жерде Абай ғылым мен білімнің өмірдегі орнын, дүние танудағы ролін көрсете отырып, надандықтың хайуандық өмірге әкелетін жол екенін ашып береді. Шынында да, адам баласы жануарлар дүниесінен, табиғаттан еңбекпен, ойлау процесі арқылы

бөлініп шығып, қоғам орнатып, сол өзін қоршаған өмірді толық тануға ұмтылып отырғанда надандық — өте қауіпті кесел. Еріншектіктен барлық жамандықтың, әсіресе өнер мен ғылымға, білімге қарсы зор қауіптің өріс алатыны сөзсіз. Бұл атап көрсетілген екі ерекше кеселдер адамның өзімен, ішкі дүниесімен тығыз байланысты. Ал үшінші қауіп — залымдық, шынында да, жеке адам бойынан шығып кететін, адам баласының дұшпаны. Оның қауіптілігі ескі заманның; қоғамның бойына тән кеселдерден келіп шығатындығында. Сол қауіп адамды жыртқыш хайуан есебіне қосады. Оның жыртқыштық көрінісі Абай сынаған дәуірде де ғана емес, қазіргі заманымыздың іс-әрекетінде де көрінеді.

Абай білім мен ғылым, өнер мәселелерін қозғай отырып, олардың адам өміріне тигізер әсерін, оларды пайдалана білудің жолдарын, осыған орай адамгершілік мәселесін көтереді. Тереңірек ойлана келгенде ғылым мен білімнің, өнердің пайдалы, адам өмірі мен қоғамына тигізер өнегелі жағымен қатар адамға қарсы бағытталған зиянды жолдары да бар екен. Абай соны аңғарып, осы мәселеге ерекше назар аударады. Абайдың ойынша, қазақтың бай, би, шонжар, билеп төстеушілері өз балаларын оқы, білім ал, сол білімнің арқылы қараңғы қазақ төріне шамшырақ бол деп медресеге беруден гөрі, жастарды шен-шекпен алуға ұмтылып, олар сот, тергеуші, шенеулік, кеңсе қызметкерлері болып, халықтың мүддесін қорғаудан гөрі оған қарама-қарсы негізгі құрал болсын деп жүргендер екенін ашып көрсетіп, қатты әшкерелейді. Сондықтан да, Абай бүкіл адамзат ойшылдары айтып келген данышпандық пікірді қысқа тұжырымдайды: «Әкенің баласы — адамның дұшпаны. Адамның баласы — бауырың» («Отыз жетінші сөз»).

Қазіргі біздің заманымызда Абайдың ғылым мен білімді дәріштеп, оны адамгершілік, тәрбие жұмысымен тығыз байланыстыруы маңызды мәселе. Ғылым мен адамгершіліктің арақатынасына байланысты мәселенің екінші бір жағы бар: Абай өзінің «Жетінші сөзінде» «адамгершілік — білуге құмарлық, ғылым жолын қуу» деген пікірді тегін айтпаған. Өйткені біреу ақыл айтса: «Өз білгенің өзіңе, өз білгенім өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» дейміз. Өзіміз білмейміз, білгеннің тілін алмаймыз. Тіпті болмаса білмей жатып таласамыз. Бұл да надандықтың бір белгісі. Осыдан келіп,

Абайдың тілімен айтқанда, «адамның адамгершілігі жоғалады», оның малдан, хайуаннан айырмашылығы болмайды. «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбен көрген біздің хайуан, малдан неміз артық?», — деп Абай қабырғасы қайыса, налиды.

Ғылым қайрат, ақыл және жүрек арқылы келеді. Абай өзінің қара сөздерінде осылардың арасындағы арақатынасты ашуға ұмтылады. Айтайық, «Он жетінші сөзінде» Абай қайрат, ақыл мен жүректің ғылымға төрелікке келгенін бейнелеп береді. Әрқайсысы өзінің ерекшелігін, атқаратын ролін айтып, ғылым алдында әділ бағалануын талап етеді. Сонда ғылым әрқайсысының өзіндік ерекшелігіне тоқталып, қайраттың қаттылығын, күшін, залалдығын, жамандық жағын да айқындайды. Ақылдың да жағымсыз жақтары бар екен ол — оның амалшылдығы, айлалығы. Шынында да ақылды адамды толық, барлық жағынан жақсы, адамгершілігі мол деп айтуға болмайды да. Ағылшын мақалымен айтқанда: «Көп ақылды меңгере білетін тағы да ақыл керек». Осы кеңесте ғылым Абайдың ойынша, жүректі жоғары бағалайды. Жүрек таза болса, адамгершіліктің жоғары дәрежеде болғаны. Абайдың осы ой-пікірі қазіргі біздің заманымызда да аса қажетті, өз маңызын жоғалтпаған дер едік. Қайратпен, жігермен қандай да болмасын білім алынады. Өмір өз сарабына салып, илеп, билеп адамды ақылды да етеді.

Абай өз заманына сәйкес ақылдылық пен ақылсыздықтың негізгі белгілерін ашып берді. Олардың бірлігі мен қарама-қарсылығы ақынның «Он бесінші сөзінде» толық баяндалады. Абай ақылды кісінің сабырлылығын, орынды іске қызығатынын, есінен еш уақытта айырылмайтынын, ал ақылсыз кісінің сабырсыздығын, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткізетінін, есі кетіп, есерленіп жүретінін баяндайды. Абай «Он тоғызыншы сөзінде» өзінің осы ойын былай деп қорытындылайды: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды; естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады».

Абай өзінің қара сөздерінде ғылым мен оның маңызды ролін көрсете отырып, талаптың алатын орнын айқындайды. «Адам

баласының ең жаманы — талапсыз», — дейді ақын өзінің «Қырық төртінші сөзінде». «Талап әрбір балада да бар, оған талас қылуға байпы» — деген ақынның ойы қазіргі уақытта өте маңызды. Талапта ақыл сияқты қоғамның, өмірдің, тәлім-тәрбиенің, адамның өскен ортасының жемісі. Сондықтан да Абай «құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» деген кері тартпа көзқарасты қатты сынайды.

Ғылымның пайда болуы, оған деген ерекше құмарлық, мейірлену ақынның «Отыз екінші сөзінде» айтылады. Шынында да ғылымды сүю, оған деген құмарлық, оған мейірлену, одан үміт күту, өзінді соның жолына құрбан ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Адамның көңілі ғылымға шын мейірленуі керек. Шала мейірленген нәтиже бермейді. «Шала мейір шала байқайды», — деп Абай осы заманғы ғылымға бой ұрған адамдарды білімге кәсіпшілік, күн көрушілік, пайда табудың құралы ретінде қараудан ерекше сақтандырғандай.

Ғылымның негізі танымның негізі сияқты ақиқатты білуге, еңгеруге ұмтылады. Мұндай жағдайда әр түрлі талас пікірлердің, келіспеушілік жақтардың болуы мүмкін. Абай өзінің «Қара сөздерінде» мәселенің бұл жағын да қамтиды: «... азырақ бахас (арабша — талас) көңілді пысықтандырмақ үшін залалды да емес... Бахас өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хіріслану (қомағайлану) жарамайды». Егер мұны ескермесе, ғылыммен айналысатынының өзі өтірікші, өсекші, тіпті ұрысып-төбелесуден тайынбайтын болады. Мұның өзі ғылым мен білімнің, ондағы қиындықтың, сол қиындықтың шешілу жолдарының адамның мінезімен де тығыз байланысты екенін көргендікпен терең зерттеушілік.

Абайдың тілімен айтқанда, «ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?» («Отыз екінші сөз»).

Қазіргі дәуірде ғылым этикасы, оның жауапкершілігі ғана емес, адамгершілігі бірінші орынға қойылып отырғанда Абайдың мына сөзі не деген даналық: «Ашулы адамның сөзі аз болса —

ыза қуаты артында болғаны. Егерде аузынан қара қан ағызса — домбыт мақтаншақ, я қорқақ» («Отыз жетінші сөз»).

Абайдың Қарамола мен Көктұма съездерінде «төбе би» ретінде жетекшілік етіп, қағаз бетіне түсірген ережелері — заңтану салаларындағы дербес дүние. Онда «Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесі» әзірленеді. Абай бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. Бұл қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Сот жиналыстарында ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты дау-шар атаулының барлығын қалай шешіп, қалай аяқтау тәсілдерін, яғни соттағы іс жүргізу тәртібін, Абай басқа билерден артық біліп, әділ, білікті билік айтқан.

Қарамола съезіне тікелей қатысушы Мүсірәлінің айтқан ақпарат-деректеріне жүгінсек, Абай тізген ереже бабы жүзден асқан. Абай өз заманында әділет жолың меңзеп, ұрлық, қылмыс, отбасы және неке мәселесіне арнап екі жаңа ереже енгізген.

Бұрын ұрының өз мүлкі жетпегендіктен, ақы иелеріне (дауласушы, талапкерге) алатын малды ұрының (даулы, жауапкер) ағайыны төлеп келген. Осы тұста Абай: «Малды ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, оған сүйеушісі дем берген бай-жуан төлейтін болсын», — дейді. Ережеге заң тұрғысынан интерпретация беретін болсақ, диспозиция бұрынғы қалпында, бірақ санкция қай субъектіге бағытталғаны тұрғысынан өзгеріске ұшыраған.

Көне заманда көшпенділерде табиғи құқық доктринасына негізделінетін «қоғамдық келісім» категориясы жоғарғы сатыда болады. Бұрынғы дәуірлерде ру-тайпаларға жіктелу жүйесі күрделі болып, әр рудан шыққан ұрылардың мал-мүлкі жетпегенде ағайыны төлеп беру сот ісінде болғаны рас. Өйткені қылмыстың екінші рет қайталанбауына ру-тайпа келісімдері кепіл болған. Заманның өзгеруіне орай көшпенділердің әдет-ғұрып құқықтары мен өзге де институттары Ресейдің ішкі істерге араласуына байланысты деформацияға ұшырай бастады. XIX ғасырда ұрыға ат майын берушінің көбі азғын, ел ішіндегі арылмас пәлекор, бықсық шонжалардан шығатын. Ережеде санкция бағытталған тұлғаның,

яғни ағайынның төлеуі әділ еместігін нақты аңғаруы — Абайдың құқықтық данагөйлігі.

Екінші ережеде бұрын ері өлген жесір әйелді алатын әменгері жоқ болса, өлген ерінің ағайыны өзге біреуге сатып жіберуіне болады екен. Абай: «Бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау мүлкімен кеп, алғашқы қалыңмал орайын төлеткен, енді екі сатылмақ — зорлық», — деп тұжырымдайды.

Алатын әменгері болмаса, ерік өзінде, ол әйел — «азат», — деген. Бұл бапта құқықтың қорғаушысы би ретінде әйелдің ар-ожданы мен қадір-қасиетін жоғары қойып «теңдік»қағидасын пір тұтып отыр. Әйелдің әлеуметтік жағдайын: «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде айқын суреттеген. Әйелді малға сату — надандықтың зоры, адамның адамдық қасиетін бағаламағандық деп қорытынды шығарған. «Сату мен сүю, кәрілік пен жастық, күн мен түн, жаз бен қыс сияқты бір жерде тұра алмайтын нәрсе», — деп әйелдің бас бостандығын көксеген. Әйел құқығы, бостандығын жақтау ойлары атақты «Масұт» поэмасында да анық көрсетілген.

Абайдың құқықтық көзқарасын қуаттайтын шығармалардың бірі 1890–1898 жылдары кара сөзбен жазылған философиялық трактаттары. Бұларда құқықтық мемлекеттік ой-пиғылдары бір арнада тоғысқан. Мәселен, үшінші трактатында: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты», «талады» деген әр түрлі қылмыстық (уголовный) іс көрсетіп арыз береді, одан дознание (жауапқа шақыру) — тергеу шығарылады. Өтірік, көрмегенін көрдім деуші куәлар де әлдеқашан дайындап қойылған. «...әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлағандық» — бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз-Тәуке ханның «Күлтөбенің басындағы күнде кеңес» болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек... ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ», — деген. Бұл жерде Абай қазақ даласын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Басқару аппараты мен сот билігінде

байқалып отырған келеңсіз қайшылықтарды көрсетеді. Халықтың жағдайын, тіршілігін нашарлатып, ауыртпалығын молайтып отырған патшалық билеу аппараты туралы ой қозғайды. Елде әр алуан даулар шешілуі үшін патшалық сайлау жүйесімен қойылып жүрген билер болмаса екен дейді. Тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот орындары тарапынан жиі болып тұратын құқықтық нигилизм туралы өз тұжырымдарын айтады. Әкімшілік және сот мәселелерін қозғай келе, осы органдарға қатысты ұлттық кадрлардың қабілетсіздігі мен күдіретсіздігін ашық айтып, елдің кадр саясаты жайындағы топшылауларын ортаға салып отыр. Кадрлардың білімі терең, кәсібі білікті болуы үшін «Қасым ханның қасқа жолы» және «Жеті жарғысы» сияқты нормативтік актілер мен ережелерді үйреніп, меңгеруі аса қажет екендігін айрықша айтқан.

Жиырма жетінші трактатында «заң» деген ұғымның орнына орыстың «закон» деген ұғымын пайдаланған. Өйткені о заманда «табиғат заңдары», «табиғат заңдылықтары» және «қоғам заңдары» туралы түсінік аз. Бұл ұғымның заңдық мазмұны басымдау болғандықтан, Абай «заң» — «законға», «заңдылық — закономерность» ұғымына балама дейді.

Абайдың сот реформаторы екендігін дәлелдейтін тағы бір факт — әйгілі «третей» сот билігін ұсынуы. Ол халықтың мүддесіне тиімді болар еді деп «третей» сотын заңға кіргізу керектігін айтады. «Билер ауыспайтын өмірлік би боп сайлансын», — дейді. Алтыншы, сегізінші трактаттарында ақылды болыс-би тәрізді ел әкімдерінің «пара алмайтыны» жөнінде кекету-әжуә айтылады. Парақорлыққа және сыбайластыққа қарсы күрес мәселесі қазіргі заманның өзінде де көкейтесті мәселе болып отыр.

Ұлы ойшыл шығармаларында заң шығаратын жоғарғы орган (парламент) ең жоғарғы өкімет ретінде танылып, оның қабылданған заңдарының қатынастарды реттеуде тиімді роль атқаратынына сеніммен қарайды. Абай құқықтық мемлекетте заңның үстемдігін қоғамның барлық саласында арттыруды ұсынады, заңның күшімен, тиімділігімен демократияны, билік жүргізуді жетілдіруді және мемлекет органдарының жеке адам, жалпы халық алдында жауаптылығын талап етеді. Мұндай құқықтық мемлекеттің қағидаларына сай келетін Абай

идеяларының құндылығын: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» («Отыз жетінші сөз») деген пікірінен аңғарамыз.

Абайдың құқықтық мемлекет идеясының негізгі талаптарының бірі – кәсіби парламенттің құрылуына ерекше назар аударады. Ойшылдың зерделі пайымдауынша, мемлекеттегі кәсіби парламентті сайлаудан, қалыптастырудан елдің өркендеп өсуі, өкімет билігінің тиімді әр халық талабынан шығатын ең жоғарғы орган болуы орынды. Абайдың ойынша, парламентке «халықтың ... сайлаймын деген кісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын» («Үшінші сөз»).

Адамның табиғи теңдік идеясын Абай: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде – жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің — бәрі бірдей» («Он төртінші сөз») деп көрсетеді.

Абай құқықтық мемлекетте сот органдарын тәуелсіз етуді жан-тәнімен жақтайды. Бұл пікірді іс жүзіне асыру үшін Абай судьяларды сот қызметіне өмірлік етіп сайлауды талап етеді. «...Әрбір... елден толымды-білімді ... кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе» деп жазды қазақ ағартушысы («Үшінші сөз»). «Кез келген үкімнің яки жазықтылықты яки жазықсыздықты анықтаудың негізінде өзінің бүкіл жиынтығымен фактілер жатуға тиіс» деген тұжырым жасайды ұлы ағартушы.

**3. Ыбырай Алтынсарин** (1841–1889 жж.) — көрнекті педагог, ағартушы, қоғам қайраткері.

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты тереңдей түсіп, қазақ даласын толық басқаруға көшу кезеңінде, екінші жағынан, қашаннан көрші келе жатқан екі халықтың өмірінде жаңа қарым-қатынас пайда бола бастаған кезеңде арысы Батыстың, берісі Ресейдің озық мәдениеті және ғылымының ықпалымен ұлттық кадрлар рухани әлем сахнасына келе бастады. Олардың қызметі негізінен ағартушылық сипатқа ие болып, өркениеттен кенже қалушылыққа қарсы бағытталып, халықты білім-ғылым, өнерге шақырды. Осындай кезеңде дүниеге келген Ыбырай Алтынсариннің өзінің табиғи болмысына қоса қоғамдық-саяси көзқарасының жетіле түсуіне, оның демократиялық бағытта

қалыптасуына орыстың алдыңғы қатарлы педагогтары және жазушылары, олардың бостандық жолындағы ой-пікірлері мен іс-әрекеттері оң ықпал етті. Ресейдің экономикалық өмірінде болып жатқан үлкен өзгерістер және сол өзгерістердің Қазақстанға ықпалы Ы. Алтынсариннің ағартушы және прогрессивтік пікірлерінің қалыптасуына әсер етеді.

**Негізгі еңбектері:** «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылдық тұтқасы».

Ы.Алтынсарин қазақ халқы «жылы сөзге ынтызар жетім бала сияқты» өз тіліндегі оқу-білімге сусап отырғандығын айтады. Бірақ білім беруде түрлі қиыншылықтар жетіп артылатын. Біріншіден, патша өкіметі таза қазақ мектебін ашуға рұқсат бермеді. Екінші жағынан, қоғамда ғасырлар бойы жалғасып келген жатқан орысша оқуға деген әлеуметтік қарсылықпен күресу керек болды. Халықты оқыту ісіне биліктегі оқыған адамдардың жаны аши қоймады. Ыбырай сөзімен айтқанда, жергілікті бастықтар бекіністердің жанынан мектеп салудан гөрі, үйлерінің онсыз да қызыл төбелерін боятқанды, онсыз да ақ қабырғаларын ақтай түскенді тәуір көрді. Алайда Ыбырай Алтынсарин 1864 жылғы қаңтардың 8-і күні қазақ сахарасында тұңғыш ашқан мектебіне 14 бала тартты. Өз сөзімен айтқанда, «балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кіріседі».

Ыбырай Алтынсарин «қазақтарға білім берудің басты құралы, біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы деп» мектептер алдына аса зор әрі нақты міндеттер қойды. Ауыл мектептері үлгілі, тәртіпті, көрнекі, мәдениетті, бүкіл мәдени-ағарту жұмысының орталығы, «қазақтарды оқытудың негізгі буыны» болуға тиіс. Ол мектептерге тек орыс тілін ғана оқытып, оқу-жазуды ғана үйрететін деп қарауға болмайтынын, олар оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыландыратын, әр нәрсеге де ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруы керек деген талап ұсынылды. Оның ойынша, оқушылар мектепте білім, белгілі бір бағыт алып, айналасындағы халыққа өздерінің тың, адал ақыл-ойларымен әсер ете алатындай тәрбие алып шығуы қажет. Ыбырай Алтынсарин халық мектептерінің тағы бір артықшылығы онда оқыған адамдар өзінің туған жерінде қалады, сөйтіп алған білімі қаншалықты аз болғанымен де,

айналасындағы халықтың экономикалық тұрмысына және олардың ой-пікіріне қалай да оң ықпалын тигізеді деп есептеді.

Ы. Алтынсарин орыс білімі қазақ халқының рухани дамуының жолы деп қана қараған жоқ, оны Қазақстанның «өндірістік дамуына септігін тигізетін, яғни қазақтардың орыс халқынан ғылыми және практикалық білімін қабылдаудың әдісі» деп санады. Ы. Алтынсарин осы идеясын іске асыру үшін 1883-ші жылы Торғай қаласында қолөнер мектебін ашты. Бұл мектептің ашылуын «айрықша мәнді оқиға» деп атап, оны «қырғыздардың нақты білімінің бастамасы» деп санады. Бұл сондай-ақ білім мен тәрбие егіз деген қағидаға сәйкес те тірлік болатын. Әрі бұл жастардың ертеңгі өмір сүрер жолын, мамандық бағытын айқындау да еді.

Ол «Қостанай бекінісінде қазақ қыздарына арнап мектеп ашу туралы» Торғай облысы әскери губернаторына рапортында халықтық тәрбиеде әйелдерге білім берудің өлшеусіз маңыздылығы туралы айта отырып, мектептің жобасын жасаушылардың ойынша, қыздарға қарапайым халықтың тұрмысына керекті, мысалы киім тігу, киім пішу, шәлі тоқу, түбіт-шарқат тоқу, жіп шалу және қазақтардың қолында көп болатын жүн, қыл материалдарынан киіз басу, өрмек, бау және кілемдер тоқу сияқты әйелдер істейтін жұмыстар үйретуді көтерген болатын. Сонымен қатар «бұл істің айтарлықтай нәтижелі болуы оның пайдалы екендігіне халықтың өзінің аздықөпті көзі жетуіне байланысты болмақ» деп жазуы тегін емес еді.

Қазақ оқушыларының бойына ізгілік өрнегін егу үшін Алтынсарин 1879 жылы тұңғыш рет ана тілінде «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын дайындады. Оқулықтың «Сөз басында»: «...қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, ой пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» деп жазуын толық түсінуге болады. Ы. Алтынсарин ашылып жатқан орыс-қырғыз мектептерінде білім алудың өте пайдалылығын және қажеттілігін көпшілік бұқараға ұғындыру және жас балаларды білімге қызықтыру үшін «Қазақ хрестоматиясының» бірінші беттерін білім үйрену, ғылым игеру туралы жалынды өлең сөздерімен бастайды. Сауатсыз, білімсіз

адамдар – қараңғылықта адасушы, көзі жоқ соқыр, ақылы жоқ надан, деп жазды Ы. Алтынсарин. Нағыз адамдар – ғылымды игеріп, біліммен қаруланған, дүниенің игілігін пайдалана білетін кісілер. Ғылым адамды надандықтың түнегінен шығарады, оның ой-өрісін шексіз кеңейтеді.

*Оқысаңыз балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар, —*

деп жазды Алтынсарин. Ы.Алтынсариннің түсінігі бойынша, білім дегеніміз — төңіректегі ақиқатты тану. «Табиғи ақыл айналадағы бізді қоршағанды ғана қамтуға қабілетті, ал, оны дамытып, біздің көрмегенімізді де білуге қабілетті ететін зиялы білім ғана», — деп көрсетті Ы. Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин мектепке ең керектісі — оқытушы деп санады. Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылауы да жақсы оқытушыға тең келе алмайды деп жазды: «Өзімнің оқытушыларымды мен туысқанымдай көремін, біздің барлық ісіміз де, ақыл-ойымыз да, тілегіміз де, материалдық күшіміз де бір. Басқаша болуы мүмкін емес. Бізге ең ауыр, жауапты кезең кез келіп отыр; бұл кезеңде біз бәрін жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін де қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміміздің жеткенінше олардың көзін ашуымыз керек», — деп жазған болатын.

Ы.Алтынсариннің ағарту қызметі оның демократиялық пікірлерінің айқын көрінісі еді. Ол еркі жоқ бұқараның қорғаушысы болып, езілген, сауатсыз халыққа жасаған қанаушылардың әділетсіздіктеріне, қастандықтарына, зорлық-зомбылықтарына, заңсыздықтарына қарсы шықты. Ол қоғам ауырпалықтарын, үстем таптар өкілдерінің ел үстінен күн көрген жарамсыз мінездерін өткір сынға алды. Өзінің шығармаларында қазақ ағартушысы, көбінесе, жергілікті өкімет, сот орындарының өкілдерін, молдаларды сынады, себебі оның шығармалары негізінен оқушы балаларға арналған еді. Ы.Алтынсарин оқушылардың көпшілігі болыс, ауылнай, сот болатынын жақсы білді. Сондықтан, Ы. Алтынсарин оқушылардың бойына ізгілік өрнегін егу үшін «Қазақ хрестоматиясында» демократия және

гуманизм рухында жазылған өлеңдер мен әңгімелерді басты. Келешекте қазақ ауылдарында демократиялық идеялардың таратушысы болу үшін, оларды әділеттік, тазалық, шындық рухында тәрбиеледі.

Ыбырай Алтынсарин патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген ұлт саясатына сын көзімен қарады. Ресейдің үстем таптарының орыс ұлтына жатпайтын басқа халықтарға жүргізген ұлттық кемісітушілік саясатын көре білді. «Білімді орыстардың» жергілікті халықты жек көре қарауын сынай отырып, мәдениетті адамдардың міндеті — халқын мешеусіз деп қорламай, оның мәдениетінің дамуына көмектесу деді.

Ол замандастарын гуманизмге тәрбиелеуге тырысты, оларды кедейлерге, бақытсыздыққа ұшырған адамдарға жәрдем беруге шақырады. Бай таптардың өкілдерін кедейлерге жәрдемдесуге шақырғанымен, іс жүзінде байлардың кедейлерге рақымсыздығын, олардың қарапайым халыққа жасаған заңсыздықтарына, әділетсіздіктеріне, озбырлығына куә болды: «Қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды, қарсылық көрсете алмай қасқырдың аузында жем болатын қорғансыз момындарды адамшылықтың шегінен шыға арсыздықпен тонайды, талайды», — деп жазды.

«Қыпшақ Сейіткүл» әңгімесінде кең таралған барымтаны айыптайды, қазақ көшпелілерінің отырықшылыққа өтіп, мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығымен айналасуын, қазақ ауылдарының арасында сауданың дамуын жақтайды.

Исламның ізгілікті қасиеттерін жетік білген Ы. Алтынсарин қазақ елінің рухани тәрбиесіндегі діннің рөліне ерекше мән берді, оны оқыту ісі және тәрбиеден бөлмеді. «Мұсылманшылдық тұтқасы» еңбегінде Ыбырай ислам туралы объективтік түсінік беруге ұмтылыс жасады, мұсылмандық құқық пен өсиеттің, діни жарлықтар мен салт-жоралардың ережелерін объективті түрде баяндап берді. Оқу құралы төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім иман туралы, екінші — Құдайға құлшылық ету — намаз оқу, ораза тұту, кедейлерге садақа беру, жалпы қайырымдылық жасау, үшінші — адамгершілік жайы, төртінші бөлімде — намаз, ораза және басқа діни жағдайларда оқылатын дұғалардың қазақшасы берілген. Оқулық осылай балаларға «діннің тек ең керекті жерлерін ғана үйретуді мақсат еткен» еді. «Мәселенің ең мәнді

жері: қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек» деді.

Өз халқының тұрмыс-тірлігін жақсы білген Ы.Алтынсарин қазақ қоғамындағы ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, дәстүр нормаларының адамдар арасындағы байланыс пен қарым-қатынастарды жақсартудағы рөлін ашып көрсетеді. Ол, әсіресе, қазақтардың құда болу салтына ерекше мән беріп, одан қоғамды нығайтудың бірден-бір маңызды факторын байқады. Бұл бағытта Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру және құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлеріне арнаған очерктер қазақ халқының әр түрлі кезеңдегі өзінің әлеуметтік сезім күйлерін танытуымен құнды.

Халықтық тәрбиеде білім берудің өлшеусіз маңыздылығын әрі оның аса қиындығын терең сезінген Ыбырай Алтынсарин өзінің өмірлік ұстанымы туралы былай жазған еді: «Ал енді Құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан ешуақытта да қайтпаймын».

Өз дәуірінде Ы. Алтынсарин Қазақстанның экономикалық даму келешегі, қазақ халқының болашағы, оның қандай жолмен алға басатыны туралы аса құнды, терең ой-пікірлер айтты, Қазақстанның дамуын табиғи процесс ретінде қарады. Ы.Алтынсарин қазақ халқының бұдан былайғы дамуына қолдан жасалған сыртқы күш керек деуші пікірлерді қате деп санады.

**4. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1870–1937 жж.)** — көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы.

Ә. Бөкейханның саяси көзқарастары қазақ халқының ұлттық мүдделеріне, Ресей мен оның отары — Қазақстандағы саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты, ресейлік саяси өлшемдермен қарағанда, біршама эволюцияға ұшырағанын айрықша атап өту

қажет, оның өз сеніміне берік маркстіл - социал-демократтан (1905 ж. дейін) конституциялық-демократиялық партия арқылы (1905 ж. бастап 1917 ж. дейін) социал-төңкерілістік (эсерлік) ұстанымдарға дейін жүріп өтуін айқын көреміз.

**Негізгі еңбектері:** «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4–21 томдарына қатысты, «Ресей. Біздің отанымызды толық географиялық сипаттау», 18 т.

1905–1907 жж. төңкеріліс қарсаңында Ә. Бөкейхан бұрынғы көзқарастарын қайта сараптап, жаңа бағытқа көшті. Табанды марксист, Ресейдің байтақ далаларында социализм құру ойына шын берілгенімен, бұл саяси бағыттың қазақтар үшін утопия-қиял екеніне көзі жетті. Өз халқының өткен тарихын, мәдениетін, тұрмысын, саяси, әлеуметтік-экономикалық құрылысын зерделей келіп, ол «социализмді жеке бір алынған елде құру» жалпы мүмкін, бірақ тек қазақ даласында емес», деген шешімге келеді. «Киргизы» еңбегінде ол: «Қазақтардың шаруашылық өмірі қазіргі тұрақ орнын үнемі ауыстырып, өз малдарымен тебіндік пен суат іздеу үшін өзгертіп отыратын жартылай жабайы көшпелінің жұпыны экономикасының қарапайым түріне сыймайды. Бұрынғы таза бақташылық шаруашылық бірте-бірте аралас егіншілік-бақташылық түріне орын беруде», — деп жазды. Ә. Бөкейхан қазақ халқы біртіндеп аралас малшылық-егіншілік шаруашылық түріне өтетінін болжады. Бұл жағдайда отырықшылыққа өту, оның пікірінше, «егіншіліктің дамуы үшін қолайлы табиғи-тарихи жағдайлары мен экономикалық конъюнктурасы» бар жерлерде анағұрлым тез орын алады және, сәйкесінше, «топырағы нашар, жауын-шашын тапшы және рынок орталықтарынан алыс, егіншіліктің едәуір дәрежеде дамуы мүмкін емес» жерлерде, отырықшылыққа өту орын ала алмайды, — деп санады. Осы және басқа да маңызды факторларды (дәстүрлі өмір салты, мәдениет деңгейі және т.б.) ескере отырып, ол қазақтар капитализмнің осы кезеңін интенсифсиз, сырттан күштеп араласусыз, табиғи, эволюция жолымен өтуі керек, олай болмаса, бұл қазақтар үшін қасіретті болуы мүмкін, деген шешімге келеді.

Ресейдің кадет партиясы жетекшілерінің бірі бола отырып, өзінің саяси қызметінде, әлеуметтік әділеттік, еңбекші халықтың мүдделерін қорғау идеалдарына адалдығын сақтады, отарлық езгінің жойылуы, демократиялық бостандық салтанаты үшін

күресті. Ол үшін ең маңызды мақсат демократиялық бостандық қана емес, ең бастысы қазақ халқын отарлау саясатынан азат ету болды. Ә. Бөкейхан 1917 ж. шілдеде кадет партиясынан шықты, ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясын құруға кірісті. Партия бағдарламасының негізіне 1917 ж. 21–28 шілдеде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезд қарарлары алынды, «Қазақ» газеті «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды, оған Ә. Бөкейхан бастаған жеті партия басшылары қол қойды.

Ә. Бөкейхан бүкіл ұлт-азаттық қозғалыстың басты міндеттерінің бірі — Ресей Федеративтік демократиялық Республикасының құрамындағы Ұлттық-аумақтық автономия құрып, қазақтардың өзін-өзі басқару құқығын қамтамасыз ету, деп санады. Ұлттық-аумақтық автономияны құру қажеттілігін дәлелдей келіп, Ә. Бөкейхан мұндай жер жағдайына қарап, жеке-жеке автономиялар құрылуы мүмкін, деп ойлады: 1) Ішкі Ордада; 2) Түркістан өлкесіндегі қазақтар үшін; 3) Далалық өлкедегі қазақтар үшін.

Ә. Бөкейхан қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелуді, соның нәтижесінде жүретін таптар тартысын түсіне де, көре де білген. Мысалы, ол «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы арасында отырықшылыққа көшу мәселесіне байланысты жүрген пікір таласқа қарай былай деген: «Баймын, мықтымын деп атқа мінген жақсылар шөп шабатын жерге, егін жайға, жаз қонысқа, қыс тебінге зорлық қылады, кемшілікте жүрген бейшара сорлы жұрт бұл жақсылардың тепкісінде қор болғанша, орыс беретін он бес десятина болса да алайық деп, мұжық болатындай сұрап отыр», — деп жазған еді. Міне, сондықтан, ол: «Байлықты... жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзаларды» «қысты күні үңгірде жатып аз аяғын сорған аюға» тенегені де рас. Дегенмен, ол Ақпан төңкерісінен кейін болшевиктерше таптық күресті күн тәртібіне қойған жоқ, қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қарауына бүкіл ұлтты біріктіретін жалпы демократиялық мақсаттарға сай нақтылы міндеттерді алға тартты.

Ә. Бөкейханның саяси көзқарасында жер, ауыл шаруашылығы мәселесіне шын мәнінде ерекше көңіл бөлінді, ол жерге жеке меншікті жойып, қауымдық пайдалануға беруді, мемлекет меншігі деп жариялауды ұсынды. Қазақстандағы Ресейдің ішкі аймақтарынан шаруалардың көші-қоны

өрістегеніне, әсіресе Оңтүстік Орал мен Қиыр Шығысты байланыстырған Ұлы Сібір магистралі салынған соң, бұл қоныс аудару күшейе түсуіне байланысты, Ә. Бөкейхан: «Жерді ата-бабасының қанымен келген өз жеке меншігі санайтын қазақтар, орыс билігіне өткенде, мемлекет олардың жеке меншігіндегі жерлерді тартып алады, — деп ойламаған да еді. Бірақ, орыс үкіметі ешбір себепсіз, күштінің құқығына сай, барлық қазақ жерлерін патша мемлекетінің меншігі деп жариялай салған заңдар қабылдады. Осының нәтижесінде Қазақ даласына қоныс аудару күшейді, құнарлы жер телімдері сол келгендерге берілді, ал жарамсыз жерлер қазақтарға қалды. Бюрократиялық жолмен енгізілген Дала ережесі халықтың шынайы мүдделерін ескерген де жоқ, билік өзінің заңды құрметтемейтінін көрсетті, заңның орнына өзім білетіндікті, жеке тұлғаның құқығын менсінбеуді, әкімгершілік зорлықты пайдаланды... Қазақтардың рухани және экономикалық мүдделерін кемсітіп қарады, бұқараның нағандығын әдейі, жасанды түрде қолдап, сақтай түсті — осының бәрі халықты кедейленуге..., оның мәдениетін тоқырауға ұшыратты», — деп жазды.

Ә. Бөкейханның саяси көзқарасы жалпы демократиялық бостандықты қамтамасыз етуді, әсіресе жиналыс, митингілер өткізуді, қоғамдастықтар ұйымдастыру, сөз, баспасөз бостандығы, жариялылық, жеке тұлғалар еркіндігіне қол сұғушылықтың болмауы, олардың құқықтарының тапталмауы, жергілікті өзін-өзі басқарушылықты енгізу, сот реформаларын жүргізу, мешіттің мемлекеттен бөлек болуы, әйел теңдігі және т.б. сынды ұстанымдарды қамтыды. Ә. Бөкейхан білім және ғылымды дамытуға, жұмысшылар мәселесіне ерекше назар аударды. Ол, «Алаш» партиясы жұмысшылар мәселесі бойынша социал-демократ-меньшевиктердің ұстанымдарын құптайды, — деді және әділ заңдардың негізінде жұмысшылар мүддесін қорғайтындығын ерекше атап көрсетті. Ә. Бөкейхан тегін білім беру, ана тілінде оқыту, қазақ тілінде мектептер және университеттер ашу, оқу орындарының өзін-өзі билеп, автономиялы болуын қолдады және биліктің араласуына қарсы болды, ал оқытушы-профессорларды сайлау және т.б. ұсыныстар жасады.

Сонымен, Ә. Бөкейханның саяси көзқарастардың жасалған қысқаша талдау көрсетіп отырғандай, Алаш партиясының жетекшісі, «Алаш Орда» үкіметінің басшысы және XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейхан кең дүниетанымдық көзқарасқа ие болғанын көреміз, оның саяси көзқарасы мен бағдарламасы қазақ халқының ұлттық мүдделерін терең көрсетті.

**5. Ахмет Байтұрсынов** (1872–1937 жж.) — ірі қоғам қайраткері, публицист, қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы.

**Негізгі еңбектері:** «Бұл заманның соғысы» (1914), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан Уақытша ереже» (1914), «Закон жобасының баяндамасы» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Жәрдем комитеті» (1915), «Қазаққа ашық хат» (1916).

Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары мен идеяларын Алаш қайраткері сапынан ерекше уағыздаған және көтерген ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов болды. Құқықтық мемлекет қақында мәселе көтеруде аса көрегенділік танытқан ойларының бірі — қазақ мемлекеттілігінде кәсіптік, рухани деңгейі жоғары, көтерген мәселелері бойынша сайлаушылардың талабынан шығатын сауатты, кәсіби парламент құру идеясы. Ахмет Байтұрсынов демократиялық құқықтық мемлекетте парламентті қалыптастыруда қазақ халқына аса ұқыптылық пен көрегенділік танытуды талап етіп, кәсіптік негізде заң шығара алатын адамдарды сайлауды жән-тәнімен жақтайды. Ол былай деп жазды: «Пайдалы адамды сайлауменен зарарлы адамды сайлау арасында ешбір парық болмаса, жұрт неге азады? ...яки жақынын сайлап, ...бар мақсаты табылғандай көрінеді... Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса, яғни «мынау — халыққа тынышты, пайдалы, зарарсыз адам, анау — бұзық, зарарлы, зорлықшыл, қиянатшыл адам» деп, тексеріп, таңдап сайласа, сайлау дұрыс, өз мағынасында болғаны. Халықтың пайдасы, зарары қаралмай, «мынау туғаным-тұқымдарым, құда-құраласым» деп, яки «мынау анадан пәлендей сомын артық беріп тұр ғой» деп сайласа, ол сайлау емес, құр талас, сауда».

Ахмет Байтұрсынов парламенттің кәсіптік негізде құрылуына сол заманның өзінде-ақ мән беріп, өзінің ойын былайша қорытады: «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге

керек, ел бағатындар (парламент депутаттары, билік жүргізушілер мағынасында) ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуды жақсы білерге керек».

Парламенттегі кездейсоқ сайланған, ұлт-державалық санамен біте туған кейбір депутаттардың арандатушылық қимыл-әрекеттері туралы: «Қазақтың дүниеде болған-болмағанымен жұмысы жоқ депутаттар қазақ үшін ойланып бастарын ауыртпайды... депутаттардың көбі — я сондай басын ауыртпайтындармен, я — тегі басқа жұртқа күн тумасын дейтіндерден. Олар көп болған соң, олардың дегені болмақшы ... көп жағынан ұнатқаны закон болып шықпақшы. Олардың дегені болып шыққан закон қазақты не оңдырмақшы?!».

Қазақ көсемі көтерген саяси маңызы зор мәселелердің бірі — жалпы ұлттық мемлекеттердің парламенттері шығарған заңдардың мазмұны мен мағынасының жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық психологиясының, этникалық ерекшеліктерін, олардың шаруашылықты ұйымдастыру факторларын ескеріп қабылдауы. Оның ойынша, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарды жоққа шығарып қабылданған заңдардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі мүмкіндігі шамалы және халыққа керексіз болып қала бермек. Ахмет Байтұрсынов осы мәселені былайша дәлелдейді: «Әр халықтың бұрыннан жүріп келе жатқан дағдылы жолы бар, ол жолды түзеткенде жарамды жеріне тимей, жарамсыз жерін ғана өзгертуі тиіс. Олай етпесе, соныдан ойып салған жолмен жұрттың көбі жүрмей, бұрынғы дағдылы жолмен кете береді. Әсіресе көзі ашылып, көңіліне сәуле түспеген қараңғы халық болса, ондай жаңадан салған жат жолмен жүру оған тым қиын, сондықтан законның түп үлгісі бір болғанмен, әркімнің бойына қарай пішкен сияқты, әр халықтың қалпына, салтына, мінезіне қарай заң шығарылады. Солай болған соң да заң шығарушылар халықтың қағидалы қалпын, салтын, мінезін жақсы білуі тиіс. Оны білмей шығарған заң халықтың түзелуіне емес, бұзылуына себепші болмақшы». Бұл пікірдің дұрыстығына тарихтың өзі куә.

Ахмет Байтұрсынов мемлекетте ең маңызды мәселе ретінде жеке адамдардың құқықтық теңдік идеясын нақтылы тәжірибеде іс жүзіне асуына ерекше көңіл бөледі. Заң алдында барлық адамдардың ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, лауазымына қарамастан тең екенін, бір-бірінен жоғарғы санатта болуына

үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. «Адамдардың барлығы туғаннан бастап тең болғандықтан, кім болса да низамнан (заң мағынасында) күшті емес», — дейді көсем. Ойшылдың ойынша, жеке адамның табиғи құқы саясаттың құралы болуға тиіс емес, керісінше, саясат тарихи шығармашылық әрекет түрінде өзінің барлық бағдарламасын табиғи құқық идеясына сай жүргізуге міндетті. «Заңнан күшті емес» қағидасының мағынасы, сонымен қатар, жеке адамдардың, мемлекеттік органдардың заңның алдында бірдей жауапты екенін аңғартады.

Ресейдің отарлық-империялық саясатының күшімен енгізген жасанды, ұлттық мүддеге мүлдем сай келмейтін сот жүйесіне наразылық білдіреді, қазақ қоғамына жайсыз болып, шекесіне қатты батқанын өз еңбектерінде терең талдау жасап дәлелдейді. Сот жүйесінің ең негізгі кемшілігі, Ахмет Байұрсыновтың ойынша, әділ сот ісінің атқарушы өкіметтен бөлінбеуі және оның жазалау қолшоқпары болып қалыптасуы. Оның тұжырымы бойынша, «...өтірік жаламен хукім кестіріп, қаралайды. Солай болған соң, ...соттың жұмысы ақтықты ашу болмайды, партия басшыларының айтқанымен жүріп, халықты қысып, жәбірлеу болады... билер — партиялықтың құлы». Ойшыл судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің бірнеше механизмдеріне көңіл бөледі. Біріншіден, оның пікірінше, судьялардың «сайлаусыз болуы мүмкін емес». Судьяларды тағайындау өкіметті бөлу идеясын жоққа шығарумен пара-пар. Екіншіден, жалпы демократиялық режимдегі мемлекеттерде сот билігінің барлық жүйелері нақтылы іс бойынша әділ сотты іс жүзіне асырғанда судьялар жеке құраммен емес, заң бекіткен тәртіп бойынша алқалық құраммен болуын ең негізгі шарт деп мойындайды. Сот қызметінде алқалықты жою әділетсіздікке жол беру болып табылады. Осы аталмыш пікірін ойшыл мына мағынада тұжырымдайды: «Жеке бидің жанында сиез билері инабаттырақ екенін... айттық. Бұл би бір емес, бірнешеу болып кіріссе, туралық көбірек болатындығын көрсетеді». Үшіншіден, сот билігінің жоғары дәрежеде болуы үшін әрбір демократиялық құқықтық мемлекет барлық судьялардың кәсіптік деңгейі мен рухани парасат сапасы жоғары талаптарға сай келіп, міндетті түрде ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптармен салттық болмысқа қанық болулары шарт. Себебі халықтың ұлттық, этникалық салт-

санасынан мақұрым болған судьялардың үкім шығаруы жергілікті ұлттың намысын қорлаумен тең. Ахмет Байтұрсынов былай деп жазды: «Қазақтың қалпымен, салтымен таныс емес судьяның қандай қиыншылыққа ұшырайтынын шамалауға болады. Қазақ ісін қарауға қойған судья қазақтың білімді адамдарынсыз еш нәрсе істей алмас еді. Қазақ қалпымен таныс адамға оп-оңай нәрсені қазақ қалпын білмейтін... судья әлдеқандай іс көріп, не істерін білмей, дағдарар еді. Солай болған соң ... судьядан ... қазаққа пайдасы тиеді деп айтуға ауыз барар ма екен?». Төртіншіден, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің ең басты негізі — олардың материалдық жағдайларының жоғары дәрежеде болуы деп таниды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қазақ ағартушыларының саяси-құқықтық ойларының ерекшеліктері.
2. Ш.Уәлихановтың саяси және құқықтық көзқарастары.
3. А.Құнанбаевтың саяси және құқықтық идеялары.
4. Ы.Алтынсариннің ағартушылық көзқарастары.
5. Ә.Бөкейханның саяси және құқықтық көзқарастары.
6. А.Байтұрсыновтың құқықтық мемлекет туралы көзқарасы.
7. XX ғасырдың I ширегіндегі Қазақстандағы саяси және құқықтық ойлардың басты өкілдері.

### **15 – тақырып. XX ғасырдағы Еуропа елдерінде және АҚШ-ғы саяси және құқықтық ілімдер**

1. XX ғасырдағы саяси және құқықтық ойлардың ерекше белгілері және негізгі бағыттары.
2. XX ғасырдағы негізгі құқықтық теориялар.
3. XX ғасырдағы саяси ғылымның саяси және құқықтық тұжырымдамасы.
4. XX ғасырдағы саяси қозғалыстың саяси және құқықтық идеялары.

1. XX ғасырда саяси плюрализм идеясының пайда болуы капиталистік қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделенуімен, өнеркәсіптік жағынан дамыған елдерде көп партиялы жүйенің қалыптасуымен байланысты еді. Саясатты плюралистік көзқарас тұрғысынан реформалау социализм идеологтарынан бастау алады. Олар сан алуан әлеуметтік бірлестіктерді парламенттік демократия жағдайында мемлекеттің жоғарғы органдарының саясатына нақты әсер ету мүмкіндігінен айырылған қоғамның артықшылығы жоқ топтарының, бұл ең алдымен жұмысшылар тобы мүддесін білдіру мен қорғау құралы ретінде қарастырды, осы топтар өздерінің мүдделерін баламалы (мемлекеттік емес) ұйымдардың — кәсіподақ ұйымының, гильдия мен тұтынушылық кооперативтерінің және т.б. көмегімен қорғауға тиісті деп санады. Плюралистік демократия идеясының өрістетілген негіздемесін Гарольд Ласки «мемлекеттің плюралистік теориясы» негізінде қалыптастырды. Сондай-ақ мемлекеттің мәнін анықтайтын элита, бюрократия және технократия теориялары қалыптасып, негізделді.

XX ғасырдағы **әлеуметтік юриспруденция** кейбір позициялары бойынша заңдық позитивизмге жақындайды, бірақ бірқатар аспектілер бойынша айырмашылықтары бар. Теория құқықты ретке келтіру құралы ретінде, әлеуметтік бақылау мен басқару құралы ретінде мақсатты түрде пайдалануға бағытталған. Құқықтың аталған қасиеттері норма шығармашылықтың салт-дәстүрлер, дау-таласты ретке келтіру, шешім қабылдау тәрізді ең алғашқы сатыларында көрініс табады, сол сияқты заңнама, заңның орындалуы мен құқықты қолдану (парламент, атқарушы билік, сот) сатысында да көрінеді. Осы бағытта XX ғасырдағы құқық теорияларының ішінен солидаризм тұжырымдамасы (О.Конт, Э.Дюркгейм, Л.Дюги), институционализм тұжырымдамасы (М.Ориу, П.Сорокин, Г.Гурвич), Е.Эрлихтің және Г.Канторовичтің «тірі құқық» тұжырымдамасы, Р.Паундтың әлеуметтік юриспруденциясы, Р.Дворкинаның соттық құқық тұжырымдамалары айтарлықтай танымал болды.

**2. Л.Дюги (1859–1928 жж.) — солидаризм (бірігушілік) теориясының** негізін қалаушы. Борда қаласында орналасқан университеттің заң факультетінің деканы, өзінің қызметін табиғи құқықтың (юснатурализм) пайда болу кезеңінде бастаған. Дюги

жалпы құқықты позитивті және әлеуметтік тұрғыда түсінуді сақтап қалды, бірақ соған қарамастан, юснатурализмнің бірқатар идеяларын қабылдады. «Конституциялық құқық туралы трактат» (1911) деп аталатын еңбегінде ол конституциялық құқықтың мәнін анықтауға және қайта түсіндіруге тырысты. Оның ойынша, құқықты зерттеушілер құқық пен мемлекеттің табиғатын түсіндірудің заманауи астарын есепке алуы керек. Осыған байланысты әлеуметтік позитивизмнің беделді өкілдеріне (Сен-Симон, Конт, Спенсер) «құқық әлеуметтік факторлардың тікелей нәтижесі» екендігін дәлелдеген өзінің замандасы Э.Дюркгеймге сүйенді. Солидаризмнің негізгі ережелері:

- ғалымның пікірінше, метафизикалық («мемлекеттің егеменді жеке тұлғасы»), «жеке тұлғаның субъективті құқығы») кейбір түсініктерді сыни тұрғыдан зерделеу және қайта қарастыру, кейбір бірқатар жаңа түсініктерді негіздеп түсіндіру («зәңи жағдай», «қызмет», «әлеуметтік құқық» және т.б.) қажет;

- «жария билік жай ғана факт», ол әлеуметтік факторларға негізделген. Мемлекеттің бұрынғы сипаты, түсінігі жойылып, оның орнын жаңа «айтарлықтай әділ, жеке тұлғаны қорғауға бағытталған» мемлекеттік құрылым басады. Құрылым екі теориямен негізделеді: 1) жалпы барлық адамзатты және кез келген әлеуметтік топтың мүшелерін біріктіретін «өзара бағыныштылық фактісіне» негізделген (объективті құқық тобына жататын) әлеуметтік норма тұжырымдамасы; 2) орталықтандырудан бас тарту тұжырымдамасы.

Синдикатты федерализм: заманауи қоғам «синдикаттарға ұйымдастырылған» таптардың федерализміне жақындап келеді. Ол уақыт өте келе «жойылып кетпейтін, өзінің тірілігін сақтап қалатын, бірақ басқа сипатқа ауысып бақылау мен қадағалау қызметі ғана қалатын» «орталық билікпен қабысады», — деп көрсетеді.

*Ұйымдастырушы идеялардың түсінігі.* «Әлеуметтік тап», «жеке құқық», «биліктердің бөлінуі» және т.б. түсініктердің жаңа түсіндірмесі. Ұжым құқығы мен жеке тұлға құқықтарының жүйесінен заманауи қоғамда буржуазия мен жұмысшы тобының арасында шексіз дау-таластар мен келісімсіз қастықты ғана көруге болмайды, сонымен қатар еңбекті бөлуге негізделген

арасында «тығыз өзара бағыныштылық» (бірігу) бар жеке тұлғалардың жиынтығын көруге болады.

*Әлеуметтік норма тұжырымдамасы.* Жаңа қоғамға адамдарды әлеуметтік бірлігімен қатар, әлеуметтік нормамен берілген, адамдарды біріктіруге негізделген өзара бағыныштылық тәртіп ережелері де біріктіреді. Бұл норма моральдыққа жатпайды, құқықтық норма сияқты адамзаттық еріктің сыртқы бекітілу нысанына жатады және оның ішкі өмірінде міндетті емес. Әлеуметтік норма — «қоғамдық өмірдің органикалық заңы», құқықты түсінуде құқықтық норманың бейнесін ығыстырып шығарады.

Субъективті құқық тәрізді метафизикалық тұжырымдарға орын болмайды, субъективті құқық қоғамның әрбір мүшесіне жүктелетін әлеуметтік міндеттеме және осы миссияны орындау үшін билік беретін объективті құқық түсінігіне орын беретін құрылым орнайды деп болжанады.

Әлеуметтік құқықтануда **институционализм** М.Ориу, Г.Гурвич және П.Сорокина есімдерімен тығыз байланысты. Институциялар (институт) — негізгі түсінік, бастапқы элементтер. Ұзақ уақыт бойы әрекет еткен адамдардың бірлестігі немесе әлеуметтік сипаттағы жағдайлардан (неке, отбасы, соғыс, парламентаризм, президент және т.б.) қоғамның саяси және әлеуметтік құрылымы келіп шығады. Бұл материалдық қызметтің нәтижесі емес, бұл «ұйымдастырушы көзқарас», адамдар қол жеткізуге тырысатын мақсат туралы түсінік.

*Мемлекеттік-биліктік мекемелердің құқықтық нормаларды қабылдауға монополиясын танымау.* Құқық қоғамда (қоғамдық институттарда және олардың нормаларында) тамырын жаяды. Осы логика бойынша барлық құқықтанушыларды екі санатқа бөлуге болады: монистер (тек мемлекеттің ғана құқық шығару құқығы барлығын танитындар) және плюралистер (әрбір әлеуметтік топтың «өзіндік» құқығы болады).

Институционализмде Э.Дюркгеймнің әсері анық көрінеді, оның «ұжымдық көзқарас» ұғымы институционалистердің «ұйымдастырушылық көзқарасымен» ұқсас. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін осындай көзқарастар «билік диффузиясы», «плюрализм», «полиархия» және т.б. тұжырымдар шегінде қайта жанданды.

**Морис Ориу** (1859–1929 жж.) институционализм теориясын негіздеді, ол христиандық ұжымдық рух тұрғысынан жеке тұлға мен мемлекет мүддесі өзара байланысының мәңгілік мәселесін қарастырды. Ориу келісімдік теорияны (либералды теорияның концептуалды көзі) пайдаланудан және социалистердің командалық-әкімшілік заңдылықтарынан бас тартты.

Ориу кезінде Монтескье биліктердің бөлінуі теориясының негізіне алған тең салмақтылық концепциясына жүгінеді. Оның негізгі мәні құқықтық тәртіпті күштің физикалық тепе-теңдігі жүйесімен салыстырады, ал заманауи мемлекеттің өмірі – «қиын да шатысқан жүйеге біріктірілген шексіз элеуметтік тепе-теңдік». Құқықтық қатынастар — тепе-теңдік жүйесінің бірі. Құқық идеясы өзінің негізінде тәртіп идеясы болып табылады және дәстүрлі заңтану заңгерлері осы тәртіпке Құдаймен қалыптастырған тәртіп ретінде қарайды. Институционализм алдын ала бекітілген тәртіпті танымайды.

Жария құқық мемлекетті сипаттайтын басқару режимін қарастырады. Бұл режим бір уақытта саяси да, экономикалық та, заңдық та болады, сонымен қатар бұл тәртіп «ұлтты билеп алады, оның түрін өзгертеді, оған белгілі бір нысан береді, жеке тұлғалар өмір сүретін орта болып қалыптасады». Азаматтық өмір — мемлекеттік режимнің ықпал ету объектісі, қоғамның мемлекетке дейінгі нысанында үнемі бірге болатын саяси билік пен жеке меншік арасын ажыратуды негіздейді. Бұл бөлу бір мезгілде саяси биліктің де, бостандықтың да негізі болып саналады. Ол екі параллель үрдіспен іске асырылады — биліктің орталықтануы мен құқықтың орталықтануы.

Ұлттық (жалпы мемлекеттік) құқықтың орталықтануы құқықтық нормалар мен санкциялардың бекітілуін білдіреді және үкіметтік, яғни соттық және әкімшілік, биліктің жеке меншіктен бөлек іске асырылатындығын көрсетеді. Заңдық орталықтандыру салт-дәстүрлердің жазылған заңдармен ауыстырылуынан пайда болады. Жария билік заңды қалыптастырудың формалды рәсіміне қатысады және салт-дәстүрлердің қалыптасуына қатыспайды. Заң өзімен бірге жағдайдың тұрақтылығына алып келеді. Жазылған заң үкіметтің шешімімен салыстырмалы жылдамдатылған рәсім арқылы өзгертіледі, ал салт-дәстүрлер кәдімгі тәртіпте тез арада өзгертілмейді.

Құқықтық қатынастар олардың атқарып отырған әлеуметтік қызметіне байланысты әлеуметтік әлем саласы болып саналады, онда адамдардың, әлеуметтік топтар мен сатылардың қастық және қарама-қарсы мүдделері теңестіріледі. Қазіргі әлем, ұлтаралық болсын не болмаса көп ұлтты болсын, құқыққа негізделген әлем болып табылады. Құқық жеке тұлға мен қоғам арасындағы мәңгілік қарама-қарсылықты теңестіреді. Әрбір құқықтық жүйе барлық құқықтарды жеке тұлға мен қоғам арасына бөледі, бұл әлеуметтік антогонизмді қалыптастыруы мүмкін және сонымен бірге олардың арасындағы тепе-теңдік жүйесін де құрады. Осылайша пайда болған құқықтық режим әрбір қоғамда жеке тұлға мен қоғамның қарама-қарсылығын ғана теңестіріп қоймайды, сонымен қатар қоғамдық тұрмыстың басқа да көптеген жүйелерін, атап айтсақ, азаматтық, жария, коммерциялық, әскери және т.б. жағдайларды теңестіреді. Тұрмыстың барлық нысандары, Ориудың айтуынша, тепе-теңдік жағдайында болады, азаматтық тұрмыс барлық жүйенің орталығын, айналасында басқалары айналып жүретін тартылыс көзін құрайды.

**Евгений Эрлих** (1862–1922 жж.) — австриялық құқықтанушы, Черновецтегі Франц-Иосиф атындағы университеттің ректоры, содан кейін Венада жұмыс істеді. «Тірі», немесе «Ерікті құқық», тұжырымдамасының авторы. 1913 жылы «Құқық әлеуметтануының негіздері» кітабын жариялады, онда: «Біздің қазіргі уақытымызда құқықты дамытудың орталығы заңнамада емес, заңтануда да емес, соттық практикада да емес, керісінше, қоғамның өзінде» деп жазған. Буковина халықтарынан сауалнама алды, осының негізінде австриялық азаматтық жинағының баптарының үштен бір бөлігі ғана нақты түрде әрекет ететіндігі туралы қорытынды жасады. Ол «тірі құқық» семинарларын ұйымдастырды.

«Тірі құқықты» анықтауға бағытталған құқық социологиясында біршама жақын және алыс тұрған идеялық бастаушылар танылады. Гурвичтің ойынша, осы тізімді Аристотель есімімен бастап Монтеस्कье мен Прудон есімдерімен аяқтауға болады. Сонымен қатар оған мүдде заңтануының өкілдері: «құқық қорғалған мүдде ретінде» (Р.Йеринг), «құқық қарым-қатынас тәртібі ретінде» (С.А.Муромцев), сол сияқты

психологиялық заңтанудың негізін салушылар: «құқық қандай да бір психологиялық шындық ретінде» (Л.Петражицкий), «құқық биопсихикалық шындық ретінде» (Н.С.Тимашев) да кіреді.

Эрлихтің тұжырымдамасы «тірі құқық» тұжырымдамасы атауын алды, оған «құқыққа деген ерікті көзқарас» тән болды, Эрлихтің ойынша, құқыққа деген ерікті көзқарасты соттық талқылау практикасынан көруге болады, соттық көзқарас еркіндігі орын алады. Құқықтың өзінің бастапқы негізін кітаптардан емес, қоғамнан, оның қалыптасқан бірлестіктері мен одақтарынан, атап айтсақ отбасы, сауда серіктестігі, қоғамдастық пен мемлекеттің өзінен іздеу керек. Сондықтан Эрлих құқықты зерттеу әдісі ретінде нақты құқықтық құбылыстарды, адамдар мен олардың одағының заңды тәртібін тікелей бақылауды алды. Ол сонымен қатар құжаттарға зерттеулер жүргізді, яғни әр түрлі келісім-шарттарға (ипотекалық, неке, жерге қатысты), өсиетке, компаниялардың жарғыларына сараптама жасады.

**Ганс Кельзен** (1881–1973 жж.) — австриялық құқық философы, Вена университетінде сабақ берген, 1920 жылы Конституция жобасын дайындаған, ол Австрия Республикасының құрылуын заң түрінде рәсімдеген. 1921–1929 жылдары Австрияның Конституциялық соты мүшесінің қызметін атқарды. Германияда билікке А.Гитлер келгеннен кейін елден кетті. 1942 жылдан бастап АҚШ тұрды, Калифорния университетінде сабақ берді. Кельзеннің позитивизмі оның негізгі еңбегі **«Құқықтың таза теориясында»** (1934) көрініс тапты. Осы атаудың негізінде позитивтік құқық теориясы құрылды (яғни қолда бар және әрекет етуші), оның өзіндік сипаты болды. Соған тоқталайық:

- шектеу: «құқық туралы ілім тек құқықпен ғана айналысады және танылатын пәнді бәрінен «тазартады»; өзінің «тазалығын» қамтамасыз ету үшін барлық элементтерге қатысты танымдық күштен алдын ала бас тартады;

- маманданған және арнайы құқық ғылымын (заңтану), біріншіден, әділдік философиясынан («идеалды құқықтан», моральдан, идеологиядан, аксиологиядан, құндылық теориясынан), екіншіден, әлеуметтану мен тарихтан (әлеуметтік шындықты білу, құқық саясаты бойынша және т.б.) оқшаулау мен ажыратылудың қатаң бекітілуі;

- құқық теориясы – нормативті ғылым, өзінің түсініктерін позитивтік заңнамалық норманың мазмұнынан ғана шығарады, ниет пен құмарлық әсеріне, заң шығарушы биліктің ойына, жеке тұлғалардың қалауы мен мүдделеріне берілмейді. Құндылық қасиетін есепке ала отыра, нысан қандай болу керек немесе қандай болмау керектігін білдіретін нұсқау — саясат пен мемлекеттік билік мәні. «Құқықтың құндылығы — оның нормативтілігінде»;

- құқық теориясының оқу пәнін «адам әрекетінің тәртібі» — нормалар жүйесі құрайды.

Кельзеннің нақтылауынша, нормативтік тәртіп дегеніміз — «күштеу тәртібі». Құқықтанушы заңдық нормаларды, олардың элементтерін, өзара қарым-қатынасын, құқықтық тәртіпті, оның құрылымын, әр түрлі құқықтық тәртіп арасындағы қатынасты, сол сияқты позитивті заңдық тәртіп (құқықтық тәртіп) плюрализміндегі құқық бірлігін қарастырды.

**Негізгі норма.** Құқық бұл адамнан артық биліктің пайда болуы емес, адами іс-тәжірибеге негізделген арнайы әлеуметтік техника болып табылады. Оның негізі тереңде жатыр, яғни логика-заңдық гипотезада жатыр, нақты заңдық ой-сананың логикалық сараптамасымен бекітілген. Осы гипотезаға сәйкес позитивтік құқықтың мәнінің әмбебап логикалық болжамы (және дәлелі) болып негізгі норма саналады, лауазымды тұлғалардың барлық ресми әрекеттерін құқықтық тәртіп көлеміне енгізуге, сол сияқты лауазымды тұлғалар мен азаматтардың құқық жасаушы актілеріне жалпы мәні бар сипат беруге бағытталған. Аналогияның көмегіне жүгінетін болсақ, негізгі норманы «ен бірінші конституция» деп санауға болады, «конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде», бірақ бұл материалдық та емес, позитивтік те емес, жоғары билік бекіткен норма, одан жоғары норма жоқ. Осы норманың басқа нормалармен қарым-қатынасы легитимділік пен нәтижелілік қағидаларының ұштасуын көрсетугі керек.

*Құқық пен мемлекеттің арақатынасы.* Құқық арнайы тәртіп немесе билік ұйымы болып табылады. Осылайша, мемлекет екі өлшемде болады, басымдылық ретінде және құқық ретінде. Құқық ретіндегі мемлекет — бұл «мәжбүрлеуге құрылған құқықтық бірлестік монополиясы», яғни «құқықтық мемлекет». Бірақ

Кельзен оны жалпыға ортақ қабылданған күйінде қарастырмайды, керісінше, оны арнайы күйінде «орталықтандырылған құқықтық тәртіп» ретінде қарастырады, осыған сәйкес әділсот және басқару халық сайлаған парламент қабылдаған заңға негізделеді...», мемлекет пен құқық бірлігі ретінде болады.

«Құқықтың таза теориясының» саясаттан, басқару өнерінен тәуелсіздігін қолдай отыра, Кельзен мына қорытындыға келеді: құқықтық ғылымды осылай ажыратуға мүмкіндік жоқ, сондықтан «құқықтың таза теориясы» пайдаланылмайды. Бұл қорытындыны Кельзен Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған кезде жасады, оның осындай шешімге келуіне партиялық диктатурамен басқарылып тұрған кейбір ұлы елдерде заңтанудың өкілдері өздерінің «ғылымымен» саяси билікке қызмет етуі фактісі әсер етті. Өзінің қорытынды жасаған еңбектерін англосаксондық әлемде жариялай отыра, ол ғылым бостандығын бағалады, билік айтарлықтай тұрақты, ал идеялар билікке қарағанда көбірек құрметтеледі деп санады.

XX ғасырдың басында орыс-поляк құқықтанушысы **Лев Иосифович Петражицкийдің** (1867–1931 жж.) «**Өнегелілік теориясымен байланысты құқық және мемлекет теориясы**» еңбегі жарияланды. Гносеологиялық және әдістемелік қатынасқа байланысты позитивті философияның бастауына ол құқықтық құбылыстар мен құқықтың табиғатын ашу арқылы қол жеткізді.

Құқық жеке психиканың құбылысы ретінде анықталды. Құқықтағы әлеуметтілік жоққа шығарылмайды, бірақ психологиялық-құқықтық көңіл-күй тұрғысынан қарастырылады, өйткені көңіл-күйді әлеуметтік элемент те көрініс табады. Петражицкий құқық пен өнегелілік арасындағы айырмашылықты мойындайды, ең басты айырмашылық өнегелілік импульсінің (және осыларға сәйкес нормалардың) қатаң сипаты мен құқықтың императивті-атрибутивтік сипатының арасында деп санайды. «Императив» осы жағдайда парыз бен міндеттің жеке тұлғалық санасы ретінде болса, «атрибутивтік» «өз құқығын» түсіну санасы болып табылады. Өнегелілік үшін императив пен міндеттерді орындау барысындағы еріктілік кезеңі маңызды болса, құқық үшін ең негізгісі атрибутивтілік кезеңіне шоғырланған болып табылады. Егер өнегелілік қатынас барысында қатысушылардың психикасы міндеттердің орындалмауына айтарлықтай кешірімді

көзқараспен қараса, құқықтық қатынаста міндеттердің орындалмауы (сол сияқты сот шешімімен расталған құқықтық талаптардың орындалмауы) ашу-ызаны келтіреді, күштеп орындау талаптарын қойдыруға әкеліп соғады.

Оның ойынша, қоғамдық өмірде құқықтың орны өнегеліліктің орнына қарағанда да маңыздырақ, өйткені енжар этикалық ниет белсенді этикалық ниетке (заңдылық санасын) орын береді. Құқықтың жағында оны іске асыру барысында тек қана ынталандыру санкцияланған ниет қана емес, сол сияқты «өзіне тиесіліге қол жеткізуге» тырысу ниеті де бар. Соңғысы міндеттілердің қарауы мен еркінен тыс іске асырылуы мүмкін талаптармен жалғасын табады, сонымен қатар күш көрсету де пайдаланылады. Нәтижесінде, әлеуметтік тәртіп құқығымен қалыптастырылған берік үйлесімді жүйе, берік және нақты анықталған тәртіп қалыптасады. Заңгерлердің санасында екі көзқарастың берік ассоциациясы бар: олар «құқық» және «тәртіп», «құқық» сөзінің орнына көбінесе «құқықтық тәртіп» деген тіркес қолданылады. Мұндай ассоциация үшін «ғылыми-себептік түсініктеме» де берілген.

Әлеуметтік тәртіпке әсер ету барысында Петражицкий құқықтың екі арнайы қызметіне: «бөлістіруші» және «ұйымдастырушылық» ерекше мән береді. Осылайша, халықтық (халықаралық) шаруашылық саласындағы дистрибутивтік (бөлістіруші) қызмет құнарлы топырақты, құрал-саймандарды, өндіріс саймандарын, тұтыну тауарларын, жалпы шаруашылық құндылықтарды жеке тұлға мен топ арасында бөлу қызметінен ерекшелене алады.

**Петражицкий жағымды құқық түрлері туралы.** Ол жағымды құқықтың түрлері және нормативтік фактілердің жан-жақтылығы туралы ілімді қалыптастырды. Құқық қайнар көзін қарастырудың қалыптасқан догматикалық нұсқасынан бас тарта отырып және құқық тарихы, қазіргі заманғы ахуалы туралы барлық белгілі фактілерді қамтуға талпына отырып, сол заманғы ғылымға белгісіз немесе ғылым мойындамаған жағымды құқықтың 15 түрін атап көрсетті. Ол ресми құқық (заңнаманы); кітап құқығын, көбінесе заң мазмұнындағы (қасиетті кітап, қарапайым құқық жинағы, ғылыми трактаттар және Юстиниан заңдарының Жинағы) кітап беделі нормативтік факті қызметін

атқаратын; «ғылымда қабылданған пікірлер құқығын»; «жекелеген заңгерлердің немесе олардың тобы ілімінің құқығы»; «заңдық сараптама құқығы» (бұған рим заңгерлерінің атақты «жауаптары» жатады); «діни-этикалық құқық беделділерінің: дін негізін салушылар, апостолдар, әулиелердің, қасиеттілердің, шіркеу әкейлерінің және т.б. нақыл сөздерінің құқығы»; «өзін-өзі ұстаудың діни-беделдік мысалдары мен үлгісінің құқығын» таниды. «Шарттық құқық», «бір жақты уәде беру құқығы» (мысалы, мемлекеттік биліктің және жеке тұлғаның бағдарламалық мәлімдемесі), «танылған құқықты» (белгілі құқықты және міндеттемелерді заңдық қатынастағы жақтардың бірінің мойындауы) өзіндік отбасыға біріктіреді. «Прецеденттік құқық» мемлекеттік мекеме қызметінде және халықаралық құқықта қарастырылады. Сонымен қатар «жалпы халықтық құқық барлық жерде қалыптасқан құқық ретінде» бөліп көрсетіледі (мұның нормативтік фактісі ретінде «барлық әлемде осылай қалыптасқан», «барлық халықта осылай қалыптасқан» деген сілтеме танылады). Прецеденттік құқық жалпы халықтық құқықпен «заңдық мақал-мәтелдер құқығы» көршілес тұрады.

Қазіргі заманғы құқық және мемлекет теориясында әлеуметтік бағыттың қалыптасуы ХІХ ғасырдың соңында, әлеуметтану білімінің жеке салаға бөлініп, оның әдістері жалпы білім беретін пәндер арасында кеңінен таралуынан бастау алады. *Американдық заңгер Рокко Паунд* (1870–1964 жж.) ХХ ғасырда әлеуметтік құқықтанудың дамуында айтарлықтай роль атқарды. Ол АҚШ-тың ірі университеттерінде дәріс берді және көп жылдар бойы Гарвард құқықтану мектебінің деканы болып қызмет атқарды. 1950–1956 жылдары Паунд салыстырмалы құқықтанудың Халықаралық академиясының президенті болды. Өзінің теориялық көзқарастарын, кейін «Юриспруденция» бес томдығында жинақталған, бірнеше монографияларында жазды.

Паунд ілімінің дүниетанымдық негізі болып табылатыны — АҚШ философиясының ХХ ғасырдағы басты бағыты — прагматизм идеялары. Прагматизм философиясының ең маңызды жорамалы былай дейді: кез келген теориялық құрылымды оның практикалық мәні немесе пайдасы (осыдан барып доктрина атауы шыққан) тұсынан бағалау керек. Осы принципке сүйене отырып, Паунд заңгерлерді «құқықты тек кітаптан оқумен» (яғни заңдағы

құқық; жалпы нормативтік актілердегі) шектелмеуге және «әрекеттегі құқық» сараптамасына шақырды. Оның ойынша, заңдық ғылым құқық ретінде адамның жасаған әрекетіне әсер етеді және қызмет етеді. «Кітаптағы құқық» пен «әрекеттегі құқықты» бір-біріне қарама-қарсы қою уақыт өте келе АҚШ-тағы барлық прагматистік заңтанудың ұранына айналды.

Паунд тұжырымдамасының әлеуметтік бағыты құқық әлеуметтік бақылаудың нысаны ретінде түсіндірмесінде айқын көрінді. Ғалымның көзқарасынша, құқық, дін, мораль, салт-дәстүр отбасындағы тәрбиімен қатар, адамдардың мінез-құлқы мен әрекетін бақылаудың бірден-бір тәсілі болып табылады. Мұндай көзқарас заң ғылымын құқықты әлеуметтік қатынас мағынасында зерттеуге бағыттады, құқықтық нормаларының қоғамдық өмірдің басқа да реттеушілерімен өзара бірлесе әрекет етуін талап етті. Паунд заңгер бір-біріне мәндес ғылыми пәндерді де білуі қажет екенін және құқықты зерттеу кезінде олардың әдістерін білуі керек екенін атап көрсетті.

Құқық тарихы, Паунд ілімінше, қоғамдық өмірді реттеудің басқа да нысандары тарихымен тығыз байланысты. Ең алғашқыда, ерте заманда, әлеуметтік бақылау механизмі бөлшектенбеген күйде болған және құқық та дін мен моральдан бөлектенбеген. Паундтың айтуынша, жеке адамдарға әсер етудің құқықтық тәсілдерінің мәні XVI ғасырда мемлекеттің дамуымен қатар өсіп келеді. Қазіргі заманда, индустриалды қоғамның жанжалдарын шешуді мемлекет өз мойнына алған тұста, құқық әлеуметтік бақылау жасаудың маңызды құралы болып табылады.

Паунд қазіргі заманғы құқықтың үш аспектісін бөліп көрсетеді. Біріншіден, *құқық — бұл құқықтық тәртіп*, немесе мемлекеттік органдардың жүйеленген және реттелген күш қолдана отырып әлеуметтік қатынасты реттеу режимі. Екіншіден, *құқық — басшыларға соттық немесе әкімшілік шешімдер шығару кезінде қызмет ететін ресми құралдар*. Үшіншіден, *құқық — соттық және әкімшілік процесс*.

Егер осы анықтамаларды бір негізге біріктіретін болса, онда, Паундтың пікірінше, біз құқықты «соттық және әкімшілік шешімдер негізінде жүзеге асырылатын әлеуметтік бақылаудың арнайы мамандандырылған нысаны» деп түсінуге қол жеткіземіз.

Американдық теоретиктің бұл пікіріндегі кейбір тұстарына

көңіл аудару қажет. Ең алдымен келтірілген дәйектемелерде құқық мазмұнын түсіндірушілік жоқ. Прагматикалық юриспруденцияны жақтаушылар өз тұжырымдамаларында *құқық мәнін емес*, заңгерлер арасында, әсіресе тәжірибедегі заңгерлер арасында қалыптасқан *оның мәнінің жиынтығын ашып көрсетуге тырысты*. Міне сондықтан, Паунд, үш мүшелік анықтауын құқық туралы әлеуметтік, нормативтік және тәжірибе-үрдістік танымның сомасы ретінде құрды. Паунд көзқарасы құқықты зерттеуге көп аспектілі тұрғыда қарау деген атау алған идеялар бағытында дамыды.

Тұжырымдамадағы түрлі анықтауларды келістіру мақсатты түсіну арқылы жүргізіледі. Паунд өзінің алғашқы жұмыстарының бірінде «құқық табиғаты туралы дискуссия бүгінгі таңда оның мақсаты мен мазмұнын қарастыруға жол беретінін» айтып, мақсатты мазмұн ұғымының түсінігіне қарама-қарсы қойды. Паунд өзінің теориялық құрылымдарына инструменталдық мән берді. Американдық заңгерлер арасында Паунд қазіргі заманғы инструментализмнің көшбасшысы ретінде беделге ие. Құқық мақсаты, оның тұжырымдамасына сәйкес, әлеуметтік жанжалдарды шешуден және адамдар арасындағы өркениетті қатынасты қалыптастырудан тұрады. Паунд құқық қоғам мүшелерін ажыратуға қызмет етпеуі керек, керісінше, олардың арасындағы келісімді қалыптастыруы қажет дегенді қайталаудан жалықпады. Қазіргі уақытта, деп жазды Паунд, құқықтық және саяси институттарды саналы түрде жалпы адамзаттық мақсатты бекітуге бағыттау керек деген тенденция қалыптасты.

Сонымен қатар Паунд, «әлеуметтік инженерия» құқық арқылы мемлекеттің жекелеген мүдделер саласына белсенді түрде араласуын алып тастайды дегенді баса айтады. Оның ілімі, бір мезетте, жоспарлы экономиканың идеалына қарсы болса, сонымен қатар неолиберализмге де қарсы. Президент Ф. Рузвельт әкімшілігінің өткізген «жаңа бағытын» қолдамағанын айтудың өзі жеткілікті. Республикалық партияның жақтаушысы, Паунд, консервативтік бағытта болды.

Паунд белгілі бір дауды шешу кезінде еркіндік беру арқылы соттың өкілеттілігін кеңейтуді ұсынды (бұл арада екі жақтың әрекетінің моральдық жағын бағалау туралы айтылды). Соттың дискриминанттық өкілеттілігі жеке меншік құқығы мен

коммерциялық келісімдерге қатысы болмауы керек. Егер әділдік туралы ұғым әлеуметтік жағдайға байланысты өзгертін болса, онда кез келген қарапайым вексель, қандай да бір қарапайым вексель секілді болады, деп пайымдады.

**3. Плюралистiк демократия** идеалының өрiстетiлген негiздемесiн Ұлыбританияның лейбористiк партиясының көрнектi қайраткерi мен теоретигi **Гарольд Ласки** (1893–1950 жж.) қалыптастырды. Ол «мемлекеттiң плюралистiк теориясы» және «саяси плюрализм» сияқты түсiнiктердi анықтады.

Капитализмнiң орнығу шегiне қарай мемлекеттiк билiк бюрократизацияға ұшырады және басқарудың орталықтанған иерархиялық жүйесiне айналды, жеке меншiк иелерiнiң мүддесiне қызмет еттi. Ласки осындай мемлекеттi монистiк деп атады. Сайланып қойған мекемелер (парламент пен жергiлiктi өзiн-өзi басқару органдары) өз iстерiн өзгертпейдi, өйткенi олар жеке меншiк иелерiн қорғайтын институттардың бiрыңғай жүйесiне енгiзiлген. Ласкидiң ойынша, парламенттiк демократия орнаған елдерде жұмысшылардың сайлау құқықтарының тек ресми түрде, формалды сипаты болған. Ласки «капитализм бостандықпен сәйкес келмейдi» деген қорытындыға келедi.

Бостандықтың орнығуын теоретик жаңа қоғамдық қатынастардың, яғни өнеркәсiптiк демократияның, қалыптасуымен байланыстырады. Қоғамның болашағын сипаттай келе, Ласки онда жеке меншiктiң сақталып қалатынын айтқан, бiрақ өндiрiстi басқару қызметi еңбекшiлердiң ұжымына берiледi. Билiктiң орталықтанған ұйымының орнына «плюралистiк мемлекет» келедi, онда аймақтық принцип бойынша құрылған мекеме жүйесiн кәсiби мүдде өкiлдiгiнiң органдары толықтырады, атап айтсақ, өндiрiстiк ассоциациялар (мысалы, темiр жол корпорациясы), кәсiподақтар, мәдениет пен бiлiм саласы қайраткерлерiнiң бiрлестiгi, тәуелсiз шiркеулер пайда болады. Осылайша, мемлекеттiк егемендiктiң дисперсиясы (таратуы) орын алады: саяси билiк әр түрлi әлеуметтiк мүдденi бiлдiретiн көптеген бiрлестiктерге бөлiнедi. Билiк орталықтарының санының артуы қоғамның федеративтi табиғатын, оның жекеленген әлеуметтiк құрылымын көрсетедi. Ласкидiң бұрынырақта шыққан шығармаларында өнеркәсiптiк демократияға ауысу бағдарламасы жарияланған. 30 жылдардың

ортасынан бастап оның көзқарастары әлеуметтік-саяси күштердің дағдарысына байланысты болған өзгерістердің әсерінен айтарлықтай эволюцияға ұшырады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ласки әскери машинаға сүйенген буржуазияның үстемшілігі күштеу жолымен ғана арандатылуы мүмкін деген қорытындыға келді.

Сонымен қатар Ласки құқықтық мемлекеттің тұжырымдамаларымен келіспеді. Құқықтық болу үшін заманауи мемлекетке өзінің азаматтарын адамға тән табиғи құқықтарды, атап айтсақ, күнкөріс мөлшерін, бос уақытын өз еркімен өткізу құқығын, ортақ әлеуметтік әрекеттерді іске асыру үшін бірігу құқықтарын қабылдап, олармен қамтамасыз ету керек.

**Саяси үстемшілік, тоталитаризм мен бюрократия туралы саяси-құқықтық теориялар.** Макс Вебер үстемшіліктің «таза» түрлерінің теориясын жасап шығарды, бұл әр түрлі халықтардың бюрократиясы мен билігіне сараптама жасауға мүмкіндік берді. Үстемшіліктің «таза» түрлерінің анықталуы оның әрекеттерінің типологиясына негізделген: аффективті, дәстүрлі, харизматикалық, ұтымды. «Таза» түрлер — ғылыми теорияны қалыптастыру үшін, саясат пен құқықты зерттеу әдістемесін құрастыру үшін белгілі сипаттарын жүйеге келтіруге көмектесетін абстракциялар. Тарихи жағынан ол бірінші болып патриархатты (дәстүрлі) үстемшілікті — ру, тайпа басшыларының билігі, ерте кездегі мемлекет құруды, заманауи монархтарды атайды. Бұл билік тұрақты консервативтік байланыстар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып негізінде сақталған.

Келесі таза түр — харизматикалық үстемшілік, билеушіге шамадан тыс сапалар мен мүмкіндіктерді берумен байланысты, билеушіні құдай деп тану ретінде, «жеке тұлғаға табыну» ретінде болды. Осындай билеушіге неге екенін түсіндірместен сенеді. Жалпы бекітілген сана оған халық қалаған қасиеттерді бекітеді. Харизманың жалғасымды немесе жалғасымсыз қасиеттері бар. XX ғасырда айтарлықтай байқалған діни көсем — Хомейни Иранда, В.И.Ленин, И.В.Сталин, Л.Д.Троцкий Ресейде болды. Харизмасы күшті тұлғалар Фидель Кастро, Камилло Сьенфуэгос, Че Геварра болды.

Үстемшіліктің рационалды (жария) түрі құқықтық реттеумен, биліктің бөлінуімен, заң алдындағы теңдіктің

формалды принципінің басымдылығымен сипатталады. Рационалды (легитимді) үстемшілік — батыс демократиясында пайда болды. Осындай биліктің конструкциясына кәсіби бюрократия, басқару технологиясын пайдалану, сайлау компаниялары, команда жинақтау, саяси көсемнің әрекетін рольдік пысықтаулары жатады. Вебердің түсінігінше, бюрократия («кеңсе қызметкерлерінің билігі») үстемшілік түрімен ассоциацияланады, заңмен реттелетін легалды сипаттағы қатаң да рационалды ережелерге негізделген. Мұндай биліктің ерекшеліктері: шешім қабылдау мен бақылау қолайлылығын іске асыру мақсатында заңмен және ережелермен қатаң түрде анықталған қызмет пен құзыреттілікті оқшаулау; қызметкерлердің мәртебесі мен құзыреттілігін сақтау (соттардың ауыспауы, кепілдік бойынша қызмет бабымен жылжуы, еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы және т.б.); басқарушы және атқарушы қызметтерді іске асыру барысында нақты сатылық жүйесінің болуы; конкурстық негізде кадрларды таңдап алу; атқарып отырған қызметін жеке тұлғалық қасиеттері мен сипатынан толығымен оқшаулау, өйткені қызметкер өзі іске асырып отырған қызметтің немесе басқару құралдарының жеке меншік иесі болып саналмайды.

Аталған қасиетте басқаруды бюрократизациялаудың жана кезені сипатталады, бюрократия феноменінің түбі тереңде жатыр. (лауазымға шенеудіктерді бәйгелік-емтихандық таңдау бойынша қабылдаудың қытайлық іс-тәжірибесі). Вебер заманауи қоғамдық және мемлекеттік өмірдің жаппай бюрократиялануының бұлтартпастығын болжады. Қазіргі уақытта барлық жерде атқарушы билік заң шығару билігін ығыстыруда. Бақылаудың, есеп жүргізу мен қауіпсіздіктің техникалық құралдары тез арада енгізілуде. Осындай жағдайдың болатынын алдын ала болжаған Вебер капитализмнің орнына социализм емес рационалды басқару мақсатындағы қоғам келеді деп болжаған. Бұл ережелерді менеджерлер мен постиндустриалды қоғамның теоретиктері дамытады.

4. Идеялық қозғалыс ретіндегі неолиберализм мен заманауи консерватизм XIX ғасырдың басында индустриалдық жағынан дамыған елдердің экономикасын ретке келтіру бойынша мемлекеттік қызметті кеңейтумен пайда болған классикалық

либералды идеологияның дағдарысы жағдайында пайда бола бастады. Уақыт өте осы бағыттардың әрқайсысының ішінде бірнеше ағымдар мен мектептер қалыптасты.

Неолиберализм идеологтары (Дж. Кейнс, А.Хансен, Дж.Гэлбрейт және т.б.) ірі өнеркәсіп иелерінің, жоғары шенеуліктердің, зиялы қауымның бірқатарының көзқарастарын білдіреді. Неолибералдар өндірісті дағдарыссыз және тұрақты дамытуға қол жеткізу үшін қоғамдық үрдістерге мемлекеттік әсер етуді кеңейту көзқарасын көбірек қолдайды. Жеке кәсіпкерлік қызмет саласына мемлекеттің белсенді араласуын талап ету барлық неолибералдық бағдарламалар мен тұжырымдамалардың ерекшелігі болып табылады.

XX ғасырдың бірінші жартысы мен ортасындағы неолиберализмдегі бастапқы қозғалыс ретінде кейнсиандықты атауға болады. Оның негізін қалаушы ағылшын экономисі **Джон Мейnard Кейнс** (1883–1946 жж.) болды. «Ақшаның, пайыздың және оның пайдаланылуының жалпы теориясы».

Кейнс нарықтық экономиканың динамикалық даму қабілетін жоғалтпағанын дәлелдеуге тырысты, оны жаулаған дағдарыс — уақытша болған жағдай. Депрессияны туындатқан капитализмнің ішкі бейбастықтары емес, еркін бәсекелестіктің қатынасы, осы ретте айтарлықтай пайдалы жағдайда биржалық алыпсатарлар мен рантьелер болады, олардың өндірісті кеңейтуге мүдделері жоқ. Олардың қолында байлықтың шоғырлануы инвестицияны жинақтауды тоқтату мен кәсіпкерлік белсенділіктің төмендеуіне әкеліп соғады, бұл өз кезегінде жұмыссыздықты өсіреді және әлеуметтік қақтығыстарды күшейтеді. Бұндай жағдайда, Кейнстің ойынша, саясаткерлер жаңа құралдар ойлап табу керек.

Бұл үшін ең алдымен еркін кәсіпкерлік тәртібін тоқтату қажет. Мемлекет капиталға салынатын пайыздық мөлшерді төмендетіп, керісінше, алып-сатарлық келісімдерге салынатын салық мөлшерін көтеру, осы арқылы қажетті ақша қорын табу және табылған қаражатты өндірісті дамытуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыттауы керек. Экономиканы мемлекеттік ретке келтіру, оның ойынша, «жеке ынтаны табысты іске асыруға» кепілдік беруге қабілетті жалғыз құрал болып табылды.

Неолиберализмнің қағидаларын практика жүзінде іске асыру теоретиктердің алдына бірқатар жаңа мәселелерді қойды. Өйткені

бұл қағидаларды іске асыру үкімет билігінің заң шығару билігіне нұсқан келтіре отырып күшеюімен жалғасын тапты немесе парламенттік процедура экономикалық конъюнктурадағы өзгерістерге сәйкес өткізілетін реформаларды ретке келтіру үшін тіпті қолайсыз болып табылды. Биліктің атқарушы саласының заңнамалық саласынан басымшылық танытуынан сақтанған неолиберализмнің идеологтары ретке келтірушілік экономика жағдайында демократияның қызмет етуі мен басқарушы элитаның қызметін ұйымдастыру туралы сұрақтарға жол берді.

Неолиберализм идеологиясы **консерватор** ғалымдардың сынына ұшырады. Заманауи консерваторлар (Ф.фон Хайек, И.Кристал, М.Фридман) еркін кәсіпкерлікті қорғау жағына шығады. Осы ағымның әлеуметтік базасын қаржылық олигархия, истэблшмент, ауқатты фермерлер мен шығармашылықпен айналысатын бірқатар зиялы қауым құрады. Мемлекеттің экономикалық қызметіне толығымен қарсы шықпай-ақ, консерваторлар жеке капитал мүддесінде оған шектеу қою мақсатында жобалар жасайды. Экономикадағы мемлекеттік биліктің ролін нарықты ретке келтіруге тырысады.

Неоконсерватизм идеологиясының негізін қалаған австралиялық экономист **Фридрих Август фон Хайек** (1899–1992 жж.) болды. Хайек өзінің экономикалық концепциясының негізінде кең көлемді әлеуметтік-философиялық доктринаны құрастырды, онда ғылыми таным әдістемесінің мәселелері, заманауи қоғамды ұйымдастыру және мәдениетті дамыту мәселелері қаралды. Саяси-құқықтық тақырыпқа «Құлдыққа жол», «Бостандық конституциясы», сол сияқты «Құқық, заңнама мен бостандық» трилогиясы жатады.

Хайектің пікірінше, нарықтық экономика қиын ішкі себептермен пайда болған тәртіпті білдіреді, осының шегінде жеке тұлғалардың іс-әрекеттері баға механизмінің көмегімен басқалардың іс-әрекеттерімен ретке келтіріледі. Соңғылары өзіне тән дабыл ретінде болады, олардың ақпарат беру мүмкіндігі бар (тауарларды ұсыну туралы, тұтынушылардың сұраныстары және т.б.). Осы жағдайда пайда болған қатынасты Хайек әр түрлі қызығушылығы бар адамдардың өзара әрекеттестігінің нәтижесі ретінде сипаттайды. Нарықтық экономикасы бар қоғам өзінің табиғаты бойынша плюралистік болып табылады.

Хайек жоғары дамыған әлеуметтік жүйенің ажырамас бөлігі ретінде «бытыраңқы білімді» (осы идеяның негізінен консерваторлар философияның басты еңбегін көре білді) таниды. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін әрбір жеке тұлға мәліметтер жинақтайды, бұл мәліметтер оған белгілі бір уақыт пен орында қажетті. Қоғам болып жатқан оқиғалар мен үрдістер туралы толық ақпараттарға ие, сондықтан тек қоғам ғана оның мүшелерінің толық жиынтығы болып табылады. Осыдан келіп шығатын қорытынды, заманауи қоғамда көптеген адамдардың қызметін бағыттай алатын қандай да бір орталық болмайды, болуы да мүмкін емес. Жеке кәсіпкерлікті философтар «қоғамдық ағзада шашырап кеткен білімді айтарлықтай тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін жалғыз жүйе» ретінде қарастырады.

Хайектің әлеуметтік қағидасы, оның ойынша, нарықты мемлекеттік ретке келтірудің кез келген нысанына және бірінші кезекте кейнсиандыққа қарсы бағытталған. Мемлекеттің экономикаға араласуы жеке тұлғалардың бостандығына шек қояды және олардың қызметінің ұйымдастырылуын бұзады. Хайектің қағидасы бойынша, заманауи плюралистік қоғамға құқық үстемдігі қағидасына негізделген мемлекет қана сәйкес келеді. Ел ішіндегі мемлекеттік биліктің бір ғана мақсаты бар – барлық азаматтардың тәртіптің жалпы ережелерін сақтауын қамтамасыз ету, яғни құқықтық тәртіпті сақтау. Бұл «мемлекеттің жеке тұлғаның экономикалық қызметін бақылау мен бағыттау мүмкіндігінен айырылады» дегенді білдіреді. Хайектің ойынша, құқық үстемдігі биліктің атқарушы органдарының заңға бағынуын білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар заң шығару билігінің бостандық саласына және адамның жеке құқығына араласпауын да білдіреді. Құқықтық мемлекет жеке құқықтың жария құқықтан үстемдігін білдіреді немесе, Хайектің ойынша, «жеке меншік бостандықтың басты кепілдігі болып саналады».

Осы негізде ол антирестік заңнамаға қарсы болды, оны жеке құқықтық қатынас саласында жария құқықтық ретке келтіру ретінде қарастырды. Сондай-ақ әлеуметтік заңнаманы жағымсыз жағынан бағалады. Хайек әлеуметтік заңнаманың коммунистік елдерден басқа мемлекеттерге де тарауын социализм идеясындағы саясаткерлерге қатерлі әсер деп түсіндірді.

## Бақылау сұрақтары:

1. XX ғасырдағы әлеуметтік юриспруденцияның ерекшеліктері және негізгі бағыттары.
2. Құқықтың солидаризм теориясы (Л.Дюги).
3. Институционализм теориясы (М. Ориу).
4. Құқық қоғамдық қатынастардың «тірі тәртібі» ретінде (Е.Эрлих).
5. Құқықтың нормативтік теориясы (Г.Кельзен).
6. Құқықтың психологиялық теориясы (Л.И.Петражицкий).
7. Әлеуметтік заңтану (Р.Паунд).
8. Плюралистік демократияның тұжырымдары (Гарольд Ласки).
9. Саяси үстемдік, тоталитаризм мен бюрократия туралы саяси-құқықтық теориялар (Макс Вебер).
10. Неолиберализмнің саяси-құқықтық идеологиясы (Джон Мейнард Кейнс).
11. Неоконсерватизмнің саяси және құқықтық идеалдары (Фридрих Август фон Хайек).

## 16-тақырып. XX ғасырдағы Қытайдағы, Үндістандағы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі ұлт-азаттық қозғалыстарының саяси және құқықтық идеялары

1. Ұлт-азаттық қозғалысының саяси-құқықтық идеологиясына жалпы сипаттама.
2. Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының саяси және құқықтық идеялары. Сунь Ятсен.
3. Үндістандағы ұлттық қозғалыстың саяси және құқықтық идеялары. Махатма Ганди.
4. Бұрынғы КСРО республикаларында — қазіргі жаңа ТМД қалыптасқан ұлттық мемлекеттік құру, мемлекеттік тәуелсіздік және егемендік туралы саяси және құқықтық идеялар.

1. XIX ғасырдың соңғы үштігінің маңызды сипаттарының бірі отарлау жүйесінің күйреуіне және Азия, Африка мен

Океанияда ондаған тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына әкелген ұлт-азаттық қозғалыстарының жандануы болып табылады. Аталған факторлар көптеген объективті және субъективті негіздермен түсіндіріледі. XIX ғасырдың соңында отарлық басып алу, империалистік қанау қарқынды түсті. Әлем негізгі империалистік мемлекеттер арасында бөлінді, отарлық қанауда жаңа сипаттар байқалды, тауар шығарудан гөрі капитал шығару басымдыққа ие болды, бұл индустриализация мен модернизацияның жетілуін негіздеді. Отарлық қоғамда жергілікті шенеулік және ұлттық кәсіпкерлер тобы қалыптасты. Олар азаттық қозғалысына ұлттық және заманауилық сипат берді. Қоғамда саяси ықпалы арта түскен ұлттық партиялар құрыла бастады. Ресейдегі Қазан төңкерілісі тәуелсіздік үшін күрестің халықаралық шарттарын өзгертті. Отар халықтарға белгілі бір деңгейдегі көмек көрсетуге дайын мемлекет пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО-ның әлемдік елге айналуы және социалистік лагердің пайда болуы азаттық қозғалысын жаңа деңгейге көтерді. Нәтижесінде XX ғасырдың 50–60-жылдары афро-азиаттық халықтарды саяси тәуелсіздіктен айырған отаршылдық жер бетінен толық жойылды. Бірақ бұл толық егемендікке жетуді білдірмейді. Көптеген бұрынғы отарлық мемлекеттерде бұрынғы метрополия мен халықаралық қаржы капиталынан экономикалық тәуелсіздік алу мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген мемлекеттер де бар.

Ұлт-азаттық қозғалысының саяси идеологиясы көп қырлы. Ол ұлттық егемендікке жету қажеттілігін негіздеп қана қоймайды, әділетті дамыған қоғам қалыптастыру мәселесін де алға тартады. Аталған идеологияның иегері және іске асырушылары — афро-азиаттық елдердің батыстық білім алған жас интеллигенциясы. Олар, бір жағынан, ұлттық мәдениеттен сусындаса, екінші жағынан — батыстың либералистік және социалистік ағымдарынан үлгі алған. Сондықтан, еуропалық және американдық саяси ойдың әр түрлі бағыттары жаңа ортада, ұлттық мақсат-мүддені есепке ала отырып дамытылды.

Азия және Африка елдерінің саяси ойының басты міндеті дамуды қамтамасыз ету, батыстан кешеуілдеуді жою болып табылады. Саяси элита модернизацияны күнтізбегіндегі басты мақсат ретінде есептеді. Консервативті көңіл-күйдегі топтар

дәстүрлі қоғамды еуропалық өркениет ықпалынан алып қалуға тырысқанымен, жаңа ой халықтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне ендеп кірді. Дамуды қамтамасыз етуде ерекше роль мемлекетке және оның реттеуші күшіне, жоспарлауға берілді. XX ғасырдың соңына дейін, социалистік мемлекеттердегі дағдарыс айқындалғанға дейін, бұрынғы отар елдерде экономикалық либерализм аса құрметтелмеді. Афро-азиаттық елдерде 50-ші жылдардың екінші жартысынан бастап үстемдік еткен ұлттық типтегі социализм таптық емес, жалпы ұлттық мақсаттарды қамтамасыз етуді басты ой ретінде таныды. Реформаторлық және радикалдық нысандарда көрініс тапқан социализм мемлекеттің қоғамдық өзгерістердегі жетекші ролін тануға мүдделі болды.

Саяси және құқықтық аймақта күшті мемлекеттік билік дәстүрімен, ұлттық көсемнің ерекше ролімен танымал шығыс елдерінде халықты қамқорлыққа алуға, жеке тұлға дамуына назар аудара отырып, адам құқықтарынан гөрі әлеуметтік міндеттеріне басымдылық беріледі, құқық міндеттерді атқарғандығы үшін марапат түрінде қолданылады. Шығыстық саяси мәдениеттің осы бір ерекшелігі Батыспен жақындасқысы келген саяси қайраткерлердің өзінде де кездеседі.

Шығыстың саяси көзқарастары Үнді және Қытай, XX ғасырдың соңында тәуелсіздік алған бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттері негізінде қарастырылады.

Үндістанда тәуелсіздік үшін күрес негізінен бейбіт сипатта өтеді, қоғамдық өзгерістер біртіндеп дамиды, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың күрт өзгеруі байқалмайды. 1885 жылдан бері азаттық қозғалысына жетекшілік еткен Үнділік ұлттық конгрес (ҰҰК) партиясында ұлттық буржуазия басымдылыққа ие болады. Олар өз жетекшілігімен антиимпериалистік күштердің бірлігін сақтау мүмкіндігін дұрыс пайдаланады. XX ғасырда Үндістанның тәуелсіздігі үшін күресте Махатма Ганди және тәуелсіз Үнді мемлекетінің бірінші премьер-министрі Джавахарлал Неру орны ерекше. Олар капиталистік құрылымды сынап отырып, әлеуметтік әділеттілікті бекітуге құштар болды. Батыс және Шығыс мәдениетін синтездеу жолымен дамуды дұрыс деп санады.

Қытайдың азаттық қозғалысында төңкерістік-демократиялық күштер басымдық етті. Ядросын 1905 жылы Сунь Ятсен жетекшілігімен құрылған «Біріккен одақ» партиясы құрған демократиялық күштер республика құруға негіз болған 1911 жылғы төңкерісті дайындады және жүзеге асырды. Ұлттық партиялар либералдық бағытты нығайтты, ұлттық типтегі социализм құрды. Көп жылғы күрес нәтижесінде Қытайда коммунистік идеология қалыптасты. Оның басшысы Мао Цзэдун марксизмді жартылай отар аграрлық мемлекет жағдайына сәйкестендірумен айналысты. Азаматтық соғыс логикасы күштеуді және күрестің барынша өткір нысандарын абсолюттендірді. «Мәдени төңкеріс» жылдарында Мао Цзэдун саясатында аталған тенденциялар қайта қозды. Тек Мао Цзэдунның өлімінен кейін партия Дэн Сяопиннің басшылығымен төңкерістік экстремизмнен бас тартып, тұрғындардың барынша кең көлемдегі топтарын мемлекеттік басшылық пен бақылауды сақтай отырып, көп салалық, жеке ынтаны көтермелеу, шетелдік капиталды тарту негізінде біріктіруді қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық бағыт қалыптастырды.

2. XIX–XX ғасырлар аралығында Қытайдың саяси өмірі және ойлары қарқынды дамуды бастан өткізді. Аталған кезеңде әлемнің ең үлкен мемлекеті жартылай отар аграрлық мемлекет түрінде болды, қоғамның басым бөлігін шаруалар құрады, пролетариат және буржуазия өкілдері теңізбен шекаралас жерлерде жанадан ғана қалыптаса бастаған еді. Билеуші әулет дворяндар, әскерилер, діндарлар, шенеуліктер (мандарин) және ғылыми әулет (шэньши) қоғамның билеуші элитасын құрады. Қытайдағы басқару нысаны абсолютті монархия болды: 1644 жылдан бастап билік басында маньчжур әулеті Цинь династиясы орнады.

Қытайдың жартылай отар жағдайда болуына әсер еткен факторлар ретінде Гонконг, Макао, Тайвань жерлерін тиісінше Англия, Португалия, Жапонияның отарлауын және Қытайдың еуропалық мемлекеттермен, Жапониямен, Ресеймен қатынастары сипатын атап көрсетуге болады. Аталған мемлекеттермен соғыс барысында жеңіліске ұшырау Қытайдың олардың ықпал ету аймақтарына сәйкес бөлінуіне әкелді. Шарт бойынша жеңуші жақ Қытай аумағында өз сеттльменттерін (қытайлықтар үшін жабық

елді мекендер) құру, оларды қорғау үшін әскер ұстау, консулдық юрисдикция енгізу, жол және темір жол салу, сыртқы сауданы жекешелендіру құқықтарын иеленді. Қытай сеттльменттерден тұрды. Англия, Франция, Германия, Жапония, Ресей қытайлықтардың құқықтарын белгілі бір деңгейде шектеді. Осылайша, формалды тәуелсіз мемлекет болса да, Қытайдың тәуелсіздігіне нұсқан келтірілді.

Пекиннің саясаты ұлт мүддесіне сәйкес келмеді. Сыртқы күштерге қатысты император сарайы бәсең саясат жүргізді, өздерін және халқын «тағылардан жоғары тұрмыз» деп сендіре отырып, оларға кең көлемдегі мүмкіншіліктерді берді. Керісінше, ішкі саясат фискалды-полицейлік сипатта болды. Контрибуцияның барлық ауыртпалығы халықтың мойнына жүктелді. Нәтижесінде Қытай халқы екі жақты: ұлттық және әлеуметтік қанауда болғандықтан, елде төңкерілістік жағдай орнады.

XIX–XX ғасырлар көлеміндегі Қытайдың көрнекті саясаткері және саяси ойшылы **Сунь Ятсен** болып табылады. Сунь Ятсен (1866–1925 жж.) алғашқы білімді туған ауылында, кейін Гонолулу аралындағы ағылшын мектебінде алып, Гонконгтегі корольдік колледжді үздік аяқтады. 1893 жылдан бастап кәсіби саясаткер ретінде Қытайдың оңтүстік аймағын көтеріліске бастады. 1911 жылы қазан айында оның басшылығымен халық көтерілісі жеңіске жетті: Қытайдың 18 провинциясының 15-і богдыханның билігінен бас тартып, оны танымау туралы құжатқа қол қойды. 1912 жылдың тамызында ұлттық партия (Гоминьдан) құрылды. Сунь 1917 жылы Қытайдың оңтүстігінде Кантонда демократиялық үкімет құрып, Пекиннің реакциялық режиміне қарсылық көрсетті. Гоминьдан коммунистік партиясымен одақтаса отырып, азаматтық соғыста жеңіске жетті.

Сунь Ятсеннің саяси ілімінің қайнар көздерін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Саяси ілімінің басты қайнар көзі Қытай үшін дәстүрлі — конфуциандық ілім. Сунь аса қуатты идеология күшіне сенеді, соңғы және толық анықталған шешім ретіндегі абсолютті ойды іздейді, адамгершілік категорияларына басымдық береді, қытай мәдениеті мен тарихын барлық халыққа лайықты үлгі тұтады, қытайлық императорлар мен ойшылдардың

тарихтағы ролін негізсіз жоғары бағалайды. Екінші топтағы қайнар көздер қатарына еуропалық саяси ойдың жетістіктері жатқызылады, бастапқы кезде бұл либерализм идеясы болса, кейін социалистік идеяға мойынсұнады, өмірінің соңына қарай Лениннің іліміне қызығушылық білдіреді.

Сунь Ятсеннің саяси концепциясы үш қағида бірлігінен тұрады. Бірінші қағида — ұлт (ұлтшылдық) қағидасы. Цинь әулеті құлағанға дейін ол таза ішкі бағытта жүзеге асырылған. «Қытай — қытайлықтар мемлекеті. Сондықтан Қытайды қытайлықтар басқаруға тиісті», — деп санаған. Гоминьдан Бірінші съезі Манифестінде ұлт қағидасы екі жағынан: ішкі және сыртқы тұрғыда мазмұндалған. Бірінші міндет ретінде қытай халқының отарлаушылармен күресі алға тартылды, екіншіден, Ресейдегі Қазан төңкерілісі ықпалымен Сунь Ятсен Қытайдың барлық ұлттарының теңдігі қағидасын бекітті, әрбір халықтың өзін-өзі анықтау құқығын таныды.

Үштіктің екінші элементі халық билігі қағидасы (демократия). Сунь оны екі түрлі мағынада түсінді. Біріншіден, Қытайда республикалық басқару нысанын тағайындау, екіншіден, демократиялық режимді бекіту. Адам құқықтары түсінігін білмеген және монархиялық басқару нысанынан басқа билікті танымаған Қытай үшін бұл жаңалық еді.

Сунь республика қалыптастыру қажеттілігі себептерін анықтады. Теориялық деңгейде монархияны сақтау қажеттілігі жоқ, себебі барлық адамдар өзара тең. Тарихи тұрғыдан республикалық құрылым заман талаптарына жауап беретіндігін Еуропаның тәжірибесінен көріп отырмыз. Монархия қоғам мен мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін тежеуіш, елдің мемлекеттілігінің жойылу қауіпін туғызды. Болашақ тұрғысынан да тек республикалық басқару нысаны ғана Қытайдағы өзара қырқыс пен бассыздықты жоя алады.

Демократия (халық билігі қағидасының екінші құрамдас бөлігі ретінде) бұқара халықтың мемлекетті басқаруға қатысу деңгейін көрсетеді. Сунь Ятсен демократияны бостандық пен теңдіктің әрекет ету шарты ретінде қарастырады «демократиясыз еркіндік пен теңдік — бос дыбыс». Демократиялық өзгерістерде Қытай өз жолымен жүруге тиісті деп санайды.

1917–1924 жылдар арасындағы азаматтық соғыста ол батыстық демократияны сынауды күшейтті. Оның көзқарасы бойынша, батыста халық мемлекетті басқарудан шеттетілген, формалды жалпыға бірдей сайлау құқығынан басқа ешқандай құқығы жоқ. Бюрократизм және сыбайлас жемқорлық батыстық парламентаризмнің басты кемшілігі ретінде қарастырылды. Нәтижесінде парламентаризм тұрмақ өкілді демократияның өзі Қытай үшін қолайсыз, зиянды деп тұжырымдады. Таза қытайлық демократия моделін қалыптастыруды ұсынды.

Осындай модель ретінде «Бес билік конституциясы» ұсынылды. Конституцияға сәйкес Қытайда мемлекеттік билік бес тармаққа: заң шығарушы, атқарушы, сот, бақылау және емтихан қабылдаушы жіктелді. Әрбір билік тармағының ұлттық деңгейде жоғарғы органдары — юан әрекет етті, провинцияда — провинциялық басқармаға бірікті. Мемлекеттік органдар пирамидасы басында әр уезден бір-бір өкілден сайланып құрылатын Ұлттық жиын тұрды.

Заң шығарушы, атқарушы және сот юандерінің қызметі батыстық мемлекеттердегі түсінікпен жобалас. Бақылау және емтихан қабылдау юандары халықтың атынан өз өкілдері арқылы алғашқы үш юанның қызметін бақылаумен айналысты. Сонымен бірге Сунь халықтың «тікелей билігі» нұсқасын да енгізген: сайлау құқығы, қайта шақырып алу құқығы, ынта құқығы және референдум құқығы (төрт құқық) берілді.

Конституция концепциясынан дәстүрлі қытайлық саяси көзқарастарды да, батыстық ойдың ықпалын да байқауға болады. Біріншісінің куәгері ретінде шэньши билігінің тікелей мұрагері ретіндегі емтихан қабылдаушы билікті атасақ, батыстық мәдениет биліктің бөлінуі қағидасынан (Локк, Монтескье) және бес билікке (Констан) бөлуден көрінеді.

Қытайды саяси қайта құру үрдісін Сунь үш кезеңге бөлді. Алғашқысы «әскери билік кезеңі» — бұнда қарсыластар жойылып, қатаң жазалау кезеңі орын алады. «Саяси қамқорлыққа алу кезеңі» жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру мен дамытуға арналады. «Конституциялық басқару кезеңінде» мемлекеттік билік органдары құрылуға тиісті. Екінші, үшінші кезең жасампаз ретінде сипатталды. Дегенмен, Сунь Ятсен өзі анықтаған кезектілікті қолдана алмады, «саяси қамқорлыққа алу

кезеңі» жаңа мазмұнға ие болып, ұзаққа созылып кетті. Оның ізбасары Чан Кайши диктатураны, Гоминьданның саяси монополиясын негіздеу үшін қолданды.

Үштіктің соңғы элементі «халық әл-ауқатының жақсаруы қағидасы». Халықтың әл-ауқатының жасқаруына жету әдістері ретінде «жерге құқықты теңгеру» және «капиталды шектеу» қарастырылады. Біріншісі — национализациялау, Қытайда жерге жеке меншік институтының дамымауына байланысты жеңіл өтеді. Азаматтық соғыс кезінде бұл ұран «әрбір егіншіге — жер үлесі» ретінде танылды. «Капиталды шектеу», біріншіден, ірі монополияларды национализациялау, екіншіден, елді индустриализациялау жоспары түрінде іске асты. Олардың мақсаты Қытайды модернизациялау және Батыс Еуропа мен АҚШ деңгейіне жеткізу еді.

Сунь Ятсеннің тап күресіне қатысты көзқарастары қызығушылық тудырады. Тап күресі тек буржуазиялық құрылымға ғана тән құбылыс ретінде бағаланады. Қытай өндірістік сипаты бойынша артта қалуына байланысты, әлі тап күресіне, еңбек пен капитал арасындағы күреске жеткен жоқ деп санады. Қытайдың бас қайғысы әлеуметтік теңсіздік емес, кедейшілік деп ойлады.

Сунь Ятсен ілімінің тарихи тағдыры әр түрлі. Оның ілімі ізбасары Чан Кайши кейбір төңкерілістік-демократиялық тағайындалымдарынан бас тартқанына қарамастан, ширек ғасыр Қытайдың ресми идеологиясы ретінде әрекет етті.

**3. Мохандас Карамчанд Ганди** (1869–1948 жж.) джайнизм ілімі үстемдік ететін Порбандаре жерінде өмірге келді. Жастық шағында индуизмді құрмет тұтатын отбасының негіздеріне қарсы тұрғысы келген оның Англияда білім алуға құштарлығы қасталық дәстүрге қарсылық деп танылып, баниа қастасынан қуылады. Бірақ шетелде Ганди үнді өркениетінің құндылығына толық көз жеткізеді, сенімділігі артады, діни-этикалық ізденіске бой алдырады.

Кәсіби қызметіне байланысты іс-сапарларда болу барысында мүлік иелері тарапынан жасалатын күштеу әрекеттерін көріп бақылауына байланысты, нәсілдік кемсітуге қарсы күшсіз құралдармен күресуге серт етті. Оңтүстік Африкадан сіңген сатьяграха идеясы Гандиді Үндістанда аса танымал етті. 1915–

1918 жылдар аралығында Үндістанның ұлттық конгресінен (ҮҰК) (1885 жылы құрылған үнділік отансүйгіш буржуазия өкілдері мен зиялы қауым партиясы) тәуелсіз әділетсіздікке қарсы күшсіз қарсылық көрсетудің төрт жергілікті әрекетін ұйымдастырып, жүзеге асырды. Аталған әрекеттер Гандидің бұқара халық арасында жұмыс істей алу қабілетін, олармен қиыншылықтарды бөлісе алу және құрбандыққа бару мүмкіншіліктерін көрсетіп, нәтижесінде Махатма (Ұлы жан) дәрежесіне ие болуына негіз болды.

Ганди халыққа екі идеяны ұсынды: 1) отарлық биліктен өзін-өзі басқаруды беруді сұрап алудың қажеті жоқ, ол үшін күресу қажет; 2) күресті мүлік иелері және шенеуліктер емес, халық жүзеге асыруға тиісті. Аталған идеяларды ұлттық деңгейге көтеріп, ҮҰК халықтық, тәртіпке келтірілген, күресуге қабілетті ұйым ретінде құра алды.

Әрі Ганди күштемеуді діни-этикалық сеніммен туындайтын жоғарғы құндылық ретінде жариялады. Бұл қағида абсолютті сипатта болды, еш уақытта өзгертуге жатпады. Күштемеу қағидасына беріктік ымыраға келуге дайындықты, күрес әдісінен бас тартып, билікпен келісімге келуді де таныды. Гандидің әдісі белгілі бір деңгейдегі икемділікпен сипатталады, халық қозғалысы британдық әкімшілікке келіссөз жүргізу барысында ықпал ету құралы ретінде қолданылды.

Ганди ҮҰК-нің халыққа танымал көшбасшысы бола отырып, 30 жыл ішінде үнділік ұлт-азаттық қозғалысын басқарды және оны жеңіске жеткізді. Бұл күрестің бірнеше кезеңін атап өтуге болады: 1)1920–1922 жылдар аралығындағы бірлесіп әрекет етуден бас тарту кезеңі; 2)1930–1931 жылдар аралығындағы азаматтық бағынбау туралы шаралар. Олар британдық үстемдіктің негізін күйретті, Үндістанның тәуелсіз мемлекет ретінде дербестікке ие болуын мүмкін етті.

Ганди діни-адамгершілікпен қоғамдық саяси әрекетті байланыстыруға ұмтылды, саясатты күштеуден бас тарту және сүйіспеншілік тәріздес діни нормалармен толықтыру Ганди әрекетінің және көзқарастарының негізін құрайды. Күштемеу бас көтеру, күрес тактикасы ғана емес, бүкіл дүниетанымның басты қағидасы. Гандидің адамгершілік ізденісінің соңғы нәтижесі —

жанның құтылуы, абсолютпен үндесу. Қоғамдық өмірдің барлық мәселелерін осы тұрғыдан бағамдап, түсіндіруге тырысады.

Ганди индустриализацияны Үндістан үшін жағымсыз деп санады, рухани өсуге кедергі келтіретін материалдық құндылықтарға құштарлықпен сипатталатын «еуропалық өркениетті» жоққа шығарды. Индустриализация британдықтармен күштеп енгізілді және адамды адамның қанауына әкелді, нәтижесінде үнділіктердің табиғатпен үйлесімділігіне, адамгершіліктің тазалығына нұсқан келтірді деп санайды.

Ганди жалпыға бірдей жақсылық идеясын «сарводайя» ұсынады. Онда қарапайым ауылдық қоғам сипатталады, әркім тиісті деңгейде еңбекпен айналысады, өндіріс шектеулі, барлығы барлығымен теңдей құқықтарды иеленеді, әділетті бөлісу қамтамасыз етіледі. Адам қажеттілігі жергілікті ресурстар есебінен қанағаттандырылады. Осыған дейін ұлттық тауарды қолдау, ағылшындық тауарға бойкот жариялау саясаты ретінде танылған «свадеши» қағидасы жаңа сипатта қарастырылады. «Свадеши біздегі рух, ол бізді өз маңайымыздағыны пайдаланып, алыстағыдан бас тартуға итермелейді. Свадеши, егер оны жүзеге асыратын болсақ, алтын ғасырға әкеледі», — деп жазады. Әрбір ауылдық мекен өз қажеттілігін өзі қанағаттандыруы қажет (автаркия). Свадеши қағидасын Ганди экономикаға ғана емес, саясатқа, дінге де таратуға тырысты. Сонда ешбір күштеусіз қанау жойылады: помещиктер мен капиталистер өз иелігін еңбекші шаруа мүддесін есепке ала отырып, қамқоршы ретінде басқарады. Бұны Гандидің **қамқорлық теориясы** деп атайды.

Саяси қатынастарда сарводайя анархизм талаптарына толық жауап беретін, өзін-өзі басқарушы федерация түрінде танылады. Дұрысында бірлесу субъектісі қауым да емес, жеке тұлға. Бұндай федерацияда әскерде, полицияда қажет емес. Бұндай саяси жүйені Ганди «күштеусіз мемлекет» деп атайды. Кәдімгі мемлекетті адамды жаныштайтын күштеу аппараты, жансыз машина ретінде қарастырады.

Өз идеалының тез арада жүзеге асуы мүмкін емес екендігін сезінген Ганди өтпелі нысан ретінде «басым түрде күштеусіз мемлекет» жобасын ұсынады. Онда қарулы күштер сақталып қалады, қамқорлыққа алу қағидасын қолдану әлі де болса әлеуметтік теңсіздікті және қанауды толық жоя қоймайды.

Мемлекет қамқоршыларға төленетін өтем ақыны реттейді, олар міндетін тиісті деңгейде атқармаған жағдайда мүлкін тәркілейді. Мемлекет шағын кәсіпкерлікті қолдайды, ұлттық кәсіп орындарды басқарады, орман, пайдалы қазба, энергия көздерін, байланыс құралдарын пайдалануды бақылайды. Демократиялық рәсімдеу, қажетті жағдайда күштеусіз қарсылық біртіндеп сарводайяға өтуді мүмкін етеді.

Ганди идеалы утопистік социализмнің күштеусіз анархиямен ұштасқан нұсқаларының бірі.

Гандидің болашақ әділетті қоғам туралы іліміндегі маңызды жақтарының бірі — Жер бетінде бейбітшілікті қамтамасыз ету. Күштеуден бас тарту пацифизмді, соғысты, соның ішінде агрессияға қарумен қарсы тұруды да толық терістеуді білдіреді. Гандидің пікірінше, адамзат таңдау алдында тұр: өзара жойып жіберу немесе соғыстан бас тарту.

Діндар адам бола отырып, Ганди индуизмді жаңғыртуға ұмтылады. Ол ар-ождан бостандығын, мемлекеттің зайырлы сипатын және әр түрлі діни қауымдастықтар арасындағы достық қатынастарды орнатуды таниды. Барлық діндер түбірі бір, ол адамзатты жіктеу үшін емес, біріктіру үшін құрылған деп санайды. Адамзатты табиғатқа және дене еңбегіне шақыратын, әлеуметтік қайшылықтарды қамқорлық теориясы негізінде шешетін, сарводайя идеалы гандизмнің теориялық жағын құрайды.

Үндістанның саяси бағдарламасының бір бөлігі свараджа (тәуелсіздік) талаптарын және күрестің күштеусіз әдістерін қолдануды білдіреді. Свараджа түсінігі азаттық қозғалысының даму барысында өзгеріске ұшырайды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін Ганди Британ империясы боданындағы үндістер үшін тең құқылық талаптарымен шектелді. 1920 жылдан бастап, «свараджа» түсінігі «егер мүмкін болса империя көлемінде, қажет болса, одан тыс өзін-өзі басқару» ретінде танылды. 1927 жылдан бастап, «пурна свараджа» (толық тәуелсіздік) мақсаты қалыптастырылды. Үндістанның толық тәуелсіздігі Ганди мен ҰҰК партиясының мақсаты болып қалды.

«Күштемеу» (ахимс) түсінігінде жағымды және жағымсыз тұстар анықталынады. Жағымсыз жағы — күш қолданбау. Күштеу деп Ганди тек өміріне, денесіне зақым келтіруді ғана

санамайды, сонымен бірге дөрекілік, кемсіту, әлсіздерге күш көрсетудің өзгеді нысандарын таниды. Күштеуден бас тарту адам ойында да, әрекетінде де сақталуы тиіс. Ахимстың жағымды жағы — адамға және жан-жануарларға деген сүйіспеншілік, оларға қызмет ету, қайырымдылық.

Күштемеу тактикасын этикалық адамгершілік негізде қарауға тырысады. Оның мақсаты қарсы жақты өз әрекетінің терістігіне сендіру, өкіндіру және әділетті талаптарды өз еркімен орындауға бой ұрғызу деп танылды. Ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылар әділетсіздікпен күреседі, белгілі бір талаптар қояды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді, оның барысында қарсы жаққа дене бітіміне де, материалдық тұрғыдан да зиян келтірмейді, оларды тек заңға сәйкес жазалауға ғана болады. Сатьяграха жақтастарының қиналғандығын көрген екінші жақ өз әрекетінің терістігін ұғынады және талаптарды қанағаттандыруға тырысады.

Гандидің әдістері әлемдегі ұлт-азаттық қозғалыстарына белгілі бір деңгейде ықпал етті. Оның идеялары Африканың кейбір мемлекеттерінің тәуелсіздігі үшін күресте, Мартин Лютер Кинг күресінде, АҚШ-тың қара нәсілді ұлт өкілдерінің азаматтық құқықтарын қорғау, пацифист және «жасылдар» күресінде қолданылады.

4. Посткеңестік мемлекеттерде егемендік үшін күрес бастауын 1985 жылдан, яғни коммунистік жүйе шеңберіндегі посттоталитарлық модернизация кезеңінен, тарату қисынды. Дамудың кеңестік кезеңін 1985 жылы аяқталатын коммунистік идеяның басымдығымен сипаттауға болады, дегенмен оның көрінісі 1989 жылға дейін байқалды. Ұлттық идея мен саяси жүйе талаптарының ұштасуы нәтижесінде олар тоқырауға ұшырады. Көпшіліктің саясатқа араласуы кеңеттен егемендік алу тиімділігіне ұласып, ретсіз сипатқа ие болды. Тоталитарлық кезеңде саяси жүйені қолдау мәжбүрлі түрде жүргізілсе, бұл кезеңде сайланбалылық танылып, 1989 жылдан кейін қайта құру нәтижесінде халықтың түсінбеушілігінен соң әлсірей бастайды.

Аталған жағдай КСРО-ның саяси жүйесінің тоқырауына әкелді, оның нақты көрінісі ретінде ұлтаралық шиеліністердің күшпен шешілуін атауға болады. Саяси жүйемен қабылданған шешімдер өз әрекеттілігі мен тиімділігін жоғалтты, «қоршаған

ортаны» басқару қиынға соқты. Саяси жүйенің сипаты өкілдік мәнге ие болды. Орталық саяси элита өтіп жатқан оқиғаларға бақылауды жоғалтып алды, осының бәрі КСРО-ның саяси жүйесінің сан қилылығына әкеліп соқты, яғни оған өзіне мән-мағынасы жағынан сәйкес келмейтін элементтер келіп қосылды.

КСРО-ның саяси жүйесін реформалаудың маңызды құбылысы ретінде КСРО мен ҚазКСР-ң Конституциясының 6-бабында көзделген СКОКП-ның монополиясының тоқтатылуын атауға болады және мемлекеттік билікті бөлудің алғашқы қадамдары 1989 жылғы қыркүйектен басталды. Осыған орай сайлау жүйесіне өзгерістер енгізілді, яғни халық депутаттарының ¼ бөлігі кәсіподақ, қоғамдық ұйым, бірлестіктерден сайланды. Сайлау съезд, конференцияларда жүргізілді. Осы түзетуге сәйкес сайлау құқығының теңдік қағидасы бұзылды: республикалық съезд немесе конференцияның делегаты дауыс беру құқығына 2 рет ие болды. Осыған қарамастан, өзгерістердің оң жақтарын да атап көрсетуге болады: 1) Компартияның мемлекетті басқарудан бас тартуының алғашқы қадамдары жасалынды; 2) қоғамдық ұйымдарды сайлау үрдісіне қатыстыру әрекеті қолға алынды; 3) билік өкілеттігінің өкілді органдарға ауысу тенденциясы байқалады, яғни өзіндік парламенттік республиканың нобайы қаланды. Компартияның нақты тұғырының әлсіреуі, оның мәртебесінің ұйымдармен теңелуі біржақты саяси жүйе механизмінің плюралистік сипатқа өзгеруіне әсер етті. Мемлекеттік үйлесімді іздестіру, өркениетті саяси жүйе қалыптастыру 1990 жылы 15 наурызда халық депутаттарының кезектен тыс ІІІ съезінде КСРО-да Президент лауазымын енгізуге әкеліп соқты. Одақтың тұңғыш Президенті М.С.Горбачев болды.

Партиялық және мемлекеттік биліктің келесі бөліну кезеңі 1991 жылы тамыздан Төтенше жағдай жөніндегі Комитет жойылғаннан кейін басталды. Қарулы төңкеріс жасау әрекеті СКОКП-ның реакциялық сипатын аңғартты. Осыған сәйкес ҚазКСР басшылығымен 24–25 тамызға Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс сессиясын шақырған жауапты шаралар жүзеге асырылды. Күн тәртібінде «Ағымдағы сәтті бағалау мен республиканың егеменділігін күшейту туралы» мәселе тұрды. Аталған мәжілісте Жоғарғы Кеңестің Қаулысы қабылданып, республика Конституциясына өзгерістер енгізілді. Түзетулердің

басты мазмұны СКОКП-ны заң, іс жүзінде мемлекеттік биліктен алыстату болды, оны төмендегі ерекшеліктерден анықтауға болады: компартияның ұйымдардың тізімінде болмауы; мемлекеттік билік органдарында, басқармаларда, әділет басқармасында, Ішкі істер органдарында саяси мақсатты көздейтін қоғамдық ұйымдардың құрылуына жол берілмеді.

Қазақстандағы тәуелсіздіктің қалыптасуы мен нығаюы бірнеше кезенді бастан кешірді.

1 кезең (1985–1991) түрлі әлеуметтік бағыттағы қоғамдық-саяси қозғалыстар, бірлестіктер, партиялар Қазақстанның ұлттық даму идеясы аясында шоғырланды. Ұлттық идея мазмұнына сай кең болса да, егемендік алу идеясымен шектелді. Осы себепке байланысты Қазақстан де-юре мемлекеттік тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық идея мемлекеттің саяси даму идеясына жол берді.

Саяси жүйені демократияландыру дамуы үрдісі ҚазКСР-н мемлекеттік егемендік туралы Декларациясында нақты бекітіліп, көрініс тапты. Билік заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөлінді. Заң шығару билігін Жоғарғы Кеңес атқарды, Президент Республика басшысы және жоғары өкімдік-атқарушылық билікке ие болды, ал сот билігін ҚазКСР-н Жоғарғы Соты жүзеге асырды. Аталған жағдай 1990 жылы қарашада нормативті түрде бекітілді.

1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы күшіне енді. Одан әрі елдің саяси-құқықтық дамуы тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік идеясына айналды. Егеменділіктің және мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы қазақ ұлтымен тарихи тамыры бір көп ұлттан құралған республика азаматтарынан тұратын халық болып табылады. Заңның бір жаңалығы ретінде Президент мәртебесінің көтерілгендігін атауға болады, яғни оған Жоғарғы Кеңеспен қатар халық атынан сөз сөйлеу құқығы берілді. Заң шығарушы және атқарушы билікке келетін болсақ, онда 1990 жылғы Декларациядағы ережелер сақталған, ал соттық билік Жоғарғы Сот пен Жоғарғы Төрелік Сотқа тиесілі деп көрсетілді. Конституцияны соттық қорғаудың жоғары органы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты танылды.

1992 жылдан бастап ұтымды мемлекеттік саяси құрылым таңдау идеясы еліміздегі үрдістердің мазмұнын, даму бағытын жан-жақты анықтады. Қоғамның басты мәселесі президенттік және парламенттік басқару жүйесін таңдау болды. Қолайлы парламенттік режимнен президенттік республикаға өту жолы биліктің дағдарыстарына ұласты, яғни оның көрінісі ретінде парламенттің екі мәрте таралып, нәтижесінде өкілеттігі мен мәртебесі билік тармақтары арасында қайта бөлінуге әкелгенін айтуға болады.

Қазақстанда мемлекеттік егемендіктің жариялануы мен қоғамды демократияландыру процесі ондаған жылдар бойы қоғамдық сананың даму бағыттарын айқындаған тоталитарлық, әкімшіл-бұйрықшыл қатынастардың түрлі құрылымдары мен институттарын түбегейлі қайта құру, кейбір буындарын жойып жіберу шаралары арқылы жүзеге асып отырды. Кең ауқымда жүргізілген трансформациялық процестер барысында жаңа тұрпатты саяси сананың өмірге келген озық бастаулары мен оларға тән тенденциялар тоталитарлық қатынастардың орнына демократиялық кеңістіктің алғышарттарын жасады.

Аса күрделі міндет — ұлттық тәуелсіздікті баянды ету процесі объективті және субъективті сипаттағы қиыншылықтар мен қайшылықтардың әлеуметтік табиғаттарын айқындау мен олардың шешілу жолдарын таңдау мәселелеріне басым көңіл бөлу. Осы тұрғыдан әлеуметтік-саяси танымға зор үлес қосатын терең де ауқымды ғылыми-теориялық ізденістер мен қоғамдық пікірді оң бағытта қалыптастыратын және оның нақты жағдайлардағы басым тенденцияларын айқындайтын кешенді шаралар жүзеге асып келеді.

Тәуелсіздік алу кезеңінде, жүйелі реформаларды жүзеге асыру барысында табиғаты, мәні мен атқаратын қызметі маңызды өзгерістерге ұшыраған Қазақстан мемлекетінің өзі реформалау объектісіне айналды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы құқық көмегімен реттеушілік ықпал ету мүмкіндігін пайдалана отырып, реформа жүргізуші басты субъект ретінде көрінді.

Мемлекеттің социалистік типі кезіндегі пролетариат диктатурасының тәртібіне тән дәстүрден арыла келе, заманауи Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, демократиялық мемлекетке айналды.

1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасы өзінің алғашқы Конституциясын ұзаққа созылған саяси талқылаудан кейін қабылдады. Өтпелі кезеңнің Конституциясы әр түрлі саяси топтардың қиыспас мүддесінің тұрғысынан шығуға тырысқандықтан қоғамдық қатынастарды реттеу барысында толық анықталған бағытты айқындай алмады. Дегенмен де, оның мемлекеттің тәуелсіздігінің қалыптасуына тигізген жағымды жағын ескермеуге болмайды. Осындай жағымды тұстарының бірі билік бөлуге қатысты. Қазақстанның Ата Заңында билікті бөлу қағидасын кезекті сынақтан өткізу үшін емес, мемлекетті нығайту үшін, Қазақстанның көп ұлтты халқының мүдделеріне сай тиянақты да салиқалы шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыру үшін өмір тәжірибесіне енгіздік. «Мемлекет шын мәніндегі билікті бөлу тұжырымдамасына тұңғыш рет қадам басып, оның жөнін Негізгі Заңда бекітті», — деп жазады М.Т.Баймаханов.

Заманауи қазақстандық мемлекет типіндегі капиталистік және кейбір социалистік элементтердің конвергенциясының ерекшелігіне қарай қоғамның мемлекеттік-құқықтық дамуының өтпелі жағдайының ерекшеліктерінің бірі ретінде мемлекеттің құрылымында жаңалық элементтері (үзілмелі) мен сабақтастық (үздіксіз) элементтері үйлесетіндігін айта кету керек. Мемлекетке қатысты сабақтастық мемлекеттің біртұтастығынан, басқарудың республикалық нысанын сақтаудан, мемлекеттің әлеуметтік сипатын сақтаудан көрінеді. Құқықтық сабақтастықтың белгісі — Қазақстанда роман-германдық құқықтық жүйе әрекет етеді. Роман-германдық құқықтық жүйеге жататындығын дәлелдейтін факторлар ретінде құқықтың кодификациялық сипатын, құқық нормасының құрылымын, заң жоғарылығы қағидасын және тиісінше құқықтың қайнар көздерінің сатылығын, сот ұйымдастыру мен сот өндірісінің негізгі қағидаларын атауға болады. Дегенмен, батыстық ойшылдар қазақстандық құқық құқық әдістемесі мен инфрақұрылымы бойынша роман-германдық құқық отбасы белгілеріне сәйкес келеді, бірақ құқық идеологиясы мен құқықтық мәдениеті бойынша ақаулық бар деп санайды.

Бүгінгі құқықтық идеологияның негізін құқықтық мемлекет тұжырымдамасы құрауы керек, ол демократия, адам құқығын қорғау, адамгершілік және әділ құқықтық тәртіп туралы

жалпыадамзаттық та, ұлттық та көзқарастарға сәйкес болуы қажет. Заманауи Қазақстанның басты міндеті — мемлекеттіліктің қалыптасуы мен қызмет етуінің маңызды бағыттарын құқықтық қамтамасыз ету және толыққанды азаматтық қоғамды дамыту. Мемлекет бүгінде ең бастысы мазмұнын жаңаша толықтыру жолдарын іздеуші, модернизацияланатын жүйе. Басты мақсат-мүдде — құқықтық, әлеуметтік және демократиялық мемлекет құру. Заманауи қазақстандық қоғамның мемлекеттік-құқықтық дамуындағы үзілісті айта кететін болсақ, кеңестік социалистік мемлекет пен құқыққа тән жеке меншікке тыйым салу, бір партиялық жүйе, жария биліктің таптық сипаты, міндетті мемлекеттік идеология және т.б. институттардың заманауи қазақстандық мемлекетке өтпегендігін, Қазақстанның оларды өзіне алмағанын айтуға болады.

«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» — деп бекітілген 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармақшасында. Қазақстанның таңдаған стратегиялық бағдар құрамына тұрақтылықпен қатар билік легитимдігі мен тиімділігімен тығыз байланысты демократияның нығаюы, мемлекеттің полиэтникалық факторын ескеріп диалог жүргізу, нарықтық қатынастардың жаңа кемелденген деңгейіне шығару сынды басты бағдарламалардан тұрады.

Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында «Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы Қазақстан халқына жолдауында бесінші басымдық: демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту бөлімінде таяу уақытта қандай жаңғырту, өзгерістерді енгізу қажет екендігін көрсетті. Бұнымен қоса Елбасымыздың «Қазақстан – 2030» Стратегиясында да саясат, демократияландыру, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер мәселелері қарастырылған.

2007 жылдың 25 ақпанында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары жөнінде «Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан» атты Қазақстан

халқына Жолдауын арнады. Жолдауда Президент алдағы он жылдыққа арналған Қазақстанның даму стратегиясын айқындап берді. Соның ішінде демократиялық жаңғыру туралы сөз қозғады. «Күшті мемлекеттік билік пен демократия бір-біріне қарсы ұғымдар емес. Қай жерде заңдар қатал сақталады, сол жерде демократия түпкілікті дамиды», — деді Елбасы.

Тәуелсіздік жылдары ел дамуының берік іргетасы қалаңып, жаңа заңнамалық жүйе қалыптасты, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдары айқындалып, 7 бағыттағы басымдылықтар орындалуда. Сонымен қатар, «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» анықталып, халыққа жарияланды. Ендігі мақсат – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпына ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. XX ғасырдағы Қытайдағы, Үндістандағы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі ұлт-азаттық қозғалысының саяси-құқықтық идеологиясының ерекшеліктері

2. XIX–XX ғасырдағы Қытайдың саяси-экономикалық жағдайына сипаттама

3. Сунь Ятсеннің ұлтшылдық, халық билігі және халықтың әл-ауқатының жақсаруы қағидалары. Бес билік концепциясы

4. Үндістандағы ұлттық қозғалыстың саяси және құқықтық идеялары

5. Махатма Гандидің саяси және құқықтық ілімі. Сатьяграха

6. Посткөенестік мемлекеттердегі тәуелсіздік үшін күрес

7. Егеменді мемлекет пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі Қазақстандағы саяси және құқықтық идеялар

## Қ о р ы т ы н д ы

Саяси-құқықтық ілімдер көп ғасырлық қалыптасу жолын бастан кешірді. Бастапқыда олар дін және философияның құрамдас бөліктері ретінде қалыптасты. Бірақ Ежелгі дүниенің өзінде мемлекет пен құқықты адамзаттың жасампаздығы туындысы ретінде зерделеу құштарлығы пайда болды. Мемлекет және құқық туралы ілімдердің қарастырылуына Қайта өрлеу, Жаңғыру және Ағарту кезеңдері үлкен күш-қуат берді.

Саяси және құқықтық ілімдердің барлық кезеңдерінде саяси-құқықтық доктриналардың әрқайсысы елдің және кезеңнің нақты-тарихи жағдайының, доктрина авторының және оның жақтастарының саяси сүйіспеншіліктері мен жеккөрушіліктерінің танымал із-таңбасын қалдырады. Сондықтан доктриналарда мазмұндалған саяси ұстанымдар өтпелі болып, жаңа тарихи жағдайда жаңа идеалдарға бағытталған басқа саяси-құқықтық концепциялармен ауыстырылып отырған. Тәжірибе қандай да болмасын концепцияларды дәлелдесе де немесе мызғымас шындық ретіндегі кейбір көзқарастарды жоққа шығарса да, біз оларды жасаушылардың ерен еңбегін жоққа шығармауымыз қажет, бүгінгі заман тұрғысынан сөуге құқығымыз жоқ. Тарихи тұлғалар өз дәуірінің туындысы, сол заманның танымдық мүмкіндіктерімен шектеулі еді. Тіпті олар өздері адасса да, артында келе жатқандарға сол арқылы көмектесті, сөйтіп адамзаттың дамуының ұлы көшіне қызмет етті.

Саяси және құқықтық ілімдердің сан алуан түрлерін жинақтай келе, оны негізгі үш топқа біріктіруге болады: мемлекет және құқық жоғарыдан құдай еркі ретінде берілген; социумның жалпы дамуының жемісі; әр түрлі тұлғалардың санасы мен әрекетінің жемісі. Мемлекет және құқық туралы ілімнің біртұтас болмауы оларда құрылымы, атқаратын қызметі, қоғамдық ролі бойынша күрделі мемлекет механизмінің әр түрлі деңгейде бейнеленетіндігімен түсіндіріледі.

Сол сияқты құқық түсінудің әр түрлілігіне негізделген құқықтық концепциялардың болуы да заңды, олардың әрқайсысының шынайы да, күмәнді тұстары да бар. Қоғам санасында бірнеше идеалдың және оларға сәйкес құрастырылған саяси және құқықтық бағдарламалардың болуы және тайталастығы заманауи саяси өмірде адамның бағдар алуының маңызды құралы.

Сонымен, қазіргі саяси және құқықтық идеялар бос жерде пайда болмапты, олар ұзақ және күрделі дамудың, қарсыластары мен жақтастары ғасырлар көлемімен бөлінген мазмұнды саясаттың жемісі. Екі мыңжылдықтың шекарасында әлем біршама өзгерді. Әлемдік қауымдастық мемлекет ішіндегі әлеуметтік топтар арасындағы, сондай-ақ елдер мен халықтар арасындағы туындаған мәселелерді күшпен шешу тәсілдерінен бас тартып, конструктивті ынтымақтастыққа және серіктестікке ұмтылуда.

Жаңа мыңжылдықта жинақталған білім мен тәжірибені жүйелендіру, тәжірибе тіліне аудару бойынша үлкен жұмыстар күтіп тұр. Осы негізде жаңа идеялар пайда болуда, себебі адамзат болмысын тану үрдісі шексіз, әлемдік құрылымның аса жетілмегендігі адамзат алдына жаңа және күрделірек міндеттер қояды, оларды шешу тек бірлесе еңбектенуді ғана емес, теориялық мұраға ойлылықпен қарауды да міндеттейді.

Ал, сауаттылық және білім, Гольбахтың пікірінше, мемлекет тұғыры қызметін атқару үшін қажет.

## Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

- 1 *Абай*. Қара сөздері. — Алматы: Баспа, 2009.
- 2 *Аквинский Ф.* Теология жинағы. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2008.
- 3 *Ахметова Н.С.* Көшпенді қазақ қоғамының құқығы. — Қарағанды, 2008.
- 4 Алаш-Орда: Құжаттар жин. — Алматы, 2009.
- 5 Антология мировой правовой мысли: В 5 т. / Рук. науч. проекта Г.Ю.Семигин. — Т. I.: Античный мир и Восточные цивилизации. — М., 1997.
- 6 Антология мировой правовой мысли: В 5 т. / Рук. науч. проекта Г.Ю.Семигин. — Т. II: Европа: V–XVII вв. — Т. III: Европа Америка: XVII–XX вв. — М., 1999.
- 7 Антология мировой политической мысли: в 5 т. Т. I: Зарубежная политическая мысль: истоки и эволюция. — Т. II: Зарубежная политическая мысль: XX в. — М., 1997.
- 8 *Аристотель*. Саясат. Афиндік полития («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.
- 9 Артхашастра, немесе Саясат ғылымы («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті Жарғы, 2010.
- 10 *Әл-Фараби*. Мемлекеттік қайраткер афоризмдері // Таңдамалы трактаттары. — Алматы, 2008.
- 11 *Байжанова К.Т.* Саяси және құқықтық ілімдер тарихы: Әдіст. Нұсқау. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.
- 12 Великие мыслители Востока. Выдающиеся мыслители, философские и религиозные произведения Китая, Индии, Японии, Кореи, исламского мира / Под ред. Я.Мак-Грилла. Пер. с англ. — М., 1998.
- 13 *Вольтер*. Философиялық шығармалар. — Астана, 2008.
- 14 *Гегель Г.В.Ф.* Құқық философиясы. — Алматы, 2009.
- 15 *Гроций Г.* Соғыс және бейбітшілік құқығы туралы. — Алматы: Баспа, 2010.

16 *Гоббс Т.* Левиафан, или Материя, форма и власть государства церковного и гражданского // Сочинения: В 2 т. Т. 2. — М., 1992.

17 *Джефферсон Т.* Тәуелсіздік декларациясы. Инаугурация кезіндегі сөздері («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: «Әділет» ҚЖМ, 2009.

18 История политических и правовых учений / Под общ. ред. В.С.Нерсесянца. — Изд. 5-е, стереотип. — М., 2010.

19 История политических и правовых учений / Под ред. О.Э.Лейста. — М., 2008.

20 История политических и правовых учений: Учеб. / Под общ. ред. О.В.Мартышина. — М., 2010.

21 История политических и правовых учений: Хрестоматия / Под ред. В.П.Малахова. — М., 2010.

22 История политических и правовых учений: Хрестоматия / Под ред. О.Э.Лейста. — М., 2009.

23 *Кант И.* Бүкіләлемдік азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2003.

24 *Кант И.* Мәңгілік бейбітшілік жөнінде. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2008.

25 *Кубеев Е.К., Кожаметов Г.З.* Казахская советская автономия как форма национальной государственности: Моногр. — Алматы: Білім, 2010.

26 *Лао-цзы.* Дао дэ цзин. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2010.

27 *Локк Дж.* Басқару туралы екі трактат. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.

28 *Макиавелли Николло.* Патша (II принцип). («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.

29 *Маркс К., Энгельс Ф.* Коммунистік партия манифесті / Таңдамалы шығармалар. — Т. 1. — Алматы, 1991.

30 *Монтескье Ш.Л.* Заңдар рухы туралы. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.

31 Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [ЭР] қолжетімдік тәртібі: akorda.kz

32 *Өзбекұлы С.* Абай және адам құқы: Ғыл. бас. — Алматы: Жеті жарғы, 1995.

33 *Руссо Ж.-Ж.* Қоғамдық келісім туралы. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2009.

34 *Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б., Мұхамедов М.* Саяси-құқықтық ілімдер тарихы: Оқулық. — Алматы: Заң әдебиеті, 2007.

35 «Саяси және құқықтық ілімдер тарихы» пәні бойынша мультимедиялық презентациялар. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011.

36 *Синха С.П.* Құқық философиясы: қысқаша шолу / Ағылш. ауд. — Алматы: Ғылым, 1999.

37 *Спиноза* Саяси трактат. («Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» сер.). — Алматы: Жеті жарғы, 2006.

38 Сравнительное изучение цивилизаций: Хрестоматия / Сост. Б.С.Ерасов. — М., 1998.

## Мазмұны

Алғы сөз .....	3
Кіріспе .....	6
Негізгі бөлім.....	11
1-тақырып. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының пәні және теориялық мәселелері .....	11
1. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы пәні.....	11
2. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының әдістемесі .....	14
3. Саяси-құқықтық доктриналардың түсінігі және құрылымы....	15
4. Саяси және құқықтық ілімдер тарихының кезеңге бөлінуі....	19
5. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы функциясы, парадигмасы.....	20
І-тарау. Ежелгі дүниедегі саяси және құқықтық ілімдер.....	24
2-тақырып. Ежелгі Шығыс елдеріндегі саяси және құқықтық ілімдер .....	24
1. Ежелгі Шығыстағы саяси-құқықтық ойлардың қалыптасуы.....	24
2. Таяу және Орта Шығыстағы саяси және құқықтық ойлар ...	26
3. Ежелгі Үндістандағы саяси және құқықтық ілімдер.....	31
4. Ежелгі Қытайдағы саяси және құқықтық ілімдер .....	34
3-тақырып. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер..	37
1. Ежелгі Грециядағы саяси және құқықтық ілімдер: көрнекті өкілдері, негізгі бағыттары .....	38
2. Ерте кезеңдегі саяси және құқықтық ойлар.....	40
3. Софистердің саяси және құқықтық идеялары .....	43
4. Сократтың саяси және құқықтық идеялары.....	47
5. Платонның мемлекет және құқық туралы ілімі.....	48
6. Аристотельдің саяси-құқықтық ілімдері.....	52
7. Полибийдің саяси және құқықтық ілімдері .....	56
4-тақырып. Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер.....	60
1. Ежелгі римдік саяси және құқықтық ойлардың дамуының негізгі бағыттары .....	60

2. Цицеронның құқық және мемлекет туралы ілімі .....	63
3. Рим стоиктерінің саяси және құқықтық идеялары.....	67
4. Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімі.....	69
5. Ежелгі христиандықтың саяси және құқықтық идеялары....	74
 II-тарау. Орта ғасыр және Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси және құқықтық ілімдер .....	78
 5-тақырып. Орта ғасырдағы Арабтық Шығыс, Орта Азия елдері және Қазақстандағы саяси және құқықтық ілімдер.....	78
1. Арабтық Шығыс, Орта Азия және Закавказье елдеріндегі саяси және құқықтық ілімдер.....	78
2. Исламның саяси және құқықтық идеологиясы.....	82
3. Әл Фарабидің саяси және құқықтық идеялары .....	85
4. Ибн Халдунның мемлекет туралы ілімі. Халифат теориясы ...	88
 6-тақырып. Орта ғасырдағы Еуропаның саяси және құқықтық ілімдері.....	91
1. Орта ғасырдағы Еуропаның саяси және құқықтық ойларының ерекшелігі және негізгі белгілері.....	91
2. Фома Аквинскийдің мемлекет және құқық туралы ілімі .....	94
3. Батыс Еуропадағы ортағасырлық еретиктік қозғалыстардың және шаруа соғыстарының саяси және құқықтық идеялары.....	97
4. Марсилий Падуанскийдің саяси және құқықтық ілімі .....	99
 7-тақырып. Қайта өрлеу дәуіріндегі Батыс Еуропаның саяси және құқықтық ілімдері .....	102
1. Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси және құқықтық ойлардың жалпы сипаттамасы.....	102
2. Н.Макиавеллидің саяси және құқықтық ілімдері.....	103
3. Жаңғыру дәуіріндегі саяси және құқықтық идеологияның негізгі бағыттары .....	107
4. Ж.Боденнің мемлекет және құқық туралы ілімі.....	109
5. XVI–XVII ғғ. еуропалық утопистік социализмнің саяси және құқықтық идеологиясы.....	112

III-тарау. XVII–XIX ғасырдың I-жартысындағы саяси және құқықтық ілімдер.....	117
8-тақырып. XVII–XVIII ғасырлардағы Голландия мен Англиядағы саяси және құқықтық ілімдер .....	117
1. Табиғи құқық теориясының жалпы сипаттамасы .....	117
2. Г. Гроцийдің саяси және құқықтық ілімдері.....	118
3. Т.Гоббстың саяси және құқықтық ілімдері.....	122
4. Дж.Локктың саяси және құқықтық ілімдері .....	126
9-тақырып. XVIII–XIX ғасыр басындағы Франциядағы саяси және құқықтық ілімдер .....	128
1. Франциядағы XVIII ғасырдағы саяси және құқықтық идеологияның негізгі бағыттары.....	129
2. Вольтердің саяси және құқықтық көзқарастары .....	129
3. Ш.Л.Монтескьенің мемлекет және құқық туралы ілімі.....	132
4. Ж.-Ж.Руссоның саяси және құқықтық ілімі.....	136
5. Утопиялық социализмнің саяси және құқықтық идеялары ...	139
10-тақырып. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басындағы Германиядағы саяси және құқықтық ілімдер .....	143
1. Иммануил Канттың құқық және мемлекет туралы ілімі. Категориялық императив.....	143
2. Гегельдің құқық пен мемлекет туралы ілімі.....	149
3. Құқықтың тарихи мектебі. Г.Гуго, Ф.К.Савиньи, Г.Пухта ..	155
11-тақырып. XIX ғасырдың I-жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық ілімдер.....	159
1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық идеологияның басты бағыттары .....	159
2. И.Бентамның саяси және құқықтық идеялары .....	162
3. Б.Констан мемлекет және тұлға бостандығы туралы .....	166
IV-тарау. XIX ғасырдың II-жартысы – XX ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдер .....	171
12-тақырып. XIX ғасырдың II-жартысы – XX ғасырдың басындағы Батыс Еуропадағы саяси және құқықтық ілімдер....	171

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропадағы социалистік саяси-құқықтық ойлардың негізгі бағыттары .....	171
2. Батыс Еуропадағы марксизмнің саяси және құқықтық ілімдері (К.Маркс, Ф.Энгельс).....	172
3. Социал-демократиялық социализмнің саяси және құқықтық ілімдері (Ф.Лассаль) .....	177
4. Анархизмнің саяси және құқықтық ілімдері (П.Ж.Прудон) ....	179
5. XIX ғасырдағы құқықтың позитивистік теориялары (Дж.Остин) .....	183
13-тақырып. XIX ғасыр – XX ғасырдың басында Ресейдегі саяси және құқықтық ілімдер .....	185
1. XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Ресейдегі саяси және құқықтық ойлардың негізгі бағыттары .....	186
2. А.Н.Радищевтің саяси және құқықтық идеялары.....	186
3. М.М.Сперанскийдің саяси және құқықтық көзқарастары....	188
4. Декабристердің саяси және құқықтық идеялары .....	190
5. Славянофильдер мен батысшылдардың саяси бағдарламалары .....	193
14-тақырып. XIX ғасырдың II-жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси және құқықтық ойлар .....	198
1. Ш.Уәлихановтың саяси және құқықтық көзқарастары.....	198
2. А.Құнанбаевтың саяси және құқықтық идеялары.....	202
3. Ы.Алтынсариннің ағартушылық көзқарастары.....	209
4. Ә.Бөкейханның саяси және құқықтық көзқарастары.....	214
5. А.Байтұрсыновтың құқықтық мемлекет туралы көзқарасы ....	218
15-тақырып. XX ғасырдағы Еуропа елдерінде және АҚШ-ғы саяси және құқықтық ілімдер .....	221
1. XX ғасырдағы саяси және құқықтық ойлардың ерекше белгілері және негізгі бағыттары .....	222
2. XX ғасырдағы негізгі құқықтық теориялар .....	222
3. XX ғасырдағы саяси ғылымның саяси және құқықтық тұжырымдамалары .....	234
4. XX ғасырдағы саяси қозғалыстың саяси және құқықтық идеялары.....	236

16-тақырып. XX ғасырдағы Қытайдағы, Үндістандағы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі ұлт-азаттық қозғалыстарының саяси және құқықтық идеялары.....	240
1. Ұлт-азаттық қозғалысының саяси-құқықтық идеологиясына жалпы сипаттама .....	240
2. Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының саяси және құқықтық идеялары. Сунь Ятсен .....	243
3. Үндістандағы ұлттық қозғалыстың саяси және құқықтық идеялары. Махатма Ганди .....	247
4. Бұрынғы КСРО республикаларында — қазіргі жаңа ТМД қалыптасқан ұлттық мемлекеттік құру, мемлекеттік тәуелсіздік және егемендік туралы саяси және құқықтық идеялар .....	251
Қорытынды .....	258
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	260

Оқу басылымы

**Көбеев Еркін Қинаятұлы,  
Ахметова Найля Сейсембекқызы,  
Байжанова Күлзира Төлепбергенқызы**

**САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ІЛІМДЕР ТАРИХЫ**

Оқулық

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*  
Техникалық редакторы *Д.Н.Муртазина*

---

Басуға 27.11.2013 ж. қол қойылды. Форматы 60×84 1/16. Қағазы  
офсеттік. Көлемі 16,75 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1007.

---

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының типографиясында басылды  
100012, Қарағанды қ., Гоголь көшесі, 38